

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Екі айда бір шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№3 (192),
МАМЫР-МАУСЫМ
2021 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға: Омарбеков Т.О. – т.ғ.д., проф.,
ҚР ҰҒА академигі (Алматы).

Орынбасарлары:

Әлімбай Н. – ҚР МОМ директоры, т.ғ.к.,
этнолог (Алматы).

Салықбай Ә.Ж. – журнал редакторы
(Алматы).

Мүшелері:

Қабылдинов З.Е. – т.ғ.д., проф., ҚР
БҒМ ҒК ТЭИ директоры (Алматы).

Байтанаев Б.Ө. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ
ҒК АИ директоры (Алматы).

Әбіл Е.А. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ ҒК МТИ
директоры (Нұр-Сұлтан).

Аяған Б.Ғ. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ ҒК
МТИ дир. орынбасары (Нұр-Сұлтан)

Керібаев Б.Б. – т.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА
академигі (Алматы).

Қарасаев Ғ.М. – т.ғ.д., проф., Ресей ҒА
корр.-мүшесі (Нұр-Сұлтан).

Төлеубаев Ә.Т. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Жұмағұлов Қ.Т. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Uyama Tomohiko. – т.ғ.д., проф. Hokkaido
University disabled (Japan, Sapporo).

Буканова Р.Г. – т.ғ.д., проф. (Башқұрт-
стан, Уфа).

Курманов З.К. – с.ғ.д., проф. (Қырғыз-
стан, Бішкек).

Невежин В.А. – т.ғ.д., проф. (Ресей, Мәскеу).

Еңсенов Қ.А. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Нұр-Сұлтан).

Эксперттер тобы:

Найманбаев Б.Р. – т.ғ.д., проф. (Шымкент).

Жұмағұлов Б.С. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Алматы).

Асылбекова Ж.М.-А. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Ауанасова А.М. – т.ғ.д., проф. (Нұр-Сұлтан).

Исин А. – т.ғ.к., проф. (Семей).

Салқынбек Д. – т.ғ.к. проф. (Алматы).

Қартаева Т.Е. – т.ғ.к., проф. (Алматы).

Ноғайбаева М.С. – т.ғ.к., қауымд. проф.
(Алматы).

Сәбитов Ж.М. PhD, саяс/шы (Нұр-Сұлтан).

Дүйсен С.Ж. – п.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Қалиев Ж.Н. – п.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Ерімбетова Қ.М. – т.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Үмітқалиев Ұ.Ұ. – т.ғ.к., арх/г (Нұр-Сұлтан).

Ізбасарова Ғ.Б. – т.ғ.к., доцент (Ақтөбе).

Базарбаев Қ.Қ. – PhD тарихшы (Түркістан).

Қозыбаева М.М. – PhD тарихшы (Алматы).

.....

Басуға 31.05.2021 ж. жіберілді.

Пішімі 84 x 108^{1/16}. Шартты б.т. – 5,75 СТР

басылым. Бағасы келісімді.

Таралымы – 1380. Индексі – 75748.

Редакцияда беттеліп-қатталып,

"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Алматы қаласы, Төле би көшесі 203-үй.

Журнал ҚР БҒМ Білім және ғылым

саласындағы бақылау комитеті (БҒСБҚ)

ұсынған тізімде бар. Журнал в списке

рекомендованных КОКСОН МОН РК.

МАЗМҰНЫ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН МАҚАЛАЛАР

МАРХАБА Ә., ЖЕМЕНЕЙ И., РАХМЕТУЛЛИН А.

Алтын Орданың тарихи деректері2

САПАРБЕКОВА Б. Алтын Орданың сыртқы саясаты 11

ҒАНИБАЕВА Ж. Шаруа бастықтарының қазаққа озбырлығы.....14

САНИЯЗОВ Е. Земство мекемелерінің өлкенің

әлеуметтік-экономикалық өміріндегі орны.....19

ИСМАҒҰЛОВ Ұ., ЕСҚАЛИЕВ С. Ақтөбе болашағы үшін тартыс.....24

ӘДІЛБАЕВА А., БӨЗЕН Б. Семей губерниясының ауыл

шаруашылық басқармалары тұсындағы жер мәселелері27

БИЖАНОВА Ә., ЖӨЛЕКЕНОВА Г.

Ұлы жеңіске үлес қосқан Батыс Қазақстан медбикелері.....32

САРМУРЗИНА Н., ЖАРЫЛҒАСЫН Д.

Стахановшы атанған атыраулық балықшы.....36

СӘТБАЙ Т., ОРАЗБАҚОВ А. Қазақстан шығармашылық одақтары40

ӘБЕНОВА А. Қазақстандағы зейнетақы реформасы.48

НИКОЛАЕВА Л., ӘБІЛДАЕВА Ш. Д. Әбіровтің педагогикалық мұрасы51

ҚАЙДАРОВ М. Бояу және тұстану.55

ЕЛ ТАРИХЫ – ШЕТ ТІЛДЕРДЕ

СУГУРБАЕВА Б. П.И.Рычков – исследователь Казахского края.....58

САРМУРЗИНА Г., НУРТАЗАЕВА А.

Точные науки, естественники и хозяйственники, мы нужны вам61

ТОҚТАРБАЕВА А.

Новый год в традиционной культуре корейского и казахского народа.66

КУАНЫШЕВ Ж. Правовые основы

рыночных реформ в Республике Казахстан.70

ЖАЛЕЛОВА Г., АКАЕВА М. Роман Л.Н.Толстого "Анна Каренина".....75

TASILOVA N., AKTAMBERDIEVA Z., IBRAGIMOVA M.

Dynastic marriages and their role in the history of diplomacy

of the kazakh khanate in the XV-XVI centuries80

ОҚЫТУ. ӘДІСТЕМЕ. ТӘЖІРИБЕ.

ЖЕТПІСБАЙ М. Сындарлы оқыту теориясы84

ДӘУЛЕТХАН Н. Оқулықтың таным тәрбиесі – жаңа заман талабы85

ШЕГЕНОВА Г. Аңыз адам – Әлімғазы86

ЕСЕНГЕЛДІ Ш., ЖҮГІНІСОВА А., Телжан Шонанұлы – бірегей тұлға87

ӘНЕТОВА Н., ТАЙМАН Ж. Бақытжан Қаратаев –

Ресей Мемлекеттік думасының депутаты.88

ЖАДЫРАСЫНОВА А. Қаңлылардың қалалық мәдениетінің дамуы.....90

ЖҰМАШЕВА М. Ұлы Жібек жолы – Шығыс пен Батыстың дәнекері.....91

ДОНБАЕВ Н. Қазақ Хандығы: мемлекеттің саяси институттары.....92

ҒТАХР/IRSTI/MPHTI: 03.20; 03.29
ӨОЖ 902.2

Ә. МАРХАБА¹, И. ЖЕМЕНЕЙ², А. РАХМЕТУЛЛИН³,

¹PhD докторант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті.

Қазақстан, Семей қ. E-mail: adil.marhaba.imam@mail.ru,

²ф.ғ.д., профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан, Алматы қ. E-mail: jemeneyislam@yahoo.com,

³т. ғ.к., Қазақстан, Семей қ. E-mail: aman150176@mail.ru

АЛТЫН ОРДАНЫҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРІ және мәдени-әдеби кеңістігі

Алтын Орда – Шыңғыс ханның немересі Бату хан тарапынан 1242 жылы құрылып, 1602 жылы бір жолатта жойылған хандық. Алтын Орданың территориясы қазіргі Қазақстан, Ресей мен Украинаның басым бөлігін, Днепр өзенінің шығыс жағалауына дейін, шығыс жақтан Сібірге терең бойлап еніп жатты. Ал шарықтау кезінде Шығыс Еуропаның көп бөлігінен Аралға дейінгі жерді, оңтүстікте Қара теңізбен, Кавказ таулары мен Хулагу хан билеген Иранның Елхан патшалығымен (1253-1336) шектесіп жатты. Елхан патшалығы Қарақұрымдағы қағанға бағынышты болғаны үшін солай аталған. Алтын Орда хандығы XV ғасырдың I жартысынан біртіндеп бөлшектене бастап, шағын хандықтарға бөлінді. Оның территориясының басым бөлігін патшалық Ресей жаулап алды. Қалған бөлігі қазақ, өзбек және қырғыздардың еншісінде қалды. Біздің мақсатымыз – бір империя яки хандықтың өрлеуі мен күйреуіне ықпал ететін мәдениет пен әдебиеттің сол уақыттағы көрнекті өкілдерінің ролін анықтау. Яғни, Алтын Орда мемлекетінің тарихына қатысты маңызды әдеби-рухани тұлғалары Хорезми, Құтб және Сейф Сараидың қоғамдағы саяси-психологиялық, қоғамдық-мәдени кеңістігінде ықпал-әсерінің бастауларын анықтау зерттеу тақырыбының мазмұнын ашары сөзсіз.

Кілт сөздері: Алтын Орда, тарихи деректер, хандық, жазба деректер, мәдени-рухани болмыс, үстемдік, ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, ежелгі дәуір, саяси-мәдени ұстаным.

А. МАРХАБА¹, И. ЖЕМЕНЕЙ², А. РАХМЕТУЛЛИН³,

¹PhD докторант, Казахский гуманитарно-инновационный юридический университет,

Казахстан, г. Семей. E-mail: adil.marhaba.imam@mail.ru,

²д. филол. н., проф., Казахский национальный университет имени аль-Фараби,

Казахстан, г. Алматы. E-mail: jemeneyislam@yahoo.com,

³к. и. н., Казахстан, г. Семей. E-mail: aman150176@mail.ru

ИСТОРИЧЕСКИЕ ФАКТЫ И КУЛЬТУРНО-ЛИТЕРАТУРНОЕ ПРОСТРАНСТВО ЗОЛОТОЙ ОРДЫ

Алтын Орда – ханство, состоящее из части великой монгольской империи, основанной Бату-ханом в 1242 году и упразднённой в 1602 году. Территория Золотой Орды глубоко проникла в Сибирь с восточной стороны, от современного Казахстана, большей части России и Украины до восточного берега Днепра. В то время как Восточная Европа ограничила на юге с Карским морем, с Иранским царством Элхан (1253–1336), который был частью монгольской империи, правившей Кавказскими горами и Хелаку-ханом. Элхан назван так потому, что царство было подчинено кагану в Каракурыме. Ханство Алтын Орда постепенно делилось с первой половины XV века на небольшие ханства. Большая часть его территории была завоевана царской Россией. Остальная часть принадлежала казахам, узбекам и кыргызам. Наша цель состояла в том, чтобы определить истоки влияния представителей культуры и литературы Хорезми, Кутба и Сейфа Сараи в политико-психологическом, общественно-культурном пространстве в обществе, которые могли бы стать важным фактором, кроме политического фактора, как подъема и краха одной империи, так и царства или ханства.

Ключевые слова: Золотая Орда, исторические факты, ханство, письменные источники, культурно-духовное бытие, власть, нация, традиции, древность, политико-культурная позиция.

A. MARHABA¹, I. ZHEMENEY², A. RAKHMETULLIN³,

¹PhD student, Kazakh Humanitarian Innovative Law University,

Semey, Kazakhstan. E-mail: adil.marhaba.imam@mail.ru,

² Professor, Doctor of Philology, Kazakh National University named after

Al-Farabi, Kazakhstan, Almaty. E-mail: jemeneyislam@yahoo.com,

³Candidate of Historical Sciences, Kazakhstan, Semey. E-mail: aman150176@mail.ru

HISTORICAL FACTS AND CULTURAL AND LITERARY SPACE OF THE GOLDEN HORDE

Altyn Orda is a khanate consisting of part of the great Mongol Empire, founded by Batu Khan in 1242 and abolished in 1602. The territory of the Golden Horde penetrated deep into Siberia from the Eastern side, from modern Kazakhstan, most of Russia and Ukraine to the Eastern Bank of the Dnieper. While Eastern Europe bordered on the South with the Kara sea, with the Iranian Kingdom of Elkan

(1253–1336), which was part of the Mongol Empire that ruled the Caucasus mountains and Khelaku Khan. Elhan so named because the Kingdom was subordinated to Kagan in the Karakorum. The khanate of Altyn Orda was gradually divided into small khanates from the first half of the XV century. Tsarist Russia conquered most of its territory. The rest belonged to Kazakhs, Uzbeks and Kyrgyz. Our goal was to determine the origins of the influence of representatives of the culture and literature of Kharezmi, Qutb and Seif Sarai in the political-psychological, socio-cultural space in society, which could become an important factor, in addition to the political factor, both the rise and collapse of one Empire and the Kingdom of the khanate.

Keywords: Golden Horde, historical facts, khanate, written sources, cultural and spiritual life, power, nation, traditions, antiquity, political and cultural position.

Кіріспе. Адамзаттың барлық қауымдастығы, түрлі ұлт-ұлыстары табиғаттан туындайтын қатерге біртұтас болып, оған қарсы амал іздеуге дайын. Сондықтан табиғи қатерлерге техникалық ілім мен ғылымының дамуының арқасында тиісті шара таба алады. Соған орай ғылыми жетістіктері оның табиғи апатқа қарсы басты қорғану құрал екендігі анық. Ал адам пиғылынан туындаған қауіп-қатерге бүкіл адамзат бір ауыздан қарсы тұруға мүдделі емес. Өйткені барлық адамдарға бірдей тыныштық, қарапайым күн көріп тіршілік ету керек болса да, бір топ жетекшіні тек қана жай тіршілік ету аса қанағаттандырмайды. Олар өзгелерге үстемдік жүргізіп, дүние байлығын тек қана өзінің ие болуын аңсайды. Сондықтан үстем сана өзінің саяси психологиясын қоғамда қалыптастыру үшін әскери қуатпен бірге мәдени құралды қолдануға кіріседі. Осы тұрғыдан алғанда саясат қашанда мәдени кеңістікті өз ықпалында ұстап, өз үстемдігін нығайтуға жұмсайтыны белгілі, ал мұндай сәтте бұқара халық өзге қауымдастықтардың саяси-мәдени үстемдігінен сақтану үшін халықтың тілі арқылы оның ділі және ұлттық менталитетін өркендетуге саналы түрде ұлттық мәдениетін сақтап қалуға атсалысады. Демек мәдениеттің әдебиет пен өнер салалары адамзат қауымдастығының берік ірге тасы іспеттес. Осыған орай Алтын Орда мемлекетінің қол астына қараған Тұран даласы, одан кейінгі Түркістан өңірінің біраз бөлігінде түркі тілі мен мәдениеті, салт-дәстүрі терең тамыр жайған өңір болғандықтан Шыңғыс ханның ұрпақтары жергілікті халықпен араласып, тез арада моңғолдық болмысынан ажырап, түркіленіп кетіп отырған болатын. Бұл орайда Тұран тарихынан Түркістан одан әрі Қазақ хандығы дәуіріне дейінгі аралыққа бір шолу жасаған абзал.

Осы орайда: «Қазақ халқының да ғасырлар қойнауынан бастау алатын тек-тамыры, мәдени-рухани болмысы жалпы адамзаттық тарихтың, жалпы адамзаттық мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Орта және Орталық Азия тарихының өзіндік түйінді мәселелері» [1.9] бар. Соның бірі тарихтың әр дәуірінде түркілер тілі, діні, салты бір этностан болған болса да түрлі есімдермен аталып келді. Өйткені: «осы уақытқа дейін, Шығысында Сарыөзен (Хуанхэ), батысында Жерорта теңізіне дейінгі байтақ аралықты мекендеген түркі тілінде сөйлейтін отыз шақты халық бірін-бірі аудармашысыз түсінеді» (1.9) бұл тілдік ерекшелік түркінің ежелгі тарихынан бастап күні бүгінге дейін қаншама заман өтседе, талай тарихында саяси-мәдени өзгерістер болып келе жатса да өзгермей келе жатқан тілдік құбылыс.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазу барысында ортағасырлардағы араб, парсы, түрік тілдерінде жазылған жалпы қоғамдық саяси даму, тарих, жаратылыстану мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер мен тақырыпқа қатысты қолжазба деректер пайдаланылды. Олар: Жүсіп Баласағұнның (1020 туған) «Құтадғубілік» кітабы, Маһмұд Кашғаридың (1029-1101) «Диуан лұғат әт-түрік» жинағы, Қожа Аһмет Йәсәуидің (1093-1166) «Хикмет» атты шығармасы, Иранның көне жәдігері Зердөшт (Зоротуштра) дінінің «Авеста» жазба дерегі, Әбілқасым Фирдаусидің «Шаһнама» дастаны және т.б. Мақаланы жазу барысында сипаттамалық-

баяндамалық (нарративті) және жүйелілік-құрылымдық әдіс-тәсілдер қолданылды.

Талдау. Зерттеу тақырыбына қатысты бірқатар шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін атап көрсетуге болады. Мысалы, Фәзлалла Рашидаддиннің «Жамеһ-ат-тауарих» көп томдығы, Шарафеддин Әлі Йәзидидің «Зафарнамасы», түркиялық Арслан Текиннің «Түркінің тарихы» атты еңбегі. Сондай-ақ қазақ тарихшыларынан Ақселеу Сейдімбектің «Қазақ әлемі» (Этномәдени пайымдау), Ислам Жемейдің «Түрік халықтарының әдебиет тарихы», «Парсы және түркі жазба деректеріндегі қазақ тарихы», Жұмажан Байжұминнің түркілердің ежелгі дәуір тарихын зерттеген төрт кітаптан тұратын «Тұраны» сияқты еңбектер мен «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедиясы (Алматы, 1998), Ислам энциклопедиясы (Алматы, 1995) сынды ұжымдық еңбектер. Алтын Орда саяси тарихының бастауын жазба деректер бойынша ежелгі дәуірден бастап, орта ғасырға дейін аралықты «Авеста» ирандықтардың ежелгі әндері атты жазбалар мен Әли Рәвағи, Шаһнаманың түсіндірме сөздігі және Ибн Әсир, Әл-Камил әт-тарих тарихнамалармен анық көрсеттік. Сонымен Алтын Орда тарихының саяси бастауларын: Әта Мәлік Жовеини, Тарих-и-жахангошай, Фәзлалла Рашидеддин «Жамеһ-ат-тауарих», Шарафеддин Әлі Йәзидидің «Зафарнама» және Ибн Бәтутенің (1304-1377) «Ибн Бәтуте сапарнамасы» негізгі жазба деректер ретінде пайдаландық. Сондай-ақ өзге де зерттеу әдебиеттерді зерделеп, Алтын Орданың мәдени-әдеби кеңістігін тарихи сабақтарымен ұштасып келгенін де айқын көрсетуге тырыстық.

Зерттеу нәтижелері. Қазіргі дәуірде түркілер Орталық Азияда Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Анадолыда Түркия, Әзірбайжан және Сібір жерінде, Қытайда бірнеше автономиялық Республикалардың құрамындағы түркі территориясы ғалымдар тарпынан әуелі Тұран сосын Түркістан және қазіргі заманда Орталық Азия аталып келе жатқанын қабылданып, қолданыста жүр. Ал түркінің мәдени-рухани кеңістігі бір қанаты Мысыр, ендігі қанаты Үндістанға дейінгі аралықты қамтиды. Түркілердің ежелгі дәуірде «Тұран» есімін хатқа түсірген Авеста кітабы болды. Аталған еңбекті дерек көзі ретінде қарағанда: «Авеста» кітабы б.з.д VI-V ғасырларда жазылған ежелгі Иран халқының киелі кітабы болып есептеледі. Авеста кітабын тек қана дерек ретінде қарағанда – аталған кітап Тұран елін Иран елінің жауы ретінде сипаттағандықтан тұрандықтарды жағымсыз кейіпкер етіп көрсеткен. Бұл бөлек әңгіме, өйткені ешбір ел өзіне жау санаған елді жағымды сипатпен сомдамайды. Тұран атын атап көрсеткен авеста кітабының шамамен жазылған тарихын негізге алар болсақ тұран түркілердің ежелгі дәуір бастауының атауы болмақ. Түрік халықтарының өмір сүріп, салтанат құрған ежелгі аумағын «Тұран» деп атап жазған да осы «Авеста». Сол дәуірдегі Тұранды басқарып, Иран еліне жорық жасаған, Иранның жеңіп билік құрған Тұран патшасы Афрасиаб есіміде осы кітапта жазылған. Мәселен, «авестаның» мәтіндерінде Афрасиаб – 2 рет, тұрандық Афрасиаб – 1 рет, жауыз Афрасиаб – 1 рет, тұрандық жауыз Афрасиаб – 4 рет, аса қайратты Афрасиаб – 5 рет жазылған [6-20-21-б.].

Тұрандықтардың б.з.д VI-V ғасырларда бастаған ежелгі тарихы 751 жылында аяқталады. Өйткені аталған тарихтан ибн Әсир (1186-1233) Ирак тарихшысы «Толық тарих» атты кітабында қытай, арабтар мен түркі әскерлерінің арасында қазіргі Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан Талас өзені бойында 751 жылы болған шайқаста мұсылман әскерлерінің қытай әскеріне анық жеңісінен кейін бүгінгі Орталық Азия сол кезде халифаттың жеңістері арқасында түркі елі «Түркістан» аталады. Тұран дәуірінде түркілердің ауыз әдебиетінің «Ел, ерлік, салт-дәстүр және жоқтау» төрт тақырып төңірегінде болатын. [2.62] Осылайша Түркістан тарихының орта ғасырлық жаңа дәуірі басталады. [10-607] Түркістан аталуымен оның мәдени кеңістігі жаңа өрістерге ие болды. Оның бір көрінісі халықтың ежелден келе жатқан салт-дәстүрі ислам қағидаларына негіздел бастады. Мәселен бата беру, төңіріге жалбарыну, той-садақа рәсімдері исламдық ережелерге ыңғайланды. Ол дұға оқу, мінежат ету, садақалар Алла үшін берілу сияқты жаңаша түрде көрініс тапты. Адам өмірінің философиясына жан, рух, сана, шайтан, періште, иман тағы сол сияқты рухани түсініктер пайда болды. Әдебиетте төңірге, пайғамбарға, шәдіяргамардақ жанры тұрақты түрде шығармалардың кіріспесінде басты тақырыпқа айналды. [11-19]. Сондықтан 751 жылдан бастау алатын түркінің жазба әдебиеті ежелгі дәуір ауыз әдебиетінің елдік, ерлік, салт-дәстүр және жоқтау тақырыптарына рух пен сана, жүрек пен нәпсі сынды жаңа ұғымдар қосылып байы түсті.

Орта ғасырдағы Түркістан кеңістігінің ендігі ерекшелігі – саяси құрылымы. Ондатүркі қауымдастықтар тарапынан мекен немесе адам аттарымен жаңа мұсылман болған патшалықтар құрылды. Мәселен: Ғазна патшалығы (961-1118), селжұқтар (1037-1194), қара хан династиясы (942-1212), хорезм империясы (1097-1221) және қыпшақ хандығы (11-13 ғасырларда) Осы түркі тектес бес патшалық арасында тек қана қараханидтер түркілік саяси санаға көңіл бөліп ислам дінін мемлекеттің ресми діні етіп жариялады. Және олардың билік құрған территорияда түркі әдебиеті мен ілімі исламдық қағидаға негізделіп, жаңаша өріс ала бастады. Оған Жүсіп Баласағұн (1020 туған) «Құтадғу білік» кітабы, Маһмұд Қашғари (1029-1101) «Диуан лұғат әт-түрік» жинағы, Қожа Аһмет Йәсәуи (1093-1166) «Хикмет» атты шығармасымен дәлел бола алады. Өйткені аталған үш тұлғада еңбектерін түркі тілінде шығарып, араб-парсы тілі мен мәдениетінің қарқынды шабуылына қарсы төтеп беріп, өзінің түркілік бағытына бет алды. Осылайша олардың түркілік болмыс-бітімін аман алып, ғылым мен білім алу салаларын, қоғамдық қарым-қатынас сияқты түркі тілін енгізді. Сондықтан бұл үрдіс таңғыс ханның империя құрған уақытында өз жалғасын тапты.

Алтын Орда дәуірінің мәдени-әдеби үрдісі Түркінің ежелгі ауыз әдебиеті орта ғасырда исламдық қағидаларды негізінде Жүсіп Баласағұн сынды құламағалымдармен жаңа үрдіске айналып, Алтын Орда дәуірінде Қыпшақ даласындағы түркі халықтарының әдебиеті мен мәдениетіне мүлдем жаңа сапалық дәрежеге көтерілді. Бұл кезде мемлекет астанасы болған Сарайшық қаласына Батыс пен Шығыстың аса көрнекті ғалымдары, сәулетшілері, ақындары, өнер қайраткерлері жиналып, мәдениеттің қарқынды дамуына үлес қосқан жаңа қарқын тудырған еді.

Алтын Орда дәуірі әдебиеті тұсында Хорезмидің «Мұхаббат-нама» жыр-дастанының авторы жайында анық мәлімет жоқ. Аталған дастан 1353 жылы Сыр бойында Хорезм қаласынан шыққан ақынның шығармасы болуы ықтимал деп айтуға болады.

Сайф Сараидің (1321-1396) туған мекенін Атырау облысындағы Сарықамыс кенті делінеді. Ол кент 2007 жылы таратылады. Ол жылдан бұрын 2002 жылы кенттің негізгі халқы Жаңа Қаратон кенті мен Құлсары қаласына көшірілген. Сейф Сараи кейін Алтын Орданың астанасына барып қоныстанған. Сонда иранның әйгілі ақыны Сағди Ширазидің (1210-1292) Гүлістан кітабын парсышыдан түркі тіліне аударып «Түркі Гүлістан», -деп аталды. Құтбтың «Хұсрау-Шырын», дастаны түркі тілінде жазылды. Бұл дастанның авторы Құтб туралы мардымды мәлімет жоқ. Тек қана: «Хұсрау мен Шырын» - Алтын Орда дәуірінің әдеби мұрасы. Авторы -Құтб қыпшақ тайпасынан шыққан» (13-ғ) дегенді білеміз. Ал Құтб оның шынайы аты болмауы мүмкін. Тек қана оның асқан білімдар және тақуа сопы болғандықтан оған «Құтб» лақабын берген болуы мүмкін. Өйткені құтб сөзінің мағнасы: «сопылық дәреже сатындағы ең жоғары әулие, сопылық философияда кемел адам деген ұғымдаы білдіреді» [14-101]

Дүрбек оғыз-қыпшақ диалектісінде «Жүсіп-Зылиқа» дастаны 1409 жылы жазған. Дастанның негізгі идеясы – ел билеушілер арасындағы тәж бен тақ үшін, байлық пен мансап үшін жиі-жиі болатын қанды соғыстардың, ағайын адамдар арасындағы бақталастық пен алауыздықтың, шектен тыс қатыгездіктің зардаптарын көрсету. Ақын ел басқаратын жандардың ақылды, әділ, мейірімді, жомарт болуын көксейді» [15-76] Сондай-ақ, Насреддин Рабғузидің «Пайғамбарлар қиссалары» деп аталатын прозалық шығармасын түркі тілінде 1309-10 жылдары жазып, илаһи пайғамбарларды бұқара халыққа танытуда үлкен үлес қосқан болатын.

Діни сипаттағы Қыпшақ тілінің сөздігі 1294 жылы «Кодекс куманикус» (Қыпшақ тіліндегі сөздік) жазылды. Ондағы «куман» деген атау «қыпшақ» дегенді білдіреді. Бұл кітап сол заманда түркі кеңінен қолданыста болған христиан дінін дәріптеу үшін жазылған шығарма. (13-600 бет). Осы орайда жоғарыда атап көрсеткен «Махаббатнама», «Түрікше гүлістан», «Хұсрау-Шырын», «Жүсіп – Зылиқа», «Пайғамбарлар қиссасы», «Кодекс куманикус» шығармаларының басты ерекшеліктеріне тоқтаған жөн. Себебі аталған еңбектерде осы бір кезеңдердің саяси-тарихи оқиғалары, елдің әлеуметтік-мәдени, тұрмыстық жағдайы баяндалады.

1.Барлығы түркі тілінде жазылған. 2. Ол шығармалар Алтын Орда империясы саяси қуатына ие болған кезінде дүниеге келген. 3. Аталған шығармалардың көбісі парсы тіліндегі туындылар желісінде жазылған. Осыған қарағанда: Біріншіден, Қараханид патшалығындағы түркілік саяси ұстаным түркілерді бір дін яғни ислам дініне бейімдеу және бір тіл яғни түркі тіліне жүгірту мақсатындағы бастама болатын. Өйткені: а) қараханид патшалығы ислам дінін мемлекеттің ресми діні ретінде жариялауы; б) Ж. Баласағұн, М. Қашғари және Қ.Яссауи сынды дарын иелерін түркі тілінде шығармаларын жазуға мүмкіндік туғызу соған айғақ болып табылады. Осындай саяси-мәдени ұстанымның бастамасы халықтың дәстүр негізінде әдебиетте де түркі тілінде жазу мен жырлау дәстүрі болып қалыптасып, Алтын Орда дәуірінде үлкен үрдіске айналғанын көрсетеді.

Түркі тілі мен мәдениетінің көрген саяси зардаптары жайында: «Махаббатнама», «Түрікше гүлістан», «Хұсрау-Шырын», «Жүсіп-Зылиқа», «Пайғамбарлар қиссасы», «Кодекс куманикус» шығармаларында парсы тілінің әсерінің айқын көрінісінің себебі түркілердің саяси және мәдениет қайраткерлерінің араб-парсы мәдениеті мен әдебиетімен тіке-тіресіп, бәсекеге түсуге кеш қалғандығының дәлелі. Оны 7-8 ғасырлардан басталған араб халифатының саяси-әскери қысымы және парсы тілінде шыққан «шаһнама» дастанының

асқақ көркемдігі мен тарихилығымен байланыстыра аламыз. Осы жайытты анығырақ айтқанда Мұавийе ибн Әбусофян негізін қалаған «Үмеййе халифаты» (611-750) кезеңінде исламның таза қағидаларынан басымдау арабшылдық саясат жүргізілді. Сондықтан олар араб, әсіресе, пайғамбардың тайпасы саналатын «құрайыш» болғандарын алға қойып, өздерін жоғары тап санап, өзгелерді кемсітіп «әжәм», – деп атап келген. Бұл атау мен олардың кемсітулері ең әуелі парсылардың намысына тиген. Өйткені парсылар арабтармен ара жігі жоқ көрші болатын. Сол үшін парсы қауымы олардың кемсітуіне шыдай алмай оларға қарсы мәдени һәм әскери жолдармен қарсы әрекет жасап жүрді. Соның салдарынан «Үмеййе халифатына» қарсы көптеген көтерілістер болды. Ол соңында өз жемісін берді. Иранның Хорасан (718-755) өлкесінде дүниеге келген жауынгер сардар Әбу Мүслим халифаттың Мауароннәһрде тағайындаған әкімі Мәруанды Мәрв қаласында жеңіп күйретті. Соның арқасында үмийе династиясына қарсы болып жүрген Аббас ибн Сәффаһ (721-754) 750 жылы «Аббас әулеттерінің халифатын» құрды (750-1258). Осылайша Иран мен Түркістанда жаңа саяси тыныс пайда болды.

Аббас халифаты барлық ұлт-ұлыстарға ислам үмметі деп қарады. Сондықтан парсы мен түркілер саяси билік, армия, білім-ғылым және өзге де салаларда өздерінің қабілетіне лайық орындарын ала бастады. Бірақ парсы мен түркілердің үмеййе халифаты кезінде жіберіп алған есесі болған. Өйткені үмеййе халифалары біріншіден – саяси психология тәсілін болымды түрде қолданып, өздерінің жауланған аймақтарға өзге қауымдарынан әкім тағайындаған жоқ. Екіншіден – саяси биліктерінің қуаты арқылы өзге қауымдарды кемсіту психологиялық тәсілдермен қорлап, олардың елдік рухын езіп келді. Соған қарай өзгелерді «әжәм», – деп кемсітті. Үшіншіден – олардың мәдени жәдігерлерін барынша қиратып, жоюға кірісті. Соның салдарынан Түркістанның отырықшы бөлігіндегі барлық кітаптар, жазбаларды жойып ғалымдар және оқытушы ұстаздарды өлтіріп, мәдени жойқын шабуылдар жасады. Бұл жайында Әбу Райхан Бируни (973-1048) өзінің «Өткен ғасырлардан қалған ескірткіштер» атты еңбегінде: «Құтейбе (Баһли) хорезм жазуын, мәліметін білетін және білгендерімен дәрiс оқып жүретін тұлғаларды біртұтас жойды. Барлық тарихи-ғылыми бағыт күйреді. Сондықтан тарихи мәліметтердің жойылғаны соншалық бүгінгі күн исламнан бұрынғы дәуірдің шындығын тани алмайсыз», – деп жазды». [16-54].

Сондай-ақ түркілердің ата тегі шежірелік діни сипатта жарияланды. Оған Шарафеддин Әли Йәзди 1425-1426 жылдары жазған «Зафарнама» кітабында түркілерді Нұһ пайғамбардан тараған деп жазғандығы дәлел. Онда: «Әлем тұрғындарының басым бөлігі Нұһ пайғамбардан болғандықтан оны «екінші адам», деп атаған. Оның төрт ұлы болған: һам, Сам, Яфес және Кәнан. Оның үш ұлы иман келтірді. Ал Кәнан қаншама имандылыққа шақырылса да иманға келмей, көпір болып қала берді. Оған топан су келетінін хабарлағанда да шақыруды қабыл алмаған соң, топан су таулардан асып-тасып Кәнанды батырды», – [17-50] сондай-ақ тағы бір рауаятқа қарағанда: «Жер беті Нұһ ұрпақтарына толған соң Тұран жерін үлкен ұлы Яфеске берді. Иран жерін Самға, Үндістанды һамға берді. Сондықтан Яфесті «Түрік атасы», Самды «Әжәм атасы», һамды «Үнді атасы», – аталады. Нұһтың үлкен ұлы Яфес болғандықтан оның елшілік дәулеті ерекше мәртебеге ие болды. Сол үшін де оның өзге ұлдарынан алда болатынын ескерген абзал.

Осы кітапты жазуда әлемді жаулаушы тарихтың

аталуы да түрік патшаларының тармағынан болған Яфес Нұһұлына барып тіреледі» [17-51], –деп жазады. Үмеййе халифатының шовенистік саясатының салдарынан парсы мен түркі тілдері жойылудың алдында тұрды. Ал Аббас халифаты 750 жылы олардың орнын басқанда парсы-түркі тілдерінің ғылыми деңгейге жауап бере алатындай шамасы болмағандықтан олардың дарынды ізденушілері амалсыздан араб тілінде оқуларына тура келді. Сондықтан Әл-фараби, Әл-Хорезми, Зәкірия Рази және Ибн Сина сынды дара тұлғалар араб тілінде Бағдатта білімін жетілдіріп, ғұлама-ғалым болуға мүмкін алды. Өйткені араб тілінің жалғыз білім мен ғылым тіліне айналдыру саясаты үмеййе халифаты заманында әлгіндей саяси ұстанымдар арқылы іргесі қаланып қойылған еді. Сондықтан Аббаси халифаты кезінде білім мен ғылымға аса көңіл бөлгендіктен алды ала араб тілінде ғылымның дамуына негіз қаланған еді.

Үмеййе халифатының түрлі саяси-психологиялық жаулауы Иран жұртына өте ауыр әсер етті. Өйткені арабтар ислам діні адам баласының діни нанымына, тіліне, ұлтына қарамастан тең құқық беріп, оларға тең қарайды деген қағидалары іс жүзінде кереғар болып шықты. Сол себептен ислам атына сай емес араб билігінің іс-әрекеттері парсы қауымының кек-ызасын тудырды. Араб халифатына қарсы көптеген көтерістер ұйымдастырылды. Ең соңында үмеййе династиясы тақтан қуылып, орнын Аббас халифаты басқанда, олардың демократиялық саяси реформасының арқасында саманид әмірліктері құрылды. Олар парсы тілінде сөйлеп, оған ерекше құрметпен қарады. Сондықтан парсы тілінің поэзиясының атасы атанған Абдолла Рудакидің өлкесінен шыққан саманид (819-1005) патшалығы Хорасан мен Мауароннәһр аймақтарын билеген кезде парсы тілінің дамып, өркендеуіне жол ашты. Соның бір көрінісі – Әбілқасым Фирдаусидің (935-1020) «Шаһнама» дастанын жырлап шыққаны болды. Онда:

«Отыз жылдай тауқымет шегіп, ана тілімді тірілттім,

Сол арқылы парсыларды өз тіліне жүгінттім» [16-64]. –

Шаһнама дастаны тарихи құндығымен бірге қаһармандық дастандардан құрылған көркем әдеби шығарма болғандықтан халық тарапынан жоғары деңгейде қабылданды. Оның қызықты трагедиялық жырлары парсы тілділермен қатар өзге ұлт-ұлыстардың қызығушылығын тудырды. Осылайша қапыда қалған түркілердің тілі екі соққыға тап болды. 1. Үмеййе халифаларының жүргізген саяси-психологиялық қысымы болды. 2. Парсы тілінің шаһнаманың көркем де қарапайым тілімен қаһармандық дастандары барлық Түркістан аумағын өзіне тәнті етті. Аталған екі себептен түркі тілі араб-парсы тілінің ықпалында қалып, өзінің тарихи тамырының ажырай бастаған кезде қараханид патшалығының түркілік бағыттағы саясатының шеңберінде Жүсіп Баласағұн, Махмұт Кашғари және Қожа Ахмет Яссауи сынды ойшылдар түркі тілімен бірге діни нанымын ислам-сүнни мәзһабта шоғырлануын қамтамасыз ете білді. Бірақ түркі тілінің ғылыми кеңістігінің одан әрі ауқымдырақ кеңейіп, қанат жаюына Шыңғыс ханның Түркістанға шабуылы кесірінен тоқырап қалды. Есесіне парсы тілі мен мәдениетіне жақындау болған селжұқ пен хорезм патшалықтарының парсылық ықпалы түркілерді көбірек парсылануға жетелей түскенін байқатады.

Сондықтан үш елдің тілдік талас-тартыстың ортасынан түркілердің жетекші саяси және мәдениет пен әдебиеттегі зиялы қауым өкілдері аталған түрлі саяси-мәдени кедергілерге қарамастан қараханидтың түркілік саяси дәстүрін жалғастырды. Оның жалғасып, кеңірек территорияға ұласып, үрдіске айналуына Алтын

Орданың саяси ұстанымы айрықша түрде әсер-ықпалы жасады. Өйткені олар түркінің елдік болмысын дін мен тілі арқылы тірі қалуына үлкен сеп болғандықтан Хорезмидің «Мұхаббат-намасы», Сайф Сараидің (1321-1396) «Түркі Гулістан» шығармасы, Құтбтың «Хұсрау-Шырын», дастаны, Дүрбектің оғыз-қыпшақ тіліндегі «Жүсіп-Зылиқа» дастаны, Сондай-ақ, Насреддин Рабғузидің «Пайғамбарлар қиссасы» түркі тілінде жырлануында екі мақсат болды. Бастысы – түркі тілін бұқара халық арасында қалыпты түрде ұстап, алға өркендеуін қамту болды. Екіншіден – ұлысының дін бірлігін қамтамасыз ету мақсатында шығармаларында діни тақырыптарды енгізіп, жан-жақты бағытта халықтың діни сауатын сүннилік мәзһабқа бейімдеуді көздеген мақсат болғандықтан оған қол жеткізе алды. Өйткені қазіргі Орталық Азияның Республикаларының азаматтары бір дін мен бір мәзһабта болғандықтан тәуелсіз ел болғаннан кейінгі жылдары өзара діни қақтығыс пен келіспеушілікке ұрынбай келе жатыр. Бұның өзі Қарахан патшалығының саяси көрегенділігі мен кейінгі түркі саясаткерлері мен зиялыларының саяси сауаттылығының арқасында жүзеге асқан жетістік. Бұл мақсатқа тек қана әскери тәсілге сүйенбей, өнер мен әдебиетті барынша адам баласының мәдени-рухани өрісінің асқақтап тұруына оң ықпал жасайтынын нақ білгендей түркі әдебиетін өздерінің діни қағидаларымен ұштастыра қолданып келгендігі тек қана түркілер үшін емес, бәлкім әлем жұртшылығының рухани қазынасына айтарлық үлес қосты. Соның бірі Алтын Орданың астанасында мәдени-рухани үлкен із қалдырған Сейф Сараи жайын айтуға болады. Осы орайда әуелі иран тарихшысы Өта Мәлік Жовеинидің (1226-1283) «Тарих-и-жаһангошай» (Әлемді жаулаушының тарихы) атты кітабынан Шыңғыс ханнан Алтын Орда астанасы салынғанға дейін тарихына берген мәліметтерге шолу жасайық.

Алтын Орданың астанасы салынғанға дейінгі тарихы (Тарих-и-жаһангошайдан) Онда: 1. «Шыңғыс ханның ұрпақтары жайында әңгіме: «Шыңғыс ханның қатындарынан көптеген ұл-қыздар болған. Бәйбішесі Есінжін Бегі (نچنوسى) болды. Моңғол салты бойынша бір әкеден болған балаларының артықшылығы мен мәртебесі оның бәйбішеден дүниеге келуіне байланысты болған. Аталған қатыннан төрт ұл болған. Олар мемлекеттің аса маңызды істері үлкен қатермен бетпе бетке келгенде оның төрт іргесіндей һәм хан тағының төрт тірегіңдей болатын. Шыңғыс хан олардың әр қайсысын арнайы бір шаруаға жұмсап отыратын. Олардың үлкені Тошыны аң аулау жұмысына бекіген, өйткені олар үшін аңға шығу таң ғажайып ұнамды жұмыс болып саналады. Шағатай (شاه تايغ) яса заңын орындатуға, жазаландыруға, міндеттеуге, тергеуге міндетті болып бекітілді. Өгедей мемлекеттің ақылманы ретінде істердің шараларын тауып келтіруге тағайындалды. Төле болса әскери істері мен құрал-саймандарын реттеп отыруға мақұлданды. Унгхан істерінен қолы босаған соң моңғол тайпаларының рулары бір бөлігі өз еркімен, енді бір бөлігі күшпен амалсыз оның бұйрығына бағынып, үкіміне көнді.

Тайпалар, моңғол қауымдарын, найман және барлық қосындарды аталған балаларына бөліп берді. Ал басқада кіші балалар, бауырлар мен ағайындарының әр қайсысына қосыннан несібесін тағайындады. Содан кейін балалары мен бауырларының арасында ынтымақ пен достық қағидаларын ұстануға шабыттандырып, нығаюына бағыттап және ұдайы балалар, бауырлар мен ағайындар арасында ынтымақ пен бірлік болуын дәріптеді. Осылайша олардың жүректерінде бір-біріне жәрдемдесу мен қолдауларының өрнегін нақыштады. Сол сияқты істер мен аталған достық қағидаларын нығайта берген. Бір күні ұлдарын жинап, қорымсақтан

бір жебе шығарып, оны сындырды, сосын екеуін алып сындырды. Осылай оқтың санын көбейтіп, сындара беріп, сандары әбден көбейген соң қосылған жебелерді сындыра алмайтын санға жетті. Сонда жебелерді сындыруға шамасы жетпеген соң ұлдарына қарап, айтты: «Сіз сияқты. Жебе әлсіз, көбейген сайын, бір-біріне арқа болып, сындырушыларға қарсы көшейе бастап, олардың сындыруға қуаты жетпей қалады. Сондықтан қашанда сіздердің араларыңызда бірлік пен жәрдемдесу болып, бір-біріңізді қолдап, бір-біріңізге көмектесіп жүріңіз, сізге қаншама күшті және айбатты қарсыластар болса да сізді жеңе алмайтын болады.

Ал сіздердің араңызда бір кісі басшы болып, басқа бауырлар, әулеттер, дос-жарандар және мүшелер оның шешімі мен пәрменіне бағынбайтын болса, неше басты жыланға ұқсап қатты суық түскенде, інге кіріп, суықтан қорғана алмастай халге түсесіңдер деді. Өйткені бір басы інге кіріп болғанда өзге бастар таласып, бір-біріне кедергі жасап, бәрі жойылып кетер еді. Ал жыланның бір басы болғанда оның денесі түгелдей інге бірден кіріп, оның барлық мүшелері інге жайғасып, суықтан аман-есен құтылатын болады. Осындай мысалдарды көптеп айтып. Үгіт-насихат сөздерді олардың бойына сіңірді. Осы уағыз кейін аталған дәстүрге бағыну міндеті болды. Мемлекетте бір адам хандық атауымен үкім жүргізетін болды. Бірақ шын мәнінде барлық әулет-зәуазаттар, туған ағайындар мал-мүлікке ортақ болатын. Мәңгі қаған екінші құрылтайда әлем патшасы болып, барлық елдерге иелік еткеннің өзінде барлық ұл-қыздар, бауырлар мен ағайындар арасына бөліп бергені оған дәлел болмақ.

Шыңғыс хан заманында жауланған мемлекеттердің ауқымы кеңейе түскенде әр кісіге қоныстанатын «жұрт» (شروی) аталатын мекен тағайындады. Бауыры болған Өтеген ноян мен басқа да ағайын жамағатқа Хытай (شايان) өңірін белгіледі. Үлкен ұлы Тушиге (شوشوت) Қиялық маңынан Хорезмді, Сақсин (شيسفس), Бұлғар (راغلب), одан әрі татардың тұлпарының тұяғы жеткен жерге дейінгі аралықты оған тапсырды. Шағатайға ұйғыр өңірінен Самарқанд, Бұхараға дейінгі өлкені тапсырды. Шағатайдың қонысы Қанаста (شانسان) Алмалық (غلامال) шегінде болатын. Ханның орынбасары Өгедейдің жұртының астанасы әкесінің тірі кезінде Еміл (شيمى) мен Қонақ (قانوق) маңы болған. Хандық таққа отырған соң негізгі мекені Қытай мен ұйғыр аймағы арасында орналасқан жұртқа ауысты. Бұрынғы қоныс орнын өз баласы Күйікке берді. Ол мекендер бөлек түрде аталып тіркелген. Төле де оған көршілес жерде болды. Шын мәнінде ол өлке олардың мемлекеттерін байланыстыратын дәнекер аймақ болып, орталығы іспеттес қызмет атқарды.

Жоғарыда айтылған әңгіме Шыңғыс ханның әулеттері мен ағайын-туыстары жайында қысқаша баян болатын. Олардың саны он мыңнан көбірек болатын. Әрбірінің жеке-дара шені, жұрты, әскері және жамағаты болды. Оларды тіркеу де мүмкін емес, жазып алуда мүмкін еместұғын. Бұл жазбада мақсат өзге патшалықтарда болып жатқан келеңсіздіктер бауыр бауыруға қастандық жасау, бала әкеге қарсы шығып, жеңіліске ұшырағанша айқасуды көздегендер сияқты үкіметті жойып, құртып жіберу емес. «Өзара таласып-тартыспандар. Әйтпесе, бойларыңды үрей билеп жасып қаласыңдар һәм күш-қуаттан айырыласыңдар» – (сүре:8, аят:46). Содан Шыңғыс хан әулеттері үйлесім мен жәрдемдесіп, жауларын қандай тәсілмен күйретіп, барлық әлемді билеген хикаясын айғақтап, тарихын жазу болды. Осыдан тәжірибеге сүйенбей-ақ осындай әңгімелерді оқып үйренуге болады». [17-29,30,31,32].

Бұл тарауда Шыңғыс ханның бәйбішесінің аты «Есін жін»,– деп жазылған. Бірақ «жамеһ–әт-таруа

рих» кітабында «Берте Фужын» деп жазылған. Француз шығыстанушы Gabriel Joseph edgard Blochet (1870-1937) бұл жайында «Есінжін», – сөзі: сұлу, көрікті мағынасында болғандықтан Шыңғыс хан бәйбішесінің лақап есімі болуы мүмкін. Ал «Берте Фужын» оның шын есімі шығар деген пікір білдірген. (сонда: 29-бет). Осында тағы бір нүкте Шыңғыс ханның үлкен баласы «Жошы» есімін «Тошы» (توشو) деп жазған. Осыған орай Шыңғыс хан, моңғолдар, түркі тайпалары туралы жазылған алғашқы жазба деректерді түпнұсқадан қарастырып, жаңаша пайым бойынша зерттеп, зерделеуді қажет етеді. Осы орайда көңіл бөлетін жайт: тек қазақ ғалымдары Шыңғыс хан тайпасы екі түрде жазып келеді. Олар: 1. Моңғол 2. Моғол. Оның себебін бөлкім Моңғолиядағы негізгі моңғолдар мен Орталық Азияда түркіленіп кеткен Шағатай моңғолдарды «моғол», – деп атағаны шығар. Өйткені Иранда билік құрған моңғолдарды «елхан» (نخاىلى) деп өзгеше атпен атайды. Бұл тараудағы ең маңызды тұстарының бірі – Шыңғыс хан саяси психологияға мұқият қараған. Өйткені парам-парша болып, ру руға бөлініп жүрген моңғол тайпалар мен өзге түркі тайпаларды бір билеушіге бағындырып, басқаруға барынша күш жамсаған. Өрі бұл орайға тәрбие құралын көптеген өмірге сәйкес мысалдар, хикаяларға жүгініп, әулеттері мен ағайын-туыстарына түсіндіру жұмысын байыпты жүргізгенін көреміз. Сондай-ақ қоғамдық психологияның адамзат үшін жеңіске апарар жолы ынтымақ пен бірлікте екенін айқын мысалдар арқылы түсіндіріп қауымдастығының бірлік-ынтымағын қамтамасыз еткенін автордың өзі аса маңызды тарихи сабақ екенін ескеріп жазған. Демек Шыңғыс хан ұлы хандық құру үшін қол астына алатын моңғол және өзге тайпалардың ынтымақта болып, билікке бағынуға өзінің саяси және қоғамдық танымына сүйеніп, тиісті саяси және қоғамдық психологияның тәрбиелену заңдылықтарына сай заңнамалар жасап, жүзеге асуына қатаң талап қойып, іс жүзінде табысты болуын қамтамасыз етті.

Шыңғыс ханның бұндай айрықша саяси психологиялық қалаған негіздері оның кейінгі жеңістеріне ірге болғанын естен шығармай, оның маңызын ескертіп, адамзат қоғамының бірлігінің миуалы болу тұстарына назар аударып отыру керектігін мойындау қажет. Осы тарауда тағы бір көңіл аударуға тиіс жайыт моңғолдардың санын «Олардың саны он мыңнан көбірек болатын», – деп көрсеткені автордың мәліметіне қарағанда Шыңғыс хан әскерінің басым бөлігі найман және татар деп аталып кеткен түркі тайпалары болғанын пайымдау қиын емес. Сондай-ақ Шыңғыс хан саяси сахнаға толықтай қуаттанып шықпай жатқанда моңғолдармен қоңсы болған кереит пен сақыз тайпаларының саны моңғолдардан әлде қайда басым болғанын жазған Әта Мәлік. Онда: «Оның үстемдік құруының бастамасы кереит және сақыз тайпаларының басшысы Унг хан болған. Өйткені олар басқа тайпалардан күші де сансалтанаты да артық болған және сан жағынан, қару-жарақ, құрал-сайман жағынан да басым болған», – деп моңғол емес тайпалары яғни түркілердің тайпалары әр жағынан қарағанда үстем болған.

Бірақ моңғол мен барлық өзге де тайпалар Шыңғыс ханның саяси парасатының қармағынан шыға алмай, оған бағынған.

1.«Тошының (Жошы) ахуалы және Батудың оның орнына таққа отыруы» тарауда: «Тушы (Жошы) үлкен ұлы Құлтан Тасыда (تاسات نالغى) Шыңғыс ханның құзырында болып, уәделескен мерзім аяқталған соң ол жерден қайта оралды. Оның ұлдары: Бұмал (لحمب) Ерді* (ودره), Батый, Шибқан* (نابقبىش), Тенгут (توگنت), Берке (مكرب) және Беркежар (راجكرب) атты жеті ұл болған. Олардың

әр қайсысы ретімен тәуелсіздікке жеткен болатын. Батый әкесінің орынбасары болып, мемлекет пен бауырларын басқарды. Қаған мемлекеттің тағына отырған соң, сол аумақ пен төңірегін түгелдей қыпшақ, алан, ас, орыс, және басқа бұлғар, мелс (мәшук) елдері мен тағы басқаларын толықтай бағындырып, азат етті. Батый Еділ* (لىتىلى) маңындағы өзінің ордасында қоныстанды. Сонда Сарай* (ىارسى) деп атаған қала тұрғызды. Оның үкімі мемлекеттің барлық өңіріне жүретұғын. Ол ешбір дін немесе мәзһабты жақтамайтын. Оныкі сол тәңіршілдік (ىسانش نادى) жолы болатын. Сондай-ақ бірде бір ұлттар мен діндерге бой алдырған еместі. Оның жомарттығында шек болмады, оның дархандық пен мырзалығын санап бітіру мүмкін емес. Оның айналасындағы елдер мен төңірегіндегі қоңсылар және басқаларының әрқайсысы оның құзырына барғанда олардың алып келген сый-сияпаттары замананың қазынасы іспеттес болғандықтан үкімет қазынасына тапсырмастан бұрын барлығын моңғол, мұсылман және жиынға қатысқандарға таратып беретұғын. Оның көп немесе аз болғандығына көңіл бөлмейтін.

Саудагерлер оның алдына түрлі тауарларды жан-жақтан алып келетін, қандай тауар болса да бәрін алып, тауарлардың құнын еселеп төлеп отыратын. Рұм мен Шам патшалары мен басқа елдерге кешірім жасап, оның құзырына келген кімде кім арманда қалып қоймасын деп жарлық берген. Күйік хан хандық таққа отырған соң Батый оның сұрауы бойынша жолға шығып Балақмаққа (ىاقىالاب) жеткенде Күйік ханның өлген хабары жетті. Сондықтан сонда аялдады. Сонда жан-жақтан шаһзадалар оның құзырына келді. Сол арада хандық тақ Мәңгі қағанға (نابقوگنم) бекітілді. Батый сол жерден қайта оралып, өз ордасына келіп, көңіл көтеріп, дем алуға кірісті. Ал әскери қажеттілік болғанда уақыттың орайына қарап, жақын-жуық, әмірлерден әскерлер жіберіп тұратын. 1255 жылында Мәңгі қаған тағы құрылтайға бұйрық берді. Батый Сартақ ұлын Мәңгі қағанның құзырына жіберді. Сартақ христиан дінін ұстанатын. Сартақ мақсатқа жетпей жатып, хақ пәрмені жетіп (Батый) кенеттен сол жылы дүние салды. Сартақ Мәңгі қағанның құзырына жеткенде оны аса құрметпен қарсы алып, туыстыққа тән түрлі ілтипатқа бөлеп, сондай патшалық мейірге лайық мол сый-сияпатқа кенелтіп, оны шығарып салды. Сартақта өз ордасына жетпей, Ақсу (بارد ضاىب) мекеніне жеткенде әкесінің артынан кете барды. Мәңгі қаған оның әйелдері мен бауырларына қамқорлық көрсетсін деп әмірлерін сол жаққа жөнелтті. Сондай-ақ Сартақтың бәйбішесі Барқшынға (نىچقارب) Сартақтың ұлы Ұлықшыны (ىچغالوا) ер жетіп, әкесінің орнына отырғанша тәрбиелеу керек деген үкімін орындауын бұйырды. Бірақ тағдыр қаламады. Ұлықшы да сол жылы қайтыс болды» [17-231,232,233].

Осы тарауда әуелі адам және жер-су аттарын өзге дерекнамалармен салыстыра отырып анығына көз жеткізуге тіл ғалымдарына қолқабыс берген жөн. Біз ол есімдерді жұлдызша таңбасымен көрсетіп қойғанбыз. Мәселен: Тошының ұлы Бұмаһал (لحمب) атын Фәзлолла Рашидеддин «Жамеһ-ат-тауарих» кітабында Бұвал (لاقوب) және Бұқал (لاقوب) (18-9,33) түрінде берілген. Шибқан* (نابقبىش) атын Фәзлолла Рашидеддин «Жамеһ-ат-тауарих» кітабында «Шейбан Жошы ханның бесінші ұлы», – деп жазған [18 – 742] және Шарафеддин Әлі Йездидің «Зафарнама» кітабында «Шейбан Жошыұлы» (ىچوچرسپ نابقبىش), – деп жазған. [19-144] Бұндағы Шейбан кейін Мауароннаһрде құрылған шейбанидтер патшалығы оның атымен аталып кеткен. Фәзлолла Рашидеддин «Жамеһ-ат-тауарих» кітабында «Шыңғыс ханның қатындары мен балалары жайында әңгіме» тарауында: «Шыңғыс ханның бес жүзге жуық

қатындары мен күндері болған. Әр қайсысын әр түрлі ру-тайпадан алған. Кейбірі моңғол салты бойынша некелеген, олардың көпшілігін елдер мен ұлыстарды жеңіп, жаулап, тонағанда олжалаған. Бірақ ұлықтап алған қатындары, айтарлықтай беделге ие болған. Олар: бірінші қатыны Бөрте Фужын (متروبول) қоңырат қауымының патшасы, басшысы Дай ноянның қызы болған. Ол барлық қатындар арасындағы ең үлкені және беделдісі болған, төрт ұл мен бес қыздың анасы. Үлкен ұл Жошының қыпшақ даласындағы барлық патшалары мен шаһзадалары оның ұрпағы болған. [18-299]. «Шыңғыс ханның бастапқы ахуалында әзірше әлемді билеуде оның игі істері замананың парақтар беттеріне көріне қоймаған кезде оның Бөрте Фужын қатыны аталған Жошыға жүкті болған. Сол арада меркіт (تىگرم) қауымы ретін тауып Шыңғыс ханның үйін тонап, жүкті қатынын ұрлап кеткен. Ол қауым одан біраз бұрын керейт (تىارک) патшасы Унг ханмен дұшпан болатын, бірақ сол арада олармен достасқан еді. Сол себептен Бөрте Фужынды Унг ханның жанына жібереді. Унг хан Шыңғыс ханның әкесімен анттас (دڭن) болғандықтан Шыңғыс ханды өз баласындай санап, оны құрмет тұтып, оны келін деп бағалады және бөтен адамдардан қорғап жүрді. Ол (Бөрте) аса пәк және дарынды болғандықтан Унг ханның әмірлері бір-біріне «неге Унг хан Бөрте Фужынды алмайды» деп айтады екен.

Хан «ол менің келінім іспеттес, ол бізге аманат, оған қиянат көзбен қарау мәрттікке жатпайды», – дей тұғын. Шыңғыс хан ол жағдайдан хабардар болған соң жалайыр қауымынан Сартақ ноянның атасы оңқұттың (توقگنوا) Саба (ابىس) атты бір әмірін Бөрте Фужынды өтініш жасап алып келсін деп Унг ханның жанына жіберді. Өйткені Саба Арғын ханның сәбилік шағында Абака ханның жарлығы бойынша орда (ودروا) әмірі болып, Хорасан мен Мазандаранға әкім еді. Унг хан қағып-бағып, құрметпен оны Сабамен бірге жөнелтті. Жол-жөнекей кенеттен бұл ұлды дүниеге әкелді. Тосын жағдайда дүниеге келген үшін атын Жошы* деп қойды... сенімді кісілердің айтуы бойынша Жошының қырыққа жуық ұлдары болған. Олардан сансыз немере-шөберелер тараған. Бірақ қоныстарының ара қашықтығы ұзақ болып, хабарласып тұру жағдай болмағандықтан ұрпақтарының түгелінің анық хабарын білу де жүзеге аса қойған жоқ. Дегенмен аты шыққан ұлдары мен немерелерінің анығы кеңірек жазылады. [18-708, 709, 710].

Сондай-ақ «Батыдың әкесінің орнына таққа отыру хикаясы және патшалық кезіндегі оның ахуалы жайындағы әңгіме»: «Жошы қайтыс болған соң оның екінші ұлы Батый әкесінің орынбасары болып өз ұлысында хандық таққа отырды. Бауырлары оны мойындап, оған бағынды. Үгедей кезінде ол және бауырлары мен басқа да шаһзадалар одақтасып, оның бұйрығы бойынша солтүстік уалаяттардың көптеген бөлігін жаулап алды. Мәңгі қаған мен Күйік ханның шаһзадалары бауырларымен қайта оралған соң уалаяттардың қалған бөлігін жаулап, азат етті [18-734]. Осыдан: «Батый 1255 жылы Еділ өзенінің жағалауындағы Сарайда қайтыс болды. Ол қырық сегіз жаста еді», [18-796] деп жазған. Демек Ата Мәлік Жовейни бастаған тарихи мәлімет Фәзлолла Рашиддиннің «Жамеһ-әт-тауарих» атты еңбегімен өзінің тиісті жалғасын тауып жатты. Бұндай тарихи дерек-намалардың табиғи жалғастығын зерттеп, зерделеу тарихшы және тіл ғалымдарының үлесінде болмақ.

Батый салдырған Сарай қаласы туралы мәлімет Фәзлолла Рашиддин шығармасында кездескенін жоғарыда Батый өлімі мен жерленген жеріне қатысты айтқанын көрсетті. Енді араб тарихшысы Ибн Бәтутенің (1304-1377) «Ибн Бәтуте сапарнамасы» шығармасына

назар аударайық. Мұхаммед ибн Абдолла ибн Мұхаммед ибн Бәтуте кейін тарихта Ибн Бәтуте яғни Бәтутеұлы атымен танымал саяхатшы. Ол 1304 жылы Марракештің батысында орналасқан Тәнже қаласында дүниеге келді. 1326 жылы Мекке сапарына шықты. Содан Мысыр, Шам, Палестина, Нижаз, Ирак, Иран, Иемен, Бәһрейн, Түркістан, Бейн-әл-нәһрейн және Үндістан, Қытай, Жавех елдерінің бір бөлігі, Шығыс Еуропа мен Шығыс Африканы 1325-1352 жылдар аралығында жиырма жеті жыл бойы саяхаттап, туған елі Марракешке қайта оралды. Туған қаласы Тәнжеге аяқ басқан 1352 жылында қайтыс болып, сонда жерленді.

Ибн Бәтуте адамзаттың саяхаттау тарихында ең ұзақ қашықтыққа сапар шеккен саяхатшы болып таңылған тұлға. Оның Түркістанға сапарында түркілердің салт-дәстүрі мен Сара* (ارس) қаласы жайында біраз мәліметтер берген. Сонда: «Қажы Тархан қаласында сұлтан Өзбекпен қоштасқан едік, сонда жеткенімізде сұлтан Өзбек ол жерден өзінің астанасына кетіп қалғаны белгілі болды. Біз астанаға жету үшін үш күн бойы Еділ өзені мен оның жанынан ағып жатқан өзендерінің үстінен жүріп отырдық. Бұл өзендерге мұз қатып қалған болатын. Суға қажет болғанда мұздың бір паршасын сындырып, ерітіп суын ішуге және тамақ пісіруге пайдаланатын едік. Соңында Сара қаласы Берке сара деп те аталатын, сұлтан Өзбектің астанасына да жетіп, сұлтанның дидарына қауыштық. Ол сапардың қалай болғанын және Рұм елінің жағдайын және оның патшасы жайын сұрады. Сосын бізге біраз қаржы беруді бұйырып, қоналқамызды белгілеп берді. Сарай қаласы дүние шаһарларының арасында ең көркем және ең үлкені, жазықта орналасқан. Оның халық саны соншалықты көп болғандықтан, қаланың соншама үлкен болуына қарамастан тар болып көрінеді. Сарайдың жақсы базарлары мен кең көшелері бар. Бір күні қаланың бір беделді тұрғынымен қаланың көлемділігін зерттеу мақсатымен көлікке отырып, шаһардың айналасына әрекет еттік.

Біздің үй қаланың бір шетінде болатын. Тәңертең жолға шықтық, күн ауа қаланың ендігі бір шетіне жеттік. Бесін намазынан кейін түскі астан соң ана жақтан жолға шығып, күн батқан мезгілде үйге жеттік. Сондықтан қаланың енінен барып, қайтуға түгелдей бір күн жұмсалды. Аталған арақашықтығы түгелдей бір-біріне жалғаса салынған үйлерден өтеді. Онда үйлердің ешқандай бұзылып, құлаған күйі мүлдем байқалмайды. Және жол бойында бақ пен гүлзар да жоқ. Сарай шаһарында он үш үлкен мешіт жамағатпен жұма намаз оқылу үшін бартұғын. Олардың бірі шафиһи мазхабына арналған екен. Ал өзге мешіт саны өте көп болған. Бұл қаланың тұрғындары түрлі тайпалардан құралған. Олардың кейбірі ислам дінін қабылдаған. Бұл қалада басқа да тайпалар тұрады. Атап айтқанда: асылар, олар мұсылман. Қыпшақтар, шеркестер, орыстар және рұмдіктер барлығы христиандар болған. Әр тайпа бөлек ықшам аудандарда тұрады, әрқайсысының да бөлектенген базар мен дүкендері бар. Саудагерлер мен жат жұрттықтар Ирактың араб және парсы өлкелері, Мысыр, Шам тағы басқа жерлерден келгендер төңірегін қоршаған бөлекше ықшам ауданда қоныстанған.

Осы қалада сұлтанның сарайын «алтын тас» (شاط نوظلا) деп атайды. Осы қаланың ең жақсы қазыларының бірі Бәдреддин болған. Бұл қалада шафиһи мектебінің оқытушысы Сәдреддин Сүлейман Ләкзиді кездестірдім. Ол данышпандар қатарында саналады. Осы орайда малікі бағытындағы оқытушы мысырлық Шәмседдинге діни қағидалар бойынша қарсылық көрсетіліп, датталып келген

қажы Низамеддиннің ғибадатханасы осы қалада орналасқан. Ол бізді қонақ етіп, аса құрмет көрсетті. Сондай-ақ хорезмдік шарифат ілімінің данышпаны имам Жамаледдиннің ғибадатханасы сонда болған. Ол жақсы шейхтердің қатарында өте жомарт, жұмсақ мінезді және қарапайым жан бола тұра дүниеқорларға қарсы асқан қатал болған. Өзбек сұлтан жұма күндері онымен кездесуге баратын. Бірақ ол сұлтанды қарсы алуға бармайтұғын. Оның алдында да аяққа тұрмайтын еді. Сұлтан барынша жұмсақ және қарапайымдылықпен шейхпен әңгіме құратын болса да шейх оған керісінше ұстанымда болатын. Бірақ кедей-кепшіктер, басқа қалалардан келген қонақтарға аса қарапайым, жұмсақ және мейірімді мінез көрсететін еді.

Мәселен, маған тиісінше ілтипат жасады. Бір түрік құлды да сыйлады. Мен өзім одан бір ғажайып көрдім. Ол шейхтың көрегенділігі болған. Жалпы айтқанда мен Хорезм сапарына шығарда мәселені шейхқа айтқам, ол: «Бірнеше күн аялдай тұр, сосын кетерсің»,— деді. Мен өзім ойлағам, қазіргі кезде бір топ сапарластарым бар. Олардың арасында бірнеше саудагер таныстарымда бар және олармен бірге жүреміз деп келіскенім бар. Осы мәселені шейхқа айтқанымда ол: «Жоқ. Тіпті бармайсың»,— деген. Оған қарамастан мен өз бетімше шешім қабылдап, жолға жиналдым, бірақ, менің бір құлым қашып кеткендіктен амалсыз қалада біраз аялдауға тура келді. Сөйтіп қалаған күнімде жолға шыға алмадым. Бұл шейхтен көрген айқын керемет болатын. Үш күннен кейін менің бір адамым әлгі құлды Қажы Тәрхан қаласынан тауып, алып келді. Сосын Хорезмге қарай жолға шықтым. Сарадан Хорезмге дейін шөлейт арқылы қырық күндік жол екен. Бірақ жол бойы жайлау аз болғандықтан аттар бұл жолшылыққа төзе алмады, сондықтан арбаларды түйеге жегуге тура келеді. Он күннен кейін Сарайшық шаһарына жеттік. «Шық» кішкентай деген мағынада, Сарайшық яғни кішкентай сарай. Сарайшық қаласы суы мол үлкен Орал өзенінің жағалауында орналасқан. «Ұлы су» (Орал) — үлкен өзен мағынасын білдіреді. Бұл өзеннің үстіне Ирактағы көпір сияқты қайықтан жылжымалы көпір салынған. Осы жерге дейін арбаларды атқа жегіп алып келгенбіз. Бұл қалада аттарды саттық. Жылқы бұл қалада өте арзан екен. Біз әрбір атты төрт күміс динарға, кейбірін одан да арзандау бағаға саттық. Бұл қалада «Ата» атты бір қайырымды түрік қарияның ғибадатханасында болдық, ол қария бізге бір қонақасын беріп, ризашылығымен батасын беріп шығарып салды. Сондай-ақ атын ұмытып қалған екенмін, осы қаланың қазысы бізге сый-сияпат жіберген еді.

Сарайшықтан кейін тұрақты түрде отыз күн бойы жол жүрумен болдық. Күндіз де бар-жоғы екі сағат түскі және күн батар мезгілде аялдап дем алып, ұзақ жол жүрдік. Жол бойы темалауға тоқтағанда сүт көже пысыратын-дай, аз уақыт ғана аялдап отырдық. Өйткені сүт көже бір қайнаумен піседі. Оған майдаланған ет бөлшектерін қосып сүтті оның үстіне құятын. Жолаушы өз арбаларының үстінде отырып, тамақтанатын, ал керуен үздіксіз әрекетте болатын. Мен үш күніммен бір арбада болдым. Бұл шөлейт далада жылдамдықпен әрекет ету керек. Өйткені онда шөп тапшы. Сондықтан кейде түйелер де аштан қырылып қалатын. Ал бұл сапардан аман-есен құтылған түйелер бір жыл бойы дем алып, семіріп сауығуы керек. Су өзге аймақтарда бар, бірақ ол мекендер арасы да екі-үш күндік қашықтықта орналасқан. Онда жаңбырдан жиналған су немесе құдығы бар елді мекендер болады. Айтқанымыздай бұл шөлейтті өтіп, Хорезм шаһарына жеттік» [19- 402,403,404, 405].

Ибн Баттута Батый салдырған Сарай қаласына қатысты дүниежүзінің ең үлкен бес өзенін таныстырғанда: «Еділ (لٓتا) өзені қыпшақ даласында, оның жағалауында

Сарай шаһары орналасқан»,— деп [19- 34] жазған. Ибн Баттута сапарнамасына қарағанда үш қаланың аты аталып, тарихилығы тілге тиек болады. Олар: 1. Батый салдырған Сарай (ىارس) қаласы. «Батый 1255 жылы Еділ өзенінің жағалауындағы Сарайда қайтыс болды. Ол қырық сегіз жасында еді. 2. Берке хан салдырған Сара (Беркесара) (ارس مكرى) қаласы. «Сара қаласы Берке Сарай деп те аталатын» 3. Батый заманында негізі қаланған ірі сауда орталығы болған қала. «Сара қаласынан жолға шығып, он күннен кейін Сарайшық (قوجارس) шаһарына жеттік. «Шық» кішкентай деген мағынада, Сарайшық яғни кішкентай сарай. Сарайшық қаласы суы мол үлкен Орал өзенінің жағалауында орналасқан. «Ұлы су» (Орал) — үлкен өзен мағынасын білдіреді». Демек Жошы хандығында ұрпақтары салдырған үш саяси-экономикалық маңызға ие үш қаланың мәліметі жазба деректер бойынша анық көрініс тапқан. Олар: Сарай, Сара (Беркесара) және Сарайшық қалалары. Сондай-ақ Жошы хандығының «Алтын орда» аталуының сыры Ибн Баттута жазғандай: «Осы қалада сұлтанның сарайын «алтын тас» (شراط نوطا) деп атайды», осы атау кейіннен бүкіл орданың атауына айналғанға ұқсайды.

Шарафеддин Әлі Йәзди 1424-1425 жылдары жазған «Зафарнама» кітабында Жошы хандығы қыпшақ даласына толық билік жүргізгенін егжей-тегжейлі жазған. Шарафеддин Әлі Йәзди Иранның Йәзд қаласының маңында Тәфтте дүниеге келіп, 1454 жылы сонда жерленген. Туған жылы белгісіз, зерттеушілер 1415-1435 жылдар аралығында туған шығар деп болжайды. Шарафеддиннің әкесі шейх Қажы Йәзди оқымысты адам болған. Сондықтан білім мен ғылымға құштар болған баласы философия, астрономия, әдебиет және сопылық мәселелерінің білгірі болған. Одан да басқа көптеген салаларды игерген, оның атағын «Зафарнама» атты тарихи еңбегі шығарған. Өйткені бұл шығарма ұзақ жылдар терең зерттеліп жазылған шығарма. Автор бұл еңбекті жазуда түркі және парсы тілдеріндегі көптеген мемлекеттік құжаттар мен естеліктер және Әмір Темір жайындағы күнделіктер мен тарихи-әдеби еңбектерді жан-жақтан зерттеп, тиімді пайдаланған. «Зафарнама» (Жеңіс кітабы) екі бөлімнен тұрады. 1. Бірінші бөлімі кіріспе іспеттес. Онда Әмір Темірдің шежіресіне арналған. Және түркі тайпаларының тарихы әрі төрт ұлысқа билік еткен Шыңғыс ханның ұлдары туралы жазылған. 2. Бұл бөлім Әмір Темірдің өз тарихы жайында жазылған.

«Зафарнама» кітабында Жошының қыпшақ даласын иемденіп, хандығын құрғанын былай жазған. Онда: «Қыпшақ даласына патшалық еткен хандардың аттары жайындағы әңгімеде: Шыңғыстың ұрпақтарынан қыпшақ даласын (قاجىق تشد) күні бүгінге дейін билеп келген патшалардың саны отыз екі болған. Жошы әкесінің үкімі бойынша Хорезм, Хазар даласы (تشد رزخ), Бұлғар мен Алан және сол маңайды оған тиесілі деп тапсырды»,—[19- 65] деп жазды. Шыңғыс хан қайтыс болған соң Өгедей қаған болып, өзінің, Жошы, Шағатай және Төленің балаларын қосып, әкесінің жаулаған ас, орыс, шеркеш, қырым, азық, бұлғар, мажар елдерін қайтадан бағындырып, екі жүз жетпіс мың адамды қырып салған болатын. Кейін орыс, қыпшақ пен аландардың ісін бір ыңғай етіп, көздеген барлық мақсаттарына қол жеткізді. Содан кейін: «Батый, Өгедей қағанның бұйрығымен қыпшақ даласында таққа отырып, қайтып келген соң Сарай қаласын тұрғызды. 1255 жылы (ұлу жылында) қайтыс болды. Сосын оның бауыры Берке хан, Сайын хан, Есенмәңгі, Тоқия хан, Өзбек хан және Жәнібек хан хандық таққа отырды» [19-66 а, 66-б.].

Сондай-ақ «Зафарнама» кітабында Әмір Темірдің

Қажы Тархан мен Сарайға шабуыл жасауға бұйрық берген тарауында: «Жеңімпаз қосыны мұз қатқан Еділ өзенінің үстінен өтіп, Сарайды жаулап алған соң өртеп, күйретті. Және сол маңайдың көшпенділерінің төрт түлік малдарын түгелдей тонап алып кетті» [19-280]. «Зафарнама» кітабының мәліметіне қарағанда Жошы ханға мұра болып қалған кеңістік, яғни, қыпшақ даласы Хорезм мен Хазар (Каспий) теңізінің төңірегіндегі кең даланың аралығын қамтыған. Бұл қыпшақ даласы кейінгі тарихи кезеңдерде саяси тарихтың заңды сабақтасы болып жалғасып «қазақ даласы» болып атын өзгертеді. Біз оның анығын Бабырнама мен Тарих-и-Рашиди еңбектерінен көре аламыз.

Қорытынды. Алтын Орданың мәдени жетістіктері үш факторға негізделгенін байқатады. 1. Сарай мен Сарайшық қалаларының тұрғызылуы. 2. Берке ханның (1208-1266) билік құрған 1257-1266 жылдары ислам дінін қабылдауы. Ол өз кезегінде екі үлкен саяси және мәдени жаңалыққа негіз болды.

а) Құлақ хан (1218-1265) Құтыз бен Бейбарыстан Әин-әл-желут майданындағы болған шайқастың өшін қайтара алуға шамасы жетпей қалды. Өйткені Берке хан ислам дінін қабыл алғандықтан Хулағудың 1258 жылғы Бағдатты жаулап алуын және Мысырға Әин-әл-желут жеңілісінің өшін қайтарып алу үшін жорық жасауын құптамай оған қарсы шайқасты. Соның салдарынан Хулағу қосыны әбден әлсіреп, қайта ес жиып Мысырға шабуыл жасауға шамасы жетпей қалды. Артынша 1265 жылы өмірден озды.

ә) Берке ханның мұсылман болуының арқасында Қарахан патшалығында ислам ресми дін ретінде бекітіліп, түркілік тіл мен салт-дәстүрдің жандануын Алтын Орда территориясында емін-еркін қабылданып, дамуына жол ашты. Соның арқасында ислам сүнни бағытындағы әдебиет түркі тілінде өркендей түсті.

3. Мавераннахр мен қыпшақ даласында тарихи-мәдени, әдеби байланыстың нығаюуы. Оған мемлекет астанасы болған Сарайшық қаласына Батыс пен Шығыстың аса көрнекті ғалымдары, сәулетшілері, ақындары, өнер қайраткерлері жиналып, мәдениеттің қарқынды дамуына үлес қосты. Алтын Орда дәуірі әдебиеті тұсында Хорезмидің «Мұхаббат-нама» жыр-дастаны және Сайф Сараидің парсы әдебиетінің көркем туындыларының желісінде «Гүлстан» шығармасын түркі тіліне жырлатпасы Мавераннахрдегі парсы-түркі әдебиетінің дәстүрінің жалғасы іспеттес болды. Осы аталған араб-парсы әдеби шығармалары негізінде орта ғасырлардағы қазақ тарихының кейбір көмескі тұстары нақтылана түседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Ақселеу Сейдімбек. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы, Алматы, «Санат», 1997, 464 бет.
Ислам Жемей. Түрік халықтарының әдебиет тарихы. Оқу құралы, Алматы, «Таңбалы», 2014, 200 бет.
Ислам Жемей. Түрік халықтарының әдебиет тарихына кіріспе. Оқу құралы, Алматы, «Қазақ университеті», 2019, 274 бет.
Ислам Жемей. Парсы және түркі жазба деректеріндегі қазақ тарихы. (Ежелгі және орта ғасырлық дәуір), Алматы, «Сардар», 2019, 224 бет.
Арслан Текин. Түркі тарихы, үшінші басылым, – Ыстанбұл, 2015, 584 бет.
«Авеста» ирандықтардың ежелгі әндері. Баспаға дайындаған, зерттеген: Жәлел Достха, Авеста және парсы тілінде, IV басылым, екі томдық, – Тегеран, «Морварид» 1377, 1206 бет.
Үсейін Шәһиди Мазандерани (Бижән). Шаһнаманың түсіндірме сөздігі, бірінші басылым, – Тегеран, «Бәлх», 1377, 812 бет.
Жұмажан Байжұмин. Тұран. Төрт томдық, – Алматы, «Арыс» баспасы, 2012 ж.
Әли Рәвағи. Шаһнаманың түсіндірме сөздігі. 1-том, 1-басылым, – Тегеран, «Тәлиф», 1390 ж. 1187 бет.
Ибн Әсир. Әл-каmil өт-тарих. Парсышаға аударған: Сейіт

Мұхаммед Үсейін Рухани, «Әсатир», 1370 ж.

Шейх Ахмет Құдайдад Тарази. Көркем сөз өнері (Фонун әл-бәләге). Алғы сөз жазып, қазақшалаған: Ислам Жемей, – Алматы, «Таңбалы», 2013, 440 бет.

Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық, – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2010.

«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия/ Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998.

Ислам энциклопедиясы /Бас редактор Ә. Нысанбаев, – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995

Ислам Жемей. «Парсы және түркі жазба деректеріндегі Қазақ тарихы» (Ежелгі және орта ғасырлық дәуір), – Алматы: «Сардар», 2019, 224 бет.

Әта Мәлік Жовеини. Тарих-и-жахангошай, – Тегеран. «Бамдад», 1329 (1911).

Фәзлolla Рашиддин. Жамеһ-ат-тауарих. Көп томдық, – Тегеран. «Әлборз», 1373.

Шарафеддин Әлі Йәзди. Зафарнама, – Ташкент, «Фән» баспасы, 1972, 1068 бет+қосымша.

Ибн Бәтуте. Сапарнама, – Тегеран «Ілми-фәрханги» баспасы, 1361 ж.

REFERENCES

Aqseleu Seidimbek. Qazaq әlemi. Etnomәdeni paiymdau. Oqu quraly [The Kazakh world. Ethnocultural thinking. Textbook], –Almaty, Sanat, 1997, 464 p.[in Kazakh].

Islam Jemenei. Tүrik halyqtarynyñ әdebiet tarihy. Oqu quraly [History of literature of the Turkic peoples. Textbook], –Almaty, «Tamgaly», 2014, 200 p.[in Kazakh].

Islam Jemenei. Tүrik halyqtarynyñ әdebiet tarihyна kirispe. Oqu quraly [Introduction to the history of literature of the Turkic peoples. Textbook], –Almaty, «Kazakh University», 2019, 274 p.[in Kazakh].

Islam Jemenei. Parsy және tүrki jazba derekterindegi qazaq tarihy (Ejelgi және orta ғasyrlyq дәuir). [Kazakh history in Persian and Turkic written sources (Ancient and medieval times)], –Almaty, Sardar, 2019, 224 p.[in Kazakh].

Arslan Tekin. Tүrki tarihy. 3-basylym [Turkic history, third edition], – Istanbul, 2015, 584 p.[in Kazakh].

«Avesta» irandyqtardyn ejelgi әnderi. Baspaға дайындаған, zerttegen: Jәlel Dostha, Avesta және parsy tilinde, IV basylym, eki tomдық [“Avesta” is an ancient Iranian song. Prepared for publication, researched by Zhalel Dostkha, Avesta and Persian, IV edition, two volumes], –Tehran, “Morvarid” 1377, p.1206.[in Kazakh].

Үсейін Шәһиди Мазандерани (Bijән). Шаһнаманың түсіндірме сөздігі, бірінші басылым [Explanatory dictionary of Shahnameh, first edition], –Tehran, «Balkh», 1377, p. 812.[in Kazakh].

Jұmajan Baijūmin. Tұran, төрт tomдық [Turan, four volumes], –Almaty, «Arys», 2012[in Kazakh].

Әли Rәwāғи. Шаһнаманың түсіндірме сөздігі, 1-том, 1-basylym [Explanatory dictionary of Shahnameh, first volumes, first edition], –Tehran, «Talif», 1390. Page 1187[in Kazakh].

Ibn Әsir. Әl-kamil әt-tarih. Parsyшаға audarған: Seiit Mұhammed Үсейін Rухани[Al-Kamil al-Tarikh, translated into Persian: Sayyid Muhammad Usayn Rouhani], – «Asatir», 1370[in Kazakh].

Шейх Ахмет Құдайдад Тарази. Көркем сөз өнері (Fonun әl-bәләге), алғы сөз jazyp, qazaқshалаған: Islam Jemenei [Art of Speech (Fonun al-balaga), foreword, Kazakh: Islam Jemenei], –Almaty, Tamgaly, 2013, 440 pages.[in Kazakh].

Qazaq әdebietі. Ensiklopediialyq anyqtamalyq [Kazakh literature. Encyclopedic definition], –Almaty: «Aruna» Ltd LLP, 2010.[in Kazakh].

«Qazaqstan»: Ұltyq ensklopedia/Bas redaktor Ä. Nysanbaev [“Kazakhstan”: National encyclopedia /Editor-in-chief A.Nysanbaev], –Almaty. «Kazakh encyclopedia» General edition, 1998.[in Kazakh].

Islam ensiklopediasy/Bas redaktor Ä. Nysanbaev[Islamic Encyclopedia/Editor-in-chief A.Nysanbaev], –Almaty. «Kazakh encyclopedia» General edition, 1995. [in Kazakh].

Islam Jemenei. Parsy және tүrki jazba derekterindegi qazaq tarihy (Ejelgi және orta ғasyrlyq дәuir). [Kazakh history in Persian and Turkic written sources (Ancient and medieval times)], –Almaty, Sardar, 2019, 224 p.[in Kazakh].

Äta Mәlik Joveini. Tarih-i-jahangoşai [Tarih-i-jahangoshai], –Tehran. «Bamdad». 1329 (1911).[in Kazakh].

Fәzlolla Raşideddin. Jameh-at-tauarikh. Köp tomдық [Jameh-at-Tauarikh. Multi-volume], –Tehran. «Alborz», 1373.[in Kazakh].

Şarafeddin Äli İәzdi. Zafarnama [Zafarnama], –Tashkent, «Fan» publishing house, 1972, 1068 pages + appendix.[in Kazakh].

Ibn Bätute. Saparnama [Saparnama], –Tehran «İlmi-Farhangi» Publishing House, 1361.[in Kazakh].

Ботағоз САПАРБЕКОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың магистрі, оқытушы,
Қазақстан, Шымкент. E-mail: 1983_botagoz@mail.ru

АЛТЫН ОРДАНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Мақалада Алтын Орданың сыртқы саясаты, яғни Алтын Ордадағы Өзбек хан билігі күшейгеннен кейінгі мемлекеттің белсенді сыртқы саясаты қарастырылады. Оның сыртқы саясатының ауқымы да үлкен болды, оның негізгі бағыттары Иран мемлекеті арасындағы дауларды шешу, Италия сауда республикалары арасындағы экономикалық мәселелерді шешу, Берке ханның тұсында құрылған Египеттің мамлюк мемлекетімен дипломатиялық қатынастарды жалғастыру болды. Біріншіден, Кулагулық Иранмен ұзақ уақыт бойы дауларға айналған Кавказды басып алуды және мәселені бейбіт жолмен шешуді талап ету үшін Үлжайтаға жаңа елшілік жіберді. Елшілік құрамына өзбектердің ықпалды әмірлері Кек Темір Көреген, Байбаниал және Байбұқа кірді.

Кілт сөздері: Алтын Орда, Алтын ғасыр, экономика, тақ, хандық, билеуші, бақташы, көпес, саясаткер, жау.

Ботағоз САПАРБЕКОВА,
магистр, преподаватель, Южно Казахстанский университет
им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан. E-mail: 1983_botagoz@mail.ru

ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА ЗОЛОТОЙ ОРДЫ

В статье рассматривается внешняя политика Золотой Орды, то есть активная внешняя политика государства после усиления власти Узбекского хана в Золотой Орде. Масштаб ее внешней политики также был велик, основными направлениями которой были урегулирование споров между иранским государством, решение экономических вопросов между итальянскими торговыми республиками. Это было продолжением дипломатических отношений с мамлюкским государством Египта, установленных во время правления Берке-хана. Во-первых, Кулагулы направил в Улжайту новое посольство с требованием оккупации Ираном долгого времени на Кавказе и мирного урегулирования. В посольство входили влиятельные узбекские правители Кек Темир Көреген, Байбаниал и Байбұқа.

Ключевые слова: Золотая Орда, Золотой век, экономика, престол, ханство, правитель, пастырь, купец, политика, враг.

Botagoz SAPARBEKOVA,
Master's Degree, Lecturer, South Kazakhstan University named after
M. Auezova, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: 1983_botagoz@mail.ru

FOREIGN POLICY OF THE GOLDEN HORDE

The article examines the foreign policy of the Golden Horde, that is, the active foreign policy of the state after the strengthening of the power of the Uzbek Khan in the Golden Horde. The scale of her foreign policy was also great, the main directions of which were the settlement of disputes between the Iranian state, the solution of economic issues between the Italian trading republics. This was a continuation of diplomatic relations with the Mamluk state of Egypt, established during the reign of Berke Khan. First, Kulaguly sent a new embassy to Ulzhayta demanding Iran's occupation of the Caucasus for a long time and a peaceful settlement. The embassy included influential Uzbek rulers Kek Temir Koregen, Baibaniyal and Baibuka.

Keywords: Golden Horde, Golden Age, economy, throne, khanate, ruler, shepherd, merchant, politics, enemy.

Кіріспе. Алтын Орда мемлекеті Өзбек ханның (1312-1342) және оның ұлы Жәнібектің (1342-1357) тұсында күш қуаты барынша кемел кезіне жеткен еді [1, 164 б.]. Өзбек ханның Алтын Орда тарихында атқарған қызметі орасан зор, тіпті оның билік еткен кезеңін Жошы ұлысының «алтын ғасыры» деп атауға болады. Ол исламды мемлекет діні ретінде бекітті және экономикалық саясат нәтижесінде ақша реформаларын жүргізіп, ірі экономикалық маңызы бар қала орталықтарын дамытты. Бұл ретте белгілі тарихшы Т.Омарбеков өз зерттеуінде мынадай дерек келтіреді: «Өзбек хан Алтын Орданы билеуші әйгілі Мәңке Темірдің немересі болатын. Алтын Ордада хандық құрған жылдарында ол, ислам дінін мемлекеттік дінге айналдырды. Оның билігі тұсында Алтын Орда әскерлері ислам дінін рухани ту ретінде көтеріп, Хулагу тұқымдарына қарсы үздіксіз соғыстар жүргізіп, өздерінің хандарының даққын арттырды» [3]. Сондай-ақ, Еуропа мен Таяу Шығыста сыртқы саясатын аса тиімді жүргізе отырып, Алтын Орданың Батыс пен Шығыстағы саяси-дипломатиялық

байланыстарын нығайта түсті. Зерттеушілер бір ауыздан Өзбек хан билігі кезінде Алтын Орда мемлекетінің күш-қуаты артып, дамуының шарықтау шегіне жеткенін нақтылайды.

Материалдар мен әдістер. Алтын Орда мемлекетінің сыртқы саясаты бойынша мәселелер ғылыми-методологиялық және тарихи зерттеулердің даму барысындағы жүйелік сараптамаға негізделі отырып зерттелді. Ал тарихи және этномәдени оқиғалар мен құбылыстарды жаңа теориялық-методологиялық ұстанымдар арқылы, бір қатар жағдайларда гипотетикалық қайта құрастырулар арқылы негіздеген жөн. Алтын Орда мемлекетінің сыртқы саясаты бойынша мәселелерді әр түрлі кезеңдер бойынша зерделеу сан түрлі саяси-құқықтық және рухани-мәдени константтар мен даму парадигмасы негізінде қарастыруға мүмкіндік берді. Заманауи өркениетті зерттеулердің дамуы үшін көптеген факторларды ескеру қажет. Мемлекеттің пайда болуы және дамуы туралы еуроцентристік теориялар орталықтандырылған саяси билікті құптайды. Олардың

пікірінше саяси билік басқаруды монополизациялайды, белгілі бір аумақ шеңберінде тұрақты түрде салық алып отырады. Тарихи ғылымда бірқалапты саяси үдерістер мемлекетті қалыптастырудың тізбекті кезеңдері деп жарияланды.

Талдау. Америкалық антрополог және тарихшы Т.Дж. Барфилдтің (Барфилд, 2009:38-39) пікірінше, көшпелі мемлекеттіліктің пайда болуы қарама-қайшылықтар негізінде жүзеге асқан. Көшпелі империяның ұшар басында жеке билеуші басқаратын ұйымдастырылған мемлекет тұрады, дегенмен ру-тайпа мүшелерінің көпшілігі өздерінің дәстүрлі саяси ұйымын сақтап қалады. Ал, бұл ұйым болса әр түрлі деңгейдегі туыстық топтарға негізделеді. Яғни, аталмыш қарама-қайшылықтарды еңсеру үшін теориялардың екі сериясы ұсынылды, олар: ру-тайпалық форма – бұл мемлекеттіліктің сыртқы қауашағы ғана, себебі ру-тайпалық құрылым нағыз мемлекеттілікке жеткізбейді. Басқаша айтқанда өзектендіру мен ретроспекция әдістеріне негізделген аталмыш ғылыми ізденістер көшпелі мемлекеттіліктің әртүрлі аспектілерін қарастырудағы зерттеу қағидалары дамуының кезеңдері мен динамикасын ашып көрсетуге мүмкіндіктер береді, бірақ, шетелдік зерттеушілердің пікірі бойынша бұл жағдайда көшпелі мемлекеттіліктің ру-тайпалық саяси ұйымнан басымдығы белгілі бір уақыт аралығында ғана мүмкін болған.

Көшпелі мемлекеттіліктің әлеуметтік-мәдени бірқатар мәселелері туралы Т.Дж. Барфилд (Барфилд, 2009: 488), Р. Абазов (Абазов, 2008: 125.), Питер Голден (Голден, 2004: 103-136), Д.В.Васильев, В.А. Иванов (Васильев, Иванов, 2015: 151-166) сияқты ғалымдардың еңбектерінде айтылады. Авторлар Алтын Орда мемлекетінің сыртқы саясатына тоқталғанда кейінгі ортағасырлық кезеңнің алғашқы еуразиялық империя ретінде орны мен мәртебесін жаңа методологиялық ұстаным тұрғысынан қарастырады және оның ұлы еуропалық мемлекеттермен деңгейлес екендігін мақұлдайды.

Зерттеу нәтижелері. Өзбек хан Алтын Ордада беделді болуының арқасында оның көптеген жақтастары болды. Олардың қатарында аса ықпалды Хорезмдегі ханның билеуші өкілі Құтлұқ-Темір өзінің бауырлары Сарай-Темір және Мұхаммед-қожа, шейх-уль-ислам Имад ад-Дин ал-Маскири сияқты тұлғалар болған еді. Темір-Құтлұқтың қолдау көрсетуінің бір себебі, Өзбектің онымен шеше жағынан да бөле ретінде туыстық байланыстығы бар еді. Ал Хорезмдік шейх-уль-исламның қолдауына діни іскерлігі нәтижесі де байланысты еді, Өзбек жастайынан мұсылман дәстүрінде тәрбиеленгендіктен болар, Алтын Ордалық мұсылмандар оның билікке келуінен үлкен нәтиже күтті [4, 90]. Сондықтан, Өзбек таққа отыру алдында мұсылман жақтастарына Алтын Орданы ислам мемлекетіне айналдыратына уәде берген еді. Алайда, ол уәдесін тек өзінің билігінің нығайған кезінде, яғни 1320 ж. таман ол өзінің радикалды шешімін қабылдауға толық сенімді болған кезеңде жүзеге асырды. Бірақ бірқатар зерттеушілер Өзбек ханның таққа отырған бірден исламды мемлекеттік дінге айналдырған. Алайда, шығыс деректері бойынша, оның таққа отырған соң, сегіз жылдан кейін ғана исламды мемлекеттік дін ретінде қабылдаған деп сипатталған. Сонымен қатар, ан-Нувайри мәліметін сәйкес, 1314 ж. Өзбек хан Мысыр сұлтанына жазған хатында Алтын Ордада ислам дінін ұстанбайтын топтардың бар екенін және олармен күресуге мәжбүр екендігін хабарлаған. Шамасы, бұл күрес ислам жақтастарының толық жеңісіне дейін бірнеше жылға созылған.

Өзбек хан Алтын Ордадағы билігін нығайтқан соң, мемлекеттің сыртқы саясатын белсенділікпен жүргізе

бастайды. Оның сыртқы саясатының ауқымы да үлкен еді, оның негізгі бағыттары ретінде, Құлағұлық Иран мемлекеті арасындағы талас-тартыс мәселесін шешу, итальяндық сауда республикалары арасындағы экономикалық мәселелерді шешу, Берке-хан кезінде негізі қаланған Мысыр мәмлүк мемлекетімен дипломатиялық қатынастарын жалғастыру болып табылды. Ең алдымен, Құлағұлық Иранмен ұзақ уақыт бойы талас-тартыс объектісі болған Кавказ территориясын иемденуге деген талабын қою үшін және бұл мәселені бейбіт жолмен шешу мақсатында Ұлжайтуға жаңа елшілік аттандырды. Елшілік құрамында Өзбек ханның беделді әмірлері Кек Темір Көреген, Байбаниал және Байбұқа болды.

Байқағанымыздай, жаңа хан Алтын Орданың тағына отырған сәттен бастап-ақ, Құлағұлық Иран билеушісіне өз талаптарын орындатуға тырысты. Оның себебі ретінде мемлекет құрамына жаңа жерлерді қосу арқылы мемлекетте өз беделін нығайтудың алғашқы қадамы еді. Әрине, Құлағұлық Иран билеушілері Өзбек хан бұл қойған талабын орындаудан бас тартты. Өзбек хан өз талабын күшпен орындатудың қиындығы мен Ұлжайтудың Алтын Орда ханына бас иемейтіндігін жақсы түсінді, осыған байланысты оған қысым көрсетудің қажетсіз екенін түсініп, онымен достық қарым-қатынас орнату мақсатында екінші елшілігін аттандырды [4]. Бұл елшілікті 1314 ж. 11 мамырда Иран билеушісі жылы қарсы алды. Елшілік белгілі бір деңгейде екі мемлекет арасындағы қарым-қатынасты жандандырудың жолын қарастырды. Сонымен қатар, Ұлжайту хан да екі мемлекет арасында достық қарым-қатынастың орнағанын қалады [4]. Бірақ, Олжайту хан Алтын Орда тарапынан шабуыл жасау қауіпінен өз әскерінің бір бөлігін Арран аймағында тұрақты түрде ұстап отырған еді. Ол кезде Арран билігі Қазан-хан кезінде қаза болған Нуриннің орнына отырған Құсайынның қолында болды. Осы оқиғадан кейін біршама уақыт өткен соң, Ұлжайту хан 716 х.ж. рамазан айының 27-де (13 желтоқсан 1316 ж.) қайтыс болды. Құлағұлық Иран тағына оның 12 жасар ұлы Абу Сайд (716/1316-736/1335 жж.) отырды [4, 75]. 1316/1317 ж. қысында Өзбек хан Құлағұлық Иран территориясын басып алуға асығыстық танытты. Вассафтың мәліметі бойынша, оның мұндай асығыстығының себебі, осы аймақтарда тұратын лезгиндердің Алтын Ордамен тығыз қарым-қатынастары себеп болды [4, 19]. Кеңес тарихшысы А.Н. Насоновтың пікірі бойынша, лезгиндер Алтын Орда билеушісімен құпия түрде одақ жасасқан, сондықтан Дербентті қорғаған Құлағұлық Иран әскербасы Тарамтаз, Өзбек хан әскерлерінің жақындағаны жөнінде хабарсыз болған [4]. Сонымен қатар, XIV ғ. араб авторы Ибн Дукмак мәліметіне сәйкес, Абу Саид таққа отырғанға дейін әмір Шопан Өзбек ханға Құлағұлық Иран тағын ұсынған дейді. Ал Алтын Орда ханы өзінің белгілі мемлекет қайраткері Құтлұқ-Темірмен кеңесе отырып, одан бас тартқан дейді. Оның себебін Ибн Дукмак былайша түсіндіреді, яғни Шопанның ұсынысын тыңдап болған соң Құтлұқ-Темір Өзбек ханға егер ол ұсынысты қабыл алып, Хорасанға баратын болсаң, онда Солтүстік мемлекетке деген билігің уысыңнан шығып кетеді және оны басқа біреу иемденеді. Көп жағдайда өзге мемлекетті басқару аса қиынға түседі, сондықтан екеуін де билігіңді жоғалтып алуың мүмкін деп ақыл-кеңес береді [4]. Осылайша оның Иран тағынан бас тартуының себебі, сол кезеңдегі қалыптасқан жағдайға байланысты Ирандағы моңғол биліктің тұрақсыздығына байланысты болса керек. Бұл оқиға Берке ханның таққа отыруына дейін Борақшын хатунның Алтын Орда тағына отыруға Құлағұға ұсыныс

жасаған оқиғасын еске түсіреді. Бірақ, Шопанның Өзбек ханды Құлағұлық Иран тағына отыруға шақырғандығы жөніндегі мәлімет басқа деректермен сәйкес келмейді.

Сондай-ақ, бұдан кейінгі тарихи оқиғалардан әмір Шопанның Алтын Ордаға қарсы әскери қимылдары көрініс тапты. Осы жағдайда Өзбек ханның Құлағұлық Иран тағына отыруға деген шақыруы тарихи оқиғалармен де қайшы келеді. Осы оқиғалардан кейін де біршама уақыт Құлағұлық Иран мемлекеті ыдырау қарсаңында Өзбек ханның сыртқы саясатының объектісі ретінде қарастырылған. Бірақ, Ирандағы Құлағұлықтар билігі күйреген соң, оның территориясында пайда болған мемлекеттер Өзбек ханның ұрпақтарының сыртқы саясатының негізгі бағыттарының бірі болған еді. Өзбекханның сыртқы саясатының келесі бағыты, бұрынғы Алтын Орда хандары сияқты италияндық сауда республикаларымен қарым-қатынасын орнатуы болды. 1320 ж. Қара теңіз аймағының венециандық көпестері Өзбек-ханға жүгініп, осы аймақтан тұрақты сауда-саттық факториясын салу үшін жер учаскесі мен сауда жеңілдіктерін беруін өтінді. Алайда, бұған қатысты ханның оң шешімін қабылдауы үшін ұзақ уақыт қажет болды. Өзбек ханның уәзірлері мен заңгерлері қалыптасқан жағдайды меңгеріп, Қара теңіз аймағында осыған дейін Иран ильхандары, Трапезунд императорлары және мемлекеттер тарапынан болған осындай келісімдерін талдауға 12 жыл уақыт кетті. Тек, 1332 ж. осыған сәйкес Өзбек ханның жарлығы венециандық көпестерге беріп, Азауда (Азовта) өз факториялық құрылыстарын салуға құқық берді [4]. Шамасы, Өзбек хан венециандықтарға факториялар салуға иеліктер мен жеңілдіктер беруі, оның өзінің қарсыласы Құлағұлық Иранмен экономикалық күресте жеңіліске ұшырамаудың алдын-алу еді. Өйткені, 1306 ж. Құлағұлық Иран венециандықтарға сауда жеңілдіктерін беріп, ал 1320 ж. Құлағұлық Иранның ең ірі қаласының бірі Тебризде сауда факториясын салуға рұқсат берген еді [4]. Сондай-ақ, Өзбек хан Алтын Орданың Балқан елдеріндегі Тоқта хан кезінде әлсіреген сюзерендік бақылауын қайта қалпына келтіріп, күшейтуге әрекет жасап, бірқатар шаралар қолданды. 1323 ж. хан әскері византиялықтардан Адрианополидегі шайқаста жеңіліс тапқан Болгария патшасы Георгий II Тертерге көмекке барды. Бірақ, Өзбек хан Византия императоры II Андроникпен, ал кейін оның мұрагері және немересі III Андроникке қарсы соғысқан жоқ. Өйткені, Өзбек хан олармен туыстық байланысы (деректерде Байалун хатун атымен белгілі II Андрониктің қызына үйленген еді) бар еді [4]. 1330 ж. Өзбек хан әскері Балқанның шеткі аймақтағы билігі үшін күреске қатынасты: 3000 Алтын Ордалық жауынгер біріккен Валахиялық әскербасы I Басараб пен византиялықтарға жақтасып, сербиялық III Стефанға қарсы шықты. Алайда, сербиялық билеуші испан және неміс жалдамалы әскерлерін жалдап, нәтижесінде одақтастар әскерін Вельбужде талқандап, Өзбек ханның Балқандағы бұрынғы бақылауын қалпына келтіруге деген үмітін сөндірді [4]. Өзбек хан өз тарапынан әлденеше рет өз әскерін Литва мен Польшаға жортуылға аттандырды. 1324 және 1337 жж. Алтын Ордалық жасақтар ханның бұйрығымен Литваға шабуылдар жасап, көптеген адамдарын тұтқынға алды, бірақ бұл әрекеті Киев пен Волынь толық босата алмады. 1337 ж. Польшаға жасаған жорығы Батыс Русь жерлерін қорғау мақсатында емес, Рим папасының Алтын Ордаға қарсы крест жорығына жауап ретінде жасалған еді.

Қорытынды. Сонымен қатар, Алтын Орда мен Батыс Еуропа арасындағы Өзбек ханның кезінде біршама дипломатиялық қарым-қатынастар жүзеге асты. Тіпті Өзбек ханның мұсылмандықты мемлекеттік дін ретінде

жариялауының өзі де, католиктік Еуропамен қарым-қатынастарына әсер еткен жоқ. 1338 жылы 13 шілдедегі папа XXII Иоанның жазған хатында Өзбек ханға католик миссиясына құрметпен қарағанына өз ризашылығын білдіреді. 1339 жылы Өзбек хан папа XII Бенедикттің елшісі францискандық Жан де Мариньолиді қабылдады. Ол Шағатай мемлекеті және Пекин сапарына шықпас бұрын арнайы келіп, керемет сәйгүлікті Өзбек ханға сыйлық ретінде берді [4]. Алтын Орданың сыртқы саясатының келесі бағыты ретінде Мысыр мемлекеті арасында байланыстар Өзбек хан билігі кезінде белсенділікпен жүргізілген. Екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастың қарқынды болғаны соншалықты, тіпті Алтын Орданың барлық мешіттерінде сұлтан ал-Малик ан-Насирдің есімін Өзбек ханнан кейін атап, оған құрмет жасаған. Ұзақ жылғы Алтын Орда мен Мысыр арасындағы қарым-қатынас ақыр соңында туыстық байланыстың орнауына алып келді. Жалпы, Өзбек хан өзге мемлекет билеушілерімен дипломатиялық некелік қатынастар арқылы туыстық одақтасу саясатын ұстанған. Ибн Баттутаның мәліметі бойынша, Өзбек хан әйелдерінің бірі «Константинополь билеушісінің» қызы болған. Сонымен қатар, Өзбек хан өз қарындастарының бірін орыс княздарының бірі Мәскеу князі Юрий Даниловичке қалыңдыққа бергені белгілі [4]. Туыстық байланысты орнату жөніндегі ұсыныс жоғарыда айтылғандай, Алтын Орда тарапынан болып, Өзбек хан билігінің бастапқы жылдарында Құтлұқ-Темірдің бастамасымен болғаны белгілі, яғни 1314 ж. Алтын Орда елшісі Мангуш осындай дипломатиялық миссиясын сәтті орындаған. әл-Айни мәліметтері бойынша, елші Өзбек хан мен Құтлұқ-Темірдің хатын сұлтан ал-Малик ан-Насирге бере отырып, «он лично объяснился с султаном о том, что Кутлуг-Тимур указал ему [Мангушу] по части брака и союза» деген. Сұлтан келешектегі мұндай туыстық одақтасуға ризашылықпен құптаған [4]. Осының нәтижесінде екі мемлекет арасында туыстық байланыстар орнаған. Қорытындылай келсек, Өзбек ханның билігі кезінде Алтын Орда мемлекеті өзінің дамуының шарықтау шегіне жеткендігін байқатады. XIII ғ. 20-30 жж. Жошы ұрпақтары халықаралық аренада орасан зор беделге ие болып, оның вассалдары ханға тікелей тәуелді болып, оның дұшпандары шекаралық аймақтарда қауіп төндіре алмағандығын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

Аманжолов К.Р. Қазақстан тарихының дәрістер курсы. 1-ші кітап. Ежелгі заманнан 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін. – Алматы: «Білім», 2004. 392-б.

Өзбек хан /<https://bilim-all.kz/article/6007-Ozbek-han>
Омарбеков Т. Өзбек хан ордасы /<http://e-islam.tarmpu.kz/>
Өзбек хан билігі кезіндегі Алтын Орданың сыртқы саясаты // <http://iRef.kz>

Гордеев А. А. Золотая Орда и зарождение казачества. <https://www.litmir.me/br/?b=246713&p=1>

REFERENCES

Amanjolov K.R. Qazaqstan tarihyyn darister kyrsy. 1-kitap. Ejelgi zamannan 1917 jylgı Qazan tññkerisine deyin [Course of lectures on the history of Kazakhstan. Book 1. From antiquity to the October Revolution of 1917]. – Алматы: «Bilim», 2004. 392-p [in Qazaq].

Özbek xan [Uzbek khan] /<https://bilim-all.kz/article/6007-Ozbek-han> [in Qazaq].

Omarbekov T. Özbek xan ordası [Uzbek khan horde] /<http://e-islam.tarmpu.kz/>

Özbek xan biligi kezindegi Altın Ordanın sırtqı sayasatı [Foreign policy of the Golden Horde under the Uzbek khan] /<http://iRef.kz>

Gordeev A. A. Zolotaya Orda i zarojdenie kazaçestva [The Golden Horde and the origin of the Cossacks]. <https://www.litmir.me/br/?b=246713&p=1>

ФТАХР/IRSTI/МРНТИ: 03.20.00

Жайдарман ҒАНИБАЕВА,
т.ғ.к., аға оқытушы. Қ.Жұбанов атындағы АқӨңМУ.
Қазақстан, Ақтөбе қ. E-mail:sangar@mail.ru

ШАРУА БАСТЫҚТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚҚА ОЗБЫРЛЫҒЫ (XX ғасырдың басы)

XX ғ. басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық және құқықтық өміріне өзгерістер әкелген, орыс үкіметінің соңғы әкімшілік реформаларының бірі «Шаруалар бастықтары туралы Уақытша Ереже» негізінде енгізілген шаруалар бастықтары институты туралы баяндалады. Мақалада шаруалар бастықтарының жергілікті қазақтармен қарым-қатынасы туралы, тіпті кей жағдайда ашық қарсылыққа дейінгі күрделі қақтығыстардың туындап отырғандығы баяндалады. Сонымен бірге мақалада автор қазақ халқының шаруалар бастықтарымен арасындағы шиеленістің негізгі себебі қазақ жеріне шығыс славян халықтарының орналасуы мен қазақтың құнарлы жерлерінің тартып алынуы және шаруалар бастықтары билігінің шектен тыс күшеюі еді деп көрсетеді. Автор мақаласында шаруалар бастықтарының өз биліктерін асыра пайдалануы, қазына ақшасын ысырап етуі, қазақ халқын қорқытып қоқан-лоқы жасауы, жер мәселесін әділетсіз шешіп отырғандығын мұрағат құжаттарының негізінде баяндайды.

Кілт сөздер: шаруалар бастықтары, жер мәселесі, болыс басқарушылары, ауыл старшындары, жер дауы, уездік съездер, қазақ халқының наразылығы, шаруалар бастықтарының заңсыз іс-әрекеттері, билікті асыра пайдалану, қазақ зиялыларының көзқарастары.

Жайдарман ҒАНИБАЕВА,
старший преподаватель Актобинского регионального
государственного университета им. К.Жубанова, к.и.н.
Казахстан, г. Актобе. E-mail:sangar@mail.ru

САМОУПРАВНЫЕ ДЕЙСТВИЯ КРЕСТЬЯНСКИХ НАЧАЛЬНИКОВ (В начале XX века)

В статье рассматриваются процесс введения управленческих институтов, основанный на одной из последних реформ Российской правительства «Временного положения о крестьянских начальниках», принесших изменения в социально-экономическую и правовую жизнь казахского общества в начале XX века. Статья затронуты проблемы отношений крестьянских начальников с местными казахами, а в некоторых случаях даже возникновение серьезных конфликтов, ведших к открытым протестам. В то же время автор указывает на то, что основной причиной напряженности между начальниками и казахским народом, являлось размещение восточнославянских народов на казахских землях, захват казахских плодородных земель и чрезмерное усиление власти крестьянских начальников. На основе архивных документов автор рассматривает вопросы злоупотребление властью крестьянскими начальниками, растраты ими казенных денег, запугивание казахского народа, несправедливое решение земельных вопросов.

Ключевые слова: крестьянские начальники, земельные вопросы, волостные управители, сельские старшины, земельные споры, уездные съезды, протесты казахского народа, незаконные действия крестьянских начальников, злоупотребление властью, взгляды казахской интеллигенции.

Zhaidarman GANIBAEVA,
Senior teacher of the Aktope Regional State University named after K.
Zhubanov, Candidate of Historical Sciences.
Kazakhstan, Aktope. E-mail:sangar@mail.ru

ARBITRARY ACTIONS BY PEASANT CHIEFS AT THE BEGINNING OF THE 20 th CENTURY

The article discusses the process of introducing management institutions based on one of the latest reforms of the Russian Government «Provisional Regulations on Peasant Chiefs», which brought changes in the social-economic and legal life of Kazakh society at the beginning of the twentieth century.

The article touched upon the problems of relations between peasant chiefs and local Kazakh, and in some cases even the emergence of serious conflicts leading to open protests. At the same time, the author points out that the main cause of tension between the chiefs and the Kazakh people was the settlement of the East Slavic people on Kazakh lands, the seizure of Kazakh fertile land and the excessive increase in the power of peasant chiefs. On the basis of the archive documents, the author examines the abuse of power by peasant chiefs, their embezzlement of government money, the intimidation of the Kazakh people and the unjust resolution of land issues.

Keywords: peasant chiefs, land issues, county governors, village elders, land disputes, county congresses, protests of the Kazakh people, illegal actions of peasant chiefs, abuse of power, views of Kazakh intellectuals.

Кіріспе. XX ғасырдың басында қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық және құқықтық өміріне өзгерістер әкелген, орыс үкіметінің соңғы әкімшілік реформаларының бірі саналатын 1902 жылы «Шаруа

бастықтары туралы Уақытша Ереже» еді. Империялық басқаруды жетілдіру, отарлау мақсатында жүргізілген бұл реформа отаршыл әкімшіліктің шеңберін кеңейтіп, қазақ даласында Ресей империясының

мемлекеттік басқару аппаратының маңызды бөлігін құрады. Патша өкіметі әкімшілік басқару билігін шаруа бастығының қолына шоғырландыру арқылы болыс басқарушыларын, халық соттарын, ауыл старшындарын шаруалар бастығына тәуелді етті. Сөйтіп, қазақ халқын саяси биліктен біржолата шеттетті және қазақ халқы басқа да іргелес халықтар секілді Ресей империясының отарлау саясатының құрбанына айналды. Шаруалар бастықтары институтын енгізу арқылы өзінің отарлаушылық бағыттарын, қоныстандыру саясатын жүргізуге негіз жасап алды. Шаруалар бастықтарының қазақ халқымен арақатынасы мәселесін зерттеу, бұл қарым-қатынастың қандай бағытта дамығандығына талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

Шаруалар бастықтарының осы бағыттағы жүргізген әдістерінің бірі ол, әрине, қазақ халқының ықпалды өкілдерімен, соның ішінде ауыл старшындарымен, болыс басқарушыларымен ынтымақтастық орнатуы болды. Бұл әдіс шаруалар бастықтарына көшпелі қазақ қоғамының өмірі мен тұрмысын жақынырақ білуге мүмкіндік беріп ғана қоймады, сонымен бірге қандай да бір заңды енгізуде аймақтың билік саясатына ықпал ететін күш болып табылған еді.

Материалдар мен әдістер. Материалды талдау барысында төмендегідей әдістерді қолданылды: талдау, синтез, салыстыру. Архив құжаттарын талдау, сараптау арқылы қазақтардың шаруалар бастықтарымен қарым-қатынасының күрделі өрбіп отырғандығы, шаруалар бастықтарының өз биліктерін асыра пайдаланғандығы, қазына ақшасын ысырап етуі, түрлі желеулермен қазақтардан ақша талап етуі және олардың жер дауын әділетсіз шешуі, болыс, ауыл старшындарын сайлау кезінде пара берушінің пайдасына шешіп беру секілді жүгенсіздіктері архив құжаттарының негізінде талданып, сараланды. Салыстырмалы-тарихи әдісті қолдану, ұлттық шет аймақтарды басқарудың және қазақтармен шаруалар бастықтары арасында қарым-қатынасты зерттеуге, талдау жүргізуге және олардың жалпы және ерекше сипатын көрсетуге мүмкіндік берді.

Талдау. Революцияға дейінгі Ресей тарих ғылымында шаруалар бастықтары институты емес, орыс шаруаларын басқарудың кейбір аспектілері, шаруалардың құқықтары мен земстволық басқарушылардың қызметінің ерекшеліктері И.Страховский [Страховский, 1903:125] мен В.М.Гессен [Гессен, 1904:110] еңбектерінде зерттелді. 1917 жылғы революциядан кейінгі онжылдықтар бойы кеңес зерттеушілері шаруа бастықтары институтын мүлдем зерттеген жоқ. Дегенмен, осы кезеңде XIX-XX ғғ. басындағы Ресейдегі тарихи жағдайды баяндайтын еңбектер жарық көрді. Кеңестік тарихнамада негізінен XVIII ғ. Ресей империясының оңтүстік-шығысындағы шаруалардың отарлауы және оның жергілікті халықтың тарихи тағдырына ықпалы жөніндегі мәселелер қаралды. Алғашқы кезекте М.К. Любавскийдің еңбегінде империяның шеткері аймақтарын отарлаудың жалпы көрінісін, орыс шаруаларының орналасуы және олардың орыс емес халықтардың рухани және материалдық мәдениетіне ықпалы туралы жазды [Любавский, 1996:698]. Кеңестік дәуірде тарих ғылымында зерттеулер ең алдымен экспонизм: қосылу және жаулап алу мәселесі төңірегінде шоғырланды.

Патша үкіметінің аграрлық саясаты, қоныс аударушылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, қазақтың көшпелі қоғамында егіншіліктің даму ерекшеліктері Б.Сүлейменовтың еңбегінде сөз болады [Сүлейменов, 1963:411]. Дегенмен, жоғарыда атал-

ған зерттеулерде шаруа бастықтары, олардың мемлекеттің және көшпеліқазақ қоғамындағы рөлі айтылмады.

XX ғасырдың 90-жылдары еліміздегі қоғамдық-саяси жағдайдың өзгеруіне байланысты тарих ғылымында жаңа бағыттар, жаңа көзқарастар пайда болды. Осы тұста белгілі құқықтанушы К.А.Жиреншиннің еңбегін бөліп айтуға болады. Ол қазақ ғалымдарының ішінде алғашқы болып, Дала генерал-губернаторлығындағы шаруа бастықтары институтына назар аударғандардың бірі саналады. [Жиренчин, 1996:352]. Б.М. Әбдрахманова XIX ғасырдағы Қазақстанның әкімшілік-басқару жүйесі, әкімшілік-территориялық құрылымын зерттеп жазды [Абдрахманова, 1998:137].

Зерттеу нәтижелері. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында олардың ара-қатынастарының күрделі, шиеленісті жағдайда болғандығы туралы мәлімет беретін құжаттар сақталған. Құжаттардан шаруалар бастықтарының жергілікті халықтың сенімін туғызбағаны және көп жағдайда шаруалар бастықтарының қудалап кемсітуден қорғауды өтініп жоғары жаққа шағымданып отырғанын көреміз.

Қазақтардың жазған шағымдарында шаруалар бастықтары өткізген болыс, ауыл старшындарының сайлауларында сайлау тәртібінің өрескел бұзылып отырғанын көрсетеді. Сонымен бірге қазақ халқының талап тілегі ескеріліп еленбеді, тіпті кей жағдайда олар ашық қақтығысқа барып шаруалар бастықтарын соққыға жығып кетіп отырды. Оның басты себебі, қазақ халқының көз алдында олардың шұрайлы жерлері тартып алынып жатты, ата-бабасынан мұра болып келе жатқан жерлерге шығыс славян халықтарының қоныстануы, сонымен бірге шаруалар бастығының билігінің шектен тыс күшеюі, жүгенсіздік әрекеттері және т.б. мәселелер болды.

Осы кезеңдегі маңызды мәселелердің бірі, әрине, жер мәселесі яғни жер дауының шешілуі болды. Бұл жерде шаруа бастықтарының басқару тәжірибесі, өзіне қарасты территория тұрғындарымен қарым-қатынасын дұрыс қоя білуі маңызды еді.

Мысалы, Ырғыз уезінің Тәуіп болысымен және Торғай уезінің Аманкөл болысы қазақтары арасындағы Қызылжар және Бестабаң жерлері үшін жер дауын шешу үшін 1891 жылы Далалық Ереженің негізінде шаруалар бастықтарының төтенше съезі өтеді. Торғай облыстық басқармасы бұл уездік съездің шешімін қанағаттанарлық деп есептеді, бірақ, Тәуіп болысының қазақтары Аманбай Барақбаев, Досым Тоқмейілов, т.б. Ішкі істер министрінің жеке қатысуымен 1905 жылы 20 қыркүйекте өткен Үкімет сенатының отырысына сот үкімін бұзу туралы шағымдарын жолдайды. Бірақ Үкімет сенаты уездік съездің үкімін және облыстық басқарманың шешімін өзгеріссіз қалдырады (ҚР ОММ, 2986: 20-29). Бұл жағдай, әрине қазақ халқының сот үкімін бұзу туралы шағымдарына жиі кездесетін әдеттегі оқиға болатын. Қазақ халқы осындай туындаған қақтығыстарды шешуде жаңа әдістерін қолданып отырды, соның ішінде шенеуніктерді соққыға жығу немесе оларды тұтқын есебінде өз қоныстарында ұстау және т.б. Соның бір жарқын көрінісі Торғай уезінің уезд бастығының 1906 жылы 11 тамызда облыстық басқармаға берген мәлімдемесі мысал болып табылады. Ырғыз уезі, Тосын болысының қазақтары шаруалар бастығы Назаров пен оның көмекшісі Гарфты соққыға жығып, Жаманкөл елді мекеніне алып кеткен (ҚР ОММ, 2835: 1-7).

Қазақтардың шаруалар бастығы Назаровты соққыға жығу себебі өзінің шексіз билігін пайдалана отырып, ол Тосын болысындағы Қаратақыр деп аталатын жерді Шұбалаң болысының қазағы Д. Тоқтабаевқа беріп, жер үй салуға рұқсат берген. Тосын болысының қазақтарының мәлімдемесінде көрсеткендей, Тоқтабаев шаруалар бастықтарының уездік съезінің хатшысы Асауовпен (олар мұғалімдер семинариясында бірге оқыған) жеке таныстығының нәтижесінде заңсыз рұқсат алған. Сонымен бірге, Тосын болысының қазақтары хатшы Асауовтың жағымсыз қылықтарын көрсетті, олардың сөздеріне қарағанда Асауовтың «шаруалар бастығына жалған айтып, Қаратақыр жерін Тоқтабаевтың жеке меншігі деп сендірген» дейді. Бірақ Тосын болысының қазақтары қысқы қыстаудағы жер үйді бұзып тастаған. Қазақтардың мәлімдемесінде сондай-ақ шаруалар бастығының оларға тіл тигізіп, ашуға тиетін сөздерді айтып, қаруды пайдаланғаны қазақтардың ашу-ыза-сын туғызған (ҚР ОММ, 2835: 14-15). Осы дауды отаршыл әкімшіліктің шеше алмауы екі арадағы қайшылықты күшейте түсті, тек екі апта өткен соң Тосын болысының белгілі ақсақалы, биі Қорғамбек Бірімжаровтың бітістіруші қызметінің арқасында ғана Тосын болысымен Шұбалаң болыстарының арасындағы Қаратақыр жері үшін болған дау шешіледі (ҚР ОММ, 2835:17).

Шаруалар бастығын соққыға жығу фактілері Торғай облысында ғана көрініс берген жоқ, сонымен бірге басқа аймақтарда болып жатты. 1908 жылы 7 маусымда Семей облысының әскери губернаторы Дала генерал-губернаторының кеңсесіне Қарқаралы уезінің 2 учаскесінің шаруалар бастығы Цыловты 1908 жылдың 27 сәуірінде Ақбота болысының қазақтарының соққыға жыққандығы туралы баяндайды. Қарқаралы уезінің уезд бастығының 1908 жылы 27 маусымдағы құпия хабарламасына қарағанда шаруалар бастығын соққыға жығу №2 ауыл старшынын сайлау кезінде оның тарапынан жасалған процессуальды қателіктер мен оның №9 ауыл старшынының сенімді өкілін заңсыз тұтқындауы себеп болған сондықтан Ақбота болысының қазақтары шаруалар бастығынан сайлаудың үкімін бұзуды және 200 рубль талап еткен (ҚР ОММ, 2414:11-12).

Семей облысының әскери губернаторының пікірінше шаруалар бастығы Цыловты осы қызметті атқаруға үйлеспейтін іс-әрекеттерге барғаны үшін шаруалар бастығын бұл қызметті атқаруға құқығы жоқ деп есептеді. 1908 жылы 7 маусымда Цылов қызметінен босатылады (ҚР ОММ, 2414:17).

Облыстық басқарманың жалпы мәжілістерінде шаруалар бастықтарының заңсыз іс-әрекеттері қаралып отырды. Орталық мемлекеттік мұрағатта Торғай облыстық басқармасының 1911 жылы 17 мамырдағы Қостанай уезі 2 учаскесінің шаруалар бастығы Таскиннің заңға қайшы іс-әрекеттері туралы отырыс журналының хаттамасы сақталған (ҚР ОММ, 3096:11-12).

Шаруалар бастығы Таскиннің заңсыз іс-әрекеттерінің мәнісі өзінің қызметтік лауазымын асыра пайдаланғандығы және сонымен бірге жергілікті және шекара тұрғындарын ашық тонаумен айналысқан болыс басқарушысы Мырзабақин басқарған құрамы 30 адамға жететін топты жасыруы болып табылды. Олардың осындай жолмен тапқан ақшалары шаруалар бастығына жіберіліп отырған. Мысалы, Звериноголовской станицасында олар тұрғындардан 1000 рубльге дейін ақша жинап, Таскинге жеткізген. Сонымен бірге болыс басқарушысы Мырзабақин шаруалар бастығы Таскин үшін халық соттарынан

ақшалай сыйақы талап еткен. Бұл лауазымды тұлғалардан шаруалар бастығы Таскин мен Мырзабақин ауыл старшынын сайлау кезінде алым талап етіп, қоқан-лоқы жасаумен айналысты. Сондай-ақ ауыл старшыны болғысы келетін әрбір үміткерді 100 рубль беруге мәжбүр етті. Сонымен бірге Таскин старшындарды сайлауда процессуальды тәртіпті ұдайы бұзып отырған. Сайлау өзінің белгіленген күні өткізілмей, сайлаушылардың қатысуынсыз болыс басқарушысы Мырзабақиннің үйінде өтіп отырған (ҚР ОММ, 3096:17).

Біз, көріп отырғанымыздай лауазымды тұлғалардың өздерінің өкілеттіліктерін асыра пайдаланғандығы және қазақ халқының олардың бұл әрекеттеріне үнемі қарсылық жасап отырғандығын көруге болады. Сонымен бірге болыс басқарушыларымен және шаруалар бастығының арасында да шиеленісті, тартысты жағдайлар туындап отырды. Соның бірі Тосын болысының болыс басқарушысы Ж.Дәуренбеков пен шаруалар бастығы Березиннің арасындағы Тосын болысын екі бөлікке бөлу процесі еді. Торғай уезінің оңтүстік бөлігінде орналасқан Тосын болысы 13 ауылдан тұрды және 2000 шаршы шақырым аумақты алып жатты. Болыстың басында болыс ұйымдасқаннан бері ықпалды рудың өкілі Дәуренбек Беремжанов тұрды. 1912 жылы Дәуренбек Беремжанов қайтыс болғаннан кейін болыс тұрғындары оған құрмет көрсету белгісі және оны есте қалдыру мақсатында болыс басқарушысы қызметіне оның балаларының бірі Жақып Дәуренбековті сайлайды, ол өзіне жүктелген қызметті адал атқарған. Ұлан-ғайыр территорияда ауылдардың шашырап орналасқанына қарамастан, аталмыш болыс іс жүргізуді дұрыс ұйымдастыруымен, салықтарды өз уақытында төлеп отыруымен, жалпы ұқыптылығымен ерекшеленді, яғни болыс басқарушысының қызметі үздік және үлгілі басқарушы ретінде бағаланып отырды.

Бірақ, 1914 жылы Торғай уезінің 1 учаскесінің шаруалар бастығы Березин алғашқыда болысты үшке, кейіннен екіге бөлу туралы жобаны жасайды. Бұл болыс ішінде жікшілдікті туғызды. Беремжановтардың руына қарсы тұратын № 3 және № 6 ауылдарды біріктірген рулық топ құрылды. Беремжановтар басында тұрған ауылдардың басым көпшілігі шаруалар бастығының жобасына қарсы болады. Болыс басқарушысы Ж.Дәуренбеков болыс басқарушысы қызметінен босатылады және 13 ауыл старшынының 9-ы жеті күнгі қамаудан кейін қызметтерінен шеттетілді. Бір күннің ішінде болыстың барлық лауазымды тұлғаларының таратылғаны ерекше жағдай болды, биліктің төменгі бөлігі түгелдей қысқартылып, жылдар бойы жасаған қызметі, беделі жойылды. Бұл жағдай шаруалар бастығының өзінің менмендігімен жоспарын жүзеге асыру мақсатында әкімшілік билікті асыра пайдаланып, жергілікті тұрғындардың мүддесін есепке алмай, шектен тыс жүгенсіздігін көрсетті. Сонымен бірге, болыс басқарушысына жеке алымдардың төленбегені жөнінде, сот шешімдерін орындауда жауапкершіліктің жоқтығы және т.б. жалған айыптар тағылып, 7 күнге қамауға алынды.

Шаруалар бастығы Ж.Дәуренбековті қызметінен босату үшін түрлі әдістер қолданылды, яғни фактілерді бұрмалау, шындыққа жанаспайтын мәліметтер жинау және т.б.

Шаруа бастығының осындай әрекеттері болыс басқарушылығына кандидат Қайырбек Бектемісовке де қарсы жүргізілді. Шаруалар бастығының барлық іс-әрекеті бір ғана мақсатқа негізделді. Болысты екіге

бөлу, олардың әрекеттерін болдырмау (ҚР ОММ, 3203:1-123).

Шаруалар бастығының өзінің қызметтік міндетін асыра пайдалануы қазақ халқына ғана емес, сонымен бірге орыс халқының да лауазымды тұлғаларына бағытталды. Мысалы, Херсон болысының старостасы Борис Спильник оны әкімшілік жолмен қызметінен босатқаны үшін, Ақтөбе уезінің шаруалар бастығының іс-әрекетін тәртіпке салуды сұрап облыстық басқармаға шағымданды (ҚР ОММ, 3097:1-6).

Семей уезінің 1 учаскесінің шаруасы Ксенофонт Критонов 1911 жылдың наурыз айында шаруа бастығы Альфонс Шелькингке оған бірнеше рет тіл тигізгені үшін шағымданады. Семей облыстық басқармасының міндетті мүшесінің істі тергеу барысында шаруалар бастығының тарапынан басқа да жағдайлардың бұзылғандығын анықтаған. Соның ішінде Майлыбай болысының болыс басқарушысы Айғозиннің қазынаға төленетін ақшасы болыстық ақшасын жұмсағанын жасырғанын, басқа да болыс басқарушыларының қазынаға төленетін ақшасын алып, өз мүддесі үшін жұмсаған (ҚР ОММ, 2544:1-68).

Мұрағаттарда қазақ халқының шаруа бастықтарымен арақатынасының күрделі, шиеленісті болғандығын көрсететін құжаттар сақталған. Бұл ең алдымен шаруа бастықтарының өз өкілеттігін асыра пайдалануларына қарсы қазақтардың шағымдары, олардың көшпелі қазақ қоғамының ішкі өміріне араласа отырып, болыс, ауыл старшындарын сайлау алдында шаруалар бастықтарының қитұрқы іс-әрекеттері еді.

Шаруалар бастықтарының Қостанай уездік съезі 1903 жылы 22 шілдеде 1 учаскенің шаруа бастығының ұсынысының негізінде Обаян болысының №2 ауылының халық соты Жауғаштыны қызметінен босату туралы шешім қабылдады. Оның себебі ол «ықпалды, беделді адам ретінде жер дауына байланысты сайлаушылардың съезінде үкім шығаруға күшті қысым жасады» делінді.

Торғай облыстық басқармасының жалпы отырысы Қостанай уездік съездің шешімін көпе көрнеу қате деп есептеді, өйткені, хаттамада «аталған лауазым иесінің өз міндеттерін дұрыс атқармағандығы немесе қызмет бабын теріс пайдаланғандары туралы қандай да бір дерек жоқ». Сонымен, облыстық басқарманың отырысының журналында халық соттары «жер дауына байланысты съездерде съездің үкіміне ықпалын жасайды, өйткені халық соты болып сайлануына байланысты өз құқықтарын пайдалануы орынды деп көрсетті. Сондықтан да шаруалар бастықтарының уездік съезінің шешімін облыстық басқарма өзгертті (ҚР ОММ, 277:19).

Сондай-ақ, Торғай облыстық басқармасының жалпы отырысы 1903 жылы желтоқсанның 12-нде Қостанай уездік съезінің қаулысымен Қостанай уезінің 4 учаскесінің шаруалар бастығы өзінің 5 шілдедегі қаулысымен Жылқуар болысының № 7 ауылының халық соты С. Тоғызбаевты «миллиондық отводтан» көшуден бас тартуына байланысты қызметінен босату туралы уездік съезге шағымданады, уездік съезд оның шешімін қабылдап, оны әскери губернатордың бекітуіне жібереді. Облыстық басқарма бұл үкімді қарап Тоғызбаевты өзінің қызмет лауазымы бойынша теріс әрекет немесе қызмет бабын пайдалану болмағандықтан қызметінен босату туралы қаулының күшін жойған (ҚР ОММ, 277:47).

Торғай уезінің 1 учаскесінің шаруалар бастығы 1909 жылы Майқарағай және 1, 2 Наурызым болысын тексере келе 106 сом 46 тиын салық төлемегені

үшін болыс басқарушысы Оспан Қаржаковтың мүлкін тәркілеген, салық төлеуді қамтамасыз етпегені үшін ауыл старшындары Шыныбеков, Маспыраев, Әлімбаев, Бөлек, Жүсіпов, Жүсенов және Қоянбаевтың мүліктері тәркіленді. Бұдан да басқа 1 Наурызым болысының №3,5 ауылдарының старшындарын 5 тәулікке қамауға алған. Себебі оларға қарасты ауыл тұрғындарының көпшілігі берешек, ал бұл болса старшындардың салғырттығынан болған деп шаруалар бастығы қорытынды жасаған. Осыған байланысты Торғай облысының әскери губернаторы Страховский төменде көрсетілгендерді басшылыққа алу қажет деп ескертеді:

1) лауазымды тұлғалардың азаматтық жауапкершілігін қамтамасыз ету үшін шаруалар бастығына олардың мүлкін тәркілеу құқығы заңды түрде берілмеген;

2) салықтарды өтеуді қамтамасыз ету үшін лауазымды тұлғалардың мүліктерін тәркілеу шаруа бастықтарының салықтардың есебі туралы мәліметтерді алған кезде немесе болыстық басқарманы тексеру кезінде ол өзі анықтаса, онда шаруалар бастықтарына жүктеледі.

3) «Шаруалар туралы Ереженің 446 бабымен лауазымды тұлғаларға тәртіп шараларын қолданғанда, әсіресе, олардан салықтарды төлемей себептерін жан-жақты тексеріп, алдын-ала лауазымды тұлғалардан түсініктеме алу қажет, қандай жағдайда да шаруалар бастығының тұжырымдалып, негізделіп жасалған қаулысы болуы керек, ол алдын-ала лауазымды тұлғаға ескертіліп, шағымдануына уақыт беріледі».

Сонымен, жоғарыдағы мысалдардан көріп отырғанымыздай қазақ халқының шаруалар бастықтарымен арақатынасы шиеленісті жағдайда өрбіп отырды.

Қарқаралы уезінің шаруалар бастығы Катасонов мал ұрлаушылар мен барымташыларды жасырған, өз пайдасына лотерея ұйымдастырып, бай қазақтардан ақша жинап, 2508 рубль шығын келтірді. Осының нәтижесінде шаруалар бастығы Катасонов өзінің орынсыз, қысымсыз іс-әрекеттеріне байланысты қазақтардың ашу ызасын туғызған.

Шенеуніктердің озбырлығы, халқының мұң-мұқтажын жоқтаған қазақ зиялыларының да жанын ауыртты. М.Дулатов өзінің «Қазақ менің, елім менің» атты мақаласында: «.....Өздеріңіз көз жазбай байқап отырғандай чиновниктер, урядниктер кедей қазақтарды ұрып-соғып, мал-мүлкін тартып, ойына не келсе соны істеді... Енді чиновниктер біздің дінімізге, атадан мұра болып келе жатқан әдет-ғұрпымызға, біздің молдаларға ғана тиісті, неке мәселесіне де араласа бастады, діни кітаптарды тұтқынға алды.....» деп ашыңды (Дулатұлы, 1997:78). Отарлық биліктің қызметі туралы және іс қағаздарының орыс тілінде жүргізілуі туралы Ө.Бөкейханов былай деп жазды: «орыстандыру саясатының ажырамас серіктері дөрекілік, зорлық-зомбылық, халықтың қастерлі қасиеттерінің бәрін арсыздықпен кемсіту, далалық облыстарды билік жүргізушілердің жергілікті халықтың тілін білмеуі және тілмаштар арқылы тілдесуі, білім атаулыдан шеттетуі салдарынан жағдай одан әрі ушыға түсті. Плевенің тұсында шаруалар бастықтары қазақ тіліндегі өтініштерді қабылдамады. Далалық облыстарда хат жазысулардың, іс қағаздардың бәрі, болыс басқарушысының кеңсесінде де орыс тілінде жүргізіледі» (Бөкейханов, 1994:70).

Қорытынды. Ұлт зиялылары шаруалар бастықтарын әшкерелеп қана қойған жоқ сонымен бірге оларды жою туралы мәселе қойды. Мысалы, «Қазақ»

газетінде М.Дулатов «крестьянский начальниктер һәм халыққа залалды чиновниктер, халыққа зиянынан басқа түк пайдасы жоқ, крестьян начальниктері мекемелері жоқ болсын. Торғай облысында халыққа зиянды шенеуніктер орнынан түсіп, сотқа берілсін» деді («Қазақ» газеті, 1998:377). 1905 жылы патша үкіметіне қазақ халқының мұң мұқтажын жеткізген Қарқаралы петициясында қазақ халқы «шаруалар бастықтары институтын жоюды» талап еткен еді (ҚР ОММ, 5658:1). Қазақтардың арыз-шағымдары тексеру жайында 1914 жылы Айқап журналында «Қазақ дауы һәм билік» деп тақырыбындағы мақалада «қазақ дауы хақында арыз шағымдарды шаруа бастықтарына береді, бірақ олар оның анық-қанығын тексеріп жатпастан қазақ билеріне бере салады, бұл арыздардың дұрыс тексеріп, өтірік арыздарды ілтифатсыз қалдырып, шүбәлі арыздарды билердің билігіне берсе қазақ байғұстың аз да болса дұрыстыққа бір тамшы су таңдайына тамған болар еді» деп жазды. (Айқап, 1995:157).

Сонымен, қазақ халқының шаруалар бастығымен шиеленіскен арақатынасы төмендегі аспектілерден көрінді:

- шаруалар бастықтарының өз биліктерін асыра пайдаланды, яғни, олардың қазақтарды заңсыз жиі тұтқынға алуы;

- шаруалар бастықтары өздеріне қарасты тұрғындарға жиі қорлау, балағаттау, тіпті, қол жұмсауға ерік берді.

- шаруалар бастықтары өздерінің өкілеттілігін шектен тыс пайдаланды, қазына ақшасын ысырап етті және қазақ халқын қорқытып, қоқан-лоқы жасап, түрлі желеумен ақша талап етіп отырды;

- шаруалар бастықтары болыс сайлауы, ауыл старшындарын сайлау кезінде пара алып, сайлау қорытындысын пара берушінің пайдасына шешіп беріп, әділетсіздік танытты.

- шаруалар бастықтары жер мәселесін әділетсіз шешіп отырды.

Сонымен, шаруалар бастығының қолында үлкен билік шоғырланды.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Абдрахманова Б.М. История Казахстана: Власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке.- Астана: «Полиграфия», 1998.-137с.

Бөкейханов Ә. Таңдамалы.-Алматы, Қазақ энциклопедиясы.-1994.-477б. 70-б.

Гессен В.М. Вопросы местного управления. – СПб., 1904.- 110 с.

Дулатұлы М. Шығармалары. Мақалалармен зерттеулер.- 2-т. Алматы, 1997.-344б.78-б

Жириенчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX-начале XX вв. –Алматы: Жеті жарғы, 1996. –352с.

Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. Бұдан былай ҚР ОММ. 25-қор.1- т., 2986 -іс. 20-29- п.

ҚР ОММ. 25-қор.1- тізбе, 2835 -іс. 1-7-п.

ҚР ОММ. 25-қор.1- тізбе, 2835 -іс. 14-15-п.

ҚР ОММ. 25-қор.1- тізбе, 2835 -іс. 17-п.

ҚР ОММ. 25-қор.1- тізбе, 2414 -іс. 11-12-п.

ҚР ОММ. 25-қор. 1- тізбе, 2414 -іс. 17-п.

ҚР ОММ. 25-қор.1- тізбе, 3096 -іс. 11-12-п.

ҚР ОММ. 25-қор.1- тізбе, 3096 -іс. 17-п.

ҚР ОММ. 25-қор.1- тізбе, 3203 -іс. 1-123-п.

ҚР ОММ. 25-қор.1- тізбе, 3097-іс. 1-6-п.

ҚР ОММ. 64-қор.1- тізбе, 2544 -іс. 1-68-п.

ҚР ОММ. 25-қор.1- т., 277-іс. 19-п.

ҚР ОММ. 25-қор.1- т., 277-іс. 47-п.

ҚР ОММ. 64-қор.1- т., 5658-іс. 1-п.

«Қазақ» газеті.- Алматы, 1998.-560б.377-б.

Любавский М.К.Обзор истории русской колонизации с древнейших времен и до XXвека. – М., 1996. – 688 с.

Страховский И.М. Крестьянские права и учреждения -СПб., 1903 -125 с.

Сулейменов Б.С. Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX- начало XX вв. (1867-1907). – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1963. – 411с.

Энциклопедия. Айқап.-1995.- 366б.157-б.

REFERENCES

Abdrakhmanova B.M. Istoriya Kazakhstana: Vlast, sistema upravleniya, territorialnoye ustroystvo v XIX veke.[History of Kazakhstan: power, system of government, territorial structure in the 19th century].-Astana «Polygraphy», 1998.-137s.[In Russian]

Bokeihanov A. Tandamaly [Optional].-Almaty, Kazakh encyclopedia.-1994.-477p. 70p. [in Kazakh].

Gessen V.M. Voprosy mestnogo upravleniya.[Local government issues].- SPb., 1904.-110s. [In Russian]

Dulatuly M. Shygarmalary. Makalalar men zertteuler. [Works. Research with articles] .- Almaty, 1997.-344p.78-p. [in Kazakh].

Zherenchin K.A. Politicheskoye razvitie Kazakhstana v XIX-nachale XX vv. [Zherenchin K.A. The political development of Kazakhstan in the XIX - early XX centuries]. -Almaty: Zhetizhargy, 1996. -352 p. [In Russian]

Kazakhstan Respublikasynyn Ortalyk Memlekettik Muragaty.25-kor.1- t., 2986 -is. 20-29- p. [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.F. 25, item 1, case 2986. 20-29- p.] [In Russian]

KR OMM. 25-kor, 1- tizbe, 2835 is.1-7-p.[CSARK. F. 25. In. 1., b. 2835., Sh. 1-7] . [In Russian]

KR OMM. 25-kor,1- tizbe, 2835is.14-15-p.[CSARK. F. 25. In. 1., b.2835., Sh. 14-15] [In Russian]

KR OMM. 25-kor, 1- tizbe, 2835 is.17-p. [CSARK.CM CRK. F. 25. In. 1., b. 2835., Sh.- 17] [In Russian]

KR OMM.25-kor,1- tizbe, 2414 is.11-12-p.[CSARK.F. 25. In. 1., b.2414.,Sh. 11-12] [In Russian]

KR OMM. 25-kor, 1- tizbe, 2414 is.17-p. [CSARK.F. 25. In. 1., b. 2414., Sh. 17] [In Russian]

KR OMM.25-kor,1- tizbe, 3096 is.11-12-p.[CSARK.F. 25. In. 1.,b. 3096.,Sh.11-12] [In Russian]

KR OMM. 25-kor,1- tizbe,3096 is.17-p. [CSARK.F. 25. In.1., b. 3096. Sh. 20-29] [In Russian]

14.KR OMM. 25-kor,1- tizbe,3203 is.1-123-p.[CSARK.F. 25. In. 1.,b. 2835.,Sh.1-123][In Russian]

KR OMM. 25-kor, 1- tizbe,3097 is.1-6-p. [CSARK.F. 25. In. 1., b. 3097., Sh.1-6] [In Russian]

KR OMM. 64-kor, 1- t.,2544 is.1-68-p. [CSARK.F. 64. In. 1., b. 2544., Sh. 1-68] [In Russian]

KR OMM. 25-kor, 1- tizbe,277 is.19-p. [CSARK.F. 25. In. 1., b. 277., Sh. 19] [In Russian]

KR OMM. 25-kor, 1- tizbe,277 is. 47-p. [CSARK.F. 25. In. 1., b. 277., Sh. 47] [In Russian]

KR OMM. 64-kor, 1- tizbe,5658 is.1-p[CSARK. F. 64. In. 1., b. 5658., Sh. 1] [In Russian]

"Kazak" gazetі.- ["Kazakh" newspaper] .- Almaty, 1998.-560 p.377-p [in Kazakh].

Lyubavskiy M.K. Obzoristoriirussoykolonizatsii s drevney-shikhvremen i do KHKH veka. [Review of the history of Russian colonization from ancient times to the twentieth century] - M., 1996 .- 688 p. [In Pussian].

Strakhovskiy I.M. Krestyanskiye prava i uchrezhdeniya. [Peasant rights and institutions] - St. Petersburg., 1903 -125s. [In Pussian].

Suleymenov B.S. Agrarnyi vopros v Kazakhstane v posledney treti XIX- nachalo XX vv. (1867-1907). [The agrarian question in Kazakhstan in the last third of the XIX - early XX centuries. (1867-1907)] . - Alma-Ata: Publishing house of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, 1963. - 411p [In Russian]

Aikap.Ensiklopedia. [Encyclopedia. Ayqap].- Almaty 1995.- 366p.157-p. [in Kazakh].

Ержан САНИЯЗОВ,
докторант, e-mail: e1753724@gmail.com Қазақ иновациялық
гуманитарлық-заң университеті, Қазақстан, Семей қ.

ЗЕМСТВО МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ӨЛКЕНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ

Мақалада 1917 жылғы Қазақстан территориясындағы земство мекемелерінің құрылу процесі қарастырылады. Жергілікті басқару мен кеңестік билік тұсындағы өзін-өзі басқару жүйесінің қалыптасуы мен ерекшеліктеріне талдау жасалады. Сонымен қатар қазақ либералды зиялыларының земство туралы ойлары мен өзін-өзі басқаруды енгізу жолындағы күрестеріне мән беріледі. «Земство дегеніміз не» деген сауалға жауап бере отырып, оларды қазақ даласына енгізудегі қиыншылықтарына шолу жасалады. Халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған земство мекемелерінің әлеуметтік-экономикалық қызметінің негізгі бағыттары қарастырылып, земстволардың ауылшаруашылық өнімдерін дамытудағы, жол салудағы, саудадағы рөлі қарастырылады. Ең бастысы земстволар халық ағарту ісімен, медицинаны жетілдірумен, тұрғындарды әлеуметтік қорғау ісімен айналысқан.

Кілт сөздер: земство, зиялылар, Алаш, қазақ комитеттері, Алашорда, жергілікті өзін-өзі басқару.

Yerzhan SANYAZOV,
doktoral, e-mail: e1753724@gmail.com
Innovative University of Humanities and law. Kazakhstan, Semei

THE ROLE OF ZEMSTVO LISTS IN THE SOCIO- ECONOMIC LIFE OF THE REGION

This article examines the process of organizing a zemstvo on the territory of modern Kazakhstan in 1917. The processes of the formation of local government and self-government bodies during the formation of Soviet power are analyzed. The influence of the Kazakh liberal intelligentsia in the organization of local government. The basic concepts of the zemstvo are considered, what factors complicate the implementation of the adopted normative acts.

The main directions of socio-economic activities of the zemstvo aimed at improving the material well-being of the people. Zemstvos contributed to the development of agricultural production, road construction, trade. They dealt with issues of public education, medicine, social protection of the population.

Keywords: zemstvo, intelligentsia, Alash, Kazakh committees, Alashorda, local self-government

Ержан САНЬЯЗОВ,
докторант, e-mail: e1753724@gmail.com, Казахстан, Семей,
Казахский иновационный гуманитарно-юридический университет

РОЛЬ ЗЕМСТВЕННЫХ ВЕДОМОСТЕЙ В СОЦИАЛЬНО- ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ЖИЗНИ КРАЯ

В данной статье рассматривается процесс организации земства на территории современного Казахстана в 1917 г. Анализируются процессы формирования органов местного управления и самоуправления в период становления советской власти. Влияние казахской либеральной интеллигенции в вопросах организации местной власти. Рассмотрены основные понятия земства, какие факторы осложняли реализацию принятых нормативных актов. Анализируются основные направления социально-экономической деятельности земства, направленные на повышение материального благосостояния народа. Земства способствовали развитию сельскохозяйственного производства, дорожного строительства, торговли. Они занимались вопросами народного просвещения, медицины, социальной защиты населения.

Ключевые слова: земство, интеллигенция, Алаш, казахские комитеты, Алашорда, местное самоуправление.

Кіріспе. XX ғасырдың басында болған революциялар Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріне бірқатар өзгерістер алып келді. Ғасыр басындағы ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы мен олардың қоғамдық-саяси іске араласып, ел мүддесіне қызмет ете бастауы соның айқын көрінісі. Жалпы алғанда, Қазақстан тарихының кеңестік кезеңі халықтың экономиканы дамыту, елдігімізді, жерімізді қорғау жолындағы ерлігі мен күш-жігеріне толы.

Ғасыр басында орын алған саяси өзгерістер нәтижелерінің қарама-қайшылықтылығы, біржағынан жаппай сауат ашу, білім беру, ғылым ошақтарын қалыптастыру, дамыту болса, екінші жағынан өткен тарихымызды, мәдени мұраларымызды партиялық-таптық көзқарас тұрғысынан зерттеуден, зиялы қауым

өкілдерін қудалау мен жазалаудан, олардың ел үшін атқарған қызметтерін жоққа шығарудан көрініс тапты.

Мемлекеттілік жолындағы күресте Алаш аясына біріккен зиялылар тиімді басқару жолдары мен мемлекеттіліктің тиімді формаларын қарастырған болатын. Соның бірі қазақ жеріндегі земство құру мәселесі болатын. Қазақстандағы земство тарихын зерделеу ұлт зиялыларының ұстанымдары мен басқа үкіметтік ұйымдармен қарым-қатынастарын ашуға, қазақ даласындағы өзін-өзі басқару жолындағы күрес барысын талдауға мүмкіндік берері анық.

Әлихан Бөкейхан бастаған ұлт зиялылары қазақ үшін, олардың жеке дара демократиялық жолмен дамуы үшін земстволардың орнауы қаншалықты маңызды екенін терең түсінген. Мысалы, Ә.Бөкейханов

халқына земство, жерін келімсектерден қорғау және қазақ қоғамына демократиялық басқару жүйесін берік орнықтыру үшін ғана емес, өзінің ежелден келе жатқан дәстүрлі мал шаруашылығын заманына сай жетілдіру үшін де ауадай қажет деп есептеген [1].

Материалдар мен методология. Сол ұлт зиялылары елі үшін арман еткен земство дегеніміз не деген мәселе туындайды. Мақаланың ғылыми толықтылығы, тереңдігі, зерттеудің анықтылығы кешенді, тарихи салыстырмалы тәсілдерге және тарихилық принципке негізделген.

Басты дерек көзі ретінде мұрағат құжаттары мен құжаттар жинақтары негізге алынып, талданды. Земство тарихына қатысты деректер негізінен Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде жинақталған. Сонымен қатар, олардың қатарын Қазіргі заман тарихы бойынша құжаттар орталығында (Семей қ.) жинақталған қор құжаттары толықтырады.

Келесі сатыда Семей облыстық қазақ комитеті, облыстық және уездік Земство басқармалары, Алашорда үкіметі кеңселері, Алашорда соты мен әскері (милиция) штаттары, «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналы редакциялары, «Алашорда» баспаханасы сияқты, т.б. мекемелер орналасқан ғимараттар тарихы алғаш рет жан-жақты қарастырылған Алаш қаласына қатысты жинақтардың маңызы зор [2].

Талдау. Жалпы земство тарихына қатысты бірқатар зерттеулер жүргізілгенмен, Қазақстандағы земство жөніндегі зерттеулер қатары көп емес. Аталған мәселе ресейлік, шетелдік тарихшылар тарапынан біршама кең ауқымда зерттелген [3-4].

Ресейлік зерттеушілер үшін земстволық-либералдық қозғалыс 1850-1860 жылдардағы Ресейдегі ішкі саяси дағдарысқа реакция ретінде қарастырылса, шетелдік тарихнамада ол кеңірек алынған, яғни XIX ғасыр ортасындағы реформалар Ресейдің әлеуметтік-саяси модернизациялануының алғышарты ретінде қарастырылған. Сонымен қатар, олардың бірқатары земстволық-либералдық қозғалысқа саяси диссиденттіктің бастауы деп қараған.

Соңғы жылдары, біршама жаңа көзқарас тұрғысынан жазылған еңбектер қатарын ғылыми мақалалар толықтырады. Мысалы, А.Н.Глебова [5], О.И.Митяева [6], И.В.Семенченко [7] секілді земствоны өзін-өзі басқару тұрғысынан қарастырып, оның кейбір аймақтардағы ерекшеліктерін ашып талдаған авторларды атап өтуге болады.

Тікелей Қазақстандағы земство тарихына қатысты Р.А.Камалдинов зерттеулерінің маңызы өте зор. Автор Қазақстандағы земстволардың пайда болуы мен қызметі тарихын қарастыра отырып, земствоның басқарушылық, атқарушылық органдарының негізгі қызметтеріне талдау жасап, земстволық мекемелердің өздеріне берген өкілеттік негізінде іс жүзінде атқарған қызметтерін зерттеген [8]. Мидельский С.Л. Қазақстандағы өзін-өзі басқарудың қысқаша тарихын жаза отырып, Алаш қайраткерлері үшін қазақ қоғамы үшін демократиялық өзін-өзі басқарудың тиімді формасы кеңестер емес, земство болғандығы туралы пікір білдірген [9].

Зерттеу нәтижелері. XX ғасырдың басында аграрлық реформа жүргізу барысында үкімет «1864 жылы 1 қаңтарда қабылданған «Губерниялық және уездік земство мекемелері туралы Ереже» негізінде құрылған ауылдық жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдары – земстволарға үлкен мән берді [10-11].

Зерттеулерге сүйенсек, Земстволардың құрылуы мемлекеттің ауыл өмірін капиталистік жолға түсіруде дворяндар мен шаруаларға қажетті деңгейде қолдау

көрсете алмаған тұстағы 1861 жылғы аграрлық реформаның жүзеге асуымен байланысты болған [12].

Уездік және губерниялық земстволардың жалпы-ресейлік, орталық ұйымдары болған жоқ, олар жергілікті губернаторлар мен ішкі істер министрлігіне қарады. Зерттеулерге сүйенсек, земстволар өкілеттілігі бар қоғамдық ұйым болды [5, 45с].

Либералдардың пікірінше XIX ғасырдың 80-нші жылдары земстволардың қызметі үшін қолайсыз болған. Тек өкімет ғана емес, қоғамда беделді күштер де, ең алдымен, консервативті дворяндар мен көпестер Ресейдің болашағын земства қызметін кеңейтумен байланыстыра алмаған [13].

Тек қана земстволық қызметкерлер ғана емес, Мемлекеттік кеңестің көптеген мүшелері, либералды ойдағы интеллигенция, заңды жолдарын қарастыра отырып, қоғамдық өзін-өзі басқаруды қолдаған болатын.

XX ғасырдың басында Ресейде земствоның дамуы жалғасын тапты. Ресей үкіметінің премьер-министрі болған П.А.Столыпин бұл процессті аграрлық реформаны жүзеге асыруда маңызды деп санаған. Оның пайымдауынша, земстволық мекемелер дәулетті шаруалардың санын арттырса, ол сәйкесінше мемлекеттің күшеюіне әсер ету керек болған. Ол өкімет пен земство күшін біріктіруге ұмтылды. Губерниялық, уездік барлық земстволар губернаторға бағынып, олар өз кезегінде дворяндар басым болған земстволық жиналыс құрамын бақылап отырды. 1864 жылдан 1917 жылға дейін жылына үш рет міндетті түрде земство жиналысы шақырылып, басқарма құрамын сайлап, земстволық төлемдер мен мемлекеттік қаржыдан тұратын земство қаржысын қарастырып отырған. Земстволық жиналыс төрағалары губерниялық және уездік земство өкілдері болды. Земство мүшелері мүліктік ценз негізінде таңдалынды. Дегенмен, Ресей аумағында өзін-өзі басқарудың алғышарттары қалыптаса бастады.

1890 жылы шілде айында Александр III земстволардың елдегі рөлін жоққа шығаратын «Губерниялық және уездік земство мекемелері туралы Ережені» қабылдады. Ол бойынша земстволар өзін-өзі басқару ұйымдары статусынан айрылып мемлекеттік жүйе аясына енді. Крепостнойлық құқық жойылғаннан кейін біртіндеп дағдарысқа түсе бастаған дворяндарға арналған мүліктік ценз төмендеді. Енді, земство жиналысына бір мүше үш дворян және үш мың шаруа атынан тағайындалды [14].

XX ғасырдың басында патша Николай II де осы көзқараста болған. 1902 жылы тамызда земство өкілдерімен болған кездесуде земство міндеті «шаруашылық қажеттілік саласындағы жергілікті орналастыру» екендігін баса көрсетіп, «ешқандай саясат, тек сол жағдайда ғана, сендер менің қолдауыма ие боласыздар», – деп кесіп айтқан [15].

Ресейдегі 1864 жылғы земстволық реформа мен XIX ғасырдың 60-ншы жылдарындағы Ресей құрамында болған Қазақстандағы әкімшілік реформа бір-біріне өзара ықпал етті. Земстволық реформа 1861 жылы крепостнойлық құқықтың жойылуымен тікелей байланысты. Мындаған крепостной шаруалар ерікті атануына байланысты олардың құқықтық статустары мен мемлекетпен қарым-қатынасы туралы мәселе туындады.

Земстволық реформаға сәйкес земстволық сайлау құқығына негізделген уездік және губерниялық өзін-өзі басқару енгізілді. Біртіндеп сословиелік сайлаудан демократиялық сайлауға көшу белең алғанымен, Ресейдің басқару топтары арасында қабылданбаған

соң кең тарала алмады. Дегенмен, М.Сарсембаевтың пікіріне сүйенсек, Ресей тарихындағы Земстволық реформаның демократиялық сипаты болғандығына мән береді. Басқаша айтқанда, земстволар – Ресейде 1864-1919 жылдар аралығында земстволық жиналыс немесе земстволық басқарма түрінде губерниялық, уездік, болыстық деңгейдегі сайлалмалы жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдары еді. Земстволық жиналыс жергілікті әкімшіліктің қаржысын жұмсауды бақылауға құзырлы болуы, оның билігінің де ықпалды екенін көрсетті.

Земстволық реформа негізіне айналған демократизм Қазақстандағы XIX ғасырдың 60-90-шы жылдарындағы әкімшілік реформаға едәуір ықпал етті. 1867-1868 жылдардағы Уақытша Ереже негізінде Қазақстан территориясы Орынбор, Түркістан, Батыс-Сібір генерал-губернаторлықтарына бөлінді. Соның негізінде елде бірнеше ауыл болыстыққа, бірнеше болыстық уездге, уездер облыстарға, облыстар генерал-губернаторлыққа бағынған басқару сатылары қалыптасқан болатын. Осыған орай, Қазақстанда билік вертикалды басқаруға негізделгеніне қарамастан сайлаулық негіздегі Земстволық реформа өзін-өзі басқарушылық элементтерімен оң ықпал етті. Оның мәні Қазақ жерлеріндегі далалық демократияға тән сайлау процесстерін қалдыра отырып, ресейлік сайлау процесстерінің элементтерін де кіріктіруде еді. Қазақ даласындағы өзін-өзі басқару аға сұлтандарды сайлаудан көрніс тапты. Олар округтық приказдар деңгейіндегі жергілікті билік өкілдері болған.

Ресей әкімшілігі бұқара халықты басқаруды қажет деңгейде жүзеге асыру үшін жергілікті қазақ аристократиясы мен ықпалды тұлғаларын белгілі бір деңгейде қолдап, билікке тарту керектігін жақсы түсінген. Мысалы, аға сұлтандар үш жылға сайланған және бірнеше рет қайта сайлана алған [16].

1864 жылғы Ережеге сәйкес, губерниялар мен уездерде басқарушылық орган функцияларын атқарған земстволық жиналыстар мен земстволық басқармалар құрылды. Сайлаушылар үш курияға бөлінді: уездік жер иеленушілер, қалалық сайлаушылар мен ауылдық қауымдастықтар. Земстволық жиындар барлық таптан ашық өкілдер сайланатын, басшылығында дворяндық басшы тұрды. Губернатор земстволарды бақылауда ұстап, земстволық жиын мен басшылық шешімін кері қайтара алатын.

Орынборда 1917 жылы шілде айында өткен жалпықазақ съезі резолюциясында да земство туралы мәселе қаралып, дала облыстарындағы болыстық земстволардың тек отырықшы болыстарда ғана құрылатындығы, ал көшпелі аймақтарда ол мәселені облыстық земство жиналысы шешетіндігі жайында шешім қабылданған. «Көшпелі болыстар» дегенде съезд тұрғындарының басым бөлігі бір уезден екінші уездерге көшіп жүретін қазақ болыстықтары туралы айтады. Съезд, көшпелі болыстықтар да отырықшы аймақтардағыдай ұзаққа созылмай земство орнауы қажет деп табады» [17]. Ө.Бөкейхановтың Дала өлкесінде земство енгізу жолындағы ұзақ жылдық күресі монархия құлатылғаннан кейін ғана мүмкін болғанын көреміз. Бірақ, ұйымдастырушылық келеңсіздіктерге, биліктің басшылық құрылымдарындағы дағдарысқа, қаржы тапшылығына байланысты ол процесс ұзаққа созылды. Нәтижесінде жергілікті жерлерде Кеңестердің де қарсылығына ұшырады [18].

Әлихан Бөкейханов халқына земство жерін келімсектерден қорғау және қазақ қоғамына демократиялық басқару жүйесін берік орнықтыру үшін ғана емес, қзінің көне заманнан келе жатқан дәстүрлі

мал шаруашылығын замаманья сай жетілдіру үшін де ауадай қажет деп есептеді: «Алдымыз үлкен той. Жалпы жұрт жаңа болатын земствоға кіріспек. Земство – жұрт өзі сайлап қоятын мәжіліс мекеме. Жұрттың көзі, жанашыры, күзетшісі, қамқоры, қорғаушысы. Тұрмыс-тіршілікте земство билемейтін іс болмайды.

Земство үш орында, үш дәрежеде болады; болосной, уезной, облосной. Бұлар біріне-бірі қол. Әрқайсысында іс атқаратын жұрт сайлап қойған басшы мекеме болады, орысша – управа. Бұл іс атқаратын мекеменің сыртынан бағып тұратын, мынаны істе деп іс беретін мәжілісі болады» [19], – деп нақты көрсетіп берді.

Сонымен қатар, Бөкейханов земствоны ел басқаратын ұлт мамандарын тәрбиелейтін мектеп түрінде қарастырады. Ең маңыздысы, земство жалпы агроөнеркәсіп саласының дамуына серпін береді. Бөкейхан «Көп земство қосылып, күрмеліп, союз болып зауыт ашпақ. Керек жарақты осы зауытта істетпек. Земство қолында сот болады. судияны земство сайлап қояды. Милицияны земство жалдап қояды. Земство жол түзейді, көпір салады, арық қаздырады, су алған пішендікті құрғатады. Земство малды, егінді тстархование қылады. Жұрттың өз тізгіні өзіне тиеді деген міне осы».

Қазақ облыстарына земство енгізу жолында Бөкейхан 1904-1906 жылдардан күресіп келіп, тек 1917 жылы ақпан революциясынан кейін ғана мүмкіндік алды. Жыл соңына дейін Уақытша үкімет қабылдаған шынайы демократиялық сайлау заңы негізінде дербес қазақ және кейбір жекелеген облыс оязда бірлескен қазақ-орыс комитеттері мен земстволары сайланып, 1918-1919 жылдары Алаш автономиясының заңды жер аумағы деп жарияланған 9 облыс, 1 губерния және Алтайдың бірнеше болысында Азамат соғысы жағдайында құрылған Алашорда комитеттерімен қоян қолтық іс атқарды. Қазақ даласына кеңес өкіметі орнағаннан кейін, комитеттер мен земстволар таратылып, орнына кеңестік басқару жүйесі орнатылды.

Земство енгізу жолындағы күрестің ұзаққа созылу себебін мақалаларының бірінде былай түсіндіреді: «60-жылдардағы қайырымдылық реформалардың қатарында алғашқы орындардың бірін 43 жыл бұрын еуропалық Ресейдің 34 губерниясына орнатқан жергілікті өзін-өзі басқару мекемесі – земство алады. Орыс земствосының 40 жылдан астам ғұмыры земстволық медицина, халыққа білім беру, халық шаруашылығын зерттеу сынды жарқын істерімен және халықтың саяси құқын кеңейту жолында үкіметке қарсы одан да жарқын күресімен танылды. Үкіметтің билікті халық мүддесіне кереғар асыра пайдалануына қарсы ашық оппозиция... земстволарда шоғырланды. Сол себепті, үкімет оны өзінің жауы санады».

Алаш қайраткерлері – Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов шығарған басылым «Абай» журналындағы Мұхтар Әуезовтың «Земство һәм кооператив қауымдары» мақаласында да земство тиімділігі мен артықшылықтары нақты сипатталған: «Ел қамына еңбек қылу бұл уақытта екі жікке бөлінеді. Бірі-ел иен жайылып еркін кетіп, жұрттық деген үйден айырылып, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кететін болып қиюы қашқан күнде, саясат құрсауын салып ел қылып қалқитам дейтін саяси қамқорлардың қызметі. Екінші – елдің мұңын ұғып, мұқтажын толықтырып, елмен қол ұстасып, еңбекке түсіндіріп, шаруасын, оқуын, өнерін түзеп іштен жетілем дейтін земство» [20].

Одан ары: «Қараңғы, қара кедей халықтың өмірлік

керектері не? Бірінші – тамақ, киім, екінші – мал бағушы болса мал шаруасын түзеу, мал ауруын жою. Екінші болса, егін шаруасын түзеп беру. Үшінші – адам дәрігерінің больницасын салу, дәрігер шығару, елді аурудан сақтау. Төртінші – оқу, жалпы қараңғы жұртты өмір жарығына жеткізу. Елдікке аяқ бастырып қатарға кіргізу, жұмысын жеңілдетіп, білім-өнер құралын жалпы жұртқа қолдандыру. Тәртіппен пошта жүргізіп, дүниедегі болып жатқан халді жұрт құлағына естіріп, зейінін ояту, көзін аштыру, тағы-тағы басқалар. Міне бұл екі ұйымның мақсаты осы. Бұл ұйымдар жұрттың ғазиз атасы мен анасы. Бірақ осы ұйымдар қазіргі күнде әлгі мақсаттарын орындай алып отыр ма?», – өлке халқының қажеттілігін де айқын көрсетіп берген [20, 384 с].

Деректер негізінде земство қызметтеріне шолу жасасақ Земстволар сауданың дамуына, халық ағартушылығына да зор мән берді. Олар мектептерге арналған мекемелерді жөндеуге, оқулықтармен қамтамасыз етуге, мұғалімдерді ынталандыруға қаржы тауып отырды. Әртүрлі деңгейдегі кәсіби мектептер де земство қарамағында болды. Мысалы Оралда орыс-татар және орыс-башқұрт бастауыш мектептеріне баратын мұсылман мұғалімдеріне арналған 3 жылдық дайындық курстары өтіп тұрды. Ондай курстар Уфада, Орынборда, Бирскідегі уездік земстволардың ұйымдастыруымен де ашылған болатын.

Сонымен қатар, медицинаны дамыту да жергілікті өзін-өзі басқару мекемелерінің басты міндеті болды. Земстволық басқармалар жанында халықты медициналық қамтамасыз етуді жетілдіру жұмыстарын ұйымдастырушы денсаулық сақтау бөлімдері жұмыс істеген. Земстволық басқарма отырыстарында жұқпалы аурулармен күресу қажеттігі туралы мәселелер қарастырылып, қажетті шаралар қабылданып отырған. Земстволар арқасында медициналық көмек көрсету сапасы жақсарып, больницалар салынып, акушерлік курстар ұйымдастырылған. Тіпті земстволар қызметі аясында халықты әлеуметтік қорғауға да үлкен мән берілген. Оның ішінде азаматтарды төтенше жағдайлардан, мүліктерін өрттен, су басудан және басқа да қауіптерден сақтандыру, материалдық көмек көрсету, жағдайы төмен азаматтарға, жетімдер мен жесірлерге, әскерге шақырылғандардың отбасыларына пособиелер төлеу, қарттарға зейнетақы, кедей студенттерге шәкіртақы төлеу секілді шараларды да жүзеге асырған.

Ал, XIX ғасыр соңында земстволық өзін-өзі басқару негізі – ауылдық қауым болды. Ол да қоғам үшін маңызды бірқатар функцияларды жүзеге асыруға атсалысты. Мысалы, қауымдастық мүшелері арасында жердің әділетті бөлінуі мен оның тиімді пайдаланылуын, ауылшаруашылық өнімдері тиімділігін арттыруды, земстволық және мемлекеттік салықтардың жиналуын қадағалаудан бастап азаматтық істерді қарастыруға дейінгі және т.б. функцияларды атқарды [21].

Дегенмен, земстволық реформа жартыкеш және шалағай болды. Біріншіден, ол Ресейдің тек еуропалық бөлігіне ғана тарағандығын, екіншіден, земстволық реформа «жоғарыдан» да «төменнен» де аяқталмаған болмағандығын, яғни ол тек орта буында – уездер мен губернияларға ғана енгізілгендігін көреміз [22].

Земстволық өзін-өзі басқару үшін, әсіресе, айқын да ауыр болған кезең ақпан, қазан төңкерістері мен азамат соғыстары орын алған 1917-1918 жылдар болды. 1917 жылы наурыз-қазан айларында земство сайлаулары өтіп, нәтижесінде біршама де-

мократиялық сипат алды. Земство құрамына әртүрлі тап, әлеуметтік топ, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар өкілдері енді.

Қазан төңкерісінен кейін Кеңестер мен земстволар арасында билік үшін күрес жүргізілді. Екеуінің арасындағы өкілеттіліктерді бөлу туралы В.М.Губарева: «Земстволар – шаруашылық ұйымдар, ал Кеңестер – саяси, сол себепті де земстволар тәуелсіз әрекет етуі қажет», – деп көрсеткен [23]. Семей облыстық земстволық басқармасының қала халқына үндеуінің бірінде 1918 жылы 8 ақпанда қабылданған облыстық земство қаулысы таныстырылады. Онда: «Земство өз қызметінде облыстық кеңестерге тіптен тәуелді емес. Земствоның қызмет аясы осы қаулымен және басқа да құжаттармен анықталады. Кеңестер тарапынан земствоның ісіне араласу орын алса, оған облыстың барлық тұрғындары белсенді түрде наразылық көрсете алады», – деп, земствоның кеңестерге қарсы екендігін айқын көрсетеді [24].

Қорытынды. Осылайша өлкенің әлеуметтік-экономикалық өміріне елеулі өзгерістер әкеліп, дамуына мүмкіндік беретін земстволардың ғұмыры ұзақ болмады. Жоғарыдағы басшылыққа алынған кейбір зерттеулерге сүйенсек, земство бір жағынан тұрғындардың жергілікті мәселелерін шешу үшін, екінші жағынан дворяндарға бұрынғы айрылып қалған биліктерінің орнын толтыру үшін құрылғандығына көз жеткіземіз. Әсіресе, ауылшаруашылығы өндірісін дамытуда земстволардың рөлдері үлкен болды.

Шын мәнінде земство – өзін-өзі басқарудың демократиялық үлгісі ретінде орныққанда өлкенің әлеуметтік-экономикалық деңгейін тығырықтан алып шығар бірден-бір басқару жүйесі болары анық еді.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

- Бөкейхан Ә. Шығармалары-Сочинения. X т./ Әлихан Бөкейхан. – Толықт. үшінші бас. – Астана: «Алашорда» Қоғамдық қоры, 2018. 469б. қазақша, орысша, 90-91.
- Город Алаш. Сборник документов.–Семей. 2009. 366 стр. Восточное отделение Правительства Алашорды. Сборник документов.–Семей, 2009. 425 стр. С 11.
- Горнов, В.А. История земства России второй половины XIX-начала XX вв. и ее отражение в отечественной исторической науке (1946-1995): автореф. дис. ... канд. истор. наук: 07.00.02; 07.00.09 / В.А.Горнов; Моск. гос. открытый пед. ун-т. – М., 1996. – 20 с.: ил. РГБ ОД, 9 96-3/238-5.
- Чернышева, Е.В. Отечественная историография истории земства в России, 1864–1904 гг.: дис. ...канд. истор. наук / Е.В. Чернышева. – Екатеринбург, 2000.
- Глебова А.Н. К вопросу о существовании института местного самоуправления в советский период // Universum: Общественные науки: электрон.научн. журн. 2015. № 4 (14). URL: <http://7universum.com/ru/social/archive/item/2102>
- Митяева О.И. П.А. Столыпин и Развитие земства//Вестн. моск. ун-та.сер. 12. Политические науки. 2015. № 6. – 17-26.
- И.В. Семенченко Социально-экономическая жизнь земства на Урале 1917–1918 гг. // Вестник Томского государственного университета. 2010 История №4 (12), 45-52 сс.
- История возникновения и деятельности земства в Казахстане (1905-1919гг.): дис. ... канд. ист. наук. / Р.А. Камалдинов; Каз. нац. пед. ун-т им. Абая; науч. рук: Алтаев А.Ш., Жангуттин Б.О. – Алматы: 2006. – 122 с.
- Мидельский С.Л. Краткая история местного самоуправления в Казахстане: традиции и тенденции Региональная Академия Менеджмента. – Павлодар, 2017. – 23 с.
- Лаптева Л.Е., Шутков А.Ю. Из истории земского, городского и сословного самоуправления в России. М., 1999. – 245 с.
- Столыпин П.А. Программа реформ. Документы и материалы. Т.1. М., 2003. – 412 с.
- Чичерова И.А. Земское и городское самоуправление в России второй половины XIX в. (Историко-правовой анализ). М., 2000. – 278 с.
- Сараева Е. Л.Оценка российскими либералами прави-

тельственного курса 80-х гг. XIX в. и позиции земства // Ярославский педагогический вестник. – 2016. – № 5. – 323-328.

Митяева О.И.П.А. Столыпин и развитие земства // Вестн. Моск. ун-та. сер. 12. Политические науки. 2015. № 6. – 17-26.

Герасименко Г.А. История земского самоуправления. Саратов: ПАГС, 2003. С.33, 35.

Сарсембаев М.А. Электоральные аспекты в административном устройстве Казахстана при проведении земской реформы в России и местное самоуправление в современном Казахстане // Сборник материалов IX Международной научно-практической Чичеринской конференций «Местное самоуправление в России: электоральная парадигма (к 150-летию Земской реформы)». – Тамбов 2015, – 102 с. – 35-52сс.

История западного отделения Алаш –Орды. Сборник документов и материалов. / под общей редакцией М.Н.Сдыкова. – т.1, Уральск, 2012. – 464 стр. – 37с.

Аманжолова Д. Партия Алаш. Истоки национальной демократии / [Электронный ресурс]: <http://www.elimai.kz/istoki-nacionalnoj-demokratii.html>.

Земство // «Қазақ» газеті. – 1917 жыл. – №236. Орынбор. Қыр баласы.

Алаш көсемсөзі: 10 томдық. –Алматы: Өнер, 2011. 8 –кітап: Абай. – 384 б.

Дерябин А.М. Развитие местного самоуправления в России (1864–2014) // Сборник материалов IX Международной научно-практической Чичеринской конференций «Местное самоуправление в России: электоральная парадигма (к 150-летию Земской реформы)». – Тамбов 2015, – 102 с. – 62-76 сс.

Семенченко И.В. Социально-экономическая жизнь земства на Урале в 1917–1918 гг. // Вестник Томского государственного университета. 2010 История №4(12), 45-52 сс.

Губарева В.М. Развертывание социалистической революции в деревне по материалам Петроградской губернии. Л., 1957. – 158 с.

Обращение Семипалатинской областной земской управы к населению города Семипалатинска и Семипалатинской области по вопросу разъяснения областного земского собрания овысшей областной власти. 23 февраля 1918 г. // ШҚО ҚЗТҚО (ЦДНИ). – 37 қор, 1- тізбе, 1-іс. 17-п. (көшірме).

REFERENCES

Bukeihan A. Shygarmalary-Sothineniya [Essays].– Astana: «Alash-orda» Gogamdyk kory,X t. 2018. – 469b. – gazagsha, oryssh, 90-91[in Kazakh, Russian].

Gorod Alash. Sbornik dokumentov[The city of Alash. Collection of documents].–Semei. 2009. – 366 Str. [in Russian].

Gornov, V.A. Istoriya zemstva Rossii vtoroi poloviny XIX-nathala XX vv. i ee otrazhenie v otethestvennoi istoricheskoi nauke (1946-1995) [The history of the zemstvo of Russia in the second half of the XIX-early XX centuries. and its reflection in Russian historical science (1946-1995): avtoref. dis. ... kand. istor. nauk: 07.00.02; 07.00.09 / V.A. Gornov; Mosk. gos. otkrytyi ped. un-t. – Moscow, 1996. – 20; [in Russian].

Thernysheva, E.V. Otethestvennaya istoriografiya istorii zemstva v Rossii, 1864–1904 gg. [Domestic historiography of the history of the zemstvo in Russia, 1864-1904 Domestic historiography of the history of the zemstvo in Russia, 1864-1904]: dis. ...kand. istor. nauk / E.V. Thernysheva. – Ekaterinburg, 2000. [in Russian].

Glebova A.N. K voprosu o sushestvovanii instituta mestnogo samoupravleniya v sovetskii period [On the question of the existence of the institution of local self-government in the Soviet period] // Universum: Obshchestvennye nauki: elektron. nauthn. zhurn. 2015. № 4 (14). URL: <http://7universum.com/ru/social/archive/item/2102>[in Russian].

Mityaeva O.I.P.A. Stolypin i Razvitie zemstva// Vestn. mosk. un-ta. Ser. 12. Politicheskii nauki. [Stolypin and Zemstvo Development // Vestn. moscow un-that. ser. 12. Political sciences]. – 2015. № 6. 17-26 [in Russian].

I.V. Sementhenko Sotsialno-ekonomicheskaya zhizn zemstva na Urale v 1917–1918 gg. // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta [Semenchenko Socio-economic life of the zemstvo in the Urals in 1917-1918. // Bulletin of Tomsk State University].– 2010 History №4(12), 45-52 ss. [in Russian].

Istoriya vozniknoveniya i deyatelnosti zemstva v Kazahstane (1905-1919gg.) : dis. ... kand. ist. nauk. [History of the origin and activity of the zemstvo in Kazakhstan (1905-1919): dis. ... Cand.ist. sciences]/ R.A. Kamalidinov; – Almaty: 2006. 122 S. [in Russian].

Midelskii S.L. Kratkaya istoriya mestnogo samoupravleniyav

Kazahstane: traditsii i tendentsii Regionalnaya Akademiya Menedzhmenta [A Brief History of Local Self-Government in Kazakhstan: Traditions and Trends Regional Academy of Management]. – Pavlodar, 2017. 564. [in Russian].

Lapteva L.E., Shutov A.Ju. Iz istorii zemskogo, gorodskogo i Soslovnogo samoupravleniya v Rossii [From the history of the zemstvo, city and estate self-government in Russia].– Moscow,1999. 245 S. [in Russian].

Stolypin P.A. Programma reform. Dokumenty i materialy [Reform program. Documents and materials].– Moscow, 2003. T.1 412 S. [in Russian].

Thitherova I.A. Zemskoe i gorodskoe samoupravlenie v Rossii vtoroi poloviny XIX v. (Istoriko-pravovoi analiz) [Zemstvo and city government in Russia in the second half of the nineteenth century. (Historical and legal analysis)]. – Moscow, 2000. 278 S. [in Russian].

Saraeva E. L.Otsenka rossiiskimi liberalami pravitel'stvennogo kursa 80-h gg. XIX v. i pozitsii zemstva// Yaroslavskii pedagogicheskii vestnik [Evaluation of the government course of the 80s by Russian liberals. XIX century.and positions of the zemstvo // Yaroslavl Pedagogical Bulletin].– 2016. № 5. 323-328. [in Russian].

Mityaeva O.I.P.A. Stolypin i razvitie zemstva// Vestn. Mosk. un-ta. Ser. 12. Politicheskii nauki [P.A. Stolypin and the development of the zemstvo // Vestn. Moscow un-that. ser. 12. Political sciences].–2015. № 6. 17-26. [in Russian].

Gerasimenko G.A. Istoriya zemskogo samoupravleniya [History of zemstvo self-government].– Saratov: PAGS, 2003.S. 33, 35. [in Russian].

Sarsembaev M.A. Elektoralnye aspekty v administrativnom ustroistve Kazahstana pri provedenii zemskoi reformy v Rossii i mestnoe samoupravlenie v sovremennom Kazahstane// Sbornik materialov IX Mezhdunarodnoi nauthno-prakticheskoi Thitherinskoi konferentsii «Mestnoe Samoupravlenie v Rossii: elektoralnaya paradigma (k 150-letiju Zemskoi reformy)» [Electoral aspects in the administrative structure of Kazakhstan during the zemstvo reform in Russia and local self-government in modern Kazakhstan // Collection of materials of the IX International scientific and practical Chicherin conferences “Local self-government in Russia: electoral paradigm (to the 150th anniversary of the Zemskaya reform)”.– Tambov 2015, 102 s. 35-52SS. [in Russian].

Istoriya zapadnogo otdeleniya Alash –Ordy. Sbornik dokumentov i materialov. / pod obshei redaktsiei M.N.Sdykova [History of the western branch of Alash-Orda. Collection of documents and materials. / under the general editorship of M.N. Sdykov].–Uralsk, 2012. t.1, 464 Str. 37S. [in Russian]

Amanzholova D. Partiya Alash. Istoki natsionalnoi demokratii / [Elektronnyi resurs] [Party Alash. The origins of national democracy / [Electronic resource]]: <http://www.elimai.kz/istoki-nacionalnoj-demokratii.html>[in Russian].

Zemstvo // «Qazaq» gazeti [Kazakh newspaper].– 1917 zhyl. №236. Orynbor. Gyr balasy [in Kazakh].

Alash kosemsozi: 10 tomdyq [Alash foreword].–Almaty, 2011. 8-kitap [8 book]: Abai. 384 b. [in Kazakh].

Deryabin A.M. Razvitie mestnogo Samoupravleniya v Rossii (1864–2014) // Sbornik materialov IX Mezhdunarodnoi nauthno-prakticheskoi Thitherinskoi konferentsii «Mestnoe Samoupravlenie v Rossii: elektoralnaya paradigma (k 150-letiju Zemskoi reformy)» [Development of local self-government in Russia (1864–2014) // Collection of materials of IX International scientific-practical conference of Chicherin “Local self-government in Russia: electoral paradigm (to the 150th anniversary of Zemsky reforms)”.– Tambov 2015, 102 S. 62-76 SS.[in Russian].

Sementhenko I.V. Sotsialno-ekonomicheskaya zhizn zemstva na Urale v 1917–1918 gg. // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta [Socio-economic life of the zemstvo in the Urals in 1917-1918. // Bulletin of the Tomsk State University].– 2010. History. №4(12), p. 45-52. [in Russian].

Gubareva V.M. Razvertyvanie Sotsialisticheskoi revoliutsii v derevne po materialam Petrogradskoi gubernii [Deployment of the socialist revolution in the countryside based on the materials of the Petrograd province].– L., 1957. 158 S. [in Russian].

Obrashenie Semipalatinskoi oblastnoi zemskoi upravly k naseleniju goroda Semipalatinska i Semipalatinskoi oblasti po voprosu razyasneniya oblastnogo zemskogo Sobraniya o vysshei oblastnoi vlasti. 23 fevralya 1918g. [Appeal of the Semipalatinsk regional zemstvo council to the population of the city of Semipalatinsk and the Semipalatinsk region on the issue of clarification of the regional zemstvo assembly about the highest regional power. February 23, 1918]// SHGO GZTGO (TSDNI). 37- fund, inventory 1. case 1, page17 (copy). [in Russian].

FTAHP/IRSTI/MPHTI:03.20.

Ұзақбай ИСМАҒҰЛОВ¹, Самат ЕСКАЛИЕВ²,¹Т.ғ.к., проф., e-mail: uzakbai@mail.ru, Қазақстан, Ақтөбе,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,²Т.ғ.к., қауымд. проф., e-mail: samat.eskaliev@mail.ru,
Astana IT University, Қазақстан, Нұр-Сұлтан

АҚТӨБЕ БОЛАШАҒЫ ҮШІН ТАРТЫС:

ҚазОАК 2-сессиясының материалдары бойынша

1917 жылғы қазан революциясынан кейін Ресейдегі саяси өзгерістер ұлт аймақтарына өз ықпалын тигізді. 1919 жылы Қазақ өлкесін басқару жөнінде уақытша революциялық комитет өз жұмысын бастайды. 1920 жылы шілде айында Орынбор губерниясы мен Торғай облысы біріктіріліп, Орынбор-Торғай губерниясы құрылады. 1921 жылдың күз айында губерния үшке бөлініп, Орынбор, Қостанай губернияларымен қатар Ақтөбе губерниясы пайда болады. Алғашқы күндерден-ақ Ақтөбе губерниясының жекелей әрекет етуіне, әсіресе, Орынбор губерниясы қызметкерлері тарапынан қарсылықтар болады. Олар губернияның өз алдына дербес өмір сүре алатынына негізсіз күмән келтіріп бақты. Кейінгі жылдары өткізілген мәжілістер мен түрлі басқосуларда да осы мәселе үнемі көтеріліп отырды. 1923 жылы ҚазОАК 2-сессиясында негізгі сұрақтарды талқылаумен қатар Ақтөбе өңірінің губерния болуы не болмауы керектігі төңірегінде пікірталастар жүреді.

Түйін сөздер: революция, ревком, съезд, сессия, губерния, уезд, декрет, өміршеңдік, мәртебе.

Uzakbay ISMAGULOV¹, Samat ESKALIEV²,¹Doctor of History, Prof., e-mail: uzakbai@mail.ru,
Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Kazakhstan, Aktobe,²PhD, ass. Prof., e-mail: samat.eskaliev@mail.ru,
Astana IT University, Kazakhstan, Nur-Sultan

FIGHT FOR THE FUTURE OF AKTOBE:

Based on the materials of the 2nd session of the KazCEC

After the October Revolution of 1917, political changes in Russia affected the national regions. In 1919, the temporary revolutionary committee for the management of the Kazakh region began its work. In July 1920, the Orenburg province and the Turgai region were united, and the Orenburg-Turgai province was formed. In the fall of 1921, the province was divided into three parts, and along with the Orenburg and Kostanay provinces, the Aktobe province was formed. From the very first days, there will be opponents of the formation of a separate Aktobe province, objections were especially from the leadership of the Orenburg province. They groundlessly doubted that the province could function independently. In subsequent years, at meetings and various meetings, this issue was repeatedly raised. For instance to in 1923, at the second session of the KazCEC, along with the discussion of the main issues, there is a discussion of whether the Aktobe region should be a separate province or not.

Keywords: revolution, revolutionary committee, congress, session, province, district, decree, viability, status.

Узақбай ИСМАҒҰЛОВ¹, Самат ЕСКАЛИЕВ²,¹д.и.н., проф., e-mail: uzakbai@mail.ru, Қазақстан, Ақтөбе,
Актюбинский региональный университет имени К. Жубанов,²к.и.н., асс. проф., e-mail: samat.eskaliev@mail.ru,
Astana IT University, Казахстан, Нұр-Сұлтан

БОРЬБА ЗА БУДУЩЕЕ АКТОБЕ: по материалам 2-й сессии КазЦИК

После Октябрьской революции 1917 года политические изменения в России оказали влияние на национальные регионы. В 1919 году начал свою работу временный революционный комитет по управлению Казахским краем. В июле 1920 года Оренбургская губерния и Тургайская область были объединены, образована Оренбургско-Тургайская губерния. Осенью 1921 года губерния разделилась на три части, и наряду с Оренбургской и Кустанайской губерниями образовалась Актюбинская губерния. Уже с первых дней будут противники образования отдельной Актюбинской губернии, возражения были особенно со стороны руководства Оренбургской губернии. Они безосновательно сомневались в том, что губерния может функционировать самостоятельно. В последующие годы на совещаниях и различных собраниях этот вопрос неоднократно поднимался. Так, в 1923 году на 2-й сессии КазЦИК наряду с обсуждением основных вопросов, идет дискуссия быть Актюбинскому региону отдельной губернией или нет.

Ключевые слова: революция, ревком, съезд, сессия, губерния, уезд, декрет, жизнеспособность, статус.

Кіріспе. XX ғасыр ел тарихында өзіндік ерекшелігімен орын алатындығы белгілі. Ғасырдың бастапқы он-он бес жылдығы ғасырлар бойы қанап келген патшалық Ресей отарлауынан құтылуға жол ашса, соңғы он-он

бес жыл кеңестік биліктің қыспағынан азат болуымызға алып келді. 1917 жылғы ақпан-қазан айларында болған саяси оқиғалар ықпалымен алаш қайраткерлерінің ұлттық автономия құруға әрекеттенгені баршаға аян.

Дегенмен, большевиктер партиясы мен Кеңес өкіметі өздерінің таптық ұстанымы негізінде халық қолдаған легитимді үкіметті мойындамай «жоғарыдан таңылған» автономияны құрғызып тынды.

Негізі мақсаттары жүзеге аспаған алаш өкілдері кеңестік үлгідегі автономия ісіне және сол автономия құрамына кіруі тиіс аймақтарды анықтау, белгілеу жұмыстарына белсене араласады. Алашорданың кейбір қайраткерлері қазақ өлкесін уақытша басқару жөніндегі революциялық комитет құрамына енеді.

Автономияның территориялық шегін белгілеуде үлкен қиыншылықтарға соқтырды. Революция, азамат соғысы әсерінен бұрынғы қазақ жерлері, әсіресе, солтүстік аймақтағы жерлер Сібір ревкомының қарамағында болды. 1919 жылы Қостанай уезі Челябині облысының құрамына берілген еді. Міне, осы бағытта ұлт өкілдеріне орасан зор еңбек сіңірулеріне тура келгендігі баршаға аян.

Территория үшін тартыс ҚазАКСР құрылғаннан кейінгі кездері де жүріп жатты. Осы мәселе партия және үкімет отырыстарында да көтеріліп отырды. Белгілі бір аймақтағы жүрісі арқылы сондай тартыстар мәнін қарастыру мәселенің өзектілігін көрсетеді деп білеміз.

Материалдар мен методология. Қарастырылып отырған мәселе, негізінен ҚазАКСР Орталық Атқару Комитеті сессиясы материалдарына, нақты айтар болсақ, 1923 жылы өткен 3-шақырылымның 2-сессиясына қатысты бюллетень материалдарына сүйеніп дайындалды. Сонымен қатар, мақалаға 1921 жылғы мерзімді басылым, яғни «Киргизская степь» газетіндегі деректер де пайдаланылды. Тақырыпқа байланысты қазақ өлкесін басқару жөніндегі ревком хаттамалары қосымша қаралды.

Методологиялық ұстанымға өркениеттілік бағыт таңдалды және зерттеудің объективтілік, тарихилық және әлеуметтік принциптері негізге алынды. Объективтілік принцип арқылы кезінде субъектілердің қалауы немесе басқару билік орындарының нұсқауы бойынша тұжырымдалған мәселелер қайта қаралып, сыни талдаудан өткізіліп, бұрын айналымға тартылмаған деректер негізінде сол кездегі іс-әрекеттердің заңды не заңсыз екендігі жүйеленді.

Тарихилық принципі негізінде қарастырылып отырған мәселенің қандай себептерге байланысты (саяси, идеологиялық) пайда болғандығы, бастапқы кезде қалай бағаланғаны, кейін қандай бағаға ие болды, міне, осындай жағдайлар қаперге алынды. Әлеуметтік ыңғай принципі арқылы мәселеге топ не ұлт мүддесі тұрғысынан келу қарастырылды.

Талдау. Қарастырылып отырған мәселе бұрын өз алдына кеңінен талданбаған. Тақырып бойынша бірнеше еңбектерді атап өтуге болады. Н.Бондаренконың «Для чего нужна Актюбинская губерния?» деп аталатын мақаласында мәселе бойынша шағын деректер беріледі. Авторлар тобының дайындалуымен жарық көрген «История Актюбинской области» кітабында, сондай-ақ, М.Қ.Тәжібаев «Ақтөбе облысының тарихы» монографиялық еңбегінде Ақтөбе губерниясының зерттеу кезеңіндегі саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуы бағыттары барынша талданғанмен, губерния төңірегінде біз қозғап отырған мәселелер қаралмайды.

Кеңестік кезеңде жарық көрген Н.И.Журиннің «Свежая шаг по Ильичу» еңбегі де сол кезең бойынша тарихи фактілерге толы болғанмен, Ақтөбе өңірінің көтеріліп отырған губерниялық тағдыры жайында мәлімет бермейді.

Зерттеу нәтижелері. Қазіргі Ақтөбе облысы езінің әкімшілік-территориялық бірлік ретінде қалыптасуында үлкен сынақтан өтті. 1920-1921 жылдары Орынбор-Торғай губерниясы құрамында болады. 1920 жылы 11 желтоқсанда ҚазОАК 1-сессиясында жеке губерниялық мәртебе алып, БОАК 1921 жылдың 8 желтоқсанындағы

шешімімен бекітіледі.

Дегенмен, Ақтөбе өңірінің губерниялық басқару жүісіне көшуі алғашқы күндерден бастап билік орындарындағы кейбір қызметкерлер, әсіресе, Орынбор губерниясы қызметкерлері тарапынан үлкен қарсылықтарға тап болады. Олардың негіздемесі өңірдің экономикалық әлеуетінің төмендігі, басқару органдарының жетілдірілмеуі, басқарушы мамандардың жетімсіздігі сияқты мәселелерден тұрды. Сондықтан да олар өңірдің бұрынғы патша өкіметі кезіндегі сияқты уездік қалыпта болуы және оның Орынбор губерниясының қарамағында қалуы керектігіне назар аудартады. ҚазОАК 1-сессиясында, сондай-ақ Орынбор губерниялық 3-съезде осы қайшылықтар көрінісі жөнінде айтылады [Бондаренко, 1921].

Ақтөбе өңірінің губерния ретінде әрекет етуі немесе етпеуі мәселесі кейінгі жылдары өткен мәжіліс, бас қосуларда да сөз болып отырады. Айта кетер жай, сол кездері аудандастыру мәселесі, жаңадан әкімшілік-территориялық бөлініс жүргізуге дайындық шаралары да қолға алынып жатқан еді. Сондықтан, мәселенің қандай да болмасын бағытта шешілуі оның келешектегі тағдырын белгілеп беретіндігі айқын болды.

Мәселе 1923 жылы 14 наурызда өткен ҚазОАК 3-шақырылымының 2-сессиясында да қозғалады. Ақтөбе губерниялық атқару комитеті өкілінің баяндамасы бойынша болған жарыссөзде губерниядағы жалпы әлеуметтік-экономикалық мәселелердің жай-күйін талқылаумен қатар Ақтөбе өңірінің губерниялық мәртебесі төңірегінде жан-жақты пікірталастар болады.

Алғашқылардың бірі болып сөз алған Чернядьев губерниядағы қалыптасқан қиыншылықтарды алға тарта отырып, жан-жақты көмек берудің жолдарын ұсынудың орнына, керісінше, губернияны таратуды, үнемделген қаржыны тұрғындарға жәрдемақы, қысқа мерзімді ссуда есебінде беруді айтады. Ол сөзінде Ақтөбе өңірінің губерниялық деңгейде өмір сүре алмайтындығын, оған ешқандай жағдай жоқтығын, Ақтөбенің әр уақытта Орынбор губерниясының уездік қаласы болып келгенін алға тартып, дербес губерния есебінде құруды түсінбейтіндігін көрсетеді.

Оның ойынша, 350000 жан тұратын губернияны әр қайсысы 170000 жан құрайтын екі уезге бөліп, оларды Орынбор губерниясына қосу әлдеқайда тиімді болып саналады. Кейбір қатысушылар да осындай пікірде болды.

Чернядьевтің пікіріне байланысты Меңдешев өз ұстанымын ортаға салады. Өз сөзінде Меңдешев қалыптасқан мәселелерді шешуді байыпты, салқынқандылықпен, үлкен сабырлықпен қарастыруды, Чернядьевтің мұқтаждықтарды реттеудің тиімді жолдарына назар аударудың орнына таза саудалау ұстанымын, яғни сессия алдына Ақтөбе губерниясының керек не керек еместігін қойып отырғандығын айтады және оның «тұрмыстық жағдайды желеу етіп, Ақтөбе губерниясы жерін Орынбор губерниясына қосу керек деген пікірінің өзі сол тұрмыстық жағдайды білмегендігінен», – деп көрсетеді [2, с.15].

Сол кездері Орынбор губерниясында орыс шаруалары, Ақтөбе губерниясында қазақтар басым тұрғандары белгілі. Сондай-ақ Ақтөбе уезі ешуақытта Орынбор губерниясы құрамында болмады. Оның Торғай облысына қарағандығы, облыс орталығы Орынбор қаласында болғандығы рас еді.

Міне, осындай тарихи анықтамаларды келтіре отырып, Меңдешев «сондықтан қазіргі кеңестік басқарманың Орынборда болуы керектігі негізсіз және Ақтөбе губерниясын таратып, жерін Орынбор губерниясына қосуға болмайды», – дейді [Бюллетень, 1923:15].

Меңдешев одан әрі егер Чернядьевтің саудалау есебіне жүгіну керек болса революция кезінде Орынбор

губерниясы жерінің бір бөлігі Челябинск губерниясы мен Башқұрт республикасына кесіліп берілгендігін алға тартып, онда тарихи тамыры бір сол жерлердің қайта Орынбор губерниясына қосылуы керектігін ескертеді.

Мендешев пікірін жалғастыра отырып, Ақтөбе губерниясының болашағы зор екендігіне, онда өзін игеруді күтіп жатқан Біршоғыр көмірі, Темір мұнай ауданы барлығына, сондықтан губернияның бүгінгі жағдайына қарап, болуы не таратылуы керектігіне емес, оның болашақтағы қарымына назар аудару қажеттігін айтады.

Қайта сөз алған Чернядьев тағы да өзі білдірген пікірлеріне оралып, аралас тұрғындардан тұратын губернияда қазақ тұрғындары аштық жылдары кез келген уақытта орыс тұрғындарынан астықтай көмек ала алатындығын келтіріп, Ақтөбе губерниясын таратып, жерін Орынбор губерниясына қосуға қарсы жандарға «сендер ұлттық принципті алға тартып, қазақ губернияларын қорғап бағып, қырғыз (қазақ) тұрғындарын жойылып кетуге итермелейсіңдер», – дейді [Бюллетень, 1923:19].

Мырзағалиев сөзінде Ақтөбе губерниясын құру мәселесі 1920 жылдың өзінде, орталықтан Ярославский, Попов бастап келген БОАК және ИХК комиссияларының алдында қарастырылғандығын, осы мәселені қолдап, қорғап 6 мәжілісте сөйлегенін айтады. Одан әрі пікірін былай негіздейді: «Сөз жоқ, біздің Кеңес өкіметін құруымыз және одан әрі дамытуымыз бұқараны билікке, билікті бұқараға жақындата алғанда, бірде бір мәдениет ошақтары жоқ қырда, дала түпкірлерінде болашақта дами отырып, шаруашылық өмір мен әкімшілік аппарат құратын орталықтар қалыптастырғанда мүмкін болады. Меніңше, осы сессияда бұл мәселені қозғаудың қажеті жоқ. Осы губернияның шаруашылық және әкімшілік жағынан тиімсіздігін мемлекеттік жоспарлау және әкімшілік комиссияларының жауапты қызметтіктері дәлелдеп берсін. Сол кезде ғана айтар сөзіміз: біз келісеміз.

Егер бұл жақта таза ұлттық губерния құруды қаласа, ол қателік екен. Себебі, халық құрамының 38% орыс тұрғындары. Ал Ақтөбе губерниясы Орынбор губерниясымен қосылса, онда абсолютті пайыз кемиді. Олай болса таза қырғыз (қазақ) губерниясын құрудың тіптен қисыны жоқ болып шығады.

Біздің айтарымыз шаруашылық және әкімшілік қажеттілік қырғыз (қазақ) даласы түпкірлерінде сол шаруашылық және әкімшілік аппараттарды құруға мәжбүрлейді. Сондықтан біздің осы бағытта жұмыстануымыз және қажетті жерлерге ол аппараттарды құруымыз керек.

Ақтөбе губерниясының және орталық есебінде Ақтөбенің дербестік құқығы бар.

Темір уезін алып қараңыз, бір профессордың зерттеуі бойынша ол мұнайға бай аудан. Темір ауданы мұнай қоры жағынан Жылқоса және Ембі аудандарына қарағанда жоғары.

Біршоғыр кен орнын, Торғай уезін алып қараңыздар. Оларда молалтын қорлары бар. Осында қатысып отырған шаруашылық мамандары Ақтөбе губерниясының дербес өмір сүре алатынын дәлелдей алады. Ол шаруашылық жағынан Орынбор губерниясынан жоғары.

Бізге мәдениет ошақтарын ашу керек, осы іске бар мүмкіншілігімізбен тырысуымыз керек... Мәселені еш уақытта жою, тарату арқылы шешпеуіміз қажет. Әрине мұның Ақтөбе губерниясына да қатысы бар» [Бюллетень, 1923:с.21-22].

...Мендешев өзінің айтқандарының мәнін түсінбегендерге байланысты қосымша сөз алып, әкімшілік бірліктерді таза ұлттық белгісіне қарап емес, яғни қазақ тұрғындары болса, онда сол қазақ губерниясы, қазақ уезі ретінде құрылуы емес, ол бірліктер шаруашылық және тұрмыстық жағдайларына байланысты негізделуі

тиіс екендігін айтады. Ал аппаратты ықшамдауды сол аппаратты механикалық түрде қысқартумен емес, оны алға қойылған міндеттерге икемдеп құру керектігін ұсынғанын айтады.

Өз кезегінде сөз алған Мұқашев жарыссөзде сөйлегендердің Ақтөбе губерниясының қажет емес екендігі жайында пікір білдіргендерін, бірақ оған арнайы тоқталмайтынын айта келіп, соған түрткі болып отырған Ақтөбе губерниясының жалпы жай-күйіне назар аудартады. Сөзінде губернияның 1921 жылы ғана құрылғанын, жұмысты тәжірибесі жоқ жергілікті қызметкерлердің атқарғанын, онсыз да аяғына тұрып кетпеген жас губернияны алғашқы күннен-ақ ғаламат аштық жайлағанын, губерниялық атқару комитетінің бүкіл жұмысы тек сол аштыққа қарсы жұмылдырылғанын, одан кейін іле-шала екпінді егіс науқаны басталғанын, ол үшінші екпінді науқан-азық-түлік салғыртына ұласқанын санамалап көрсетіп, осы екпінді жұмыстар губерниялық атқару комитетіне көп жағдайда басқа да маңызды жұмыстарын кең ауқымда, жан-жақты жүргізуге мүмкіндік бермегенін жеткізді.

Соңғы сөз алған баяндамашы талқыланған мәселелерге қорытынды жасап, губернияда түрлі қиыншылықтарға қарамастан жүзеге асырылған жұмыстардың нәтижелері бар екендігін айта келіп, «Осы келтіргендерден Ақтөбе губерниясында жұмыс басқалардан кем емес деңгейде жүріп жатқандығын көреміз, сондықтан ол өзінің өміршеңдігін көрсете алды деген қорытынды шығаруға болады», – дейді [Бюллетень, 1923:29]. Өзінің алты тармақтан тұратын ұсынысында Ақтөбе губерниясы жұмыстарының өміршеңдігіне шек қоятын пікірлердің тізгінделуі тиіс екендігін қадап айтады.

Қорытынды. Сөйтіп, 1928 жылға дейін губерниялық мәртебесін сақтаған, 1928-1932 жылдары округ болған, ал 1932 жылдан облысқа айналған, еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени өмірінде өзіндік орны бар, батыс өңірдегі ғана емес, республикамыздағы ірі облыстардың бірі – Ақтөбе облысы өзінің қалыптасып, дамуы тарихында кезінде осындай үлкен сын талқысынан өткен еді.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Бюллетень 2-сессии КЦИК 3-созыва, 14 марта.-Оренбург, 1923.-№2.-С.1-31.

Журич Н.И. Сверх шаг по Ильичу.-Алма-Ата: Казахстан, 1969.-88 с.

История Актыбинской области.-Актобе, 2006.-698 с.

Н.Бондаренко. Для чего нужна Актыбинская губерния?// Киргизская степь.-1921.-№1.

Протоколы революционного комитета по управлению казахским краем (1919-1920 гг.).Сборник документов.-Алматы: Ғылым, 1993.-277 с.

Тәжібаев М.Қ. Ақтөбе облысының тарихы.-Ақтөбе: Полиграфия, 1999.-280 б.

REFERENCES

Bulleten 2-sessii KSIK 3-sozyva, 14 marta [Bulletin of the 2nd session of the CCEC of the 3rd convocation, March 14].-Orenburg, 1923. No.2. p.1-31[in Russian].

Zhurin N.I. Sverjaj шаг po Il'ichu [Checking the step across Il'ich].-Alma-Ata: Kazakhstan, 1969.-88 p. [in Russian].

Istoriya Aktjbinskoj oblasti[History of Aktobe region].-Aktobe, 2006.p.698 [in Russian].

N. Bondarenko.Dlja cego nujna Aktjbinskaja gubernija? [What is Aktobe province for?].-Kyrgyz steppe. 1921. No.1[in Russian].

Protokolyrevolsionnogokomiteta poupravlenikazahskimkraem [Minutes of the revolutionary committee for the management of the Kazakh land (1919-1920). Collection of documents].-Almaty: Gylim, 1993.277 p. [in Russian].

Tazhibajev M.K. Aqtöbe oblysynyn tarihj [History of Aktobe region].-Aktobe: Polygraphy, 1999.280 p. [in Kazakh].

Айгүл ӘДІЛБАЕВА¹, Балжан БӘЗЕН²,

¹Т.ғ.д., проф., E-mail: aigulmalika@mail.ru,

²PhD докторант, 3-курс, E-mail: bbazen@mail.ru,

^{1,2}Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті,
Қазақстан, Семей қ.

СЕМЕЙ ГУБЕРНИЯСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ БАСҚАРМАЛАРЫ ТҰСЫНДАҒЫ ЖЕР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бұл мақалада Шығыс Қазақстан өңірінің, яғни сол кездегі Семей губерниясы мен губернияның отырықшы аудандарына қатысты аймақтарда шаруашылықтың барлық салаларының ішінде ауыл шаруашылығының маңыздылығы жайлы айтылған. Осы ретте Семей губерниясының ауылшаруашылығындағы негізгі саласы мал шаруашылығының өлкедегі индустриаландырудың негізгі қоры болып саналғандығы жайлы, сонымен қоса малдың көп бөлігі қазақ шаруаларының қолында болғандығымен қоса мал санының көрсеткіштеріне толықтай тоқталып өткен.

Семей губерниясының колхоздастыру барысында жүргізілген ауыл шаруашылық өнімдері оның ішінде астықты күшпен дайындау шаруалардың күн көрісіне қалай әсер еткені, ауылшаруашылығы салықтарының табыс мөлшері ауқатты бай шаруашылыққа, кедей және орташа шаруаларға қалай әсер еткендігі, сонымен қатар колхоздастыруды басқарудың бірнеше әдістері жөнінде толықтай баяндалған.

Түйін сөздер: Семей губерниясы, жер мәселелері, губерниялық отырықшы аудандар, Орталық Атқару Комитеті, округтік арнайы мекемелер.

Aigul ADILBAEVA¹, Balzhan BAZEN²,

¹Doctor of Historical science, Professor, E-mail: aigulmalika@mail.ru,

² PhD Doctoral student, 3 course, E-mail: bbazen@mail.ru,

^{1,2}Kazakh humanitarian and legal innovation University, Kazakhstan, Semei

LAND ISSUES AT THE DEPARTMENTS OF AGRICULTURE OF THE SEMIPALATINSK PROVINCE

This article talks about the importance of agriculture among all sectors of the economy in the regions of the East Kazakhstan region, that is, relative to the settled areas of the Semipalatinsk province and the province of that time. The main branch of agriculture of the Semipalatinsk region is livestock, which is the main source of industrialization in the region, as well as the fact that a large part of the cattle is in the hands of the Kazakh peasants and livestock.

The article describes in detail how agricultural production in Semipalatinsk region, including forced grain harvesting, affected the livelihoods of farmers, how income from agricultural taxes affected rich, poor and medium-sized farms, as well as some methods of collective farm management.

Keywords: Semipalatinsk Province, Land issues, Provincial settled areas, Central Executive Committee, District special institutions.

Айгүл АДІЛЬБАЕВА¹, Балжан БАЗЕН²,

¹д.и.н., проф., E-mail: aigulmalika@mail.ru,

²PhD Докторант, 3-курс, E-mail: bbazen@mail.ru,

^{1,2}Казахский гуманитарно-юридический инновационный
университет, Казахстан, г. Семей

ЗЕМЕЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПРИ УПРАВЛЕНИЯХ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА СЕМИПАЛАТИНСКОЙ ГУБЕРНИИ

В этой статье говорится о важности сельского хозяйства среди всех отраслей хозяйства в регионах Восточно-Казахстанского региона, то есть относительно оседлых районов Семипалатинской губернии и губернии того времени. При этом основной отраслью сельского хозяйства Семипалатинской области является животноводство, которое является основным источником индустриализации региона, а также тот факт, что большая часть скота находится в руках казахских крестьян, а также животноводство.

В статье подробно описывается, так как сельскохозяйственное производство в Семипалатинской области, включая принудительный сбор зерна, повлияло на средства к существованию фермеров, как доходы от сельскохозяйственных налогов повлияло на богатые, бедные и средние фермерские хозяйства, а также на некоторые методы управления колхозами.

Ключевые слова: Семипалатинская губерния, Земельные вопросы, Губернские оседлые районы, Центральный Исполнительный Комитет, Окружные специальные учреждения.

Кіріспе. Шығыс Қазақстан өңірінің, яғни сол кездегі Семей губерниясы шаруашылығының барлық салаларының ішінде ауыл шаруашылығы өте маңызды деп саналды. Губернияның өзіндік тарихи орны мен экономикалық және тұрмыстық жағдайына байланысты ауыл шаруашылығы айтарлықтай аумақты қамтыған (Ежегод. Семипалатинской губерний, 1927). Губерния ауыл шаруашылығы саласында

егін және мал шаруашылығымен айналысты. Губернияның отырықшы аудандарына Семей, Павлодар, Өскемен және Бұқтырма уездері жатса, Қарқаралы мен Зайсан уездері мал шаруашылығы саласында егін және мал шаруашылығымен айналысатын аудандар болып саналды (ҚРШҚО. 152-қор., 1-т., 840-іс). Дәлірек айтсақ, Ертістің оң жағалауында егіншілікпен, мал шаруашылығымен айналысатын отырықшы

шаруашылық басым болса, Ертістің сол жақ жағалауындағы казактар шебінен 10 шақырым оңтүстікке қарай мал шаруашылығымен, егіншілікпен айналысатын жартылай көшпелі және көшпелі шаруашылық басым болды.

Материалдар мен әдістер. Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасын Қазақстан Республикасы Шығыс Қазақстан облыстық қазіргі заманғы тарихты құжаттандыру орталығының қорлары мен Семей қаласындағы Шығыс Қазақстан облыстық қазіргі заман тарихы құжатнама орталығының 37, 48, 72, 73, 153, 152, 249, 256, 266, 361, 398, 578, 579, 583-қорларының материалдары пайдаланылды. Сонымен қатар ғылыми зерттеулердегі мәліметтер мен жер мәселесіне қатысты жарияланған құжаттық жазбалар, әдебиеттер мен деректер құрайды.

Талдау. Шығыс Қазақстан өңірі Семей губерниясының жер мәселесі жайында зерттеу жүргізген зерттеушілер тобын ресейлік және отандық зерттеушілер тобы деп бөлуге болады. Шығыс Қазақстандағы жер мәселелері мен жер мекемелер тарихы тақырыбын жете зерттеу мен оның беймәлім ақиқаттарын ашып және зерттеген ұлт зиялылары Ә.Бөкейханов, Р.Марсеков, С.Сәдуақасұлы, М.Шоқай, М.Дулатовтың соңғы жылдары жарық көрген шығарма жинақтары да зерттеудің деректік негізін құрады.

Зерттеу нәтижелері. Ауыл шаруашылығы өндірісінің маңыздылығы губерния үшін өндірістік қордың шикізат өнімі ретінде бағаланды. Сол себептен де сыртқа шығаратын тауар ретінде шикізат көзі деп саналған астық және мал шаруашылығы ең жоғарғы деңгейде дамыту көзделді. Осы тәртіпке сәйкес және социалистік секторды күшейтіп, оны одан әрі кеңейту мақсатында ауыл шаруашылығында қайта құру үрдістерін жүзеге асыру жолға қойылды (Ежегод. Семипалатинской губерний, 1929).

Семей губерниясының ауыл шаруашылығындағы негізгі саласы мал шаруашылығы болды және ол өлкені индустриаландырудағы негізгі қор болып саналды. Малдың көп бөлігі қазақ шаруаларының қолында болды. Оны төмендегі кестеден көруімізге болады (Записки Семипалатинского отдела ГРГО, 1928):

Шаруашылық санаты	Мал саны (мың бас)		
	1925	1926	1927
Көшпелі қазақ шаруашылығы	4720	5393	6375
Қазақ емес отырықшы шаруашылық	1506	1483	1844
Жиыны	6226	6876	8219

Бір шаруашылыққа тиесілі малдың орташа саны көшпелі аймақта – 36,27 бас болса, отырықшы аудандарда – 13,87 бас болды. Жұмыс күшіне пайдаланылатын малдың (жылқы, есек, түйе) әрбір көшпелі шаруашылыққа тиесілі орташа саны – 2,69 болса, отырықшы шаруашылыққа – 2,38 бастан келген (Кратк. отчет о работе Семипалатинского Губисполкома, 1928).

Орталық Атқару Комитетінің 25 сәуірде өткен II сессиясы 1926-1927 жылғы ауыл шаруашылығы салығына қатысты қабылдаған заңына елеулі өзгерістер енгізді, яғни салық егістік көлемі мен мал басына ғана емес, сонымен қатар шаруашылық табысының мөлшеріне қатысты салынды. Шаруашылық табысы ақша бірлігімен есептелінді. Себебі, салықты ақшамен есептеу ауыл тұрғындарының көпшілігіне бұрынғыдан да түсінікті болады деп қарастырылды.

Кедей шаруашылықтары ахуалының көтерілуіне ықпал ету мақсатында заңмен алымға жатпайтын мүліктің көрсеткішін белгілей отырып, ауыл кедейін салықтан босату Семей губерниясы бойынша барлық шаруашылықтарға орташа есеппен 35% деп бекітілген. Ал бұл пайыздық көрсеткіш мал шаруашылығымен айналысатындар үшін 40%, егіншілікпен айналысатындарға – 27% және жеке-

леген аудандар үшін 24%-дай болып белгіленген (ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 74-қор, 1-т., 59-іс.)

Жалпы, алымға жатпайтын мүлік көрсеткішінің шаруашылықтың әл-ауқатына қарай қолданылатын үш түрлі нұсқасы болған. Шаруашылықтың 25%-ы салықтан босатылса, бұл ең жоғарғы көрсеткіш, ал 25-35%-ы аралығындағылар үшін орташа көрсеткіш, өзгелерге ең төменгі көрсеткіш қолданылған (ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 74-қор, 1-т., 59-іс.).

1928-1929 жылы кедей шаруашылықтарын ауыл шаруашылығы салығынан толықтай босату «Кедейлер қорын» пайдалану арқылы жүзеге асқан. Соның нәтижесінде 26 639 шаруашылық немесе 4,9 % салықтан босатылған. Сонымен 1928-1929 жылы ауыл шаруашылығы салығынан босатылған кедей шаруашылықтардың саны 70 771-ге немесе 42,2%-ға жеткен, ал бұл көрсеткіш 1927-1928 жылғымен салыстырғанда 2,3%-ға ұлғайған.

1929 – 1930 жылы ауыл шаруашылығы салығы аудан бойынша жекелей белгіленген, яғни қазақ аудандары бойынша ауыл шаруашылығы салығынан 33 289-дай шаруашылық немесе 40,1%-ын босату көзделген, ал 1928-1929 жылы 42747 шаруашылық немесе 51,6% қазақ шаруашылығы салықтан босатылғанын ескерсек, 1929 жылғы жеңілдік қазақ шаруашылығы үшін 11,5%-ға азайған. Ал, орыс және аралас шаруашылықтардағы бұл көрсеткіш айтарлықтай жоғары емес. Мәселен, 1928-1929 жылы орыс және аралас шаруашылықтардың 28024-ті немесе 33,1 %-ы салықтан босатылған, ал 1929-1930 жылы шаруалардың 25 431-і немесе 29,8%-ы ауыл шаруашылығы салығынан босатылады деп есепке алсақ, онда орыс және аралас шаруашылықтар үшін жеңілдік тек 3,3%-ға ғана азайғандығын байқаймыз (ҚРШҚО. ҚЗТҚО. – 74-қор, 1-т., 59-іс.).

1925-1926 жылы ауыл және мал шаруашылығының табысы 6 млрд сом табыс болғанда, салық 300 млн. сомға немесе бұрынғыдай табыстың 4%-ына тең болған. Сонымен, ауыл шаруашылығының салығы бұрынғы деңгейінде қалған, тек ауыл шаруашылығының қосымша салаларына салық салу арқылы оның жалпы мөлшері өсе түскен. Салық салынады деген табыстың негізгі көзі Семей губерниясы бойынша мынадай 3 топқа бөлінген: 1.Егістік, шабындық және шошқадан басқа малдың барлық түрі табыстың негізгі көзі саналды. Бұларға қатысты табыс мөлшері алдын-ала белгіленетін. 2.Бау-бақша жүзімдік, темекі егу сияқты екінші деңгейлі табыс көзі губерниялық атқару комитетінің шамамен белгілеген және уездік атқару комитетінің бекіткен құнымен бағаланады. 3.Губерниялық атқару комитетінің қаулысына сәйкес міндетті түрде салық салынатын табыс көзінің үшінші түріне – шаруашылықтың жерге қатысты емес және екінші деңгейлі саласынан түсетін төлемақылар жататын. Мұндай табыс көзінің құнын болыстық салық комиссиясы анықтайтын (ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 1-қор, 1-т., 1184-іс.).

Сол сияқты егін шаруашылығының әрбір дақылына қатысты табыс мөлшері болған. Семей округі бойынша, 1928-1929 жылы жекелеген шаруашылықтар үшін егістік көлемі 443 006 десятина болып, оның жалпы табыс мөлшері 16 685 184 сомды құраған. Бұдан егістіктің әрбір десятинасы үшін табыс мөлшері 37 сом 60 тиын болғандығын байқаймыз (ҚРШҚО. ҚЗТҚО.-74-қор, 1-т., 59-іс.).

Сонымен, ауыл шаруашылығы салығы табыс мөлшеріне қатысты салына отырып, ауқатты бай шаруашылықтарын экономикалық тұрғыдан әлсіретуге бағытталса да, кедей және орташа шаруаларға қатысты салынған салықтың салмағы да ауыр болды.

Астық дайындау республика бойынша, 1927-1928 жылы жылдық жоспар 47 048 дека тонна деп белгіленсе, 1928-1929 жылы бұл көрсеткіш 3 есеге яғни 139 344 дека тоннаға дейін ұлғайтылған. Жекелеген округ бойынша, бұл жоспардың орындалу көрсеткіші әр түрлі болды. Мәселен, Қостанай астық дайындау науқанын – 90,0%-ға, ал Ақтөбе

– 82,6%, Ақмола – 63,7%, Жетісу – 56,3%, Сырдария – 49,7%, Орал – 48,5%, Петропавл – 41,6%, Семей – 38,3 %, және Павлодар 37%-ға орындаған. Салыстырмалы түрде алғанда Семей және Павлодардың көрсеткіші өзге аймақтарға қарағанда өте төмен, ал мұның өзі ондағы экономикалық жағдайдың қандай деңгейде болғандығын байқатады (ҚРШҚО.ҚЗТҚО.-74-қор, 1-т., 329-іс).

Жалпы, Семей губерниясы бойынша, 1927-1928 жылғы жоспар 144 180 деп белгіленіп, ол 94,24%-ға орындалған, яғни 135 870 т. астық дайындалған. Сол сияқты, 1928-1929 жыл аралығындағы астық дайындау жоспары 221 137 т. деп белгіленсе, бұл тапсырма 1/VI – 1928 ж. – 5/І – 1929 ж. аралығында 40,58%-ға (89 739 т.) (ҚРШҚО.ҚЗТҚО. 74-қор, 1-т., 58-іс) одан кейінгі 5 күн ішінде (10/І – 1929 ж.) бұл көрсеткіш 41,08 %-ға, ақпанның 25-інде 45,35 %-ға ұлғайып, 16-шы сәуірде бұл көрсеткіш 51,16%-ға жеткен, яғни халық 113,176 т. астық дайындаған (ҚРШҚО. ҚЗТҚО.-74-қор, 1-т., 58а-іс).

1928 жылдың 1-ші сәуірі мен 15-ші шілдесі аралығында Семей округінің 20 сот бөлімшелері бойынша, 533 бай мен саудагер, 1058 орта шаруа, 291 кедей астық тапсырмағандары үшін Қылмыстық істер кодексінің 62, 107 бабымен сотталған (ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 74-қор, 3-т., 10-іс).

Астық дайындаумен қатар, ет дайындауға мал тапсырмаған ауқаттылар оқшауландырылған, яғни оларға малдарын жайылымға шығаруына тыйым салынған. Ал қамаудағы мал аштықтан зорығып жатқандығын көрген халық билікке деген өз сенімсіздігін білдіре бастаған (ҚРШҚО. ҚЗТҚО.-6-қор, 2-т., 31-іс, 187 п.).

Кеңес өкіметі 1927 жылдың 2-19 желтоқсанындағы «Ауыл шаруашылығын ұйымдастыру және социализмге жан-жақты тұрғыдан дайындық» деген атпен белгілі болған БК(б)П XV съезінен кейін ұсақ шаруашылықтарды ірі социалистік өндіріске айналдыруға бет алды. Ал, 1929 жылдың екінші жартысынан бастап жаппай ұжымдастыру науқаны басталғаны белгілі. Әрине, Кеңес өкіметі ұжымдастыру науқанын – шаруаларды бай-кулактардың қанауынан және ғасырлар бойы жоқшылық қарекетін бастан кешіп, мұқтаждықты көп көрген деген шаруалар жағдайын түбегейлі жақсартуға мүмкіндік беретін сара жол ретінде сипаттады.

Округтік жер Басқармасы 1932-1971 жылдар аралығында Облыстық ауылшаруашылық Басқармасы деген атпен жұмыс жасады. Кеңес үкіметінің билігінің нығаюымен қатар 1920 жылы Семей Губерниялық жер Басқармасының құрамында Жерге орналастыру бөлімі ашылады. Бұрынғы Переселен Басқармасының қызметі толығымен осы Жерге орналастыру бөлімінің иелігіне өтеді. Аталған Жерге орналастыру бөлімінің қызметі 1931 жылға дейін созылды (ҚРШҚО.ҚЗТҚО.-583-қор, 2-т. 8-іс, 3-б.).

1930 жылғы қайта құруларға байланысты Семей округінің Шығыс Қазақстан облысы болып құрылуына сәйкесінше Шығыс Қазақстан облысының жер бөлімі болып өзгертіліп, КССР –дің Жер ісі Халық Комиссариатына қарады. Семей округі Қазақстанның Алматы, Қарқаралы және Павлодар округтерімен, Сібір өлкесінің Славгород, Рубцовск, Барнауыл және Бийск округтерімен, Ойрат Автономиялық облысы және Қытаймен шектескен.

Семей округі әкімшілік негізде 25 ауданға бөлінді. Оның ішінде 11 қазақ, 4 аралас және 10 орыс аудандары. Округ территориясы 261037 шаршы шақырым, 8000 елдімекен және 146448 шаруашылық орналасқан. 1926 жылғы санақ бойынша 886131 адам орналасқан. Оның ішінде қалада – 81020 адам (Семейде 58884, Өскеменде 13909, Зайсанда 8227) тұрды. Қалған халқы ауылда тұрады. Округ тұрғындары ұлттық сипаты бойынша: қазақтар 46,1%, орыстар 39,8%, украиндар 9,4%, татарлар 1,9%, немістер 0,6%, белорустар 0,7%-ды құрады (ҚРШҚО.ҚЗТҚО.-398-қор, -1-т. 42-іс, -202 б.).

Округтегі халықтың орналасу тығыздығы жер мен климат жағдайына байланысты түрліше болып келеді. Мәселен, Аягөз ауданында 0,8 адамнан келсе, Үбинск ауданында 15,8 адамнан келген. Жалпы округ бойынша орташа тығыздығы шаршы шақырымға орта есеппен 3,1 адамнан келген.

Қазақ АКСР-нің Қоныс аудару басқармасының 1929 жылы 8 қыркүйектегі №26 бұйрығы мен Округтік жер басқармасының 1929 жылы 4 қазандағы бұйрығына сәйкесінше Семей округтік жер басқармасының құрамында қоныс аудару бөлімі құрылды. Округтік қоныс аудару бөлімінің құрылу мақсаты мен міндеттеріне 1. Жерге орналастыру жобаларын құрастыруға қатысу, оларды талқылай отырып шешім шығару. 2. Қонысаудару участоктарын құру және игеру үшін жер қорын дайындау, мелиоративті және дақылдық-техникалық жұмыстарды (тың жерлерді игеру, жер-шаруашылық құрылымдар) атқару. 3. Қоныс аударушылардың шаруашылық құрылыстарын ұйымдастыру, оларға қызмет көрсету және қажетті көмектің барлығын жасау. 4. Жергілікті халықты отырықшылыққа көшіру, жерге орналастыру, жаппай ұжымдастыру аудандарындағы жерлерді бөлу, қоныс аудару колхоздарын құру. 5. Ведомствалық мекемелерді бақылауға алу, оларға басшылық жасау болып белгіленді (ҚРШҚО.ҚЗТҚО.-578-қор, -1-т. 169-іс, -12 б.).

1933 жылы 25 сәуірде Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің көшпелілерді жерге орналастыру және отырықшыландыру комиссиясының отырысы болды. Аталған отырысқа облыстық ұйымдар мен мекемелерден келесілер қатысты: Жұмағалиев – Облыстық финанс бөлімі, Біржанов – Соцзембанк, Сатыбаев – Облыстық жоспарлау бөлімі, Морозов – Облыстық денсаулық бөлімі, Костомин – Мемлекеттік жер тресті, Доневиц – Облыстық жер басқармасы, Варламов – Облыстық жер басқармасынан қатысты. Қазақ АКСР-нің Халық комиссариатының қаулысына сәйкесінше облыста 1933 жылы 3800 шаруашылықты отырықшыландыруға көшіру жоспарланды. Облыс ішіндегі аудандар бойынша отырықшы шаруашылықтарды келесідей негізде жүргізу Зайсан – 1000 шаруашылық, Катон-Қарағай – 1200 шаруашылық, Жарма – 600 шаруашылық және Күршім – 1000 шаруашылық көзделді.

Сонымен қатар осы отырыста облыстық жер басқармасы ұсынған отырықшылыққа көшуге дайын көшпелі 7000 шаруашылықты бекіту Жалпы, жоғарғы комитеттердің төменгі комитеттерге беретін нұсқамалары тек қағаз жүзінде жіберіліп, ауызша түсіндіру жұмыстары дұрыс жолға қойылмаған. Комитет басшылары өз жұмыстарын губерниялық Атқару комитетінің, жер басқармасының қызметтерімен сабақтастыра жүріп, шаруалардың өзара көмегіне өз деңгейінде көңіл бөлмеген. Сол сияқты, партиялық, Кеңестік, кооперативтік ұйымдар да комитеттердің жұмысына немқұрайды қарап, жиналыстарға тек өкілдерін жіберумен ғана шектелген. Ал, Жұмжерорман, Ағарту сияқты ауылмен тығыз байланыста жүрген ұйымдар Шаруалар комитеттерінің жұмыстарына етене араласа қоймаған.

1926 ж. дейін губерния бойынша комитеттердің өз ықпалымен бірлестіктерге кірудің 417 жағдайы ғана тіркелген. Себебі комитеттер кооперативтермен тығыз байланыста болмаған. Тек кейбір жергілікті жерлердегі комитеттер ғана кедей шаруалармен диқаншылардың бірлестіктерге мүше болу үшін төлейтін пайларын өз мойындарына алған. Комитеттердің өз табиғи қорларын бірлестіктер арқылы өткізу жағдайы да нашар дамыды. Мәселен, жоғарыда көрсетілген уақытқа дейін құны 610 сом болатын қоры ғана өткізілген.

Көпшілік комитеттердің жұмысы жоспарлы түрде емес, керісінше хатшы немесе төрағаның ыңғайына қарай жүргізілген. Комитеттердің халық арасында есеп беруі де дұрыс

жолға қойылмаған. Кейбір болыстық комитеттер ауылдық комитеттердің жиналыстарын бірде-бір рет өткізбеген. Халық алдында уақытылы есеп бермеудің нәтижесінде, комитеттер өздерінің мақсат мүдделерін көрсете алмады. Оның салдарынан олар тұрғындардың арасында айтарлықтай беделге ие болмады.

Жерге орналастыру науқанына жауапты мекеме 1931 жылға дейін Семей губерниялық жер басқармасының Жерге орналастыру Бөлімі деп аталған, кейіннен Мемлекеттік жер трестінің Шығыс Қазақстандық бөлімі жауапты болды. Облыс бойынша орналастыруға жататын шаруашылықтарды келесідей негізде жүргізу қарастырылды: а). Өз аудандарында орналастыруға жататындар: Абыралы – 254, Шыңғыстау – 360, Баянауыл – 824, Қарқаралы – 202, Павлодар – 800, Иртышск – 500, Бесқарағай – 286, М-Горьковск – 543, Көкпекті – 452, Күршім – 71, Ұлан – 100, Жарма – 365, Тарбағатай – 228. б). Басқа аудандарда орналастыруға жататын шаруашылықтар: Белағаш – 453 Семейден; Өскемен – 450 Жармадан 336 шаруашылық, Шыңғыстаудан 120 шаруашылық; Шемонаиха – 300 Шыңғыстау ауданынан 309 шаруашылық; Катон-Қарағай – 200 Семей қаласынан; Зыряновск – 220 шаруашылық Семей қаласынан ((ҚРШҚО.ҚЗТҚО.-578-қор, -1-т. 169-іс, -126.).

1932 жылы наурызда Шығыс Қазақстан облыстық бақылау комиссиясы мен жұмысшы-шаруа инспекциясы құрылды. Облыстық бақылау комиссиясы мен жұмысшы-шаруа инспекциясы өз жұмысын жергілікті партиялық, кеңестік, кәсіподақтық, комсомолдық және басқа да қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыста, солардың басшылығына сүйене отырып жүргізді. Комиссия мен инспекция партия мен үкіметтің нұсқауларының орындалуын тексеріп отырды. Жоспар бойынша бұқаралық жұмыстардың ұйымдастырылуы және олардың өз уақытында орындалуын қадағалап отырды. Аталған комиссия өз жоспарында Қазақ АКСР-нің Ақмола және Семей округтеріне тексеру жүргізу туралы қарастырды. Өйткені аталған губернияларда БОАК-нің материалдары бойынша ұлтаралық қарым-қатынастар өте шиеленісті жағдайда болған. Ұлтаралық қарым-қатынастардағы шиеленістер көп жағдайда жерге байланысты туындап отырған. БОАК-і президиумы Қазақ АКСР-нің солтүстік бөлігін, әсіресе, Семей және Ақмола округтерін қосымша зерттеуді талап еткен. Өйткені Семей және Ақмола округтерінің уездеріндегі еуропалық ұлттардың үлссалмағы жоғары (42%-тен 74%-ке дейін) көрсеткіште болғандықтан, ұлтаралық қатынастар шиеленісі жоғары деңгейде болған.

Сонымен қатар округтік арнайы мекемелерден (округтік жер басқармасы, жерге орналастыру институты, ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы және ауыл шаруашылық коллективтерінің Семей округтік одағы) қажетті құжаттар мен материалдар жиналып алды. Жиналып алынған материалдар осыған дейінгі материалдармен салыстырылып, зерттеліп тексерілді. Негізінен комиссия өз жұмысын бастамастан бұрын округтердің саяси-экономикалық жағдайларымен кеңінен танысып, талқылап алған болатын. Жер мәселесіне қатысты жер мекемелерінің жетекшілерінің, басшыларының арнайы жасаған баяндамалары тыңдалып, шаруашылыққа қатысты мәселелер талқыланған болатын.

Семей округіндегі Разин, Убинск, Зайсан және Луночар аудандарында көптеген мәселелерді жергілікті жер мекемелерінің өкілдері мен комиссия өзара бірлесе отырып шешімін тауып, бірқатар мәселелер орындарында шешімін тапты (ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 578-қор, -1-т. 1-іс, -76). Жерге орналастыру мәселесі бойынша комиссия сәйкесінше нұсқаулар берді. Мәселен, Убинск ауданындағы келесі мәселеге тоқталатын болсақ. БОАК бірнеше мәрте ұсыныстарына қарамастан аталған ауданда жерге орналастыру

аяқталмаған. Комиссияның анықтауы бойынша жергілікті тұрғындар (аралас, қазақ және орыс) жерге орналастырудан осы уақытқа дейін бас тартып келген, өйткені оларға не егін егуге, не мал жаяуға жарамайтын тасты жерлер ұсынылған болып шықты. Аталған бұл жер мәселесіне өз кезегінде жергілікті жер мекемелері аса мән бермей, жерге орналастыру мәселесіне немқұрайды қарағаны белгілі болып шықты. Комиссияның тікелей нұсқауы бойынша жергілікті атқару комитеті ауылдық кеңестің жер мәселесіне байланысты бірнеше (6 рет) жазған шағымына ешқандай шара қолданбағаны үшін тиісті жауапқа тартылатын болып шешілді.

Семей округтік жер басқармасы мен кейіннен Семей облыстық жер басқармасындағы көптеген жер мәселелерінің туындауы, олардың өз уақытында шешімін таппаған себебіне тоқталатын болсақ. Біріншіден, сол кездегі кадрлардың (әсіресе, жер мекемелерінде, атап айтсақ топограф, картограф және геодезист) жетіспеуі, тапшылығы, оларды оқытатын оқу орындарының болмауы, олардың орнына аз сауатты мамандардың жұмыс істеуі болса. Екіншіден, ұлттық (қазақ) мүдде тұрғысынан қоныс аударушылардың келуінің тоқтамауы. Үшіншіден, қазақтардың дәстүрлі көшпелі шаруашылығынан күштеп бас тартқызуға қазақтардың қарсылығы. Төртіншіден, отырықшылыққа көшіру мен ұжымдастырудың әміршіл-әкімшілік негізде жүргізілуі.

Семей округтік жер басқармасы өз кезегінде жерді пайдалану мен жерге орналастырудың социалистік нормаларына қадағалау жасап отырды, сонымен қатар шаруашылықтарды кооперативтендіру, округтегі ауыл шаруашылығын коллективтендіруге белсенді түрде қатысқан мекеме болып табылады (ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 256-қор, -1-т. 1-іс, -209 б.).

Семей округтік атқару комитетінің қаулысына сәйкесінше егін егу жұмыстары туралы округтік атқару комитетінің отырыстарында кеңінен қаралып отырған болатын. Округтік атқару комитеті сонымен бірге колхоздық құрылыстарға, жерге орналастыру мәселелеріне жәрдем беріп отырды.

Сөйтіп, 20-шы жылдардың аяқ шенінде бүкіл елдегі сияқты Қазақстанда да колхоздастыру науқаны басталды. Бұл шараға округтік жер басқармалары да кеңінен тартылды. Бұл шараның іске асырылуына шаруалардың тілегі мен ықыласы ескерілген жоқ, ол жоғарыдан берілген әмір, нұсқаулар негізінде жүргізілді. Қазақстанда колхоздастыруды 1932 жылдың көктеміне қарай аяқтау белгіленді. Бірақ шаруаларды күштеп ұжымдастырудың арқасында республикада колхоздар саны қауырт өсіп, 1927 жылы 1072 болса, 1928 жылы – 2354, ал 1929 жылы – 4876-ға жетті. Бұлар колхоздастыру саясатын жүргізудегі жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу үшін, құрылған жасанды шаруашылықтар еді. Оларды құру барысында небір сұмдық зорлыққа, күштеуге жол берілді. Ол тұста қабылданған бірнеше қаулы-қарарлардың заңдылығын тексеру барысында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төралқа комиссиясының 1992 жылғы желтоқсанындағы қорытындылары жарияланды. Онда келтірілген деректер мен мағлұматтар колхоздастырудың қандай әдістермен жүргізілгені жөнінде толық түсінік береді.

ҚКП XV съезінде колхоздардың саны «өте жоғары дәрежеде өсуде» деген қорытынды шығарған болатын. Семей округінде (жойылған Семей губерниясындағы қысқарған екі уездісі, Қарқаралы мен Павлодар уездерінсіз) 1928 жылдың басында колхоздардың саны 31 болса, осы жылдың аяғында олардың саны 370-ке жеткен. 1929 ж. ақпан айында Семей округіндегі колхоздардың саны тіптен өсе бастады. Олардың саны 414-ке жетті. Қазақ ауылында, әсіресе, осы уақытта «өндірістік кооперация аса үлкен қарқынмен дамыған болатын». Сонымен 1928 ж. Семей округіндегі қазақ артельдерінің үлес салмағы 38,4% құраса,

тоздардың үлес салмағы 57,4% құрады (ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 578-қор, 1-т. 74-іс, 51-п.) Сол жылдары Павлодар округінде артельдердің үлес салмағы жоғары болса, Семей округінде керісінше ТОЗ-дардың үлес салмағы жоғары болды.

Ұжымдастырудың 1929 ж. орта шенінен басталғаны белгілі. Оның құлаш жаюы Сталиннің сол жылғы 7 қарашадағы «Правда» газетінде «Ұлы бетбұрыс» деп аталатын мақаласының шығуымен тұспа-тұс келді. Мұның алдында бай-кулақтарға шабуыл жөніндегі нұсқаулар негізінде Қазақстанда байлардың шаруашылықтарын тәркілеуаяқталған болатын. Енді жаңа экономикалық саясат негізінде жүргізілген шаруаларды кооперациялау ісі мемлекет бағыттап отырған күшпен ұжымдастыру шарасына орын берді.

Ал, бұл шара шаруа қауымының игілігін ойлаудан тумады, тек индустрияландыру процесін қамтамасыз ету мақсатын ғана көздеді. Сөйтіп, 20-30-жж. жаңа экономикалық саясатын дамыту бағыты тұйықталып тасталды. Ондаған жылдар бойына экономика мен қоғамдық саяси өмірде тек «күштеу» шарасының рухы үстемдік етті.

Бұл жағдай ауыл шаруашылығына қасіретті зардабын тигізді. Селодағы саясаттың ең басты шарты – әміршіл-әкімшіл террорға сүйенген экономикалық емес жарлықтар, шаруалар қауымын кооперациялау идеясын жаманатты қылып қоймай, оның пайдалы жақтарын да құртып жіберді. «Ұлы бетбұрыс» селолық құрылымдарды қатыгез қаталдықпен аяусыз қиратып, қоғамның болашақта туатын проблемаларын біртіндеп әзірлей бастады.

Қорытынды. Колхоздастыру барысында жүргізілген ауыл шаруашылығы өнімдері оның ішінде астықты күштеп дайындау шаруалардың күн көрісіне, көңіл-күйіне мейілінше кері әсер еткен, оларды кеңес өкіметін жек көруге итермелеген екінші бір үлкен шара болды. Егіспен айналыспайтын шаруашылықтардан астық талап етілді. Салғыртты орындамаған қожалықтар сотқа тартылды. 1928-1929 жж. осындай айыпқа ұшыраған 34 мың ауыл-село адамдары сотталды. Мұның өзі ауыл адамдарын қорқыту үшін де істелінді.

Колхоздастыру осындай ауыр жағдайда басталды да, оны басқару әкімшілік, зорлық, күштеу әдістерімен жүргізілді. Егер 1928 ж. Қазақстанда колхозға барлық шаруашылықтардың екі пайызы ғана кірсе, 1931 ж. күзінде шаруаларды 70-тен 100 пайызға дейін колхоздастырған аудандардың саны 78-ге жетті. Бұл тұста өлкеде 192 аудан болатын. Шаруаларды ұжымдастыру кезінде ауыл-селоларда бай-кулақтарды тап ретінде жою шаралары іске асырылды. Жергілікті орындарға жеткізілген нұсқау бойынша жойылуға тиісті бай-кулақ шаңырақтары барлық шаруашылықтың жалпы санының 3-5 пайызынан аспауы керек деп ескертілді. Бірақ, осыған қарамастан әміршіл-әкімшіл жүйенің асыра сілтеу әрекетімен тәркіге салынғандар саны кез келген жерде ең жоғарғы көрсеткішке жеткізілді. Нәтижесінде тек 1930-1931 жж. республикадан тыс жерге бай-кулақ деп «жер аударылып» жіберілген шаруалар саны 6765 адамға жетті. Ондаған мың шаруалар тұрған округтерінен республика ішінде басқа жерлерге көшірілді (Қ.Қасенов, Ә.Төреханов, 1994 ж.).

Ұжымдастыру мен отырықшыландыруды жүргізу үшін Қазақстан өлкелік партия комитеті жергілікті белсенділермен бірге кәсіпорындардан сегіз мың жұмысшыны тартты. Мұның үстіне республикаға Мәскеуден, Иваново-Вознесенскіден, Харьковтан, Ленинградтан партияның шақыруымен 1204 «жиырма бес мыңыншы» келді. Бірақ бұлардың өздері Қазақ жерінде отырықшыландудың мәні мен механизмін жете түсінбеді. Көптеген әкімшілер үшін, бұл шартараптан жүздеген шаруашылықты бір жерге жинау болды. Мұндай топтаудың салдарынан шаруалар мал өрісінен, су мен шөп іздеп, жайылым ауыстырып отыру мүмкіндігінен айырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Ежегодник Семипалатинской губернии: Обзор за 1925–1926 год. – Семей, 1927. 430б.

Ежегодник Семипалатинского округа... Обзор за 1927 – 28 год. – Семей, 1929. 292б.

Записки Семипалатинского отдела Государственного Русского Географического Общества. Вып XVII. Ч. 2. – Семей, 1928. 49 б.

Краткий отчет о работе Семипалатинского Губисполкома – Окрисполкома. За 1927 – 1928 операц.год. – Семей: изд. Окрисполкома, 1928. – 100стр.

Қазақстан Республикасының Шығыс Қазақстан Облыстық қазіргі заманғы тарихты құжаттандыру орталығы (Бұдан әрі – ҚРШҚО. ҚЗТҚО). 152 қор., 1-т., 840-іс.,

ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 74-қор, 1-т., 59-іс, 128-128 арт.-пп.

ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 1-қор, 1-т., 1184-іс

ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 74-қор, 1-т., 59-іс, 128-128 арт.-пп.

ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 74-қор, 1-т., 329(т-1)-іс, 125-п.

ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 74-қор, 1-т., 58-іс, 18арт.-п.

ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 74-қор, 1-т., 58а-іс, 529-п.

ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 74-қор, 3-т., 10-іс, 63-п.

ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 6-қор, 2-т., 31-іс, 187-п.

ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 583-қор, 2-т. 8-іс, 3-б.

ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 398-қор, 1-т. 42-іс, 202-б.

ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 578-қор, 1-т. 169-іс, 12-б.

ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 578-қор, 1-т. 1-іс, 7-б.

ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 256-қор, 1-т. 1-іс, 209-б.

ҚРШҚО. ҚЗТҚО. 578-қор, 1-т. 74-іс, 51-п.

Қызыл Қырғын. 37-де опат болғандар. Құраст. Қ. Қасенов., Ә. Төреханов. –Алматы: Қазақстан, 1994.-80-б.

REFERENCES

Ezhegodnik Semipalatinskoy gubernii: Obzor za 1925-1926 god. Semipalatinsk, 1927. 430 str. [The Yearbook of the Semipalatinskaya Gubernia: Review for 1925-1926. Semipalatinsk, 1927. 430 page] [inRussian].

Ezhegodnik Semipalatinskogo okryga... Obzor za 1927-28 god.-Semipalatinsk, 1929.292 str. [The Yearbook of the Semipalatinskcounties: Review for 1927-28 year. Semipalatinsk, 1929.292page] [inRussian].

Zapiski Semipalatinskogo otdela Gocydarctvennogo Ryckkogo Geograficheskogo Obshchestva. Vyp XVII. CH. 2- Semipalatinsk, 1928.-49 str. [Records of the Semipalatinsk Department of the State Russian Geographic Society. Lssue XVII. Part 2.- Semipalatinsk, 1928.-49 p.] [inRussian].

Kratkiy otchet o raboteSemipalatinskogo Gybicpolkoma-Okrpicpolkoma. Za 1927-1928 operats.god.-Semipalatinsk: izd. Okricpolkoma, 1928.-100 str. [A Brief Report on the Operation of the Semipalatinsk Gybyspolk-Okrpicpolkom. For 1927-1928 operational year- Semipalatinsk ed. Okrypolkoma 1928.- 100 pages.] [inRussian].

Qazakstan Respwblıkasınıń Şıǵıs Qazaqstan Oblıstıq qazirgi zamanǵı tarıxtı qujattandıru ortalıǵı - 152 qor., 1 t., 840 is., [East Kazakstan Regional Center for Documentation of Modern History of the Republic of Kazakhstan -152 funds, 1 volume, 840 cer.] [in Kazakh].

QRSHO. QZTQO - 74 jol, 1 T., 59-ic, 128-128 Art P. P.[in Kazakh].

QRSHQ.QZTQO- 1 qor, 1 t., 1184-ic[in Kazakh].

QRSHQ. QZTQO - 74 jol, 1 T., 59-ic, 128-128 Art P. P.[in Kazakh].

QRSHQ.QZTQO- 74 qor, 1 t., 329(t-1)-ic, 125 p.[in Kazakh].

QRSHQ.QZTQO- 74 qor, 1 t., 58-ic, 18art p.[in Kazakh].

QRSHQ. QZTQO- 74 qor, 1 t., 58a-ic, 529 p.[in Kazakh].

QRSHQ. QZTQO- 74 qor, 3 t., 10-ic, 63 p. [in Kazakh].

QRSHQ. QZTQO - 6 qor, 2 t., 31-ic, 187 p. [in Kazakh].

QRSHQ.QZTQO - 583 qor. -2-t. 8-ic, -3 b. [in Kazakh].

QRSHQ.QZTQO - 398 qor. -1-t. 42-ic, -202 b. [in Kazakh].

QRSHQ.QZTQO - 578 qor. -1-t. 169-ic, -12 b. [in Kazakh].

QRSHQ.QZTQO - 578 qor. -1-t. 1-ic, -7 b. [in Kazakh].

QRSHQ.QZTQO - 256 qor. -1-t. 1-ic, -209 b. [in Kazakh].

QRSHQO.QZTQO - 578 qor. -1-t. 74-ic, -51 p. [in Kazakh].

Qizil Qirǵın 37-de opat bolǵandar. Quract, Q. Qacenov., Ä. Törexanov. -Almaty: Qazaqstan, 1994.-80 b. [Victims of the Red Massacre 37 people became. Compiled by K.Kasenov., A. Turekhanov.-Almaty: Kazakhstan, 1994.-80p.] [in Kazakh].

ФТАХР / IRSTI/ МРНТИ: 03.20.00

Әлия БИЖАНОВА¹, Гүлбарам ЖӘЛЕКЕНОВА,²¹т.ғ.к., Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Қазақстан, Орал қ. E-mail: aaliyka@mail.ru,²тарих магистрі, аға оқытушы, М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан, Орал қ. E-mail: gulya_jalekenova@mail.ru

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ ҮЛЕС ҚОСҚАН БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДБИКЕЛЕРІ: БҚО тарихи-өлкетану музейі мұрағатындағы материалдар негізінде

XX ғасырда әйелдердің соғысқа тек медициналық персонал ретінде ғана емес, сонымен бірге майданға қатысуы шындыққа айналды. Бұл құбылыс, әсіресе, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде кең таралды. Олар ерлікке дайын болды, бірақ әскерге дайын болмады, соғыста олар қандай жағдайға тап болса да, олар үшін мұның бәрі күтпеген жағдай еді. Ұлы Отан соғысы шайқастарына 800 мыңнан астам әйел қатысты, тек Орал қаласынан 322 қыз бала майданға аттанды, олардың 24-і үйлеріне қайта оралмады. Бұл туралы кейінгі ұрпақ білуі керек, өйткені, әйел жауынгерлердің неміс басқыншыларын жеңуге қандай үлес қосқанын ешқашан ұмытуға болмайды. Әскери дәрігерлердің күш-жігері мен қамқорлығымен 10 миллион Отан қорғаушының өмірі құтқарылды. Ұрыста зардап шеккендердің 72%-ы және ауру жауынгерлердің 91%-ы қатарға қайтарылды. Бұл шын мәнінде өмір үшін ерлік.

Түйін сөздер: Ұлы Отан соғысы, медицина қызметкерлері, жауынгер әйелдер, майдан, әскери тәртіп, ерлік, марапаттар, еңбек.

Aliya BIZHANOVA¹, Gulbaram ZHALEKENOVA²,¹PhD. West Kazakhstan University of Innovation and Technology, Oral, Kazakhstan. E-mail: aaliyka@mail.ru,²Master of History, senior lecturer. M. Utemisov West Kazakhstan University, Oral, Kazakhstan. E-mail: gulya_jalekenova@mail.ru,

THE CONTRIBUTION OF NURSES OF WESTERN KAZAKHSTAN TO THE GREAT VICTORY: based on the materials of the archive of the WKO Museum of Local History

In the twentieth century, the participation of women in war, not only as medical personnel, but also with weapons in their hands, is becoming a reality. This phenomenon became especially widespread during the Second World War. They were ready for the feat, but they were not ready for the army, and what they had to face in the war was a surprise to them. More than 800 thousand women participated in the battles of the Great Patriotic War, only 322 girls left the city of Uralsk for the front, 24 of them did not return home. The next generations should know about this, and remember what contribution women warriors made to the victory over the German invaders. The efforts and care of military doctors saved the lives of 10 million defenders of the Motherland. 72% of the wounded in the battles and 91% of the sick soldiers were returned to service. Truly, this is a feat in the name of life.

Keywords: The Great Patriotic War, medical workers, women soldiers, the front, military discipline, feat, awards, merit.

Алия БИЖАНОВА¹, Гүлбарам ЖАЛЕКЕНОВА,²¹к.и.н., Запдно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Казахстан, г.Уральск. E-mail: aaliyka@mail.ru²магистр истории, старший преподаватель. Запдно-Казахстанский университет им.М.Утемисова, Казахстан, г.Уральск. E-mail: gulya_jalekenova@mail.ru

ВКЛАД МЕДСЕСТЕР ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА В ВЕЛИКУЮ ПОБЕДУ: по материалам архива ЗКО историко-краеведческого музея

В XX веке участие женщин в войне, причём не только в качестве медицинского персонала, но и с оружием в руках, становится реальностью. Особенно массовым это явление стало в период Второй мировой. Они были готовы к подвигу, но не были готовы к армии, и то, с чем им пришлось столкнуться на войне, оказалось для них неожиданностью. В боях Великой Отечественной войны участвовало более 800 тысяч женщин, только из города Уральска на фронт ушли 322 девушки, из них домой не вернулось 24 солдата. Об этом должны знать следующие поколения, помнить, какой вклад в победу над немецкими захватчиками внесли женщины-воины. Усилиями и заботой военных медиков спасена жизнь 10 миллионов защитников Родины. Возвращены в строй 72% пострадавших в боях и 91 % больных воинов. Поистине это подвиг во имя жизни.

Ключевые слова: Великая Отечественная война, медицинские работники, женщины-воины, фронт, военная дисциплина, подвиг, награды, заслуга.

Кіріспе. «Соғысқа әйелдің бет-бейнесі кірмейді ...» дегенмен, XX ғасырда әйелдердің соғысқа тек медициналық персонал ретінде ғана емес, сонымен бірге майданға

қатысуы шындыққа айналды. Бұл құбылыс, әсіресе, Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде кең таралды. Олар ерлікке дайын болды, бірақ әскерге дайын болмады, соғыста

олар қандай жағдайға тап болса да, олар үшін мұның бәрі күтпеген жағдай еді. Азамат үшін «әскери тәртіп», ал әйел үшін жағдайға сәйкес қайта қалыптасу әрқашанда қиын болады.

Әскери тәртіп, көп жағдайда әскери формасы, ерлер ортасы, ауыр дене күші мұның бәрі қиын сынақ болды. Бірақ бұл соғыс жағдайының маңыздылығы сол, олар еш күдік-күмәнсіз майданға аттанып жатты. Одан әрі олар майдан шебінде – өлім мен қанмен, әр минуттық қауіппен және «әрқашанда үрей мен қорқыныштарын жасыра алмады» (Присяжная, 2010).

Ұлы Отан соғысы шайқастарына 800 мыңнан астам әйел қатысты, тек Орал қаласынан 322 қыз бала майданға аттанды, олардың 24-і үйлеріне қайта оралмады. Бұл туралы кейінгі ұрпақ білуі керек, өйткені, әйел жауынгерлердің неміс басқыншыларын жеңуге қандай үлес қосқанын ешқашан ұмытуға болмайды.

Материалдар мен әдістер. Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасын мұрағат базасындағы әскери қорлар, Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі мұрағатындағы материалдары негізінде, сонымен қатар осы соғыс жылдарындағы медбикелер жайында жарияланған құжаттар мен материалдар, әдебиеттер мен деректер құрайды.

Талдау. Ұлы Отан соғысы кеңестік халықтарды да бір сыннан өткізгендей болды сол Ұлы соғыс сынында қазақтың ұлдарымен қатар қыздары да өздерінің жауынгерлігі парасаттылығы және Отанға деген адалдығын әлемге паш етіп, қазақ халқының ұлттық мінезі мен қасиетін танытты. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі медбикелердің қызметтерін зерттеу мәселесін екі топқа бөліп қарастыруға болады. Олар – Кеңес заманындағы және отандық зерттеушілер тобы. Соғыс жылдарындағы медбикелер туралы проблемаларға кеңес заманындағы ғалымдардың да аса назар аударғаны рас. Ондай зерттеушілер В.С.Мурманцева, Г.Б. Бырбаева, М.С. Ефремов. Бұл авторлар кеңестік кезеңде соғыс жылдарындағы медбикелер тағдыры туралы еңбектер жазумен айналысты.

Отандық тарихшыларымызда соғыс жылдарындағы медбикелердің тарихын тақырыптан тыс қалдырмады. Бұл тақырып төңірегінде П.Р.Букаткин, Т.З. Рысбеков, Б.С. Боранбаева және т.б. тарихшы ғалымдар қалам тартты және өз еңбектерін ұсына отырып, біздің еліміз үшін бұл тақырыптың әлі де маңызды екенін атап өтті.

Трофимова-Калинушкина Галина Сергеевна. Соғыс басталған кезде Орал қаласының тумасы Галина Сергеевна Орда ауданының аудандық ауруханасында және аудандық амбулаторияда жұмыс істеді. Ол 1943 жылы облыстық денсаулық сақтау басқармасының бұйрығымен жедел жәрдем станциясы мен №1 қалалық емханада жұмыс істеу үшін Орал қаласына келеді. Ал 1944 жылы Мәскеудің бас санитарлық бөліміне жіберіліп, 1027-ші жаяу әскер полкінің Ленинград майданы 1993 жылы 54-армия қатарына алынады.

Галина Сергеевна өзінің өмірбаянында былай деп жазады: «... Мен ағамедбике болып жұмыс істедім, майданда бірнеше күн көзімді жұмбадым, жаралыларды емдедім (сынықтар, басындағы жаралар). Ондағы сарбаздардың жан айқайын естіп және оны өз көзіңмен көру қандай сұмдық еді... ».

Содан кейін ПМР жанындағы Балтық майданының 506-атқыштар полкінің 198-атқыштар дивизиясын құру туралы бұйрық шығарылды, онда ол соғыстың соңына дейін қызмет етті. Галина Сергеевна тек 1945 жылы 20 тамызда ағат қызметінен босатылды. Әскери және еңбек наградаларымен марапатталған – Отан соғысы ордені, II дәрежелі медальдар, «Германияны жеңгені үшін», «Әскери қызметі үшін», «Еңбек ардагері», «Кеңес Одағының Маршалы Г.К. Жуков медалімен», «Ұлы Отан

соғысындағы Еңбегі мен ерлігі үшін» көптеген мерейтойлық медальдармен марапатталған.

Майданнан оралғаннан кейін, 1989 жылға дейін Галина Сергеевна №1 емханада жұмыс істеді.

Алевтина Тимофеевна Митрохина (Савченко) 1925 жылы 14 тамызда Саратов облысы, Огинский ауданы, Таловое ауылында дүниеге келген. Соғыс басталған кезде Алевтина Тимофеевна небәрі 15 жаста еді. 1942 жылдың күзінде медбикелер үшін оқу курстарын аяқтағаннан кейін, оны аудандық әскери есепке алу және шақыру бөлімі 15994 әскери бөліміне жіберді (3636 далалық әскери госпиталь), ол 1942 жылы 18 қарашада Сталинград майданына жіберіліп, 62-ші армияның құрамында Сталинград қаласында ұрысқа қатысады. Содан кейін Украина, Молдова, Румыния, Югославия және Венгрияда болды.

«Мен Жеңіс күнін Венгрияда Будапешт қаласында қарсы алдым». 1945 жылдың қазан айында ол өзінің болашақ күйеуімен танысады, ол сол жылдың қараша айында Оралға келді. Соғыстан кейінгі жылдары ол медициналық училищеде 31 жыл жұмыс істеді. Алевтина Тимофеевна II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен, «Кеңес Одағының маршалы Жуков Г.К.» медалімен, «Еңбек ардагері», мерейтойлық медальдармен, «Сталинград шайқасының ардагері» төсбелгісімен, «Үздік студент» төсбелгісімен марапатталған (Мамедова, 2015).

Александра Филипповна Серова (Ординарцева). Ол 1924 жылы Тула қаласында дүниеге келген. Анасы қайтыс болғаннан кейін, Шурочка (А.Ф. Серова) 13 жаста болған кезде, өгей шешесі оны үйден қуып жібереді. Ол кезде Кеңес Одағында көптеген қытай жұмысшылары болған. Қытай отбасылары үлкен аулада тұрды. Оны көшеде жалғыз қалдырғаннан кейін, мейірімді қытайлар оны үйлеріне шақырып және өздері Шурочка деп атап кеткен жасөспірім қызды өте жақсы көретін отбасы асырап алады және ол енді баспаналы болады.

Жаңа отбасының арқасында ол жеті жылдық оқу кезеңін аяқтай алады. 15 жасында ол №314 қару-жарақ зауытына токарь көмекшісі болып жұмысқа орналасады. Көп ұзамай ол комсомолға қабылданып, келесі жылы медициналық училищеге оқуға түсті.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап Шурочка майданға жетуге тырысты. Комсомол қалалық комитетінде оған туған жеріндегі зауытқа барып жұмыс жасауға ұсыныс берілді, онда еріктілерден жұмысшылар полкі құрылды. Милиция полкіне ол 1941 жылдың қыркүйегінде қосылады.

1942 жылы 10 қаңтарда Тула жұмысшылар полкіндегі Шурочка шешуші шайқасқа қатысады. Ондағы ауыр шайқаста қатты жарақат алған Александра жедел ауруханаға жеткізіледі. 1942 жылдың жазында одан әрі Алма-Ата ауруханасында емделеді. Науқасынан айыққаннан кейін ол майданға бару үшін әскери есепке алу және қабылдау бөліміне барады. Ол алдымен Красноводскіге, содан кейін Астраханьға жіберілген іздестіру батальонына тағайындалды. Онда ол болашақ күйеуі Виктор Серовпен кездеседі.

Сталинградта фашистік әскерлер жеңіліске ұшырағаннан кейін, батальон алдымен Архангельскіге, содан кейін Қиыр Шығысқа жіберілді. Мұнда олар Жеңісті қарсы алады. Ал 1945 жылы желтоқсанда басқа да бірқатар жауынгерлермен бірге әскерден босатылады. Алайда, ол үйіне оралмауға шешім қабылдады: ол онда өзін күтіп отырған ешкім қалмады деп ойлады. Енді ол Анапаға кетеді де, Виктор Серов туған жері Оралға оралады. Бір жылдан астам уақыт олар хат жазысып тұрды. Кейін ол: «Кел, мен сенсіз өмір сүре алмаймын», – деп жазған сүйіктісінің хатынан кейін, қайтадан Оралға келеді. Кейін олар үйленіп, екі ұл, бір қыз өмірге әкеліп, тәрбиелеп өсіреді.

Александра Филипповна ұзақ жылдар бойы Орал

теміржол ауруханасында медбике болып жұмыс істеді. Оны мұнда кәсібилігі, сезімталдығы, мейірімділігі мен қарапайымдылығы үшін құрметтеді, бағалады және жақсы көрді.

Ұлы Отан соғысы майданында Батыс Қазақстан облысында жасақталған әскери құрамалардың құрамында болып немесе осы аймақтан аттанған кем дегенде 2 мың әйел адамдар ер адамдармен бірдей ерлік көрсетіп, майданда соғысқан.

Барбар Екатерина Алексеевна, Ұлы Отан соғысы кезінде Орал қаласындағы емханада қалалық әскери комиссариаттың медициналық кеңесінде жұмыс істеді.

Қызы Павлова Ольга Алексеевна майданда медбике және радио операторы болған. Сталинград түбіндегі шайқаста жараланған. Қазіргі кезде Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында майданнан О.А.Павловқа жазған хаттардың түпнұсқалары сақталған. Сондай-ақ, аталған қорда 1943 жылдан бастап Ұлы Октябрь революциясының 26 жылдығы мен құттықтау хаттары бар. Онда қызының ерлігі туралы және оған «Сталинград үшін» медалімен лайықты марапатталғандығы туралы да айтылады.

Русаловская (Крылова) Екатерина Семеновна 1924 жылы 17 қарашада Киев облысы, Зелиногород ауданы, Гусаково ауылында дүниеге келді, оның әкесі жұмысшы, ал анасы мұғалім болды.

Жеті жылдық кезең аяқталғаннан кейін Е.С.Русаловская Киев фельдшерлік-акушерлік мектебіне түседі, оны соғыс кезінде тұтқынға алады, ол кезде мектеп оқушылары Сумы облысының Ахтырка қаласына жұмылдыруға жіберіледі, ол жерден Саратов ауруханасына жолдама алады. Ол неміс авиациясының Киевке бағытталған қарулы әуе шабуылы мен бейбіт тұрғындардың қазасын көрді.

Саратов облысы Красный Яр ауылында орналасқан 282 полкты жасақтау үшін ол осы полкке жолданып, тоғызыншы ротаның фельдшері болып тағайындалды. Ол жауынгерлерге алғашқы медициналық көмек көрсетуді үйретті, әр жауынгерді медальонмен қамтыды. Өзі барша әскери фельдшерлердей, жаралыларды ұрыс даласынан плащ-шатырмен, шинельмен сүйреп, арқалап және міндетті түрде қару-жарағымен алып шығуды меңгерді.

Оған осының бәрін қатал қыс, ми батпақ көктемде меңгеруге тура келді. Өйткені дайындық ауа-райы, жыл мезгіліне қарамай, шынайы майдан ахуалына барынша ұқсатылған жағдайда өтуі тиіс.

Өте жас Катя Русаловская аса сақтықпен Энгельске 30 шақырымдық жорық жасайды және Еділ бойымен фронтқа жүзіп кетпес бұрын Еділ жағалауын сақтауға ант беріп, 1942 жылы 16 тамызда полкпен бірге Сталинград жағалауына кіреді, ал 1942 жылы 23 тамызда шекараға жетеді. Ол трактор зауытының қорғаныс полкіне алынып, сонымен бірге 17 жасында алғашқы өрт сөндіруші тағылымдамасынан өтеді.

Сталинградтың солтүстік бөлігінде, әсіресе, трактор зауытының ауылы мен зауыт бағытында өте қиын жағдай болды.

Уақытша қорғануға өткен жау мықты болды және полктің күштерінен артық болды. 10-шы дивизияның штабының мәліметінше, полк секторының алдында бір емес, бірнеше топтар ілгерілеуде. Осылайша, қорғаныс шебі де, шабуылдар да өз позицияларын жақсарту үшін белсенді және қанды қырғынға ұласты.

Аймаққа кіре берістің ішінара қоршалуын қосқанда, қиын жағдайлар қалыптасты. Бұл бөлім Қызыл Армия ережелеріне қайшы келді, танкке қарсы тұратын қарулар аз болды. Сондықтан полктің артиллериясы мылтықтың артқы бөлігінде немесе артында емес, олармен бірге және тікелей атыспен жауды жеңді.

Бірақ қаншалықты қиын болса да, полк бөлімшелері жан-тәнімен шайқасты, ешқашан артқа шегінбеді, қоршауға қарсы тосқауыл қойып, жеңіске жетті. Е.С. Русаловская

алғашқы шайқастардың бірін былайша еске алады: «... немістер аз қорғанысты жеңіп шықты (бәрі де атылған жоқ) және бізге дейін таяп қалды. Таң атып келе жатты. Біз шепті ұстап тұрдық, шегінбедік.

Бұл таң ата орын алды. Біз шегінбей, тұрып алдық. Кешке политрук Тюрин ағашқа шығып алып, тікелей соққы жасап жатқан артиллерияны бағыттауға кірісті. Сөйтіп отырғанда, снаряд оғы оның аяғын санынан жоғары жерден алмас ұстара сықылды тіліп түсті. Ағаштан құлап түскен оған көмек көрсетіп, шолақ аяғының астына шинелімді салдым.

Түнде суып кетіп, блиндажға түстім. Онда 15 адам бар екен. Түске қарай біздікілер шабуылға шығып, өз позициясын қайтарып алды».

1942 жылы 18 қыркүйекте Высота 93.2-де болған шайқаста топтың командирі мен саяси нұсқаушы қаза тауып, ол топты басқарады.

Ержүрек әскери көмекші небәрі 17 жаста болған, жауынгерлерді шабуылға бағыттады және көмекке қосымша күштер келгенше ұстады.

Батылдығы мен ерлігі үшін және шайқас барысында ауыр жараланған 22 жауынгерді ұрыс даласынан алып шыққаны үшін Е.С. Русаловская командованиенің қатысуымен марапатқа «Қызыл жұлдыз» орденіне ұсынылады.

1942 жылы 30 қыркүйекте қол қойылған наградалар тізімінде Сталинградтың 3/282 атқыштар полкінің 9-шы құрамасында майданда болғандығы, жараланған сарбаздар мен серіктестік командирлермен бірге Е.С. Русаловская туралы да айтылады.

Өзінің естеліктерінің бірінде: «101.3 биіктіктегі шайқастарда мен 22 жауынгерді ұрыс даласынан жеке қаруларымен алып жүрдім, 130 жаралыны таңып тастадым», – деп еске алады.

Сталинград майданының әскери бұйрығы бойынша №11 / 11/194/83 / N «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталды / КСРО Қорғаныс Министрлігінің мұрағаты, түгендеу 682526, 164 файл, 321 парақ /.

Вистула мен Одерді кесіп өту кезінде, Бреслау (Вроцлав) қаласындағы шайқастарда ол батальонның фельдшері ретінде 10-181-ші Сталинград жаяу әскер дивизиясының барлық шайқастарына қатысқан. Сол үшін «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

17 жастағы қаршадай қыз кезінен алғашқы майдан шептерінде шыңдалып, әскери мансабын 21 жасында аяқтаған. Оның жұбайы да Иван Петрович Крылов Екінші дүниежүзілік соғыстың қатысушысы, ол 1973 жылы Кеңес Армиясында подполковник шенімен әскери қызметін аяқтаған. Соғыстан кейін Русаловская Е.С. интернатта еңбек терапиясының аға оқытушысы болып жұмыс істеген.

Пальгова (Повитухина) Людмила Викторовна – 1923 жылы Оралда туған. Людмила майданға он сегіз жасынан бастап келген. Осы уақытқа дейін ол бірінші қалалық мектепте, содан кейін медициналық колледжде 7-сыныпты бітірді. 1939 жылы ол облыстық ауруханада хирургия бөлімінде акушер медбике болып жұмысқа орналасқан.

1941 жылы 25 маусымда комсомол қыз әскерге өз еркімен келді, Қиыр Шығыстағы резервтік полкте курста болып, содан кейін 2 ай өткен соң, әскери құрамамен Орел маңындағы майданға аттанды. 1942 жылдың қыркүйек айының басында ол Сталинградтың майданына түсіп, майдан даласына қабылданған 120-дан астам солдат пен офицердің құрамында болады. Сталинград түбінде Люда қатты жараланып, есту мен сөйлеу қабілетінен уақытша айырылады. Жарақатынан емделіп шыққаннан кейін ол армияда қалады және одан әрі екінші Украин майданында, 30-шы фронттың эвакуациялық пунктінде әскери міндетін атқарады.

Ол Будапештте соғысты аяқтап, Дунай флотилиясының 121-ші әскери ауруханасында қызмет етті, соғыстан кейін

ғана Сталинград түбінде болған шайқастағы ерлігі үшін марапатталады. 1946 жылы 25 мамырда медбике Людмила Повитухина (қыздың аты) Қызыл Жұлдыз Орденімен марапатталды.

1945 жылдың 9 сәуірінде өз міндеттерін адал атқарғаны үшін «Санитарлық қызметтің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. 1946 жылы қазан айында әскер қатарынан босап, еңбек жолын бастаған ауруханаға оралды, 3 хирургияда медбике болып жұмыс істеді.

Юдина Анна Васильевна – облыстық және қалалық әскери есепке алу және қабылдау бөлімшелерінің медициналық комиссиясында медбике болып жұмыс істеді.

Кононенко Екатерина Алексеевна – 1918 жылы 30 қазанда Астрахан облысы, Енотаев ауданы, Больхуны ауылында, кедей шаруаның отбасында дүниеге келіп, V Баскунчак станциясында 8 сыныптық мектепті бітіреді. Содан кейін ол 4 жыл оқыған Астрахан медициналық институтында емтихан тапсырды. 1940 жылы оған үшінші дәрежелі әскери дәрігер біліктілігі беріледі.

Варшавская Вера Львовна – Далалық Қызыл әскер жылжымалы аурухананың әскери қызметкері, 1942 жылдың тамызынан бастап Сталинградты қорғауға қатысқан. «Сталинградты қорғағаны үшін» медалімен марапатталған. 1941 жылғы 10 қарашадан 1943 жылғы 10 мамырға дейін белсенді 44610 әскери бөлімінде Қызыл Армия қатарында болды.

Сонымен бірге, «Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған. Майдандағы өмірдің барлық қиындықтарына батыл төтеп бере отырып, жараланған жауынгерлердің өмірін сақтап, саноттарда, медициналық батальондарда және ауруханаларда ауыр еңбек жолынан өтіп Берлинге дейін жеткен. Сол сияқты, Чебакова Л.Г., Арзамасцева М.И., Палгова Л.В. сияқты жүздеген мейірбикелер де әскери ордендермен және медальдармен марапатталған.

Майдан даласынан жараланған сарбаздарды өздерінің жұдырықтай иықтарына көтерген, олардың барлық күш-жігерін және жиі қандарын беретін, олардың күн сайын көрген жарақаттарын емдеп, шаршау мен ауырсынуды ұмытып кететін сәттері де болды.

Оны Беларусь ормандарындағы Речица маңында қанның көп мөлшерін ғана емес, сонымен бірге санасын да жоғалтқан жаралылардың қасына жатқызған кезде, медициналық батальондағы жаралылар оны «кішкентай қарындас Лидочка» деп шақыратын.

Белгілі болғандай, бұл Оралдың байырғы Батыс Қазақстандықтарының бірі еді және есіне түсіп, оған қан тапсырған отандасымызға олардың қазір біріккендерін айтып, ризашылықтарын білдірді. Келесі күні ол жаңа «туысқандарынан» ордендер, медальдар мен хаттар салынған сөмкені алып, оны Оралға отбасымен табыстауды сұраған кезде, таң қалдырды, ол жақында Мяскомбинат ауданындағы «Кишечный» ауылында тұрып, өледі, өйткені оған берген қанның бәрі төгіліп кеткен болатын.

Белгілі болғандай, жараланған адамдарға стрептоцидтің дозалары берілген, және ол оған қойылған ыдыста қызыл сұйықтықты көргенде, бұл қан деп шешіп, өлімге дайындала бастады. Бақытына орай, ол үшін оның «болжамы» расталмады, әрине, жараланған жерлесіміз осы оқиғаны ұзақ уақытқа дейін әзілмен еске алады (Букаткин, 1995).

Зерттеу нәтижелері. Жауынгер әйелдер мен тылдағы әйелдер соғыс аяқталғаннан кейін бірнеше жыл өткен соң өздері туралы, достары туралы айта бастады. Жергілікті және елордалық баспаларда жарияланған естеліктер жинақтарының беттерінде, ең алдымен, майдандағы әскери және азаматтық ерлігі туралы және соғыс жылдарындағы күнделікті қиындықтар туралы сирек айтылады. Тек бірнеше ондаған жылдар өткен соң, олар заттарды өз есімдерімен

атай бастады және кеңестік әйелдер қандай қиындықтарды жеңгенін және оларды қалай жеңгендерін ұмытпады.

«Ұлы Отан соғысы кезіндегі әйелдер» мәселесіне келер болсақ, біз проблеманың өте кең және жан-жақты екенін және бәрін қамту мүмкін емес екенін түсінеміз. Сондықтан, біз бұл тарауда адамға көмектесу үшін бір міндет қойдық, сол арқылы «әйелдің бейнесі – патриот, күрескер, еңбекқор, жауынгердің анасы» ретінде адамдардың жадында сақталады (Букаткин, 1995, 75 б.)

Батыс Қазақстандағы ауруханалар жүйесі негізінен 1941 жылдың күзінде дамыды және бұл Оралдағы бес және Гурьевтегі үш ауруханадан тұрды. Майдангерлер Сталинградқа жақындаған сайын Батыс Қазақстандағы ауруханалардың саны 20-ға жетті. Сталинград қан құю станциясы да осында, Оралға көшірілді. Ол күн сайын донорлардан 50-ден 75 литрге дейін алуға мәжбүр болды. Қанды алып, мұқият сақтап, оны ауруханаларға жеткізіп отырды. Қан қабылдау облыс орталығында және оған іргелес Приуральный, Теректі, Зеленов, Каменский, Бурлинский және Чапаев аудандарында ұйымдастырылды (Букаткин, 1974).

Бұл жылдары ең жақсы ғимараттар ауруханаларға арналған. Құрылыс-жөндеу бригадалары қажетті жөндеу жұмыстары мен ішкі қайта жабдықтауды жүргізді. Ауруханалар медициналық жабдықтармен, жиһаздармен, төсек-орын жабдықтарымен және қол жетімді қорлармен қамтамасыз етілуі үшін, жергілікті кәсіпорындарда жоқ болып шықты. Орал қаласының мысалы осыған дәлел бола алады.

Қалалық партия комитеті мен қалалық атқару комитеті орналастырылатын ауруханалардың саны мен олардың төсек сыйымдылығы туралы білгенде, қол жетімді төсек жеткіліксіз болатыны және ауруханалар келгенге дейін оларды өзіміздің ресурстарымыздан және жергілікті материалдардан жасау керек екендігі белгілі болды.

Металл өндейтін кәсіпорындар, қала және теміржол торабының шеберханалары олар үшін жаңа кәсіп ашты. Сондай-ақ материалдар табылды: қалалық атқарушы комитеттің шешімімен металдан жасалған қоршаулар алынып, өзгертілуге пайдаланылды.

Жетіспейтін ыдыстарды белсенді үй шаруасындағы әйелдер, Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай қоғамдарының бастауыш ұйымдарының мүшелері жинады. Қиындықтар дер кезінде шешілді (Белан, 1990).

Партиялық комитеттердің, жергілікті кеңестердің атқарушы комитеттерінің, медициналық мекемелердің және Қызыл Крест пен Қызыл Жарты Ай қоғамдарының өкілдерінен құралған жаралыларға қамқорлық жасау жөніндегі облыстық, қалалық және аудандық комитеттер ауруханалар қызметінің барлық аспектілерін ойластырып, өндірістік және басқа топтардың жараланғандарға қызмет көрсету мүмкіндіктерін ескерді.

Жүздеген командалар мен мыңдаған адамдарды қамтитын ауруханалардың патронажы ұйымдастырылды.

Колхоздар, совхоздар және соған ұқсас шаруашылықтар жараланғандарға азық-түлік жеткізді. Театрлар, әуесқой клубтар ұжымдары концерттер берді. Студенттер, оқушылар мен үй шаруасындағы әйелдер кезекшілікте болды, жараланғандарға хат жазуға, кітап, газет, журнал оқуға көмектесетін.

Негізгі ауырлық, әрине, дәрігерлердің мойнына түсті. Барлық ауруханалар дерлік дәрігерлер, медбикелер, жергілікті тұрғындардың арасынан алынған медбикелерімен қамтамасыз етілді.

Ұлы Отан соғысы халқымыздың басынан кешкен барлық соғыстардың ең ауыры және қанды кезеңі болды. Ол жиырма миллионнан астам адамның өмірін құрбан етті. Осы соғыста миллиондаған адамдар қаза тауып, крематорияда өртелді және концлагерьлерде жойылды. Ашу-ыза мен ауыр қайғы кернеген Кеңес Одағы

халықтары бір жұдырықтай жұмылды.

Әйелдер мен балалар ер адамдармен бірге соғысқан. Олар – кеңестік дәрігерлер, әйелдер дәрігерлер Кеңес Армиясының сарбаздарымен иық тіресе отырып, соғыс жылдары 1941 жылдың қорқынышты, ауыр күндерінен 1945 жылдың мамыр айына дейін жүріп өтті (Иванова, 2002).

Қорытынды. Осы жылдары екі жүз мыңнан астам дәрігерлер мен жарты миллион медбикелер майданда және тылда жұмыс істеді. Олардың жартысы әйелдер болды. Олар он миллионнан астам жаралыларға көмек көрсетті. Әрекет етуші армияның барлық бөлімдері мен бөлімшелерінде, партизан отрядтарында, жергілікті әуе шабуылына қарсы қорғаныс жасақтарында медициналық қызметтің сарбаздары болды, олар кез келген уақытта жараланған адамдарға көмекке келуге дайын болатын.

Медициналық батальондар мен майдандық ауруханалардың дәрігерлері мен медбикелерінің жұмыс күні үздіксіз бірнеше күнге созылды. Ұйқысыз түндерде медицина қызметкерлері операциялық үстелдің жанында жанқиярлықпен тұрды, ал кейбіреулері өлгендер мен жаралыларды арқаларына сүйреді.

Медицина қызметкерлерінің ішінде жаралыларды құтқарып, оқ пен снарядтың сынықтарын денелермен жапқан, өздерінің жеке «матростары» болды. Ол кезде Кеңес Қызыл Кресті жаралыларды құтқаруға және емдеуге үлкен үлес қосты. Ұлы Отан соғысы кезінде бірнеше жүз мың медбикелер, санитарлық отрядтар, тәртіп сақшылары даярлық курстарынан өтті, 23 миллионнан астам адам «КСРО-ның санитарлық қорғанысына дайын» бағдарламасы бойынша оқытылды. Олардың ішінде көптеген жараланған және науқас сарбаздар өз қызметтеріне қайтадан оралып отырды.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Присяжная А. Медицинские сестры в годы Великой Отечественной войны. <https://kbrmk.kirov.ru/>, 2010, стр.1.

Мамедова З.Б. Женщины прошедшие войну. Muragat-bko.gov.kz, 2015.

Букаткин П.Р. Западноказахстанцы в годы суровых испытаний (1941-1945). Самара, 1995, стр.73-75

Уральский облпартархив. Ф. 37. Оп. 10. Д. 23. Л. 223-225; Оп. 11. Д. 18. Л. 317.; Гурьевский облгосархив. Ф. 1. Оп. 1. Д. 1561. Л. 67; Букаткин П. Р. Западный Казахстан – ближайший тыл Сталинградского фронта // Советский тыл в Великой Отечественной войне: Кн. 2. Трудовой подвиг народа. М., 1974. С. 318.

ЦГА КазССР. Ф. 1690. Оп. 1. Д. 272. Л. 44; Белан П.С. Казахстанцы в битве на Волге. Алматы, 1990, стр. 111-112

Иванова Ю.Н. Храбрейшие из прекрасных: Женщины России в войнах. Москва, 2002, С. 256.

REFERENCES

Prisyazhnaya A. Meditsinskiyestry v godyVelikoy Otechestvennoyvoyny [Nurses during the Great Patriotic War].-<https://kbrmk.kirov.ru/>, 2010, p. 1 [in Russian].

Mamedova Z.B. Zhenshchinyproshedshiyevoynu [Women past the war].- Muragat-bko.gov.kz, 2015[in Russian].

Bukatkin P.R. Zapadno Kazakhstansy v godysurovy khispytaniy (1941-1945). [West Kazakhstanis during the years of severe trials (1941-1945)].-Samara, 1995, p.73-75 [in Russian].

Ural'skiy oblpartarkhiv. F. 37. Op. 10. D. 23. L. 223-225; Op. 11. D. 18. L. 317.; Guryevskiy obl gosarkhiv. F. 1. Op. 1. D. 1561. L. 67; Bukatkin P.R. Zapadnyy Kazakhstan – blizhayshiytyl Stalingradskogo fronta // Sovetskiytyl v Velikoy Otechestvennoy voyne: Kn. 2. Trudovoy podvig naroda.M., 1974. S. 318 [Ural Regional Party Archive. F. 37. Op. 10.D. 23.L. 223-225; Op. 11.D. 18.L. 317.; Guryev Regional State Archives. F. 1. Op. 1.D. 1561.L. 67; Bukatkin P.R.Western Kazakhstan – the closest rear of the Stalingrad front // Soviet rear in the Great Patriotic War: Book. 2. Labor feat of the people. M., 1974. S. 318 [in Russian].

TSGA KazSSR. F. 1690. Op. 1. D. 272. L. 44; Belan P.S. Kazakhstansy v bitvenaVolge[CGA KazSSR. F. 1690. Op. 1.D. 272.L. 44; Belan P.S. Kazakhstanis in the battle on the Volga].-Almaty, 1990, pp. 111-112 [in Russian].

Ivanova YU.N. Khrabreyshiyeyizprekrasnykh: Zhenshchiny Rossii v voynakh [Brave of the Beautiful: Russian Women in Warriors].- Moscow, 2002, P. 256 [in Russian].

ҒТАХР /IRSTI/ МРНТИ: 69.01.09

УДК: 908:639:205

Нағима САРМУРЗИНА¹, Дамир ЖАРЫЛҒАСЫН,²

¹т.ғ.к., қауымд. профессор м.а., e-mail: nagima0107@mail.ru,

²магистрант, 2-курс, e-mail: damir.zh96.kz@mail.ru,

^{1,2}Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Қазақстан, Атырау қ.

СТАХАНОВШЫ АТАНҒАН АТЫРАУЛЫҚ БАЛЫҚШЫ

Мақалада өлкеміз тарихының айқын куәсі, Ұлы Отан соғысының отты жылдарында тылда аянбай жанқиярлықпен еңбек етіп, Стахановшы атанған К.Сидақовтың өмірі мен еңбегі баяндалып, сол арқылы әрбір жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімді ояту мен еңбекқорлыққа тәрбиелеу көзделді.

Ел басына күн туғанда жауапты жүкті иығына арқалаған тың еңбеккерлерінің мылтықсыз майданда жасаған ерлікпен тең еңбегін көпшілікке ұғындыру арқылы тыл тірлігі тылсым күйінде ашылмай қалмасын деп, қарапайым еңбек адамының бейнесімен еңбек жолдарын үлгі-өнеге ретінде таныта отырып, тыл ардагерінің де ұлан-асыр жеңіске қосқан үлесі сараланды. Олар ешуақытта жасаған ерлігін де, еңбегін де айтып мақтанбайды. Бірақ тарихымыздың шынайы бетін зерттеп, Ұлы Жеңіске үлес қосқан миллиондаған адамдардың тағдырын білу біздер үшін, келер ұрпақ үшін өзектілігі жоғары, маңызды мәселе болып табылады. Мақаланың басты мақсаты соғыс кезіндегі тыл еңбеккерлерінің ерлікке тең еңбегіне арналады.

Түйін сөздер: соғыс, жеңіс, тыл, қиындық, патриот, балықшы, стахановшы, еңбек.

Нағима САРМУРЗИНА¹, Дамир ЖАРЫЛҒАСЫН,²

¹к. и. н., и. о. ассоц. профессора, e-mail: nagima0107@mail.ru,

²магистрант, 2 курс, e-mail: damir.zh96.kz@mail.ru,

^{1,2}Атырауский университет имени Х. Досмұхамедова, Казахстан, г. Атырау

АТЫРАУСКИЙ (ГУРЬЕВСКИЙ) РЫБАК, СТАВШИЙ СТАХАНОВЦЕМ

В статье рассказывается о жизни и заслугах К. Сидаква, который в огненные годы Великой Отечественной войны самоотверженно трудился в тылу, став стахановцем, тем самым прививая патриотические чувства и воспитывая трудолюбие у каждого молодого поколения.

С наступлением дня рождения, осознавая равный труд тружеников тыла, несущих на плечах ответственный груз, равный подвигу на фронте без винтовки, тыловая жизнь не может быть раскрыта в тыловом состоянии, отражая образ простого человека труда в качестве примера трудовой деятельности, был проанализирован вклад труженика тыла в Великую Победу. Они не гордятся ни подвигом, ни заслугами, которые они совершили. Но изучение подлинной страницы нашей истории и знание судьбы миллионов людей, внесших вклад в Великую Победу, является для нас, будущих поколений, актуальной и важной проблемой. Главная цель статьи посвящена героическому труду тружеников тыла в годы войны.

Ключевые слова: война, победа, тыл, беда, патриот, рыбак, стахановец, труд.

N. SARMURZINA¹, D. ZHARYLGASYN,²

¹Candidate of Historical science, associate professor, e-mail: nagima0107@mail.ru,

²2nd year master's, e-mail: damir.zh96.kz@mail.ru,

^{1,2} Atyrau University named after Kh. Dosmukhamedova, Kazakhstan, Atyrau

ATYRAU (GURYEV) FISHERMAN WHO BECAME A STAKHANOVITE

The article tells about the life and merits of K. Sidakov, who in the fiery years of the Great Patriotic War selflessly worked in the rear, becoming a Stakhanovite, thereby instilling patriotic feelings and cultivating hard work in every young generation.

With the coming of the day of birth, realizing equal work home front workers, bearing on his shoulders a responsible cargo equal to the feat at the front without rifles, a rear-life may be revealed in the rear as reflecting the image of a simple working man as an example of work, were analyzed the contribution of the workers of the home front in the Great Victory. They are not proud of the feat or the merits they have accomplished. But studying the true page of our history and knowing the fate of millions of people who contributed to the Great Victory is an urgent and important problem for us, future generations. The main purpose of the article is devoted to the heroic work of home front workers during the war.

Keywords: war, victory, home front, trouble, patriot, fisherman, stakhanovite, labor.

Кіріспе: Қазақ халқының Ұлы Отан соғысындағы жеңіске қосқан үлесі зор. Соғыстың ауыртпалығын көтеріп, бостандықты қорғаған қазақстандық батырлардың есімі әрқашан ел есінде сақталады. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап “Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!” деген ұранмен соғысқа аттанған ерлердің орнын әйелдер, қариялар мен балалар алмастырды. Тыл еңбеккерлерінің де жауды жеңудегі рөлі жоғары. Олар соғыс күндерінің барлық ауыртпалықтарын қажырлылықпен көтеріп, патриотизм үлгісін танытты. 1939 жылғы санақпен салыстырғанда 1942 жылы Қазақстанда ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің саны 600000 адамға азайған. Ауыл шаруашылығында еңбектенген ерлердің майданға шақырылуымен олардың орнын қариялар, әйелдер мен балалар басты. 1944 жылы қолхоздағы еңбекке жарамды ерлердің сандық үлесі – 20%, әйелдер – 58%, жасөспірімдер – 22% болды. Яғни, майданды азық-түлікпен, шикізатпен іс жүзінде әйелдер, балалар мен қарт адамдар қамтамасыз етті. Сондықтан, тарихымыздың шынайы бетін зерттеп, Ұлы Жеңіске үлес қосқан миллиондаған адамдардың тағдырын білу біздер үшін, келер ұрпақ үшін өзектілігі жоғары, маңызды мәселе болып табылады.

Материалдар мен методология. Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасын мұрағат деректері, куәгердің көзі тірісінде өз аузымен жазып кеткен таспа материалдары, стахановшы балықшы туралы жазылған әңгімелер жинағы мен информатор берген мәліметтер құрайды. Зерттеуде анализ, синтез, тарихи жүйелілік, тарихи-салыстыру, хронологиялық және басқа да әмбебаптық жалпыға мәлім зерттеу әдістемелері қолданылды.

Талдау. Тарихшы М.Қ.Қозыбаевтың «Казахстан – арсенал фронты» монографиясында тыл еңбеккерлерінің жанқиярлық еңбегі, деректік құжаттарға сүйене отырып шаруашылықтың әр түрлі салалары жұмысшыларының ерлікке тең еңбектері, стахановшылар туралы, өндіріс озаттары, екіжүздікшілер еңбегі жан-жақты қамтылған. Сонымен қатар батыс қазақстандық облыстардың жұмысшы еңбеккерлерінің 1942 жылы майданды қажетті жабдықтармен қамту, Сталинград майданында жеңіске қол жеткізу үшін күн демей, түн демей мақсатқа жету жолындағы еңбектеріне айрықша көңіл бөлген (Қозыбаев М.К., 1970).

Т.Б.Балақаев пен Қ.Алдажұмановтың «Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941–1945 жж.)» атты еңбегінде Отан қорғау қорының жасақталуы, қазақстандық еңбекшілердің еліміздің қорғаныс қуатын нығайту жолындағы үлес салмағы, майдан мен тылдың тығыз байланысы, соғыстан азат етілген аудандарға көмектесу туралы соғыс пен тыл ардагерлерінің естелік әңгімелері мен мұрағат құжаттары мен баласөзде жарияланған мәліметтер негізінде баяндалады (Балақаев Т., Алдажұманов Қ., 1985).

Т.ғ.д., профессор Тілеу Көлбаевтың «Сұрапыл жылдар жаңғырығы» деп аталатын мақаласында Жеңіске совет әскерінің орасан зор үлесі, ерлікке толы іс-қимылы мен төгілген қаны және тыл еңбеккерлерінің күні, түн демей, тәуліктер бойы нәр татпай табанды еңбегі мен төзімділігі арқасында қол жеткізілгендігі туралы айтылған (Көлбаев Т., 2015). КСРО экономикасы мен тыл еңбеккерлерінің жеңіске қосқан еңбегі туралы басқа да маңызды мәселелер туралы В.А.Ежов, В.С.Василенко, Н.П.Липатова, Г.Г.Морехин, Г.С.Кравченко, Г.А.Куманев, Я.Е.Чадаева, Л.В.Максакова, М.К.Козыбаев және т.б. зерттеушілердің мақалаларында қамтылған (Советский тыл в первый период Великой Отечественной войны. 1988).

Зерттеу нәтижелері. «Тыл – майданның тірегі, жеңістің кепілі» деп тегін айтылмаған. Шындығында майдан мен тылдың біртұтас қимыл-әрекетінің нәтижесі 1941–1945 жылдары болған соғыста жеңіске жетуге әсерін тигізді. Бірақ майдан қайтпас қайсарлықты, ерлікті талап етсе, ал тыл қажырлы ерлікке тең еңбекті қажет етеді. Соғыс тек майдан даласында ғана емес, тылда да жүргені баршамызға аян. Соғыс басталған сәттен бастап, ел экономикасының маңызы күрт артып, өнеркәсіп орындарының барлығы соғыс жағдайына көшірілді. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен еңбек етті. Бозбала шақтарында қатарымен ойнап, күлмей, жауапты жүкті иығына арқалаған талай жас ерте есейді емес пе? Олардың алдында тек қана бір-ақ мақсат болды. Ол майданға көмекті еселей түсіп, майдангерлердің күш-қуатын арттырып, жеңіс күнін жақындату. Тыл еңбеккерлері бұл Отан алдындағы істі абыроймен орындады. Олар жанқиярлықпен еңбек етті. Сондықтан да ортақ жеңіске үлес қосқан тек майдангерлер ғана емес, олардың қатарында тыл еңбеккерлері де бар болатын. Солардың қатарында, Жаңаталап селосының

тұрғыны марқұм Сидақов Кәкімғалида бар болатын.

Сидақов Кәкімғали 1906 жылы Атырау (Гурьев) облысы, Жанбай ауылдық советі, Новобогат ауданында туған. Ата-анасы революциялық төңкеріске дейін кедей шаруа байлардың жалшылығында болған. Октябрь революциясынан кейін 1930 жылдан колхоз мүшесі ретінде балықшы болған. 1948 жылы әкесі қайтыс болады. Білімі: шала сауатты. 1922-жылдан 1942 жылға дейін колхозда балықшы болып жұмыс істеген. 1942 жылдан 1946 жылдары Устькомьянский балық заводында бригадир болып балық аулаумен айналысқан. 1946 жылдан 1948 жылдары май дайындау мекемесінде, 1948 жылдан 1950 жылдары Аудандық тұтынушылар қоғамының пунктінде жұмыс жасаған. 1948 жылы партия қатарына өткен. 1950 жылдан бастап шаруашылық дүкенінде дүкенші болған. Одан кейін зейнеткерлікке шыққанға дейін балықшыларға ау жамашы қызметін атқарып жүрген. Отбасын құрып бір қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірген. Қай жерде еңбек етсе де өзінің жұмысына белсенді, іскерлік қабілетін көрсетіп жүрген. Оны дәлелдейтін өндірістік мінездемесі мен өмірбаяны архивте сақталған (АОММ №325-қор).

Кәкімғали ата туралы, оның соғыс кезінде сонау Солтүстік Мұзды мұхитқа барып балық аулап, ерлікпен тең еңбек еткені жайлы қалам тербеген Атырау аймағына, Республикаға кеңінен танымал журналист, тамаша өлкетанушы, шежіреші, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Әбуғали Ғабдоллаұлы болатын. Оның «Пірім демей кім дейін» деген атпен баспадан шыққан кітабында Ұлы Отан соғысы кезіндегі ауыл адамдарының майдандағы және тылдағы жанқиярлық ерлік істері баяндалған (Ә.Ғабдоллаұлы 36 б.). Сонымен бірге еліміз Ұлы Отан соғысына 40 жыл толуына орай арнайы сұхбат өткізіп, атайдың өз аузынан шыққан әңгімелерін арнайы магнитофон касетасына жазып, радио арқылы халыққа ұсынған. Төменде сол касетада жазылған атайдың әңгімесін басқалар да білсін деген ниетпен еш өзгертпестен сол күйінде жазып отырмыз.

Атайдың касетада жазылған әңгімесі: «Жаңа талап» балықшы артелінен аттанған 5 балықшылар, олар: Сидақұлы Кәкімғали, Құспанғалиұлы Қалім, Тәжіғалиұлы Құлбас, Жұмабайұлы Құмар, Есқалиұлы Сәду. Әкелеріміз 1931 жылы қолдарындағы күнкөріс құралдарын-қайығын, ау, ат әбзелдерін ортаға салып «Жаңа талап» балықшы артелінің іргесін қалағандар. Бәрі де қарт Каспийдің ескі сырластары болатын. Біздер де сол әкелеріміздің қасына бала күннен еріп балық аулаудың қыр-сырын үйренгенбіз. Ұлы Отан соғысы басталғанда барша азаматтар елден майданға аттанып жатқанда біздерге азық-түлік дайындау яғни балық аулау тапсырылды. Бірақ бізді таңдаулы балықшылар деп, Солтүстік Мұзды мұхитқа жіберді. Бесеуіміз де бұл алыс өлке жайлы білетініміз де шамалы еді. Себебі біздер шалапұла хат танығандар. Тек қана еститініміз алыс ай бойы түні бар, алты ай бойы күні батпайтын жылы бар дегенді еститінбіз. Бұл жерде балық аулау кәсіпшіліктері құрылмақ. Сондықтан жаңа кәсіпке оларды үйрету керек болды. Сол шақыртуға Астраханнан және Гурьевтен балықшыларды шақыртып, оларға көп жауапкершілік жүктелді. Бізбен бірге Якутскіден трест құрайтын 5 кісі шығып, 1942 жылдың 4-ші апреліне дейін Гурьевте болып, басқа колхоздардан да адамдар бар, барлығы 50-60 шақты адам бар бәріміз аттандық. Соғыс кезі болғандықтан жолда әрлі-берлі жүріп жатқан солдаттар көп. Содан Қандағаш деген жерге келіп, тоқтадық, одан әрі Челябинскіге, одан кейін Иркутскіде 1-2 күн кідіріп, Байкалды жағалап жүретін темір жолмен өтіп, 2 күн шамасында Большой Невал деген селого келдік. Онда май айына дейін болдық. Біраз күннен кейін шойын жолмен бізді Тендр деген селого алып келді. Онда бізді бір приставитель күтіп алды. Оның үлкен қоймасы бар екен, содан тамақ алып ауқаттандық. Бізге астық, темекі,

секер, май берді. Содан жолда 1 күн кідірдік те, бәрімізді жүк машинасына бөліп мінізіп, Алдан деген жерге апарды. Прешин деп аталатын жақын жерден балық аулайтын құралдарды тиіп, параходпен сүйреп, Якутск деген жерге келдік. Трестің конторына 1 орыс, 1 қазақ және 60 шақты адам бардық. Асханадан тамақ ішіп, сол жерде түнеп, таңертең жолға шығатын болдық. Таң атысымен бәрімізді жиналыс болады деп шақырды. Контордың шарбағының ішіне жағалай отырдық. Контордың ішінен бір орыс адам шығып, ортаға келіп, «Мені танитындарың бар ма?»,- деді. Ешкім үндемеді. Өйткені оны танымайтын болатынбыз. Ол өзін таныстырып өтті. Мен – Козыревпын. Астраханнан басқарушысымын. Мен ЦК-дан келіп тұрмын. Менің қызметім сендермен бітеді. Мен 800-дей адам сұрағанмын. Сендер сияқты әлі көп адам келуі тиіс. Сендер жұмысты жақсы істеулерің керек деді. Жиналыс аяқталып, тараған соң, мынау сендердің бір айлық жалақыларың 700 манет деп ақша берді де қағазға қол қойдырып алды. Ол кезде бұл көп ақша болатын. Одан соң бізге бір здание берді, соған барып орналастық. Тамақ ішеміз, берілген жұмысты жасаймыз. Бір күні таңертең сыртқа шықсам судың беті толған баржы. Алдымнан бір солдат: «Қайда барасың, кері қайт»,,- деді. Қолында мылтық. Шошып кеттім. Қасымдағыларға келіп, айттым. Жүгіріп сыртқа шығып, бәріміз қарадық. Бір күннен соң солдаттар кетіп қалды. Сосын тағы кісілер көп келіп жүрді. Күн сайын жиналыстар болып тұрды. Трестерге мамандарды бөліп жатыр. Астраханнан бес орыс, Жаңаталаптан біз бесеуіміз және Ганюшкиннен 4 кісі барлығы 14 адам бірге болдық. Егер бір жерге жіберіп жатса, бірге болайық дедім. Осы айналамыздағы колхоздардан да көп кісілер бар. Бірақ арамызда сауатты адам болған жоқ. Орыс тілін білмейміз. Арамызда Қапаров Оқас деген адам болды. Сол бастығымыздың біреуі болды. Жаман адам емес, пысық.

Якутскіден шығып, «Пятилетка» деген параходпен сүйреп, бірнеше күн жүріп, теңізге шығып, теңізден шығысқа айнала бергенде бір жерге тоқтайды да адамдарды атап, түсіріп кетеді де одан әрі жүре бердік. Бір жерге келіп тоқтадық. Енді қара жерге шығуымыз керек. Бірақ мұз қалың әрі қарай жібермеді. Сол жерде 1 айдай жаттық. Содан әрі қарай жүре түсіп, Янь деген өзенге келдік. Жағасында Казачьи деген район бар, соған бардық. Онда бізді райком секретары күтіп алды да, жұмысты тез бастап, балық аулауымыз керек деді. Содан жұмыс басталып кетті. Алдымен ау жасадық 6 бригада болдық. Мен 1 бригада болдым. Бір инженер, бір орыс орынбасар бізге басшылық жасады. Бес-алты күнде ау жасап, ау құралдарымен қамтамасыз еттік. Балықшыларды балық аулауға жіберді. Ол жерде кілең якуттер. Якуттер балық ұстай алмайды, ұстаса да аз аулайды. Бірақ ол кезде балық бар. Біз оны іштей біліп тұрмыз. Бір кезде Зверев пен Козин келді, біреуі зам директор, бірі инженер. Осында бір қазақ келіп, балықты қойша айдап келді, ол қайда? – деді. Екі бригада ұйымдастырыңдар да біреуіне қазақты жіберіңдер, тездетіп ескекті, қайықты, ауды дайындап 4 құлаш етіп ау жасап, ау шабатын жерді дайындап, екі күнде бітірдік. Таңертең тұрсам, жел басылып қалған екен. Күн тымық, жақсы. Мен айқайды салдым. «Неғып жатырсыңдар?». Бәрі тұра жүгірді. Арғы бетке дейін ауды тарттық. Балық соншалықты өте көп. Күннің қатты салқындығына қарап жатқан адам жоқ. Балықты құйып жатырмыз. Үш рет ау шабылды. Халық жабылып жүріп үлгере алмадық. Якутскінің өзінен хабар келді. Мындағылар балық аулап жатыр, бірақ дым жоқ, аштан өлейін деп жатыр – деді. Сол кезде біздің орыс управляющийіміз айтты: Менде 14 маман бар. Бізге бір қазақ келіп, сол бізді қорғап қалған. Ол болмаса біз балық аулай алмаймыз. Ол кім? – деген. Ол Сидақов деген деп жауап берді. Өзіміздің орыс келіп сендерді бытыратып, 14 маманды 14 бригада етіп

жіберемін. Ана жақтағылар балық аулай алмай жатыр-деді. Мені приставитель етіп қойды да қарамағыма үш кісіні берді. Үшеуіне сетка әзірлеттім. Келесі күні судың астына жаңа сетка салып, ертеңіне балықты тартқанда үкі аузына сыймады. Балықты тапсырып жатырмыз. Қысқы план үш күнде орындалды. Устьян аудандық партия комитетінің хатшысы Винокуров келіп, Мына Сидақов деген қазақ келіп, балықты жүргізіп жіберді. Енді оны Састанақ деген жерге апарамыз – деді. Сосын мені ауданға жақын жер Састанақ деген жерге әкелді, 10 шақты балықшысы бар екен. Мені бір орыстың үйіне жатқызды. Сол жердің иесі екен. Мен келесі қысқа дейін сол жерде болдым. Артынан 1-2 колхоз келіп аулады. Бір күні атқа мініп алған директор келді. Сені конторға шақырады деді, Бардым. Директор екен, сен енді ВТА-ға барасың – деді. Бармаймын дедім. Бармасаң армияға жіберемін. Мен баратын болдым. Ертеңіне ВТА-ға бардым. Қараңғы түсіп кеткен. Күн суық. Барсам үйдің іші тар, адам көп сыймайды. Сыртта 60° суық. Бір үйге орналастырды. Бұл ауыл маған онша ұнамады. Мені бригадир етіп сайлады. Сол жерде үш жыл болдым. Жақсы қызмет еттім. Планды 500 центнер кейде тоннадай етіп балық ауладық. Еңбегімді ескеріп маған «Стахановшы» деген атақ берді. Бұл атақты жәйдан-жәй бермейді. Өзіңе берілген жұмысты, планды артығымен 2-3 есе артық орындасаң, ғана берілетін. Еңбекшілердің еңбек қарқындылығына қарай берілетін бұл атақты иелену мен үшін үлкен бақыт болды. Соғыстың алдында басталған болатын бұл қозғалыс. Ал соғыс кезінде тылда бұл қозғалыс одан әрі күшейе түсті. Мен сол жақта жүріп партияға өттім. Партияға кіретін ойымда да жоқ болатын. Бірақ олар өздері рекомендация дайындап, қол қойдыртып, партияға өткізді. Рекомендация берген кісілер: МРС-тің директоры: Зверев, партком Шоханов деген адамдар. Үш жылдан кейін 1946 жылы елге қайттым» (К.Сидақов, таспа).

Соғыс аяқталып елге оралған соң, бірге жүрген жолдастарымен де хабарласып тұрған. Олардың бәрі де жұмыстарын жақсы жасап, жақсы атақтар алған. Солтүстік Мұзды мұхитының айдынынан балық аулаған балықшылар сол тағдырлы күндер жайлы әңгіме шертіп, қиын-қыстауда дәм-тұзды бөліскен, тауқыметті жолда жалғасып, қол ұшын берген жолдастарын сағына аңсай отырып, жиі еске алып отырған.

Устьян ауданының соғыс жылдарындағы балық аулаудағы табыстары ондағы Астрахандық, Атыраулық маман балықшыларының жан қиярлықпен жасаған еңбегі ұшан-теңіз. Қазақстандық балықшылардың есімін Казачье, Хайыр, Устьян селоларының тұрғындары ұмытқан жоқ. Ал кейіннен соғыс жылдарында атыраулық балықшылар жұмыс істеген жердің маңынан алтын табылған. Бұл өңірде кейін Кулар, Северный, Власов, Омолой жұмысшы поселкелері бой көтерген. Баяғы колхоздар мен заводтар құрылған жерде, бұғы өсіретін, үлкен мемлекеттік шаруашылықтар құрылған.

Ел таңдамай, жер таңдамай, үкімет қайда жұмсаса да соған барып, қандай қиыншылықты көрсе де мойымай еңбек етіп, жеңіс күніне аянбай үлес қосқан нағыз азамат адам болды. Шаруашылық дүкенінде сатушы болды. Сол Жанбайда құрылған Микоян колхозы қазіргі осы біз тұрып жатқан жерге көшіп келді де Жаңаталап колхозы болды. Сондағы көп тұрғындар да осында көшіп келді. Оның арасында осы Кәкімғалидың отбасы да болатын. Елге өте сыйлы адам болды. Зейнеткерлікке шықса да әртүрлі жұмыстарды жасады. Жастарға балық аулаудың қыр-сырын үйретіп, ақылын үнемі айтып отырды. Қақең үлгі-өнегесі мол, айтары мол, оқымаған болса да, оқыған адамдай өмірден білгені, түйгені көп адам болатын (информатор Н.Бекенов).

Семьясынан жыраққа кетерде жалғыз ұлы Нұрғуат 2-3 жасар бала болды. Соғыс аяқталып елге оралған соң

да еңбектен қол үзген жоқ. Балық аулаудың қыр-сырын өте жақсы білетін еді. Сол білгендерін өмірден кеткенше үйретіп отырды. Өлшеусіз еңбек еткендер қаншама? Сол еңбектің қатарында осы Кәкімғалидың да еңбегін айтпай кетпеге болмайды. Ал қазіргі Кәкімғали атаның шаңырағында жалғыз ұлы Нұрғуаттың ұрпағы отыр. Оның балалық шағы соғыспен тұспа-тұс келді, өзінің балалық шағын білмесе де, өсе келе әкесінің әңгімелерін көп тыңдай отырып, көп жәйларға қанық болды. Әкесінің еңбекке баулудағы тәрбиесін, отбасындағы үлгі-өнегесін көріп өсті. Әке мектебінен шындалған Нұрғуат аға да өнегелі отбасының иесі, ұйтқысы 3 ұлы мен 3 қызын өсіріп отырған ардақты әке болды. Жолдасы Жансая апа да бір кезде Кәкімғали атаның сүйікті келіні атанса, ал қазір осы шаңырақта немерелерінің сүйікті әжесі. Жансая апаның да атасы туралы айтар әңгімесі көп. Әрбір айтқан сөздерін дәл қазір айтқандай сөзбе-сөз есінде сақтаған. Балаларына атасы туралы үнемі айтып отырады.

Қорытынды. Жеңіс бізге оңайлықпен келмегені тарихтан аян. Отан үшін от кешкен майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің қажымас қайсарлығы, ерлігі мен батылдығы арқасында қол жеткіздік. Кеңес үкіметі кезінде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы республика халқының майдан мен тылдағы ерлік істеріне арналған көптеген зерттеу еңбектері, мақалалар мен естелік әңгімелер жарық көрді. Десек те болашақта жүйелі түрде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, саралап жарыққа шығару қажет. Жыл өткен сайын, талай ерлік пен тыл қаһармандарының жүріп өткен ізгі жолдары әлі де талай зерттеліп, жазылары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты. №325-қор, 1-т., 2-п. Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде. Алматы: Ғылым, 1985. 320 б.

Бекенов Николай ағамен сұхбат. Атырау облысы Жаңаталап ауылы 2020 ж. // Ізденушінің жеке мұрағаты.

Козыбаев М.К. Казахстан – арсенал фронта. АлмаАта: Казахстан, 1970. 473 с.

Көлбаев Т.Сұрапыл жылдар жаңғырығы. Алматы: «Ана тілі» газеті, 29 қаңтар, 2015 ж.

Ғабдоллаұлы Ә. Пірім демей, кім дейін. Атырау, 2012 ж. 82 бет.

Магнитофон таспасында Қ.Сидақовтың өз аузынан жазылған әңгіме. 1985 ж.

Советский тыл в первый период Великой Отечественной войны. М.: Наука, 1988. 422 с.

REFERENCES

Atyrau oblystyq memlekettik muragaty [Atyrau regional state archive]. – №325-qor, 1-t., 2-p., [in Qazaq].

Balaqaeв T., Aldajumanov Q. Qazaqstan enbekshileri maıdan qyzmetinde [Workers of Kazakhstan are on the front line]. – Almaty: Gylım, 1985. 320 p. [in Qazaq].

Bekenov Nikolai agamen suhbat. Atyrau oblysy Janatalap аууly. 2020 j. [Interview with Nikolai Bekenov. Zhanatalap village of Atyrau region in 2020]. – Personal archive of the applicant [in Qazaq].

Kozybaev M.K. Kazakhstan – arsenal fronta [Kazakhstan is an arsenal front]. – Almaata: Kazakhstan, 1970. 473 p. [in Qazaq].

Kolbaev T. Surapyl jylдар jangyrygy [Echoes of difficult years]. – Almaty: «Ана тілі» gazeti, 29 qantar 2015 j. [in Qazaq].

Gabdollauly A. Pirim demei, kim deiin [Who says no]. – Atyrau, 2012j. 82 p. [in Qazaq].

Magnitofon taspasynda Q.Sidaqovtyn oz auzynan jazylgan angime [K. Sidakov's own story on a tape recorder]. – 1985. [in Qazaq].

Sovetskii tyl v pervyi period Velikoi Otechestvennoi voyny [Soviet rear in the first period of the Great Patriotic War]. – M.: Nauka, 1988. 422 p. [in Qazaq].

Т.СӘТБАЙ¹, А.ОРАЗБАҚОВ²,

¹Т.ғ.д., қауымдастырылған профессор. E-mail: dastan.satbai@mail.ru,

²Т.ғ.д., қауымдастырылған профессор. E-mail: aorazbakov1961@mail.ru

^{1,2}Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОДАҚТАРЫ: соғыстан кейінгі жылдар

Мақалада Қазақстан шығармашылық одақтары қызметіне бақылау орнатудың мемлекеттік және партиялық әдістері мен тәсілдері қарастырылады. Шығармашылық еркіндіктің болмауы және саяси-идеологиялық перманентті террор жағдайында жұмыс істеу жекеленген зиялылардың шығармашылығына кері әсер еткендігі аталып өтіледі. Соған қарамастан Қазақстан көркем интеллигенциясы өкілдері республика мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосты. Кеңес елінің 70 жылдық тарихында шығармашылық одақтар қызметіне мемлекеттік-саяси басшылық жүзеге асырылды. Шығармашылық одақтардың жұмысына, оның жекелеген өкілдеріне деген өктемдік мемлекеттік және партиялық құрылымдар арқылы жүзеге асырылды. Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесінің жаңындағы өнер жөніндегі Бас басқарма, Кинематография жөніндегі комитет, Мәдениет Министрлігімен және оның құрылымдары, Мемлекеттік Радио комитеті, Радио ақпарат басқармасы, Сәулет Істері жөніндегі басқарма және Министрлер Кеңесінің Мәдениет пен Ғылым, құрылыс және тағы басқа бөлімдері осындай құрылымдарға жатты.

Кілт сөздер: Мәдениет Министрлігі, Мемлекеттік Радио комитеті, Радио ақпарат басқармасы, Сәулет Істері жөніндегі басқарма, Шығармашылық одақтар.

Т.Я. СӘТБАЙ¹, А.Ж.ОРАЗБАҚОВ²,

¹доктор исторических наук, ассоц.профессор. E-mail: dastan.satbai@mail.ru,

²доктор исторических наук, ассоц.профессор. E-mail: aorazbakov1961@mail.ru,

^{1,2}Қызылординский государственный университет им. Коркыт Ата, Кызылорда, РК

ТВОРЧЕСКИЕ СОЮЗЫ КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ

В статье рассматриваются государственные и партийные методы в управлении деятельностью творческих союзов Казахстана. Отмечается, что отсутствие творческой свободы и деятельность в условиях политико-идеологического диктата и перманентного террора пагубно влияло на работу отдельных интеллектуалов. Однако, несмотря на это представители художественной интеллигенции Казахстана внесли значительный вклад в развитие культуры республики. Творческая работа представителей интеллигенции контролировалась через государственные и партийные структуры. Такими являлись Главное управление искусств при Совете Министров Казахской ССР, Комитет по кинематографии, Министерство культуры и его структуры, Государственный комитет радиосвязи, Управление радиотелевизионной информации, Управление по архитектуре, а также департаменты культуры, науки, строительства и другие органы Совета министров. В то же время деятельность Творческих союзов осуществлялась через структуры и подразделения КПСС.

Ключевые слова: Министерство культуры, Государственный комитет радиосвязи, Отдел радиотелевизионной информации, Управление архитектуры, Творческие союзы.

T. Y. SATBAI,¹A.ZH.ORAZBAKOV,²

¹doctor of historical sciences, professor. E-mail: dastan.satbai@mail.ru

²doctor of historical sciences, professor. E-mail: aorazbakov1961@mail.ru

^{1,2}Korkyt Ata Kyzylorda state university, Kyzylorda city, Qazaqstan

KAZAKHSTAN CREATIVE UNIONS IN THE POSTWAR YEARS

The article deals with state and party methods in managing the activities of creative unions in Kazakhstan. It is noted that the lack of creative freedom and activity in the conditions of political and ideological dictates and permanent terror adversely affected the work of individual intellectuals. However, despite this, representatives of the artistic intelligents of Kazakhstan made a significant contribution to the development of the culture of the republic. The creative work of intelligents was controlled through state and party structures. Such as the General Directorate of arts at Council of Ministers of the Kazakh SSR, the Committee for cinematography, Ministry of culture, Department of radio information, Management architecture, science, construction and other organov of the Council of Ministers.

Keywords: Ministry of Culture, State Committee for Radio Communications, Radio Information Department, Architecture Directorate, Creative Unions.

Кіріспе. Өткен ғасырдың 40-жылдарының аяғы мен 60-жылдарының соңындағы Қазақстан шығармашылық одақтарының жұмысы Кеңестік саяси жүйенің эволюциясымен, оның жоғарғы топтарындағы «сарай төңкерістерімен» тығыз байланысты болды. 40-жылдардың аяғы мен 50-жылдардың басында шығармашылық одақтардың жұмысына билеуші топтардың баса-көктеп араласуы күшейе түсті. Шығармашылық интеллигенция өкілдерінің

көпшілігінің жеке басына, олардың семьяларына нақты қауіп төнді. Кеңестік тоталитарлық жүйенің аса ірі зұлматты зұлымдықтарының бірі сонда – жеке адам «кінәлі» болып табылған жағдайда «кінә» автоматты түрде оның бала-шағасына, туысқандарына, жақындарына, дос-жарандарына да таңылды.

Хрущевтік «жылымық» жылдарының жемісі Қазақстан шығармашылық одақтарынан да көрінді. Әсіресе,

60-жылдардың басында қазақ әдебиетін жаңа деңгейге көтерген, талантты шоғырлардың қазақ мәдениетіндегі орны ерекше болды. Соған қарамастан, 60-жылдардың ортасынан бастап, мәдениет пен оның салаларын, құрылымдарын, шығармашылық Одақтастардың жұмысын басқарудың әміршілдік-әкімшілік әдістері қатая түсті. Шығармашылық одақтар өкілдерінің шығармашылық қызмет еркіндігін шектеу жетілдірілді. Әдебиет пен өнердегі, партиялық, таптық көзқарас, «социалистік реализмнің» қатаң шарттары, оның өкімдерін сұрқайландырды, шын мәнісінде көркем өнердің туындылары «идеологиялық саяси өнімдерге» айналды. Көркем өнер шығармалары идеялық-саяси мазмұнымен ғана бағаланып, өлшенді. Көркемдік мәдениеттегі ілгері басушылық сапалық көрсеткіштермен емес, сандық көрсеткіштермен өлшеніп: жазушылар, актерлар, суретшілер журналистер, композиторлардың сан жағынан өсуі үнемі алға тартылып отырды. Осылайша, шығармашылық өнімнің көркемдік құндылығы екінші кезекке ығыстырылды. Мұның барлығы, өз кезегінде көркемдік құндылығы төмен кітаптарды, музыкалық шығармаларды, фильмдерді, суреттерді, мүсіндерді, сәулет ескерткіштерін, журналистік өнімдерді тудырды. Шығармашылық одақтардың жұмысына бюрократизм, бейімделушілік тән келіп, конформистік элементтерге орын берілді. Нәтижесінде 60-жылдардың аяғына қарай «социалистік реализмнің» көркемдік өнімдерін халықтың тұтынуында дағдарыстық белгілер байқалып, бұл – «Қазақ фильм» туындыларына көрермендердің аз баруынан, қазақ тіліндегі кітаптардың кітап сөрелерінде жатып қалуынан, опера мен балетке деген қызығушылықтың орныға қоймағанынан, Сәулет өнеріндегі олқылықтардан көрінді.

Қазіргі уақытта Егемен Қазақстан Республикасы, нағыз демократиялық-құқықтық мемлекет құруды, ұлттық мәдениетті өркендетуді және дүниежүзілік қоғамдастық пен интеграциялануды қолға алып жатқан тарихи тұста – көркем интеллигенциямен шығармашылық одақтардың орнын айқындаудың, олардың қоғамның рухани сауығуындағы рөлін бажайлаудың маңызы зор. Бұл шығармашылық одақтардың, тоталитаризм жылдары жүріп өткен соқпақты жылдарына объективті түрде ғылыми талдау жұмыстарын жүргізгенде ғана мүмкін. Шығармашылық одақтардың кеңестік «тар жол тайғақ кешу» кезеңін жаңаша ғылыми ой елегінен өткізу – әдебиет пен өнердегі күні өткен стереотиптерден, тұжырымдамалардан, нобайлардан тезірек арылуға да мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының барысында автор ғылыми танымның негізгі ұстанымдары – объективтілік, жүйелілік, детерминизм мен тарихилық принциптеріне арқа сүйеді. Объективтілік – деректердің аясын кеңейту, зерттеу объектісіне қатысты жаңа дәйектерді ғылыми айналымға түсіру, қазіргі кездегі Қазақстан тарихшыларының әр түрлі тұжырымдамалары мен көзқарастарын ескеру арқылы жүзеге асырылды. Тарихилық принциптеріне сүйене отырып, оқиғалар мен материалдар хронологиялық реттілікпен берілді. Кеңестік тоталитарлық жүйенің эволюциясына сәйкес келетін көркем интеллигенция мен шығармашылық одақтардың тарихындағы кезеңдер бөлініп қаралды. Детерминизм мен кешенділік принципін ұстана отырып көркем интеллигенцияға қатысты мемлекеттік саясаттың негізгі әлеуметтік, экономикалық, мәдени бағыттарын анықтауға мүмкіндік алынды. Сондай-ақ зерттеу жұмысының барысында заманауи тарих, әдебиет, философия, мәдениеттану ғылымдарының жетістіктері пайдаланылды.

Талдау. Қазақстанның көркем өнері мен интеллигенциясының шығармашылығын зерттеуге, әрбір көркем өнер салаларының өз өкілдері ат салысты. Өткен ғасырдың 50-60 жылдарында Қазақстан музыка мәдениетіне арналған байыпты зерттеулер дүниеге келді. Бұл орайда, А.Жұбановтың зерттеулерін атап өткен жөн. Оның ең-

бектерінде өткендегі қазақ композиторларының өмірі мен шығармашылығы қамтылды (Жұбанов А. //Замана бұл-бұлдары. Алматы 1963 ж.). Осы жылдары Қазақстан сәулет, кино, бейнелеу өнерлеріне арналған Т.К.Басенов, Н.М.Меңдіқұлов, Қ.Сиранов, Г.А. Сарықұлованың еңбектері пайда болды. (Басенов Т.К. Прикладное искусство Казахстана. Алматы 1958 г., Мендикулов М.М. Архитектура города Алматы. 1958 г., Сиранов К. Казахское кино искусство. Алматы. 1958 г., Вандровская Е.Б., Сарықұлова Г.А. Женщины художницы Казахстана, т.б.).

60-70 жылдары Қазақстан композиторларының әндері мен романстарына, қазақ және орыс музыкасының шығармашылық байланыстарына, халық композиторлары мен кеңестік Қазақстан композиторларының шығармашылығына, қазақ музыкасының жаңа формаларына, Республикадағы көркем өнердің жалпы дамуына арналған зерттеулер молая түсті. (Ахметова М.М. Песня и современность. Алматы 1968 г., соныкі Советтік қазақ музыкасы. Тарихи очерк Алматы 1975 ж., Ерзакович Б.Г. Народная музыка Казахстана. Краткий исторический очерк. Алматы 1975 г.)

80-90-жылдары Қазақстан музыкасының теориясы мен тарихына, музыка фольклорының тарихнамасына, қазақ балетіне, халықтық билерге қатысты Д.Абиров пен А.Исмаилов, Б.Г.Ерзакович пен З.Қ. Қоспақов, Б.Аюханов, З.Дүкенбаева, Ә.Мұханбетовалардың ғылыми және көпшілікке арналған еңбектері жарық көрді. (Д.Абиров., Исмаилов А., Казахские народные танцы. Алматы 1983 г., Ерзакович Б.Г., Коспаков З.К. Қазақ музыка фольклорының тарихнамасы. Алматы. 1986 ж., Аюханов Б. Мой балет. Алматы 1988 г., Ә.Мұханбетова. Қағажу көрген қазақ музыкасы., Дүкенбаева З. «Қазақстан шығармашылық одақтары және оның Қазақстан халқының мәдениетін дамытудағы рөлі (1920-30 жж.) Тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертацияның авторефераты. Алматы 1994 ж.). Дегенмен мұндай мақалалар мен зерттеулерде қазақ көркем өнері туралы жаңа құнды пікірлердің болғандығына қарамастан, Қазақстан шығармашылық одақтарының жұмысы арнайы қарастырылмайды.

Зерттеу нәтижелері. Кеңестік тоталитарлық жүйенің шығармашылық одақтарды басқару құрылымдары Азамат соғысы мен жаңа экономикалық саясат жылдарында қалыптасты. Кеңестік мемлекеттік саяси жүйенің күрделенуімен шығармашылық одақтарды басқару механизмдері жетілдірілді. 20-жылдардың аяғы 30-жылдардың ортасында көптеген шығармашылық ұйымдар құрылды. Жарғы бойыншы «өз еркімен құрылған ұйым» делінгенімен оның құрылымдары орнығып келе жатқан әміршілдік-әкімшілік жүйенің талап-тәртібіне сәйкестендірілді. Сөйтіп, кеңес өкіметі алғашында шығармашылық процестерді басқаратын жоғарғы мемлекеттік құрылымдар құрса, көп ұзамай оны төменнен де бақылай алатын құрылымдар құрды.

Шығармашылық одақтар мен ұйымдар демократиялық негізде «өз еркімен» құрылған ұйымдар болып, төменнен қалыптасқанда ұнамды рөл атқаруға қабілетті еді, алайда идеологияланған тоталитарлық қоғамдағы шығармашылық одақтардың жұмыс стилін мемлекет пен басқарушы партия айқындады. 1946-1953 жылдары қатыгез әміршілдік-әкімшілік жүйе өзінің шырқау шыңына жетті. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы, әміршілдік-әкімшілік жүйенің, тек төтенше жағдайларда ғана «ұнамды» рөл атқаруға қабілетті екенін, ал бейбіт жағдайларда «саяси жүйе өз бетінше дамуға өзінің мүлде қабілетсіз екендігін көрсетті» [История Казахстана. Алматы. 1993. с. 338.]. Соғыстан кейінгі 1946-1953 жылдары елдің әлеуметтік-саяси өмірінің барлық салалары сияқты шығармашылық одақтарда, мәдени өмірде өрескіл күштеу элементтері күшейе түсті. Қордаланған әлеуметтік мәдени мәселелерді

кәсіптік деңгейде шешуде Кеңес билеушілері біліксіздік танытып, кеңестік жүйе бұрынғы жылдары жіберген дөрекі қателіктерінің орнын толтыруға ұмтылды. Большевиктік біліксіздік табиғи түрде дөрекі әміршілдікті, науқан-шылдықты, қайтадан жандандырды.

Шығармашылық одақтардың жұмысына, оның жеке-леген өкілдеріне деген қысым мемлекеттік және партиялық құрылымдар арқылы жүзеге асырылды. Қазақ ССР-і Министрлер Кеңесінің жанындағы өнер жөніндегі бас Басқарма, Кинематография жөніндегі комитет, Мәдениет министрлігі мен оның құрылымдары, мемлекеттік радио комитеті, Радио ақпарат басқармасы, Сәулет істері жөніндегі Басқарма және Министрлер Кеңесінің мәдениет пен ғылым, құрылыс және тағы басқа бөлімдері осындай құрылымдарға жатты. Мемлекеттік қаржы ең әуелі осы құрылымдарға бөлінді, осы құрылымдар арқылы шығармашылық одақтарға, мекемелерге – өндірістік мемлекеттік шығармашылық тапсырыстар мен тапсырмалар берді. Сондықтан шығармашылық одақтар бұл құрылымдарға тікелей қарасты болды. 1949 жылдың 24-маусымында өткен Қазақстан композиторларының жиналысында композитор Е.Брусиловский «бізде қандай бір болмасын музыкалық іс-шаралар ұйымдастырылмасын, ол Одаққа тапсырылмайды, Басқармаға тапсырылады. Осылайша, біз өнер жөніндегі Басқарманың қосымшасы ғана болып табыламыз» [ҚРОМА. 1840-қор, 1-тізбе, 26-іс. 95-п.], – деп атап көрсеткен еді.

Мұнымен қатар шығармашылық одақтардың жұмысы КОКП-ның құрылымдары арқылы да басқарылып отырды. Шығармашылық тапсырыстарды мемлекеттік құрылымдардан алғандықтан материалдық жағынан Одақтар ол құрылымдарға тәуелді болса, саяси ұйымдастыру, идеологиялық мәселелерге келгенде КОКП құрылымдарына тәуелді болды. Шығармашылық одақтардың органдары болып табылатын газет-журналдардың редакторлары міндетті түрде КОКП мүшесі болды және номенклатуралық лауазымға кіргендіктен оны Қазақстан КП/б/ның Орталық Комитеті тағайындады. Әрбір шығармашылық одақтарда партия ұйымдары, оның хатшылары болып, олар КП/б/ Орталық Комитетіне бағынды. Қазақстан КП/б/ Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы, үгіт-насихат, ұйымдастыру, ғылым мен мәдениет және құрылыс бөлімдері – шығармашылық одақтар жұмысына белсене араласты. Партиялық құрылымдар мемлекеттік құрылымдардан жоғарғы тұрған құрылымдар болғандықтан Одақтардағы шығармашылық процестердің бағыты – жоғарғы партиялық топтардағы саяси ахуалға, саяси климатқа тікелей байланысты болды.

Мемлекеттік тапсырыстар жүйесі – шығармашылық одақтардың жұмысын мемлекеттік саяси басқарудың формаларының бірі болды. 1954 жылдың 1-ақпанында өткен Қазақстан суретшілерінің III съезінде сөйлеген суретші Ярославскаяның тілімен айтқанда шығармашылық одақтар «тапсырыстан тапсырысқа дейінгі аралықты тіршілік қылды» [ҚРОМА. 1736-қор, I-тізбе, 460-іс. 94-п.].

Шығармашылық одақтардың жұмысына басшылық жасаудың тағы бір жүйесі – жоспарлылық еді. Әрбір шығармашылық одақтың, оның секцияларының жоспарлары түзіліп, ол әуелі секция отырыстарында, Президиум, секретариаттарда, мемлекеттік саяси құрылымдарда бекітіліп, орындалуы қадағаланып отырды. Жоспарлар өз кезегінде кварталдық, жарты жылдық, бір жылдық, бес жылдық жоспарлар болып бөлінді. Шығармашылық сияқты айрықша индивидуальді еңбекті талап ететін жұмыстың жоспарлылыққа салынуының тиімді нәтижелер беруі күмәнді еді. Жоспарлылыққа сәйкес, әрбір шығармашылық одаққа өз салалары бойынша жылына, бесжылдықта қанша туынды беруі керектігі алдын ала жоспарланды. Жоспарлар әдетте, кеңестік «жарқын тарихи» оқиғаларға, кеңес

қоғамның асқан асуларына, өткен белестеріне, жеткен жетістіктерне сәйкестендірілді. Мысалы, соғыстан кейінгі жылдардағы шығармашылық одақтарының міндеті «кеңес халқының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қаһармандық ерлігін көрсету, бейнелеу» болды. Жазушылар, ақындар, композиторлар, суретшілер, кино шеберлері осы тақырыпқа қалам тартуға міндеттелді.

1948 жылы Қазақстан композиторлар одағы 1948-1953 жылдарға арналған жоспар қабылдады. «1948-1953 жылдардағы Қазақ ССР-і композиторлар одағының негізгі шығармашылық міндеті – соғыстан кейінгі жылдардағы кеңес халқының еңбектегі ұлы ерлігін бейнелейтін музыкалық туындылар жасау, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының батырларына арналған монументальді шығармалар жасау, бұқаралық патриоттық, қорғаныстық және лирикалық, камералық музыка шығармаларын жасау болып табылады» [ҚРОМА. 1840-қор, 1-тізбе, 27-іс.] делінді. Бұдан әрі көрсетілген мерзім ішінде 9 опералық, 3 музыкалық, 5 симфония, 4 балет және т.т., барлығы 360 туындының жанрлар бойынша, тіпті жекелеген орындаушыларына дейін белгіленуі, мемлекеттік басшылықтың қаншалықты дәрежеде болғандығын көрсетеді. Осы орайда, 1949 жылдың 24 маусымында болған Қазақстан композиторларының жалпы жиналысында Одақ хатшысы М.И.Чулаки «Мемлекеттік тапсырыс жоспары нақты адамдарға негізделуі керек. Қолдағы бар нақты композиторлық күштерге сүйене отырып, мемлекет қандай-да бір шығармалар жазуды ұсынады, ал кеңестік композиторлар одағы мемлекеттік ұйымдармен бірге осы шығармаларды кеңес халқының талабына және партияның Орталық комитетінің музыкаға деген талабына сәйкес келетіндей өте жақсы сапада – мемлекеттің міндетті түрде алуын қадағалайды» [ҚРОМА. 1840-қор, 1-тізбе, 26-іс. 86-п.] – деп атап көрсетті. Сонымен, шығармашылық одақтар тек орындаушы функциясын атқарған жоқ, қадағалушы міндетін атқарды, саяси жүйенің көркем шығармаларды «жақсы сапада» алуын қадағалады.

Шығармашылық одақтарға деген басшылық мемлекеттік құрылымдармен қатар, партиялық кезекті құжаттармен де жүзеге асырылды. Партияның кезекті съездері мен Пленумдары, даталы күндері, қаулы қарарлары, мүшел тойлары, «тарихи шешімдері», партия «көсемдерінің» туған, өлген күндері шығармашылық одақтар мен қайраткерлерге – «кеңес өкіметінің кезекті міндеттерін» көрсетіп отырды. Мемлекеттік және партиялық құрылымдар шын мәнісінде параллельді құрылымдар болып, шығармашылық одақтардың жұмысына мемлекеттік-саяси басшылықты күшейте түсті.

Шығармашылық одақтар мен мәдениет өкілдерінің шығармашылық мінездеріне, тағдырына мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің де ықпалы аз болған жоқ. Мысалы, талантты қазақ скрипкашысы Әйткеш Толғанбаевтың мойындалуына нақ осы комитет жол бермеді [«Қазақтың Паганиниі». Қали Сәрсенбай. «Егемен Қазақстан» 20-тамыз 1994 ж.]. Оның барлық кінәсі, соғыс кезінде жау қолына тұтқынға түсіп қалуы болды. 60 жылдары, композиторлар одағының төрағасы Ғ.Жұбанованың арашашы болғанына қарамастан «қазақтың Паганиниі» атанған дарынды музыкант мойындалмай кетті.

Шығармашылық одақтардың жұмысын басқарудың тағы бір формасы – Одақ жиналыстары, пленумдары, съездерінің жұмысына мемлекеттік, партиялық құрылымдар өкілдерінің тұрақты қатысуы болды. Мұндай форумдарға міндетті түрде Қазақстан ҚП/б/-сы Орталық комитетінің хатшысы, бөлім меңгерушілері қатысып сөз сөйледі. Әдетте оның мазмұны – шығармашылық одақтардың кемшілігін сынап көрсетіп, алда тұрған міндеттерін саралап көрсетуден тұрды.

Тоталитарлық кеңес қоғамындағы шығармашылық интеллигенциясымен жұмыс формаларының бірі – оның мүшелерін тұрақты жұмыс істейтін идеологиялық саяси-оқу

жүйелеріне тартылуы болды. Оған Қазақстан компартиясы Орталық комитеті мен облыстық партия комитеттерінің жанындағы кешкі марксизм-ленинизм университеттері, ВКП/б/ тарихының қысқаша курсын зерттеу үйірмелері, саяси оқулар тағы басқалар жатты. Мысалы, 1949-1950 жылдары Қазақстан Суретшілері одағының барлығы дерлік саяси-ағарту жүйелеріне тартылып, марксизм-ленинизм университеттерінде 16 адам, ВКП/б/ тарихының қысқаша курсын зерттеу үйірмелерінде 40 адам оқыды.

1947 жылдың 25-27 ақпандарында өткен сәулетшілер мамандықтарын жетілдіру мәселелеріне арналған бүкілодақтық кеңестің қарарларында «1949 жылғы Сәулетшілер қорының барлық бөлімшелерінің жауынгерлік міндеті – кеңестік Сәулетшілер одағының барлық мүшелерін марксизм-ленинизм университеттерінің филиалдарында оқуын жүз процент қамту» [ҚРОМА. 1773 қор. I-тізбе, 58-іс. 4-п.], – деп жазылды. 1952 жылға дейін Қазақ ССР-і Сәулетшілер одағының 37 мүшесінің 14-ті марксизм-ленинизм университеттерін бітіріп, 3-і оқып жатты. Шығармашылық одақтардың жұмысына мемлекеттік-саяси басшылықтың тағы бір көрінісі – шығармашылыққа, көркем өнерге деген кеңестік әдістемелік, теориялық принциптерде жатты. Оларға «сын мен өзара сын», «түрі ұлттық – мазмұны социалистік», «Социалистік реализм», «Әдебиеттің партиялылығы», «таптық мәдениет», «халықтық мәдениет» сияқты толып жатқан догмалар кірді. Осы догмаларға жауап берген туындылар ғана ресми мойындалды, ал жауап бермеген шығармаларға «жарлықтар» ілінді. Біз жоғарыда шығармашылық қайраткерлері қызметінің тоталитарлық қоғамдағы жоғарғы партиялық топтардағы саяси ахуалға, саяси климатқа байланысты болғанын айттық. 1946-1970 жылдардағы шығармашылық одақтардың тарихы осыны аңғартады. Саяси өмірдегі өзгерістермен бірге шығармашылық одақтар жұмысында да «түзетулер» жүріп отырды.

1946-1953 жылдары сталинизм өзінің шырқау шыңына жетті. Қалыпты демократиялық қоғамда шығармашылықтағы шындық академиялық трибуналардан айтылатын болса, кеңестік тоталитарлық қоғамда ол «халықтар әкесінің» немесе партия көсемдерінің аузымен айтылып жатты. Шығармашылық одақтардың міндеті осы «шындықтарды» қайталап дұрыстығын дәлелдеп, дәйектеп отыру болды. «Алайда соғыстың барлық тауқыметі мен қиыншылығын майдан мен тылда бірдей көтерген халық соғыс қарсаңындағы жылдармен салыстырғанда айтарлықтай өзгерген еді. Бейбіт құрылысқа көшу жағдайында қоғамдық өмірдің көптеген мәселелері басқаша бағаланатын болды. Халық әлеуметтік бағдарламаға бетбұрыс жасау қажеттігін анық түсіне бастады» [В.П. Островский, В.И. Старцев, Б.А. Старков, Г.М. Смирнов. ССРО тарихы. Алматы. 1991. 109-бет.]. Түсіне бастаған дәлірек айтқанда зиялы қауым мен әскери интеллигенция еді.

Кеңес билеушілері ешуақытта зиялы қауым мен «кейбір әскери мамандарға» сенген емес. «Соғыстан кейін Сталин әскери адамдар ықпалының күшеюінен тағы да сескене бастады. Әскери адамдар «мұрынды көтере бастады» [ҚРОМА. 1778-қор. 2-тізбе, 11-іс. 96-п.] деді ол. 1945 жылғы Мәскеудегі жеңіс парады осыны көрсетті. Парадқа қатысушылар түгелге жуық Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен жауынгерлер мен офицерлерден тұрғанымен мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің бұйрығымен «агентуралық қызмет» күшейтілді. Кеңес билеушілері 1937-1938 жылдары халыққа қарсы репрессиялар мен қырғындарды ұйымдастыруда бай тәжірибе жинаған еді. Науқанды кімнен бастау керек деген мәселе тұрған кезде, таңдау зиялы қауым мен оның ұйымдарына түсті.

Тұтқынға сенбей – оны қамауда ұстау әскери практикада жиі кездеседі, өйткені ол күшпен қолға түсірілген. Зорлық-зомбылыққа негізделген кеңестік жыртықш жүйе өзінің

тұтқыны өз халқына сенбеуі табиғи нәрсе еді. Соғыс жылдары репрессивтік шаралар уақытша бәсеңсіді. Кеңес билеушілері үшін 1941-1945 жылдары «тұтқын» «еркінсіп» кеткендей көрінді. Сондықтан «тұтқынды» шұғыл орнына қою қажет болды. 1946 жылдың 14 тамызында ВКП/б/ Орталық Комитеті «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы қаулы қабылдады. Бұған іле шала 1946 жылдың 27 тамызында Қазақстан КП/б/ Орталық комитеті Қазақстан журналдары туралы қаулы қабылдап, республикадан шығатын екі ғана журнал – «Әдебиет және искусство» және «Қазақстан» альманахы – өткір сынға алынды [Пленум Центрального комитета КП/б/ Казахстана 21-23 марта 1947 ж.]. 1947 жылдың 21 қаңтарында Қазақстан Коммунистік (большевистік) партиясы Орталық комитетінің «Қазақ ССР-і Ғылым Академиясының тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескіл қателер туралы» қаулысы қабылданды. Бұл шығармашылық одақтарының ішінен «жау» іздеуге берілген дабыл еді. Қазақстан Жазушылары одағы оны «тауып» әкелді де.

1947 жылдың наурыз айындағы Қазақстан Коммунистік партиясының қаулысында «тарихшы, әдебиетші және өнерді зерттеуде орын алған саяси қателіктер мен ұлтшылдық бұрмалаушылықтарға қарсы күресті кеңінен өрістету және ВКП/б/ Орталық Комитетінің идеология мәселелері туралы қаулыларын сөзсіз орындауды қамтамасыз ету» [ҚРОМА. 1778-қор. 2-тізбе, 17-іс. 57-58-п.] атап көрсетілді.

1948 жылы КСРО Жазушылары одағының желтоқсан пленумында жасаған баяндамасында, Одақ төрағасы С.Мұқанов былай деп есеп берді: «ВКП/б/ Орталық комитетінің аталған тарихи шешімдеріне дейін қазақ кеңес әдебиеті қандай қателіктер, кемшіліктерден зардап шеккен еді? Біріншіден, бірқатар жетекші жазушылар /М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, т.б./ өздерінің негізгі шығармашылық күштерін кеңес дәуірінің қаһармандық шындықтарын бейнелеуге емес, революцияға дейінгі қазақ ауылының оқиғаларын бейнелеуге жұмсады. Оның үстіне бұл жазушылар ескі ауылдың тап күресін көлеңкеде қалдыра отырып, халық мүддесі үшін, прогресс үшін, бостандық үшін күрескен күрескерлердің образын көрсетпей таптық жағынан суреттемеді. Екіншіден, біздің кейбір жазушыларымыз /Ө.Тәжібаев/ қазақ жазушыларының нағыз мектебі болып табылатын орыс классиктерінен үйренудің орнына шындықты бейнелеуде Гетсенді, Матерлинкті және басқа Еуропа символистерін үлгі тұтты, нәтижесінде социалистік шындыққа және социализм идеяларына жат шығармалар жазды. Үшіншіден, кейбір жазушылар /С.Мұқанов, М.Әуезов, Ө.Әбішев, Ғ.Сланов, т.б./ шындықты натуралистерше, қарабайыр суреттеді» [Бұл сонда. 62-п.].

Қазақстан КП/б/-ның қаулыларынан кейін Қазақстан жазушыларының 99 пайызы кеңестік тақырыпқа көшті [ҚРОМА. 1773 қор. I-тізбе, 41-іс. 9,10-п.].

1950 жылы желтоқсанның 26-да «Правда» газетіндегі «Қазақстан тарихы мәселелерін марксист-лениндік тұрғыда баяндайық» атты мақаладан іле-шала, Қазақстан КП/б/ Орталық Комитеті 1951 жылдың 10 сәуірінде осы мақала бойынша, осы жылдың 14-тамызында «Қазақстан Жазушылары одағының жұмысындағы ірі қателіктер мен кемшіліктері және оларды жою шаралары туралы», Қазақстан КП/б/-ның VIII-пленумының «Республика партия ұйымдарындағы идеологиялық жұмыстардың жағдайы және жақсарту шаралары туралы» қаулыларын қабылдады. Қабылданған құжаттарда шығармашылық одақтардың жұмыстары, жекелеген өкілдері, әсіресе, жазушылар М.Әуезов, Ө.Тәжібаев, композитор А.Жұбанов «ұлтшылдық бұрмалаушылықтары» үшін сыналдып жатты.

1951 жылдың 15-18 желтоқсан аралығында Қазақстан КП/б/-ның V съезі өткізілді. Съезде «ұлтшылдық бұрмалаушылықтармен» күрестің маңыздылығы тағы да аталып өтті, зиялылар кінәланып жатты.

1953 жылдың 4-тамызында Қазақ ССР-і Ғылым академиясының Президиумы мен Қазақстан Жазушылары одағының Президиумы «Қазақ эпосы мәселелері бойынша дискуссиялардың қорытындылары туралы» қаулы қабылдап, онда «соңғы уақыттарға дейін буржуазиялық-ұлтшылдық сипаттағы бұрмалаулар мен қателіктердің жіберіліп келгендігі» айтылды. «Едіге», «Орақ пен Мамай», «Ер-Сайын», «Қарасай мен Қазый», «Шора-батыр» сияқты эпикалық шығармалар реакцияшыл, халыққа қарсы деп жарияланды. 1953-1954 жылдары «Ер-тарғын», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Айман-Шолпан» операларының либреттоларының қайтадан жазылуына шешімдер қабылданды.

Кеңес саяси жүйесі мен ВКП/б/-ның құжаттары Қазақстан шығармашылық одақтарының алдына «қазіргі заман», «Ұлы Отан соғысы», «Жұмысшы және колхозшы өмірлері», «тылдағы адамдардың қаһармандық ерлігі» тақырыптарын белгілеп берді. Нәтижесінде, жазушы Ғ.Мүсірепов Ұлы Отан соғысына арнап «Қазақ солдаты», Ө.Нұрпейісов «Курляндия» романдарын, Кеңес тақырыбына С.Мұқанов, «Сырдария», Ғ.Мұстафин «Миллионер», «Шығанақ», Ғ.Сланов «Кең өріс», М.Иманжанов «Алғашқы айлар» атты романдары мен повестерін жазды. М.Әуезов «Абай» роман эпопеясын бітіріп, кейінгі екі кітабына кеңес жүйесінің қысымымен «таптық элементтер» қосуға мәжбүр болды. Мысалы, Абайдың әкесі Құнанбай реакцияшыл феодал ретінде көрсетіліп, қазақ жатақтарындағы тап күресіне баса назар аударылды. Қалыптасып келе жатқан интеллигенцияның өз халқының өткеніне-кеткеніне, тарихына ден қоюы, ұлттық сана сезімнің қалыптасып келе жатқандығымен түсіндірілетін дүниежүзілік мәдениет тарихы көрсеткен табиғи құбылыс, алайда кеңестік жүйе үшін бұл табиғи құбылыс «ұлтшылдық-буржуазияшыл бұрмалау» деп бағаланды.

1946-1953 жылдары Қазақстан Сәулетшілер одағының жұмысына да басшылық мемлекеттік-саяси тұрғыда қолға алынып, «кемшіліктер» табылып жатты. Сәулетшілер М.П.Кудрявцев, М.Б.Левинсон, Н.А.Простаков және тағы басқалардың ғимараттары сыналды. 1947 жылдың 31 наурызында Суретшілер одағының жиналысы өтіп, оның төрағасы А.Беднягиннің баяндамасында Қазақстан Сәулетшілерінің «жұмысындағы негізгі бағыт формализм» болып есептелді. Сәулетші М.П.Кудрявцев ғимараттарының сыртқы қасбеті (фасады) ескі Ресейдің губерниялық қалаларының «кеңсе орындарына» ұқсағаны үшін, М.Б.Левинсон «қатаң классикалық стильдегі» нұсқауларды ұсынғаны үшін кінәленді. Бұдан әрі қарай сәулетшілер «әсем» үлгілер жолында нақты өмірден алыстағаны үшін «алдыңғы қатарлы мыс дейтін қазіргі заманғы Батыс Еуропа мен Америка үлгілеріне үстірт еліктегендіктері үшін» сыналды [Бұл да сонда 12-п.]. Мысалы, сәулетші Н.А.Простаков салған жас көрермендер театры, «Қазақстан кинотеатры» ғимараттарының қасбеттері сәнсіз шыққаны үшін және «әсемдік элементтерінің үйіліп-төгілуінен ғимарат көлемінің ұлғайып кеткендігі, яғни нақты өмірден алыстағаны» үшін айыпталды [ҚРОМА. 1736-қор, I-тізбе, 229-іс. 9,10-п.]. 1946-1953 жылдары Сәулетшілер одағындағы дискуссиялар шығармашылық одақ шеңберінде қалып қоғамдық резонанс тудырған жоқ, олардың арасынан «ұлтшылдар», «халық жаулары» шыққан жоқ. Бұл Одақ құрамында ұлттық мамандардың аздығымен, оның үстіне олардың Одақтары салмағының төмен болғандығымен түсіндіріледі.

1946-1953 жылдары Қазақстан Суретшілері одағының жұмысына да мемлекеттік-саяси басшылық күшейтілді. 1947 жылдың 29-мамырында Қазақстан Кеңес суретшілерінің жалпы жиналысы болып, оған мәскеулік өкілдер Писаревский, Титовтар қатысты. Онда Қазақстан суретшілеріне «кеңес көрермендеріне түгелдей бұрылу, оның мүдделері, сезімдерімен өмір сүру және өздерінің

картиналарында осы сезімдерді қалыптастыруға тырысу» [ҚРОМА. 1736-қор, I-тізбе, 362-іс. 5-п.] міндеттелді. Жиналыста суретшілер Бондаревтің «мемлекеттік әскери кеңес», А.М.Черкасскийдің «Ат үстіндегі Аманкелді», Қ.С.Назыровтың «Жамбыл Мәскеуде», «Киров Қарағандыда» суреттері сынға алынды. Бондаревтің «Мемлекеттік әскери кеңес» картинасына «Сталин мен Маршал Жуков қарама-қарсы қойылған» деген мін тағылды.

1948 жылдың 11-12 қарашаларында суретші А.Подковыровтың «Живописьтегі формализм мен натурализм» атты баяндамасы бойынша Суретшілер одағында дискуссия ұйымдастырылды. Онда «орыс өнері – қашанда әлемдегі ең демократиялық өнер» деп жарияланды. Баяндамада Э.В.Черномскийдің «Қобыланды», А.М.Черкасскийдің «М.Лизогуб», «Днепрден өту», Янковскийдің «Жамбыл балалар арасында», В.Фролованың «Алдыңғы қатарлы бригададағы үзіліс», Шиловтың «Ильич өсиеттері» - «формалистік тұрғыдағы идеясыздығы» үшін сыналды. Суретші Б.И.Урманчениң «Микоян Қазақстанда» картинасында «Шаяхметовтың образы қарадүрсін берілгендігі» аталып өтілді.

1950 жылдың 25 сәуіріндегі Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бюрасы «индустрияландыру тақырыбына жазылған суреттердің аздығы, Қазақстандағы күрт өзгерістер мен дамудың дұрыс бейнеленбей жатқанын» атап көрсетсе [ҚРОМА. 1840-қор, I-тізбе, 28-іс. 197-п.], 1951 жылы 9 қаңтарда «Правда» газетіне шыққан «Шығармашылық одақтардың жұмысын жандандырайық» атты бас мақала Кеңес тақырыбын басым бағыт етіп белгілеп берді. Мақалаға сәйкес, Қазақстан шығармашылық одақтары өз жұмыстарын «қайта қарады». Республикалық басылымдар да жапа тармағай үн қосысып жатты. 1951 жылдың 22 қарашасында «Казахстанская правда» газетінде «Республика Суретшілер одағында шығармашылық жағдай жасалсын», 1952 жылдың 6 қаңтарында «Жоғарғы идеялық және шеберлік үшін» атты мақалалар суретшілер үшін саяси-мемлекеттік бағдар рухында жазылды.

Композиторлар одағындағы «формалистерге», «космополиттерге» байбалам салуда 1946 жылдың 4 қыркүйегіндегі «Үлкен өмір» кинофильмі, 1948 жылдың 10-ақпанындағы «Ұлы Достық» операсы туралы КОКП-ның қаулылары үлкен роль атқарды. ВКП/б/ Орталық Комитетінде болған кеңес музыканттарымен кеңесте, партия көсемдерінің бірі А.Жданов композиторларға «Кеңес музыкасының үстемдігін орнату... Кеңес қоғамының бүгінгі дамуын бейнелейтін, Кеңес халқының мәдениетін және оның саяси саналылығын одан әрі көтеруге жәрдемдесетін» міндеттер қойды. Ал Қазақстан Композиторларының міндеті «шығыс музыкасының алдында қазақ музыкасының басымдығын» орнату болды [ҚРОМА. 1778-қор. 2-тізбе, 98-іс.140,141-п.]. Қазақ кеңес композиторларының жетістіктері дәстүрлі халықтық мелодиялық әндердегі жетістіктерімен емес, ірі формадағы музыкалық шығармалар арқылы өлшенді. 1948 жылы 27-30 қазан аралығында өткен Қазақстан композиторларының I съезі бұрынғы жылдары тарихи тақырыпқа 22-23, Кеңес тақырыбына 4 либреттоның жазылғанын атап өтсе, жоғарыдағы мемлекеттік-саяси қаулы-құжаттардан кейін композиторлардың дені Кеңес тақырыбына шығармалар жазуға бет бұрды.

Кезекті науқанды тереңдетуде 1949 жылы «Советская музыка» журналында жарық көрген «Батыл бетбұрыс керек» атты мақала бастама болды. Оның авторлары – ұлттық одақтас республикалардың композиторлары – елімізде «жаңа опералық және балеттік спектакльдерді жасауға байсалды әрекеттер жасалынбай жатқандығын» айта келіп, Қазақстандағы музыка өнерінің құлдырауы туралы концепцияларды алға тартты. Мақала авторларының ішінде Қазақстан композиторы М.Төлебаев та болды. Мақала авторларының ойынша музыка өнерінің құлдырауы «қазіргі заман тақырыбына», яғни Кеңес тақырыбына арналған

шығармалардың жоқтығынан, ірі формалы музыкалық шығармалардың аздығынан көрінді.

1951 жылдың 15 қазанында «Советское искусство» журналында Қазақстан КП/б-сы Орталық комитетінің хатшысы И.Омаровтың «Қазақстан музыка мәдениетін одан әрі көтерейік», осы жылдың 28-қыркүйегінде «Казахстанская правда» газетінде М.Төлебаевтың «Қазақстан музыка тануындағы бұрыс бағыттар» атты мақалалары жарияланды. Көп ұзамай 1951 жылдың 18-19 қазан күндері композиторлар одағының Қазақ ССР-і Ғылым академиясының өнертану секторының, Министрлер Кеңесі жанындағы өнер жөніндегі Басқарманың және Алматы мемлекеттік консерваториясының ұйымдастыруларымен осы мақалаларды талқылау қолға алынып, оған 200 адам қатысты. Талқылауда негізінен «Қазақстан музыка тануындағы буржуазиялық-ұлтшылдық бұрмалаушылықтар» ізделініп, «жаулар» да табылып, талқандалып жатты. Әсіресе, А.Жұбановқа ауыр тиді. Оның 1942 жылы шыққан «Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы» атты кітабы «буржуазиялық рухта» жазылған болып «феодалдық өткенді дәріптегені» үшін айыпталды. Айта кететін жәйт, партияның жоғарыдағы қаулы-қарарлары шықпағанда кітап әшкереленбей-ақ, «жау» табылмай-ақ қалатын еді. Бірақ, мемлекеттік-саяси жүйе жаңа құрбандықтарды талап етті. Шығармашылық одақтың басшылары бұл кезде жарыса мақалалар жазып, олар өздерін, қаламдас әріптестерін де аяған жоқ.

1946-1953 жылдары шығармашылық өкілдерін бірін-біріне айдап салуды ұйымдастыру, қаскүнемдік, Одақтар ішінен «жау» іздеу және олардың табылып қойылуы, репрессияның жаңа айналымының дайындалып жатқанын байқатты. И.В.Сталиннің өлімі ғана істі «қасапханаға» дейін алып бармады.

1954 жылдың қаңтарында өткен Қазақстан Компартиясының VII съезінде оның Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Ж.Шаяхметов босатылып, оның орнына-п. К.Пономаренко, екінші хатшылық қызметке Л.И.Брежнев тағайындалды. Саяси климаттың өзгеруімен шығармашылық одақтар жұмысына басшылық жасаудың векторы да өзгере бастады. Ж.Шаяхметов ұлты қазақ болғандықтан Кеңестік жүйенің алдында өз халқының ішінен «ұлтшылдарды» іздеуге аса қырағылық танытуға міндетті еді. Егер, бұл бағытта ол сәл бәсеңдік танытса, оның өзіне «қанына тартқан үшін» күдік туатын. Сондықтан қазақ зиялылары үшін Ж.Шаяхметов басқарған жылдар оңай болған жоқ, ал оның орыс-п. К.Пономаренкомен алмастырылуы белгілі бір дәрежеде бір сәттік оң өзгерістер берді, өйткені кеңес жүйесі оған күмәнмен қарай алмайтын.

1954 жылдың 5-6 сәуірлерінде Қазақстан Жазушылары одағының «тың және тыңайған жерлерді игеруге» арналған арнайы Пленумында-п. К.Пономаренко сөз сөйлеп, шығармашылық одақтардағы өршіп келе жатқан шиеленісті бәсеңдетуге тақырдады. Оның «Мәскеуде Әуезовке тамсанады, ал Қазақстанда оны сөгеді, неге десеңіз Мәскеуде Әуезовтің шығармаларын білгісі келеді, ал Қазақстанда оның қай-қайдағы өткендегі қателіктері туралы әңгіме болады. Әлемнің барлық тілдеріне кітаптары аударылып жатқан автордың Отанында, ол туралы ештеңе айтылмай, басқа бірдеңелер айтылады, адамды ісі бойынша бағаламай, 30 жыл бұрын не істегенімен бағалап, өткенді еске ала береді», – деуінің дауес жазушылар мен чиновниктер үшін сауықтырушылық мәні болды. Алайда,-п. К.Пономаренко ескі стереотиптер шеңберінде қалып «тың жерлерді игеру ісінде де, жазушылардың бұл міндетті орындайтындай, жүзеге асыра алатындай әдістерін табамыз...» деп сес көрсетуді ұмытқан жоқ [Қазақ ССР-і тарихы. 1984 ж. 361 б.].

1954 жылы СОКП-ның «Елімізде астық өндіруді одан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру

туралы» қаулысынан кейін Қазақстандағы кеңестік эксперименттің жаңа науқаны басталды. Шығармашылық одақтар бұл науқанға тартылып, мемлекеттік-саяси тапсырмалар атқаруға міндеттелді. «Партияның шақыруы бойынша көптеген жазушылар республиканы аралады, диқандармен, құрылысшылармен кездесті» [КРОМА. 1778-қор. 2-тізбе, 176-іс. 7,16,17-п.]. Тың тақырыбына үлкенді-кішілі жанрларда қалам тартпаған қазақ жазушылары қалмады. Қазақстандық орыс жазушылары И.Щухов «Тың игерушілер» атты очерктер кітабын, Н.Анов «Жүрек қалауы», «Қарсаңдағы» пьесаларын жазды. Мұнымен қатар Қазақстан жазушылары қазіргі заман тақырыбына, Ұлы Отан соғысы және тарихи-революциялық тақырыптарға қалам тартып, идеологиялық үгіт насихаттық міндеттерді шешуге тиісті болды. Ғ.Мұстафин «Қарағанды», «Дауылдан кейін» романдарын ақын Ә.Тәжібаев «Портреттер» поэмасын жұмысшы тақырыбына жазды.

Жазушылар Одағындағы үлкен бетбұрыс СОКП-ның XX съезінің шешімдерімен байланысты болды. Жаңа жағдайларда «жылымық» атмосферасын тез түсіне алған бір топ Қазақстан жазушылары, Қазақстан Жазушылары одағының төрағалығын уақытша атқарушы С.Омаровтың қолымен 1956 жылдың сәуірінде КОКП Орталық комитетіне хат жолдады. Хатта «Өмір Одақ жұмысы әдістерінің жаңа, неғұрлым икемді және жемісті формаларын, оның құрылымдары мен ұйымдарын өзгертуді талап етеді. Одақ мазмұны жағынан неғұрлым демократиялы және шығармашылықты болуы керек...» деген тілектер білдірілді. Одан әрі қарай, Қазақстан жазушылары шығармашылыққа қатысты теориялық-философиялық проблемаларды қойды. Атап айтқанда, Кеңес әдебиетіндегі «түрі ұлттық – мазмұны социалистік» дейтін формуланы тереңірек талдауды ұсынды. «Өзінің мәні мен негізінде», – деп атап көрсетілді хатта, – біздің халықтар мәдениетінің типі мен оның характерін сөз жоқ дұрыс айқындағанымен, оның жекеленген қағидалары жаңа тереңдетулерді және толықтыруларды, неғұрлым жіктеп дамытуды талап етеді. Екінші мәселе де теориялық сипатта – социалистік реализм әдісіне қатысты. Бұдан жиырма жылдан астам уақыт бұрын біздің мәдениетіміздің тарихына жазылған идеялық-теориялық айқындама өзінің негізін қайта қарауды талап етпейді, бірақ бұл да толықтыруды, метод, стиль, жанрлар проблемасы, мазмұн мен форманың ара қатынасы, типтеу проблемалары және т.б. -дың жекелеген жақтарын тереңірек қарауды талап етеді [Қазақ әдебиеті. 1959 ж. 10 – наурыз.].

Осы жылдың 30 қазанында бір топ Қазақстан жазушылары: Ғ.Мүсірепов, С.Омаров, Д.Снегин, Ә.Тәжібаев, Ж.Сайын, Ф.Моргун, М.Базарбаев, С.Мартыановтар қол қойған хат Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне жіберілді. Хатта: «Жеке адамға табынушылық күшіне мініп тұрған кезеңде республикалық директивалық органдарының қаулылары, нұсқаулары мен жарлықтарында орын алған әдеби процестерге басшылық жасаудың қате практикасы Қазақстан Жазушылары одағына белгілі бір зиянын тигізеді» деп атап көрсетілді [Бұл да сонда. 1959 ж. 10 – наурыз.]. Бұл бір топ көрнекті қазақ жазушыларының бұрынғы көзқарастардан, догмалардан шығуға жасаған әрекеттері еді, бірақ олар мемлекеттік-саяси құрылымдармен, өміршілдік-әкімшілдік дәстүрлермен қиылып тасталып отырды.

«Жылымық» жылдарындағы демократияландырудың, жариялылықтың шектеулігі айқын байқалды. Ресми идеология ендігі жерде – жазушылардан өткенді аз жазуға, көлеңкелі тарихи беттерді жазбауға, ескіні қозғамауға шақырды. Жаңа жағдайларда көптеген шығармалар «идеясыздығы», «бисаясаттығы» үшін сыналатын болды.

1959 жылы 9-11 наурыз аралығында Қазақстан Жазушылары одағының IV съезі болып «Қазақ кеңес әдебиетінің қазіргі жағдайы мен міндеттері туралы» жазушы Ғ.Мүсірепов баяндама жасады. «Жасыратыны жоқ, – деп

атап көрсетті баяндамашы, – ескі тақырыпқа ауытқушамадан асқан сияқты, осы кемшілікті енді үдетпей тез жоюдың амалын іздеуіміз керек. Әдебиетіміз қаншама жоғары дәрежеге көтерілсе де, жаңа заман тақырыбына келгенде мүдіретін кездеріміз көп-ақ, кемшілігіміз мол, міндетіміз зор, олай болса мәселені шешуге жұмыла кірісуіміз керек» [Қазақ әдебиеті. 1959 ж. 15 наурыз]. Баяндамада 30-жылдардағы қуғын-сүргіндерді, әділетсіздіктерді, кеңестік жүйе тудырған азғындықтарды болмашы еске алуға тырысқан жазушылар мен ақындар – Х.Бекхожиннің «Ақан Ақтаев» поэмасы, І.Жансүгіровке арналған жоқтау өлеңі, Ә.Тәжібаевтың «Түсімде», жас ақын Б.Аманшинның «Жанымның жарасы бар жұрт білмеген» атты өлеңдері сыналды. Баяндамашының «мен бұл сияқты нәрселерді газет-журнал беттерінде жариялаудың немесе оны жинаққа енгізудің қаншалықты зиянды екенін айтып тұрған жоқпын, бұл болары болып бояуы сіңген іс. Менің айтайын дегенім: Мұндай нәрселерден коммунистік ынтымаққа зәредей де пайда келмейді», – деуі, сол тұстағы мемлекет саяси бағытқа сәйкес келді. Нәтижесінде Жазушылар Одағы ІҮ съезінің қарарында: «Жазушылар Одағы шығармадағы кездесетін идеясыздыққа, бисаясаттыққа қарсы аяусыз күрес ашатын болсын» [Қазақ әдебиеті. 1959 ж. 8 мамыр.] деп мәлімделді.

1959 жылдың басында КОКП-ның кезектен тыс ХХІ съезінде халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық (1959-1965) жоспары қабылданды. 1959 жылдың 24-25 сәуірінде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің «Бұқара арасындағы саяси және идеологиялық жұмыстың жайы және бұл жұмысты КОКП-ның ХХІ съезінің шешімдеріне сәйкес жақсарту шаралары туралы» мәселені талқылаған пленумы – жазушылардың алдына «қазіргі заман тақырыбын» тағы нықтап қойды. Пленумнан кейін жазушылар Одағы тарапынан «Жазушылар геройларыңызға барыңыздар» [ҚРОМА. 1736-қор, 1-тізбе, 515-іс. 251-п.] деген ұран тасталып, облыстық газеттерде «жеті жылдықтың алғашқы көктемі», «жеті жылдықтың алғашқы күзі» атты тақырыптарда әдебиет беттері ұйымдастырылды.

«Жылымық» жылдарының бастапқы кезеңі Қазақстан суретшілеріне «тың эпопеясының қаһармандарын», «Социалистік индустрияландырудың ерлерін», «Халықтар достығын», «қарапайым еңбек адамдары», «гүлденген ауылды», т.б. тақырыптарды берді. Қазақстан суретшілері жаңадан салынып жатқан елді мекендер, қалалар мен селоларды безендіруге белсенді қатыстырылды. 1956 жылы Қазақстан Суретшілері ІҮ съезінің қарарымен «республика өміріндегі алуан түрлі құбылыстарды неғұрлым толық бейнелеу мақсатында суретшілер тың және тыңайған жерлерді игеру аудандарына, Қазақстанның өнеркәсіпті және ауыл шаруашылық орталықтарына жіберілсін» деген шешім қабылданды [Бұл да сонда. 620-іс.2-п.]. Бұл жылдары Ә.Қастеев «Қазақстан пейзаждары», Крутильников «Балхаштың айтулы адамдарының портреттері», Кужеленко «Қоныстанушыларға хат», Леонтьев «Колхоз басқармасында», А.Степанов «Колхоз ГЭС-і», Фролова «Тыңдағы жер жырту», М.Кенбаев «Шопан әні», Қ.Телжанов «Қазақстандағы Кеңес өкіметінің арнауы» және т.б. суреттері салынды.

1959 жылдың 15-16 сәуірлерінде Қазақстан суретшілерінің V съезі өтіп, онда «Қазақстан суретшілерінің алдағы «жетіжылдық» кезеңдегі басшы міндеттерінің бірі біздің халқымыздың шуақты ертеңі – коммунизмге қарай басқан ерлік қадамдарын бейнелейтін жоғарғы идеялық шығармалар жасау», – деп жарияланды, – «осы суретшілердің шығармашылық табыстарының негізгі шарты – олардың идеялық-саяси дамуының деңгейінде» болып табылды [ҚРОМА. 1840-қор, 1-тізбе, 139-іс. 2,3-п.].

Қазақстан композиторлары да кеңестік «жаңа тақырыптарда» игеруге тартылды. Мемлекеттік-саяси тапсырыстардың көпшілігі ірі формалы шығармалар-

ға берілді. Бұл кезеңде тың игеру тақырыбына Қ.Қожахмьяров пен Н.Тілендиев «Алтын таулар» операсын, Е.Брусиловский үш бөлімнен тұратын «Төртінші симфониясын», Г.И.Гризбин үлкен симфониялық оркестрге арнап «Поэмасын», К.Мусин «Тың туралы» контатасын, М.Төлебаев «Коммунизм оттары» контатасын жазды. «Тарихи революциялық тақырыпқа» Е.Брусиловский мен М.Төлебаев «Аманкелді», С.Мұхамеджанов «Ғасырлар үні» операларын, партияның ХХІІ съезіне арнап Е.Брусиловский «Бесінші симфониясын», Қытай революциясының 10 жылдығына арнап Қ.Қожахмьяров «Қызыл ту желбірейді», соғыс тақырыбына М.Қойшыбаев «Мәншүк» симфониялық поэмаларын, А.Жұбанов пен Л.Хамиди «Т.Тоқтаров» операсының 2-і редакциясын жазды. «Халықтар достығы» тақырыбына Л.Степанов, Н.Тілендиев, Е.Манаев «Достық жолымен» балетін, Е.Брусиловский «Дударай» операсын, Қ.Қожахмьяров тұңғыш ұйғыр операсы «Назығұмды» жазды.

Қазақ кеңес композиторлары кеңес тақырыбына қаншалықты шығармалар жазғанымен кеңестік жүйені қанағаттандыра алмады. 1957 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне берген баяндамасында «Шығармашылық одақтың жауапты хатшысы Г.И.Гризбин «Республика композиторларының барлық жанрдағы шығармашылық жұмыстарының елеулі кемшіліктеріне олардың шығармаларында әлі де болса, коммунистік партия мен Ұлы Ленин қызметтерінің лайықты көркемдік бейнесін таппай отырғандығы жатады» деп хабарлады [ҚРОМА. 1773-қор, 1-тізбе, 104-іс. 6,7-п.]. 1957 жылы 10-шілдеде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің «Қазақ халқының әдеби-поэтикалық және музыкалық мұраларын зерттеудің және сын көзімен пайдаланудың жағдайлары және жақсарту шаралары туралы» арнайы қаулысында шығармашылық одақ мүшелерінің міндеттері кеңестік тұрғыда айқындала түсті. 1954-1960 жылдары осындай мемлекеттік-саяси басшылық салдарынан партия, еңбек адамдары, кеңес тақырыбы жайлы: «Ән жарлықтар», «Ән жарнамалар», «Ән штампалар», мысалы, «Сауыншы қыз», «Геологтар әні», «Егіншілер жыры», «Шопандар әні», т.б. көбейіп кетті.

50-жылдардың аяғы 60-жылдардың басында дүниеге келген әндер аттарының өзінен кеңестік науқан желі есіп тұрды. Бұл жылдары бұқаралық жанрда Қ.Қожахмьяровтың «Ленин партиясы», «Достық жолымен», Б.Байқадамовтың хорға арналған «Шопан ойы», «Колхоз тойындағы айтыс», «Еңбек гимні», «Қазақ магниткасының маршы», М.М.Иванов-Сокольскийдің «Кентау құрылысшыларының маршы», Ғ.Жұбанов «Партия туралы жыр», А.Гуревич «Шахтерлар маршы», «Жеті жылдық ерлерінің әні», «Қазақстанға келіңіз» әндері жазылды.

1954 жылы КОКП Орталық Комитетінің ұйымдастыруымен болған бүкіл одақтық құрылысшылар кеңесімен сәулетшілер одағының өмірінде жаңа кезең басталды. 1954-1960 жылдар аралығында кеңес мемлекетінің бұл сала бойынша қаулы-құжаттар қабылдауының жиілігі, іс-шаралар динамикасы, проблеманың кеңес жүйесі үшін қаншалықты өткір тұрғанын көрсетті.

КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің күрделі құрылыс бойынша қабылдаған қаулылары (1954 ж.) «Құрылысқа қажетті құрамалы темір-бетон конструкциялары мен бөлшектерін өндіруді дамыту туралы», 1955 ж. «Жобалау мен құрылыстағы нысапсыздықтарды жою туралы», «Құрылыс ісін одан әрі индустрияландыру, сапасын жақсарту және құнын төмендету шаралары туралы», КОКП XX съезінің халық шаруашылығын дамытудың 6-бесжылдық (1956-1960 ж.) жоспары туралы Директивалары кеңестік сәулет пен құрылыстың негізгі бағыты етіп, – типтік жобалау мен үлгіге салуды / стандартизация/ белгілеп берді. Типтік жобалау мен үлгіге салу – Қазақстан қалалары мен елді мекендерін салудың сапасын жақсартады деп күтілді. Қазақстан сәулетшілері-

нен салынып жатқан елді мекендермен қалаларды типтік жобалармен қамтамасыз ету міндеттелді. Алайда, кеңестік сәулет құрылыс саясатына терең қарама-қайшылықтар тән еді. Бір жағынан 1954-1960 жылдары Қазақстанда жүргізілген тың игеру, индустрияландыру науқандарына сәйкес, құрылыс ісінің жаппай дамуына оларды жобалау-жоспарлау құжаттарымен қамтамасыз етуге, республика Сәулетшілері сан жағынан да, сапа жағынан да дайын емес еді. Екінші жағынан, типтік жобалау мен үлгіге салудың, абсолюттендірілуі тұрғын үйлер мен ғимараттарды бірегейлендіріп, эстетикалық талғамдарға жауап беруін қиындатты. Кеңестік жүйе өзінің «қарғыс атқан» тұрғын үй проблемасын шешу жолында құрылысшыларды үнемі асықтырумен болды. Мұндай жағдайда сәулетшілердің көркемдік-сәулеттік міндеттерді шешуге ұмтылуы – «құрылыс ісін қымбатқа түсіретін» «сән-салтанаттық» «нысапсыздық» «қателіктер» ретінде сындалып отырды.

1955 жылдың 15-18 маусым күндері өткен Қазақстан сәулетшілерінің II съезінде Қазақстанның 40 қаласының 14-де, 130 қала типтес елді мекендерінің 15-де ғана – Бас жоспарлаудың болғандығы аталып көрсетілді.

1957 жылдың шілдесінде СОКП Орталық Комитетінің «КСРО-дағы тұрғын-үй құрылысын дамыту туралы», 1959 жылы «Құрылыстағы жобалау ісін жақсарту туралы» қаулылары қабылданды. Осы қаулылар рухында Қазақстанда іс-шаралар жүргізіліп, елді мекендердің сәулеттік талаптарға сай салынуы айтылғанымен, көпшілігі декоративтік сипат алды.

1958 жылы құрылысшылармен өткізілген кеңесте КОКП лидері Н.С.Хрущев «Жекеленген қалаларды салуда әлі де болса қателіктер жіберілуде, құрылыс ісін қымбатқа түсіретін және тұрғындар үшін қолайсыздықтар тудыратын сән-салтанатты алаңдар мен көшелер салу жалғаса түсуде. Ғимараттардың қас бетіндегі керегі жоқ және қымбат әшекейлерден Сәулетшілердің бәрі бірдей бас тарта қойған жоқ. Вокзал, клуб және басқа ғимараттарды салуда, ондай үлгілер әлі жеткілікті», – деп атап көрсетті. (ҚРОМА. 1773-қор, 1-тізбе, 104-іс. 6,7-п.)

Қорытынды. Кеңестік жүйе құрылыс ісінің тез әрі сапалы жүруін талап еткенімен, олардың жобалау-жоспарлау құжаттарын дайындайтын маман сәулетшілермен қамтамасыз етілмеуімен санасқысы келмеді. Сәулетшілердің жетіспеуінен 1955 жылы 15 облыс орталығының 9-да бекітілген жоспарлар, 306 қала, жұмысшы поселкелері мен аудан орталықтарының 70-де, яғни 23 процентінде ғана жобалау-жоспарлау құжаттары болды.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

- История Казахстана. Алматы. 1993. с. 338.
 Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві. Бұдан былай – ҚРОМА. 1840-қор, 1-тізбе, 26-іс.95-п.
 ҚРОМА. 1736-қор, 1-тізбе, 460-іс.94-п.
 ҚРОМА. 1840-қор, 1-тізбе, 27-іс.
 ҚРОМА. 1840-қор, 1-тізбе, 26-іс.86-п.
 «Қазақтың Паганиниі». Қали Сәрсенбай. «Егемен Қазақстан» 20 –тамыз 1994 ж.
 ҚРОМА. 1773-қор. 1-тізбе, 58-іс.4-п.
 Островский В.П., Старцев В.И., Старков Б.А., Смирнов Г.М. ССРО тарихы. Алматы. 1991. 109-бет.
 ҚРОМА. 1778-қор. 2-тізбе, 11-іс. 96-п.
 Пленум Центрального комит. КПб Казахстана 21-23 марта 1947 ж.
 ҚРОМА. 1778-қор. 2-тізбе, 17-іс. 57-58-п.
 Бұл сонда 62-п.
 ҚРОМА. 1773 қор. 1-тізбе, 41-іс. 9,10-п.
 Бұл да сонда 12-п.
 ҚРОМА. 1736-қор, 1-тізбе, 229-іс. 9,10-п.
 ҚРОМА. 1736-қор, 1-тізбе, 362-іс. 5-п.
 ҚРОМА. 1840-қор, 1-тізбе, 28-іс. 197-п.
 ҚРОМА. 1778-қор. 2-тізбе, 98-іс.140,141-п.
 Қазақ ССР-і тарихы. 1984 ж. 361 б.
 ҚРОМА. 1778-қор. 2-тізбе, 176-іс. 7,16,17-п.
 Қазақ әдебиеті. 1959 ж. 10 – наурыз.

- Бұл да сонда. 1959 ж. 10 наурыз.
 Қазақ әдебиеті. 1959 ж. 15 наурыз.
 Қазақ әдебиеті. 1959 ж. 8 мамыр.
 ҚРОМА. 1736-қор, 1-тізбе, 515-іс. 251-п.
 Бұл да сонда. 620-іс.2-п.
 ҚРОМА. 1840-қор, 1-тізбе, 139-іс. 2,3-п.
 ҚРОМА. 1773-қор, 1-тізбе, 104-іс. 6,7-п.
 Островский В.П., Старцев В.И., Старков Б.А., Смирнов Г.М. ССРО тарихы. Алматы. 1991. 109 – бет.
 Қали Сәрсенбай. «Қазақтың Паганиниі». «Егемен Қазақстан» 20 тамыз 1994 ж.

REFERENCES

- Istoria Kazakhstan [History of Kazakhstan]. – Алматы. 1993. P. 338. [in Russian].
 Kazakhstan Respublikasi ortalıq memleketтік arhivi. Budan bylai – QROMA [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. From now on CSARK]. [in Kazakh].
 QR OMA. 1840-qor. 1-tizbe. 26-is.95-p. [CSARK. 1840-fund. 1-inventory, 26-case. 95-sheet.]. [in Kazakh].
 QR OMA. 1736-qor. 1-tizbe. 460-is.94-p. [CSARK. 1736-fund, 1-inventory, 460-case.94-sheet]. [in Kazakh].
 QR OMA. 1840-qor. 1-tizbe.27-is. [CSARK. 1840-fund. 1-inventory, 27- is.] [in Kazakh].
 QROMA. 1840-qor. 1-tizbe.26-is.86 p. [CSARK.1840-fund.1-list.26-is.86 p.] [in Kazakh].
 Kali Sarsenbai. «Kazakhtin Paganinii». «Egemen Kazakhstan» 20 –tamiz 1994 zh. [Kali Sarsenbai. «Kazakhtin Paganinii». «Egemen Kazakhstan»]. - 20 –august 1994y. [in Kazakh].
 QR OMA. 1773-qor. 1-tizbe. 58-is.4 p. [CSARK. 1773-fund. 1-inventory, 58-is.4-sheet]. [in Kazakh].
 Nurpeisov K., Ayaganov B., Zhaksilikov N. «Kazakhstan tarihi» Almati 1993 zh. 6 bet. [Nurpeisov K., Ayaganov B., Zhaksilikov N. «Kazakhstan tarihi». - Almati 1993 y. 6 page. [in Kazakh].
 Ostrovskii V.P., Startsev B.I., Starkov B.A., Smirnov G.M. SSRO tarihi. Almati. 1991. 109-bet. [Ostrovskii V.P, Startsev B.I., Starkov B.A., Smirnov G.M. SSRO tarihi]. - Almati. 1991. 109-page.[in Russian].
 QR OMA. 1778- qor. 2-tizbe. 11-is. 96 p. [CSARK. 1778-fund. 2-inventory, 11-is. 96 p.] [in Kazakh].
 Plenum Tsentralnogo komiteta KP/b/ Kazakhstan 21-23 marta 1947 zh. [Plenum of the central committee of RK/b/of Kazakhstan 21-23 march 1947y.] [in Russian].
 QR OMA. 1778-qor. 2-tizbe.17-is. 57-58 p.[CSARK. 1778- fund. 2 – list. 17-is. 57-58 p.] [in Kazakh].
 Bul da sonda 62 p. [It's there too 62 p.] [in Kazakh].
 QR OMA. 1773 qor. 1-tizbe.41-is. 9,10 p. [CSARK. 1773 fund. 1 – list.41-is. 9,10 p.] [in Kazakh].
 Bul da sonda 12 p. [It's there too 12 p.] [in Kazakh].
 QR OMA. 1736-qor 1-tizbe. 229- is. 9,10 p. [CSARK. 1736 – fund 1 – list. 229- is. 9,10 p.] [in Kazakh].
 QR OMA. 1736-qor 1-tizbe.362-is. 5 p. [CSARK. 1736 – fund 1 – list.362-is. 5 p.] [in Kazakh].
 QR OMA. 1840-qor. 1-tizbe. 28-is. 197 p.[CSARK. 1840 – fund. 1-inventory, 28-is. 197 p.] [in Kazakh].
 QR OMA. 1778- qor. 2-tizbe. 98-is.140,141 p. [CSARK. 1778- fund. 2-inventory, 98-is.140,141p.] [in Kazakh].
 KazakhSSR-i tarihi. 1984 zh. 361 b. [KazakhSSR-i tarihi. 1984 y. 361 p.] [in Kazakh].
 QR OMA. 1778- qor. 2-tizbe.176-is. 7,16,17 p. [CSARK. 1778- fund. 2 – list.176-is. 7,16,17 p.] [in Kazakh].
 Kazakh adebieti. 1959 zh. 10 – nauriz.[Kazakh literature. 1959 y. 10 – March.] [in Kazakh].
 Bul da sonda. 1959 zh. 10 – nauriz. [It's there too. 1959y. 10 – March.] [in Kazakh].
 Kazakh adebieti. 1959 zh. 15-nauriz. [Kazakh literature. 1959 y. 15-march.] [in Kazakh].
 Kazakh adebieti. 1959 zh. 8-mamir. [Kazakh literature. 1959 y. 8-may.] [in Kazakh].
 QR OMA. 1736-qor 1-tizbe. 515-is. 251 p.[CSARK. 1736 – fund 1-inventory, 515-is. 251 p.] [in Kazakh].
 Bul da sonda. 620-is.2 p. [It's there too. 620-is.2 p.] [in Kazakh].
 QR OMA. 1840-qor. 1-tizbe. 139-is. 2,3 p. [CSARK. 1840 – fund. 1-inventory, 139-is. 2,3 p.] [in Kazakh].
 QR OMA. 1773 qor. 1-tizbe.104-is. 6,7p. [CSARK. 1773 fund. 1 – list.104-is. 6,7 p] [in Kazakh].
 Ostrovskii. V.P., Startsev.B.I., Starkov.B.A, Smirnov.G.M. SSRO tarihi. Almati. 1991. 109 –bet. [Ostrovskii.V.P, Startsev.B.I., Starkov.B.A., Smirnov.G.M.. SSRO tarihi]. - Almati. 1991. 109 –bet. [in Russian].
 Kali Sarsenbai. «Kazakhtin Paganinii». «Egemen Kazakhstan» 20 –tamiz 1994 zh. [Kali Sarsenbai. «Kazakhtin Paganinii». «Egemen Kazakhstan»]. - 20 –August 1994y. [in Kazakh].

ФТАХР/IRSTI/МРНТИ: 03.29.00; 10.67.33

Айтбала ӘБЕНОВА,
Мемлекет тарихы институтының ғылыми қызметкері,
Қазақстан. Нұр-Сұлтан қ. E-mail: maxmudkizi@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ РЕФОРМАСЫ: зейнет жасын ұлғайту мәселесі

Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесі қазіргі кезде елімізде орын алып отырған өзекті мәселелердің бірі деп айтуға болады. Мақалада Қазақстанның зейнетақы реформасының жаңа кезеңіндегі өзгерістер және зейнет жасын ұзартудың проблемаларына талдау жасалған. Тақырыптың өзектілігі соңғы уақытта ерекше мәнге ие болған зейнетақымен қамсыздандырудың жоғары деңгейіне жеткен проблемалармен байланысты.

Елімізде бала туудың күрт төмендеу салдарынан зейнеткерлердің саны өсті. Қоғамда демографиялық қартаю белгілері біліне бастады. Туудың азаюы және адамзаттың қартаюы көптеген елдерде еңбек нарығындағы проблемаларға, атап айтқанда, еңбек ресурстарының жетіспеушілігіне сөзсіз әкеледі. Кеңес Одағынан мұраға қалған ынтымақты зейнетақы жүйесі өзін-өзі қамтамасыз ете алмады. Міне осы себептер, Қазақстандағы зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін реформалауға алып келді.

Кілт сөздер: реформа, зейнетақы, зейнет жасы, зейнет жасын азайту, зейнет жасын ұлғайту, демография.

Aitbala ABENOVA,
Researcher of the Institute of History of the State of the Ministry
of Education and Science of the Republic of Kazakhstan,
Nur-Sultan, Kazakhstan. E-mail: maxmudkizi@mail.ru

PENSION REFORM IN KAZAKHSTAN: the problem of raising the retirement age

The pension system of the Republic of Kazakhstan is one of the most pressing problems that currently exists in the country. The article analyzes new changes in the pension system of Kazakhstan in connection with the reform to extend the retirement age of an employee. The relevance of the research topic is due to the problem of achieving a high level of pension provision, which has been gaining special importance in recent years.

As a result of a sharp decline in the birth rate and an increase in the number of pensioners, signs of demographic aging of the population began to appear in society. The declining birth rate and the aging of humanity inevitably lead to problems in the labor market in many countries, in particular, to a shortage of labor resources. The solidary pension system inherited from the Soviet Union could not be self-sufficient. These reasons led to the reform of the pension system in Kazakhstan.

Keywords: reform, pension, retirement age, reduction of the retirement age, increase in the retirement age, demography.

Айтбала АБЕНОВА,
Научный сотрудник Института истории государства
Министерства образования и науки Республики Казахстан,
г. Нур-Султан. Казахстан. E-mail: maxmudkizi@mail.ru

ПЕНСИОННАЯ РЕФОРМА В КАЗАХСТАНЕ: проблема повышения пенсионного возраста

Пенсионная система Республики Казахстан является одной из актуальных проблем, которая сейчас существует в стране. В статье проанализированы новые изменения пенсионной системы Казахстана в связи с реформой по продлению возраста для выхода работника на пенсию. Актуальность темы исследования обусловлена проблемой достижения высокого уровня пенсионного обеспечения, которая приобретает особенное значения в последнее время.

В результате резкого снижения рождаемости и роста числа пенсионеров, в обществе стали проявляться признаки демографического старения населения. Сокращение рождаемости и старение человечества неизбежно приводят к проблемам на рынке труда во многих странах, в частности, к нехватке трудовых ресурсов. Солидарная пенсионная система, унаследованная от Советского Союза, не могла быть самодостаточной. Именно эти причины привели к реформированию системы пенсионного обеспечения в Казахстане.

Ключевые слова: реформа, пенсия, пенсионный возраст, снижение пенсионного возраста, увеличение пенсионного возраста, демография.

Кіріспе. Қазақстан егеменді ел болғаннан бастап халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға баса назар аударып келеді. Әлеуметтік мәселе мемлекеттің бағдарламалық құжаттарында айқын көрініс тапты.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстандықтардың әлауқатын арттыру: табыс пен өмір сүру сапасын арттыру»

атты 2018 жылғы 5 қазанда Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында халық табысының өсуі, тұрмыс сапасын арттыру, өмір сүруге жайлы орта қалыптастыру басты басымдыққа жататынын атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйекте халыққа жолдаған Жолдауында әлеуметтік

салаға қатысты бірқатар тапсырмалар берілген болатын. Соның ішінде осы зейнетақы қорындағы қаржының бір бөлігін пайдалануды қарастыруды үкіметке тапсырды.

Зейнетақы реформасындағы өзгерістер қазіргі және келешек зейнеткерлердің бәріне қатысты. Сол себепті нарықты экономика жағдайында «зейнетақыны қамсыздандыру туралы» заңға өзгерістер» енгізілді. Осы өзгерістердің негіздемесі ретінде «Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі» тұжырымдамасы қабылданды.

Материалдар мен әдістер. Қарастырылып отырған мәселенің негізін еліміздегі зейнетақы реформасы саласында жазылған зерттеушілердің еңбектері, нормативтік құжаттар «зейнетақыны қамсыздандыру туралы» заңдар, БАҚ-та басылып шыққан зерттеу материалдары, интернет желісіндегі ресурстар, арнайы оқулықтар құрайды. Әдісі: салыстырмалы талдау, сараптау, қорытындылау.

Талдау. Зейнетақы реформасының ерекшеліктері мен нәтижелерін зерттеуге бағытталған мәселе отандық, шетелдік және ресейлік ғалым сарапшылардың назарын аударып келеді. Зейнетақы реформаларын жүзеге асыру, зейнетақымен қамсыздандырудың әртүрлі әлемдік модельдерінің қызметі А.М.Бабич, В.Н.Баскаков, Е.Н.Егоров, Е.Н. Жильцов, С.Кабалкин, А.С.Чмаканың және т.б. шетелдік сарапшы ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты.

Зейнетақы реформасының маңызды аспектілері Ресей ғалымдарының еңбектерінде қарастырылады. Зейнетақымен қамтамасыз етудің теориялық-әдіснамалық негіздері Л.С.Дегтярь, А.И.Добрынин, В.Д.Каменев, В.Н.Салин, В.В. Роик, А.К. Соловьев, Ю.Тарануха, В.В. Торлопов, Е.М.Четыркин, А.И.Щербаков, Е.Л.Якушев және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қаланды.

Қазақстандағы зейнетақы жүйесінің қызметі, оның зейнетақымен қамтамасыз ету саласында жүзеге асырылып жатқан реформаларына қатысты мәселе А.А. Алимбаев, У.Б. Баймуратов, С.Х. Берешев, Р.З. Жалелова, У.М. Искаков, М.Б. Кенжегузина, А.К. Кошанов, Н.А. Коржова, Н.К. Нұрланова, А.Х. Нұрсейітова, Л.А. Түсупова және басқа да отандық ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Зерттеу нәтижелері. Жас кезінде бейнет, қартайғанда зейнет деген халқымыз еңбектің жемісін қартайғанда көреміз деп кәміл сенеді. Қазақстанның зейнетақы жүйесіндегі реформалық өзгерістер уайымсыз қарттықтың кепілі бола ала ма? Жаңа зейнетақы реформалары халық күткендей нәтиже бере алды ма? Зейнетақының жаңа жүйесі зейнеткерлерге шынымен тиімді ме? –деген сауалдарға тоқталып өтейік.

Қазақстан жаңа тәуелсіз мемлекеттер арасында бірінші болып зейнетақы реформасын жүргізді. 1998 жылғы Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету туралы түбегейлі реформасы бастапқы кезеңде оң нәтижелерге алып келді. Реформаның мәні мен маңызы – біз таратушы зейнетақы жүйесінен жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көштік.

Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі осы 20 жылдан астам уақыт ішінде талай рет өзгеріске ұшырады. 2018 жылдың бірінші қаңтарынан бастап әйелдердің зейнет жасын кезең-кезеңмен 58 жастан 63 жасқа арттыру жөніндегі норма күшіне енді. Заңнама бойынша, зейнет жасы 2027 жылға дейін 10 жыл ішінде жыл сайын 6 айға көтеріледі. Бұл дегеніміз мысалы, зейнетке биыл 60 жастан шықса, келесі жылы 60,5 жасқа толғанда зейнеткер атанады деген сөз. Сөйтіп 2027 жылға дейін жарты жылдан қосылып, 63 жасқа толғанда шығады. Ал ерлер үшін ештеңе өзгерген жоқ – олар зейнет демалысына бұрынғыдай 63 жаста шығады.

Жас-қа толған-да	58,5	59	59,5	60	60,5	61	61,5	62	62,5	63
1 қаңтардан бастап	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025	2026	2027

1-кесте. Әйелдердің зейнеткерлік жасының кезең-кезеңмен көтерілуі.

Естеріңізге сала кетейік, 1998 жылға дейін ерлер 61 жаста, әйелдер 56 жаста зейнетке шығатын, содан әр жарты жыл сайын 2001 жылдан бастап ерлер 63 жас, әйелдер 58 жасты бекітті. 2012 жылы зейнет жасын ұлғайту туралы мәселе көтеріліп, қоғамда дау туғызды. Ең соңында әйелдердің зейнет жасын 2014 емес, 2018-2027 жылдар аралығында зейнет жасын ұзарту ұсынылды. 2018 жылдан бастап ерлер мен әйелдердің зейнет жасын теңестіру басталды. Ерлер мен әйелдердің зейнет жасын теңестіру не үшін керек болды?

Біріншіден, бұл теңестіру әйелдерге жинақтаушы зейнетақы жүйесіне төлемдер жасап, зейнетақы мөлшерін көбейтуге мүмкіндік береді. Себебі ер адамдар аз өмір сүріп, әйелдердің өмір сүру жасы ұзарып келеді.

Сонымен қатар заңнамада кейбір қазақстандықтардың, оның ішінде әйелдердің де зейнетке сәл ертерек шығу құқығы сақталады. Бұл норма Семей ядролық сынақ полигонына қарасты елді мекендерде кем дегенде бес жыл өмір сүрсе, осы өңірде тұрған ерлердің зейнет жасы 50 жаста, ал әйелдер 45 жаста зейнетке шыға алады. Сонымен бірге бес бала туып, зейнетке шығар алдында ешқайсысы он сегізден аспаса, ондай аналар 53 жастан зейнетке шыға алады. Ол үшін әйелдердің 1998 жылдың 1-қаңтарына дейін еңбек өтілі болуы шарт. Ананың баласын 3 жасқа дейін бағып күткен уақыты да еңбек өтілі болып есептеледі.

Зейнеткерлікке ерте шығудың тағы бір жолы аналарымыз 50 жасқа дейін зейнетақы қорында 13 миллион теңге жинап үлгерсе, ерте шыға алады. Бұл әрине сондай деңгейде жалақы алатындарға арналып жасалған дейді сарапшылар. Осы менталитеті ұқсас көрші елдердегі ахуалға келетін болсақ, әйелдер қауымы Өзбекстанда, Украинада, Белоруссияда 55 жас, Қырғызстанда, Тәжікстанда 58 жас, Түрікменстанда 57 жас, Қытайда 50-55 жаста зейнетке шығады.

Екіншіден, Қазақстанның халқы қартайып келеді, сондықтан зейнетақы жүйесін теңдестіруге арналған бюджет шығындары өседі. Иә халқы қартайғанда, жұмыс істейтін азаматтардың саны азайғанда мемлекетте зейнетке шығу жасы ұлғайтылады. Еуропа елдерінде солай. Жастары аз, сондықтан үлкендері, мәселен Германияда 67 жасқа дейін жұмыс істейді. Өйткені олардың орнын басатын адамдар жоқ.

Тағы бір айта кететін жайт, зейнет жасын ұлғайту экономиканың дамуына оң және кері әсерін тигізетін жақтары да бар. Азаматтардың зейнет жасының ұлғаюы адами капиталмен тікелей байланысты. Осы ретте азаматтарымыздың көп бөлігі өнім шығару немесе қара жұмыстармен айналысатын болса, әрине зейнеткерлік жастың ұлғаюы экономикамызға да, азаматтардың өздеріне де кері әсерін тигізуі мүмкін. Өйткені азаматтардың жасы ұлғайған сайын бірқатар аурулары, көптеген қажеттіліктері пайда бола бастайды. Айталық кеншіні немесе металлургия өндірісте тағы үш жыл ұстау, оны мүгедекке дейін жеткізу қоғам үшін пайдалы ма? деген сауалдар да туындайды. Егер біздің азаматтарымыз адами капиталмен, интеллектуалды қабілетті талап ететін интеллектуалды

қызметпен айналысатын болса, онда экономикамыздың дамуына кері әсерін тигізбейді.

Қазақстан Орта Азияда әйелдердің зейнет жасын 63-ке ұзартуды алғашқы болып енгізіп отыр. Сарапшы мамандардың айтуынша зейнет жасын ұзарту әлеуметтік сала қызметкерлері мұғалімдер, дәрігерлер үшін ауыр. Заманның даму ағымына қарай оларға жүктелетін жүктемелері де күрделеніп келеді. Ең басты қиындық жасы ұлғайған әйел азаматтарға біздің қоғамда жұмыс табыла бермейді. Әсіресе, жалғызбасты әйелдер жағдайында отбасын асырау, баланың жағдайын толық қамтамасыз ету үлкен ауыртпалық салады. Ал жалақыны күреп табатын жерге жас мамандарды ғана алады.

Оның үстіне әйел азаматтар отбасының тірегі, ұйытқысы. Кезінде көп әйелдер жұмыс істеймін деп, баласын тәрбиелеуге уақыты болмады. Енді немере-шөберелерінің қызығын көру құқығынан айырмауымыз керек. Біз ұлттық болмыстың әженің тәрбиесімен қалыптасатынын ұмытпауға тиіспіз.

Қазақстан өмір сүру ұзақтығы бойынша әлем елдерінің ішінде 110-орында тұрмыз. Бізде орташа өмір сүру жасы – 73 жасқа көтерілді дейтін болсақ, зейнеткерлердің бейнетінен зейнетін көретін жасы 8-ақ жыл. Жапонияда орташа өмір сүру ұзақтығы 82-83 жас. Оларда зейнеткерлік өмірдің рахатын көруге 20 жыл бар. Осы мәселе ескерілуі керек – дейді сарапшылар.

Зейнет жасын ұлғайту туралы мәселе жұртшылықтың арасында бірнеше рет көтеріліп, заңды қайта қарау керек деген ұсыныс айтылған болатын. Коронавирус пандемиясы кезінде марқұм болғандардың жетпіс пайыздан астамы алпыстан асқандар болған. Осы жағдайдан кейін Мәжіліс депутаттары зейнет жасын азайту турасында, ерлерді де, әйелдерді де алпыс жастан бастап зейнеткерлікке шығару керек деген депутаттық сауал жолдады.

Әлеуметтанушы Рамазан Саттарұлының айтуынша: жалпы, 60 жасқа толған адамның денсаулығы мен кәсіби біліктілігі нашарлап, әлеуметтік белсенділігі баяулайды. Оған физиологиялық, психологиялық факторларды қосыңыз. Барлығын ескерсек, 60 жаста зейнетке шығу – оңды шешім. Алайда адам 60 жаста зейнетке шықты делік, ары қарай әл-ауқаты, материалдық жағдайы қандай болады? Мәселе осында – дейді.

Парламент Сенатының депутаты Әли Бектаев: «Ауыл шаруашылығы өнімділігінің төмендігінен, жалақының аздығынан ауыл еңбеккерлерінен зейнетақы жинақтау қорына түсетін түсімдердің көлемі жылдан-жылға азайып келеді. Ертең ауыл тұрғындарының бұл қордан алатын зейнетақысы да мардымсыз болатыны айдан анық», – дейді.

Бірақ жауап көпшілік үміттенгендей болмады. Еліміздегі зейнет жасы өзгеріссіз қалды. Зейнет жасы төмендетілмеді, оның бірнеше себептері бар.

Ең бастысы бұл жерде жұмыспен қамтылған азаматтар мен зейнеткерлер санының арақатынасы, халықтың қартаю динамикасы сынды көрсеткіштер есепке алынады.

Осы ретте ескертіп кеткен жөн, жалпы әлемдік статистикадағы әлемдік көрсеткіштерге қарайтын болсақ, егер 65 жастан асқан азаматтардың үлесі халықтың санының 7% пайызынан асатын болса, бұл мемлекет қартаюдың межесінде тұрған мемлекет болып есептеледі. Дәл қазір елімізде 65 жастан асқан адамдарды үлесі 7,3 пайызға жеткен.

65 жастан асқандар	2050 жылға дейін
7,3%	X 2

2-кесте. Халықтың қартаю динамикасы.

Болжам бойынша қарттар көбейіп келеді. 2050 жылға дейін екі еселеніп, осылайша көрсеткіш 1990 жылғы Жапония, 1970 жылдардағы Швециядағы жағдай қайталануы мүмкін. Жұмыспен қамтылған халыққа зейнеткерлер санының арақатынасы артып келе жатқанын да ескерген жөн.

Жұмыс істеуші	4,8	4,3	3,9
Жылдар	2010	2015	2019

3-кесте. Жұмыспен қамтылған азаматтар мен зейнеткерлер санының арақатынасы (1 зейнеткерге келетін жұмыс істеуші).

Мұндай мәліметтерді БҰҰ қорының халық қоныстануы, дамуы және гендері мәселелері жөніндегі жобалардың ұлттық үйлестірушілері таратты. Жалпы әлемде 65 жастан асқан тұлғалардың үлесі он пайызға өседі деген болжам бар. Бұл да еңбек нарығындағы ахуалға ықпал етеді.

Зейнет жасын ұлғайтудың тағы бір себебі кәрі құрылықта зейнетке шығу жасы бізден де жоғары дейді – сарапшылар. Сондықтан әлемдік жағдайды ескере отырып, бүгінгі таңда Үкіметтің тарапынан зейнетақы жасын төмендету мәселесі қарастырылып жатқан жоқ.

Көптеген елдер зейнет жасын көтеруге мәжбүрміз деп айтқан болатын. Ол туралы Ресейде де, Францияда да шерулер болып өтті.

Ресейде 2019 жылдан бастап 2028 жылға дейін ерлер мен әйелдердің зейнет жасын біртіндеп 5 жылға ұзартады. 2017 жылдан бастап Әзірбайжанда зейнеткерлік жас 60-65 жасқа дейін ұлғайту туралы шешім қабылданды. Грузияда ерлер үшін 65 жас, әйелдер үшін 60 жас. Латвияда 2014-2025 жылдар аралығында 62-ден 65 жасқа дейін біртіндеп ұлғайтылады. Белорусьте 2017 жылдан бастап ерлер үшін 60-63, әйелдер 55-58 жасқа көтеру қаралған.

Еуропалықтар қай жастан зейнеткерлік атанады. Бірнеше шетелдік мемлекеттерді мысалға алуға болады.

АҚШ-та ерлер 67 жаста, әйелдер 65 жаста зейнетке шығады. Оларда 67 жасқа толмай, зейнеткерлікке шығуға болады. Алайда, қордағы жинақ толық берілмейді. Тек 44 пайызын ғана алады. Әлеуметтік-қамсыздандыру бағдарламасының тәртібі осындай.

Германияда ерлер мен әйелдер үшін зейнет жасы бірдей 67 жас. Германияда зейнеткерлікке бекітілген ресми жастан ертерек шығуға рұқсат беріледі. Ол үшін зейнетақы қорына ақшаны 35 жыл үзбей салып тұрғаныңды дәлелдеуің қажет.

Француз зейнетақы жүйесі өте күрделі болып келеді. Француздар 62 жаста зейнетке шыға алады. Ол үшін азаматтардың кем дегенде 42 жыл жұмыс өтілімі болуы керек. Сонда ғана жүз пайыз толық зейнетақы алады.

Бір таңғаларлығы, әлемде зейнетақы мүлде берілмейтін елдер де бар. Бұл тізімнің көшін Танзания бастап тұр. Елдегі зейнет жасындағы адамдардың 95 пайызы өздерін асырау үшін соңғы демі қалғанша жұмыс істеуге мәжбүр.

Ал, Қытайда бастапқыда зейнетақы тек мемлекеттік қызметкерлер ғана алатын болған. Уақыт өте келе заң өзгертіліп, жұмысшылар да зейнеткерлікке шығатын болды. Сондай-ақ зейнетақы мөлшері тұрғылықты тұратын жеріне байланысты. Қалада тұратындар ауылдағыларға қарағанда көбірек алады.

Зейнетақы жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қалай қамтамасыз етуге болады дегенде, жаһан елдеріндегі Нидерланд пен Дания елдерінің тәжірибесіне жүгінуге болады. Екі елдің зейнетақы жүйесі Еуропада ғана емес, әлемдегі үздіктердің қатарында.

Мәселен, Нидерландта зейнетке жетпей қайтыс болған азаматтың қордағы қаржысының 70 пайызы әйелі мен күйеуіне серіктестік зейнетақы ретінде тағайындалады. Оған емделуіне, демалысына берілетін қаржы қосылады.

Данияда зейнетке шығу жасы 67-ге ұзартылғанмен, қарттарға берілетін базалық зейнетақы қысқартылмады. Түрлі себептермен ақша қорына жинай алмағандарға үкімет базалық зейнетақыдан бөлек қосымша жәрдемақы, айына 2800 доллардай береді. Жұмыс беруші арқылы қорға айлығынан аударып отырғандардың зейнетақысы одан да жоғары, яғни Дания елінде кедей қария болмайды. Данияға жасы ұлғайғанда көшіп келгендер ғана мемлекеттік

зейнетақының жартысын алады.

Қорытынды. Түйіндей келгенде, тәуелсіз Қазақстан егеменді ел болғаннан бастап зейнетақы жүйесін реформалау және жаңғырту бағытында көптеген заңдар қабылдады. «Қазақстан Республикасын зейнетақымен қамтамыз ету туралы» заңнамасы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді халықты ынталандыра отырып шешуге мүмкіндік берді. Оған зейнеткерлік жасқа дейінгі азаматтарға жеңілдіктер төлеу, сақтандыру зейнетақысы және әлеуметтік көмек туралы ережелер, т.б. жатады. Бұл жерде әлемде болып жатқан өзгерістерді де бақылаған дұрыс. Әйтседе, зейнет жасын төмендету заман талабына байланысты икемделсе, билік тарапынан осы мәселеге назар аударылса деген байлам жасауға болады. Сөйте тұра, зейнеткерлік жасқа қатысты мәселе маңызды әрі қоғамда өткір мәселе болып қалмақшы.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы заңы //adilet.zan.kz/

Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Астана, 2014. //adilet.zan.kz.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс – қимыл кезеңі // akorda.kz - 2020. -1 қыркүйек.

Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 139-140-бб.

Назарбаев Н.Ә. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы - 2018. – 5 қазан. //www.akorda.kz

www.enpf.kz – «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ сайты.

egov.kz – ҚР электрондық үкімет порталы.

stat.gov.kz – Ұлттық статистика бюросы.

kapital.kz – қазақстандық жаңалықтар сайты.

REFERENCES

Qazaqstan Respublikasynda zeynetaqymen qamsyzdandyru turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2013 jylgy 21 mausymdaғы zańy [Law of the Republic of Kazakhstan dated June 21, 2013 «On Pension provision in the Republic of Kazakhstan»] //adilet.zan.kz [in Kazakh].

Qazaqstan Respublikasynyn zeynetaqy júiesin odan әri jańғыrtudyń 2030 jylğa deingi tújyrymdamasy. [The concept of further modernization of the pension system of the Republic of Kazakhstan until 2030] – Astana, 2014//adilet.zan.kz. kz [in Kazakh].

Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqaevtyń Qazaqstan halqyna Joldaуy. Jana jaǵdaıdaǵy Qazaqstan: is – qimyl kezen[Messages of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan. Kazakhstan in a new Reality: Time for action // akorda.kz. –2020. –1 September [in Kazakh].

Nazarbaev N.Ä. Täuelsizdik дәuiri.[Nazarbayev N. A. The Era of Independence] –Astana, 2017. -S.139-140.[in Kazakh].

Nazarbaev N.Ä. «Qazaqstandyqtardyń әl-auqatynyn өsuі: tabys pen túrmys sapasyn arttyru» atty Qazaqstan halqyna Joldaуy [Message from Nazarbayev N.A. to the people of Kazakhstan «Growth of well-being of Kazakhstanis: increasing income and quality of life»] –2018. – 5 October // www.akorda.kz [in Kazakh].

www.enpf.kz – «Biryńǵai jinaqtaуsy zeynetaqy qory»AQ saity[website of JSC «Unified Accumulative Pension Fund »] [in Kazakh].

egov.kz – QR elektrondyq úkimet portaly [portal of the electronic government of the Republic of Kazakhstan] [in Kazakh].

stat.gov.kz – Últtyq statistika brosy [National Bureau of Statistics] [in Kazakh].

kapital.kz – qazaqstandyq jańalyqtar saity [Kazakhstan news website] [in Kazakh].

БИ ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫНАН

ГТАХР/IRSTI/МРНТИ: 14.35.01

Л.А. НИКОЛАЕВА¹, Ш.С. ӘБИЛДӘЕВА²,

¹п.ғ.к., доцент, e-mail: nikolaeva51158@gmail.com,

²1-курс магистранты, e-mail: shinara_96@mail.ru,

^{1,2}Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясы, Қазақстан, Алматы қаласы.

Д.ӘБІРОВТІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ және оның Қазақстан хореографиясының дамуына қосқан үлесі

Қазақ хореографиясындағы заманауи ізденістерді қазақ би өнерінің даму жылдарында қалыптасқан Қазақстанның көрнекті хореографтарының орасан зор қызметін мұқият зерттеусіз талдау және ұғыну мүмкін емес. Және онсыз отандық би мәдениетін одан әрі табысты дамыту жолдарын анықтау да қиын. Осы мақалада ұлттық хореография педагогикасының шығу тегіне отырып, отандық хореографияда жиналған бар жақсылықты сақтай отырып, жас мамандарға ұлттық стильде жаңа билер құру мәселесі қарастырылды. Бұл тұрғыда көрнекті қазақ педагогы және хореографы Д.Т.Әбіров шығармашылығының негізінде жатқан идеялар мен қағидаларын зерделеу жаңа бастаған хореографтар үшін жақсы көмек бола алады. Сонымен бірге, отандық хореография педагогикасының негізін қалаушылар қалдырған шығармашылық мұра жоғалмайды және болашақ хореограф-педагогтарды оқыту мен тәрбиелеудің ең дұрыс жолдары айқындалатын болады.

Тірек сөздер: хореография, хореография режиссурасы, жаңғырту, шығармашылық мұра, ұлттық би өнері, қазақ хореографиясының дәстүрлері.

L.A. NIKOLAYEVA¹, SH. S. ABILDAYEVA,²

¹Ph. D., associate Professor, e-mail: nikolaeva51158@gmail.com,

²1st year master's student, e-mail: shinara_96@mail.ru,

^{1,2}T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Qazaqstan

D. ABIROV'S PEDAGOGICAL HERITAGE AND HIS CONTRIBUTION TO THE DEVELOPMENT OF CHOREOGRAPHY IN KAZAKHSTAN

Modern research in Kazakh choreography cannot be analyzed and studied without a thorough study of the huge layer of activity of outstanding choreographers of Kazakhstan, which was formed over many years of development of the Kazakh dance art. Without this,

Қазақ тарихы

№3 (192), мамыр-маусым, 2021

it is also impossible to determine the further ways of successful development of the national dance culture. The reference in this article to the origins of the national pedagogy of choreography will help young professionals to work on creating new dances in the national style, to preserve all the best that has been accumulated in the national choreography. In this sense, the study of the ideas and principles underlying the work of the outstanding Kazakh teacher and choreographer D. T. Abirov can be a good help for novice choreographers. And at the same time - Kazakh dance art.

Keywords: choreography, directing the choreography, modernization, creative heritage, national dance art, traditions of Kazakh choreography.

Л. А. НИКОЛАЕВА¹, Ш. С. ӘБІЛДӘЕВА,²

¹к.п.н., доцент, e-mail: nikolaeva51158@gmail.com,

²магистрант 1-курса, e-mail: shinara_96@mail.ru,

^{1, 2}Казахский национальный академия искусств им. Т. Жургенова,
г. Алматы, Казахстан.

ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ Д. АБИРОВА И ЕГО ВКЛАД В РАЗВИТИЕ ХОРЕОГРАФИИ КАЗАХСТАНА

Современные изыскания в казахской хореографии невозможно анализировать и изучать без тщательного исследования того огромного пласта деятельности выдающихся хореографов Казахстана, который был сформирован на протяжении многих лет развития казахского танцевального искусства. Без этого также невозможно определить дальнейшие пути успешного развития отечественной танцевальной культуры. Обращение в данной статье к истокам национальной педагогики хореографии поможет молодым специалистам в работе над созданием новых танцев в национальном стиле, сохранять всё то лучшее, что было накоплено в отечественной хореографии. И в этом смысле изучение идей и принципов, лежащих в основе творчества выдающегося казахского педагога и хореографа Д. Т. Абилова, может стать для начинающих хореографов хорошим подспорьем. Вместе с тем не утратится то творческое наследие, которое оставили нам родоначальники отечественной педагогики хореографии, и будут определены наиболее верные пути обучения и воспитания будущих педагогов-хореографов. А вместе с этим - казахстанского танцевального искусства.

Ключевые слова: хореография, режиссура хореографии, модернизация, творческое наследие, национальное танцевальное искусство, традиции казахской хореографии.

Кіріспе. Кәсіби сахнада қазақ би өнерінің қалыптасуына ұлттық мәдениеттің жалпы дамуына негізделген ұзақ және күрделі жол болды. Қазақстандық хореографияның қазіргі даму кезеңі өз негізінде қазақ би өнерінің негізін қалаушылардың шығармашылығымен тығыз байланысты. Кез келген елдің тарихында шығармашылық қызметімен ұлттың рухани мәдениетінің дамуында терең із қалдырған тұлғалар бар. Қазақ би мәдениетінде мұндай тұлғаларға ең алдымен көрнекті режиссер-хореограф, педагог Дәурен Тастанбекұлы Әбіровті жатқызуға болады. Егер қазақ биінің даму жолдары, заманауи қазақстандық хореография педагогикасы туралы айтатын болсақ, отандық би өнерінің қалыптасуында өткен жолды талдаусыз мүмкін емес.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазуға көрнекті режиссер-хореограф, педагог Дәурен Әбіровтің А. Исмаиловпен бірлесіп жазған «Қазақтың халық биі» (Алматы, Өнер, 1984 ж., 160 б.) еңбегі мен басқа да көптеген еңбектері пайдаланылды. Сондай-ақ мақаланы жазу барысында қазақ және орыс би мәдениетінің қалыптасуы мен дамуындағы ерекшеліктері салыстыра қарастырылды.

Талдау. Әйгілі режиссер-хореограф, педагог Д. Әбіров қазақ биінің қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосқан өнерпаздың бірі. Майталман ғалымның «Кәсіби сахнада қазақ биінің қалыптасуы мен дамуы.» (дисс. канд. талап., М., 1979 ж., 171 б.), «Қазақ ұлттық хореографиясының бастаулары мен негізгі элементтері» (Алматы, Салтанат, 1992, 12 б.), «Қазақ хореографиясы туралы бірер сөз» (Алматы, Жұлдыз, 1976.), «Ұлттық би бағдары» («Мәдениет және тұрмыс». 1984, №3.), «Хореография академиясы неге жоқ?» («Қазақстанская правда», 1996, 28 қараша.) сынды еңбектері қазақ биінің қалыптасуы мен дамуы туралы көптеген мағлұматтар береді. Сондай-ақ Д. Әбіров ГИТИС-тің балетмейстер бөлімінде оқығанда өзінің ұстазы Р. Захаровтан келешек шығармашылық қызметі үшін көптеген құнды деректер мен мағлұматтарды алғаны мәлім. Сондықтан орыстың әйгілі хореограф, педагог ғалымы Р. Захаровтың да еңбектері зерттеу негізіне алынды.

Зерттеу нәтижелері. Д. Әбіровтің шығармашылығы өзара толықтыратын бірнеше саладан тұрады: педагогикалық қызмет, балетмейстерлік қызмет және қазақ халық

биін насихаттау мен дамыту саласындағы жұмыс. Ол 1942 жылы хореографиялық училищені бітіріп, Кеңес Армиясы қатарында қызмет етіп, Абай атындағы опера және балет театрында биші ретінде өзінің шығармашылық қызметін бастайды. Осы жылдары театрдың балет репертуарын шығармашылықпен зерттей отырып, ол негізінен тек классикалық балет спектакльдеріне көп көңіл бөлінетінін атап өтті. Қазақ хореографиясы, Классикалық негіздегі халық билері XX ғасырдың 30-жылдарындағыдай күйінде қалып отыр. Сонымен қатар, ол өнер бір орында тұрмайтынын, ол дамып, жаңа элементтер пайда болатынын, әсерлі қойылымдар болатынын түсінді. Сонымен қатар, Абай атындағы опера және балет театрының труппасы соғыстан кейінгі кезеңде әртүрлі болды: мұнда КСРО-ның әртүрлі қалаларынан келген бишілер жұмыс істеді, олардың кейбіреулері, негізінен Алматы хореографиялық училищесінің түлектері репертуарды нашар білді, сахнадағы серіктестермен жұмыс істей алмады. Осыған байланысты Д. Әбіров шығармашылық адамы бола отырып, ұлттық материал негізінде спектакльдерге қызықты би байламдарын, жаңа элементтерді енгізе бастайды. Сонымен бірге ол бұл процеске басқа бишілерді біртіндеп тартады.

Жас биінің шығармашылық ұмтылыстары байқалып, 1951 жылы Абай атындағы опера және балет театрының балетмейстері болып тағайындалады. Қоюшы режиссерлік қызмет саласындағы өз білімінің жеткіліксіздігін сезіне отырып, Д. Әбіров ГИТИС-ке, балетмейстер бөліміне түседі. Гитисте оқу Д. Әбіровқа көп нәрсе берді. Ол өзінің ұстазы Р. Захаровтан өзінің әрі қарайғы шығармашылық қызметі үшін көптеген құнды деректер мен мағлұматтарды алды. Ең алдымен, ол балет бишілерімен жұмыс жасаудың осындай жүйесін негіз ретінде алды, ол кезде көркемдік міндеттерді «қорындаушылармен бірлесіп, оларға нұсқау бермей, бірақ олармен достастықта жұмыс істей отырып» шешті [1, 27]. Д. Әбіров Р. Захаровтың жүйесінен шығармашылық тұрғыдан алған тағы бір маңызды сәт, ол балет спектакльдерін сахналап қана қоймай, сонымен қатар осы салада жинақталған барлық тәжірибені ескеруге тырысты. Сонымен, атап айтқанда, ол бұрын жасалған нәрсені, мысалы, халық шығармашылығына сүйене отырып, жаңа нәрсе жасау мүмкін

емес деп санайды. Р.Захаров сияқты, Д.Әбіров классикалық бидің негіздерін үйретпей-ақ жақсы бишіні тәрбиелеу мүмкін емес, бірақ сонымен бірге орыс классикалық балет мектебінің барлық әдістері мен әдістерін қазақ топырағына соқыр түрде беру мүмкін емес деп санады. Иә, әрине, Алматы хореографиялық училищесінде классикалық оқу курсынан өтіп, ГИТИС-те тағылымдама курсы бітіріп, Д.Әбіров балеттің интернационалдық табиғатын жақсы түсінді. Бірақ ол сондай-ақ әрбір ұлттық би өнерінің балет классикасын жүзеге асырудың, үйренуге және дамытуға болатын және қажет болатын өзіндік ерекше тәсілдері мен тәсілдері бар екенін білді.

Балет спектакльдерін қоюдағы орыс классикалық мектебінің маңызды рөлін мойындай отырып, Д. Әбіров қазақ биіне де аз көңіл бөлінеді деп санады: «Бұрын қазақ халық билері мен олардың орындаушыларының шығармашылығын ешкім зерттеген жоқ. Бұл Қазақстанның кәсіби өнерінің пайда болуы кезінде кәсіби сахнада қазақ биінің қалыптасуына үлкен көмек көрсеткен шақырылған хореограф-мамандардың бұл билерді қазақ халық хореографиясының негізінде емес, халық әдет-ғұрыптарын, ойындарын, еңбек үдерістерін биге айналдыруына әкелді» [2,4].

Осыған сүйене отырып, Д. Әбіров балетмейстер ретінде жұмыс істей отырып, ең алдымен ұлттық балет репертуарын жаңартуға және кеңейтуге, халықтық би өнерінің элементтерін классикалық балетке енгізуге ұмтылды. Бұл бағыттағы басты жетістік Ғ.Жұбанованың «Аққанат» (1966 ж.) және А. Великановтың «Қамбар мен Назым» (1959 ж.) сияқты ұлттық классикалық балеттерді жасау болып табылады. Бұдан басқа, Д. Әбіров Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібек» және М. Төлебаевтың «Біржан мен Сара» ұлттық операларында халықтық сахналық билердің тамаша үлгілерін жасады. Қазақ би мәдениетінің дәстүрлеріне адал бола отырып, Д. Әбіров өз қойылымдарында алуан түрлі хореографиялық лексиканы қолданады. Сонымен, оның жаппай, ансамбльдік, дуэтті және жеке билерінде фольклор элементтерін көруге болады, ал ұлттық билерді жазу кезінде ол классикалық балеттің канондық формаларына жүгінеді: адажио, дуэттер, ерлер мен әйелдердің вариациялары. Осы мақсатқа жету үшін Д. Әбіров әрдайым студенттеріне қол мен дененің нақты би қимылдарының барлық нюанстары мен нәзіктіктерін мұқият түсіндірді. Атап айтқанда, ол былай деп жазды: «Қазақтың халық биі көңілді, қуатқа толы. Ол халықтың ашық ойындарға, еңбек процесіне еліктеуге негізделген. Әйелдер биінде басты рөлді өз суреттерінде әр түрлі және қолдардың пластикалық мәнерлі қимылдары ойнайды, ерлер биі үлкен динамизм мен айқындықпен ерекшеленеді» [3, 2]. Ұлттық өнерді дамытудағы қазақ билерінің маңыздылығын жақсы түсінген Д. Әбіров халық би элементтерін балет спектакльдеріне барынша енгізуге тырысты. Алайда, мұндай спектакльдердің қоюшы-режиссерінің түпкі ойын барынша тиімді жүзеге асыру үшін жақсы меңгерген орындаушылар, тинайы әзірленуі қажет жоғары кәсіби труппа қажет. Осыған байланысты, балетмейстер ретінде шығармашылық қызметімен қатар Д.Аби-ров педагогикалық жұмыспен айналысады, Алматы хореографиялық училищесінде сабақ береді. Ол би қойылымдары мен театр қойылымдарына қатысу арқылы студенттерді одан әрі сахналық тәжірибеге дайындауға тырысады және шынымен де ол әрқашан жақсы бишілерді дайындауға тырысты. Оның жетекшілігімен З.Райбаев, С.Көшербаева, А.Жалилов сияқты тамаша бишілердің шығармашылығы дамыды.

Д.Әбіров өзінің педагогикалық қызметінде өзінің ұстазы А. В. Селезневтің тәжірибесін қолданады, атап айтқанда: ол балаларды «қарапайымнан күрделіге» қағидатын ұстана отырып, бірыңғай жүйе бойынша оқытады.

Хореография өнерін оқытуда Д.Әбіров балаларды арнайы бағдарламалар бойынша мамандандырылған

оқу орындарында балетке классикалық кәсіптік оқыту қажеттілігін есептейді. Тек осылай ғана өзінің әрі қарайғы жұмысында қоюшы-режиссердің барлық жаңашылдық ниетін кәсіби түрде іске асыра алатын барынша қабілетті оқушыларды іріктеуге болады: «кез келген педагог өзінің өзіндік қолтаңбасы бола отырып, балет өнерінің жаңа қағидаттарын енгізуі, өз оқушыларын тәрбиелеуі тиіс» [1,73]. Д.Әбіров біртіндеп хореографиялық училищенің оқушыларын балет спектакльдерін жасаудың шығармашылық процесіне қатысуға тартады. Мысалы, орта және жоғары сынып оқушылары Л.Минкустың «Дон Кихот», П.Чайковскийдің «Щелкунчик» балеттеріне қатысты. Хореографиялық училищеде «Актер шеберлігі» пәнін жүргізе отырып, Д. Әбіров әрдайым балаларға сахнада өзін қалай ұстау, алаңды қалай дұрыс бөлу, серіктестермен өзара әрекеттесу дағдыларын үйретті.

Д.Әбіровтің шығармашылық қызметінің маңызды құрамдас бөлігі-жоғарыда танымал болу. Ол «XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап қазақ халықтық-сахналық биінің жетістіктері өз дамуын алды. Хореографиялық өнердің жаңа бағытының көркемдік қағидалары жоғары кәсібилік, спектакльдің мазмұнын жеткізу үшін би-пластикалық тілдің мәнерлі құралдарын кеңінен дамыту болып табылады» [4, 27].

Д.Әбіров халық биін насихаттау мақсатында көркем-өнерпаздар би ұжымдарында үлкен жұмыс атқаратындығының айғағы. Атап айтқанда, «Балапан» балалар би ансамблінде ол ұлттық билердің авторлық қойылымдарын жүзеге асырды. Содан кейін үздік шығармаларды Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек», М.Төлебаевтың «Біржан мен Сара» ұлттық операларына көшірді, сондай-ақ А. Великановтың «Аққанат», Ғ.Жұбанованың «Қамбар мен Назым» ұлттық балеттерін жасауда пайдаланды.

Д.Әбіров әрдайым көркемөнерпаздар шоуларына үлкен мән береді. Оның пікірінше, мұндай байқаулар балетмейстерлерге қазақ биінің халық шеберлерінің өнерімен танысуға мүмкіндік береді, ұлттық би шығармашылығы туралы түсініктерді байытады және ұлттық балет спектакльдерін жасау бойынша одан әрі жұмыс істеу үшін қажетті материал береді.

Д. Әбіров қазақ биін жаңғырту бойынша көптеген ойлары мен идеяларын «Қазақ биінің тарихы» және «Қазақ халық хореографиясының бастаулары мен негізгі элементтері» сияқты баспа еңбектерінде көрсетті. Онда ол фольклордың ұлттық хореографияны дамыту үшін маңыздылығын ерекше атап өтті және халық өнерінің барлық байлығын зерттей отырып, сіз одан әрі қарай жүре аласыз деп сенді. Ол жинақталған тәжірибені шығармашылық өңдеу қажеттілігі туралы көп жазады. «Қазақ хореографиясы туралы бірер сөз» [5] және «Ұлттық би бағдары» [6] мақалаларында қазақ биін одан әрі дамыту мәселелерін қарастырады және педагогтың оқушылармен ұлттық би өнерін дұрыс оқыту бойынша табысты жұмысы, ең алдымен, осы өнерді құрайтын элементтер ерекшеліктерін егжей-тегжейлі білуіне байланысты екенін түсіндіреді. Д. Әбіров өзі осы ережелерді сақтауға тырысады. Қазақ халық би шығармашылығын толық ашу және жүйелеу мақсатында ол 1979 жылы Мәскеуде өнертану кандидаты дәрежесіне «Кәсіби сахнада қазақ биінің қалыптасуы мен дамуы» диссертациясын жазады және сәтті қорғайды [3, 81], онда би мұрасын сақтау мәселелерін егжей-тегжейлі қарастырады. Атап айтқанда, ол халық билерін оқыту саласындағы педагогикалық тәжірибенің үздік сабақтастығы үшін педагог-хореографтар ұлттық хореографияны оқытудың дағдылары мен тәсілдерін игеріп қана қоймай, сондай-ақ өз біліктілігін үнемі арттырып, жинақталған тәжірибені зерделеуі тиіс деп санайды.

Хореографиялық шеберлікті оқыту процесінің үздіксіздігін жүзеге асыру және кәсіби балет кадрларының біліктілігін одан әрі арттыру мақсатында Д. Әбіров 1994 жылы

Алматыда «Жоғары хореография мектебі» деп аталатын Театр және Кино институты жанындағы арнайы бөлімше құру жөніндегі дайындық жұмысына белсенді қатысады. Кейіннен (1999 ж.) Театр және Кино институты Т.Жүргенов атындағы өнер академиясы болып, хореография бөлімі «Хореография» факультеті болып қайта құрылды.

Жас хореограф-педагогтар үшін жоғары кәсіптік білімнің маңыздылығын жақсы түсіне отырып, Д. Әбіров оларды қойылымдық қызметтен басқа педагогикалық шеберлікке де үйрету қажет деп санайды. Ол бұл туралы көп айтады. Атап айтқанда, өзінің «Неге хореография Академиясы жоқ» атты мақаласында [7], ол өзінің ұлттық хореограф-педагогтарын тәрбиелеу мәселелерін қарастыра отырып, осы мәселелерді шешу үшін Мәскеу мен Ленинград институттарына одан әрі біліктілігін арттыру үшін мамандарды жіберудің қажеті жоқ. Олардың оқуын Алматыда да меншікті хореография факультетін құрып жүзеге асыруға болады деп есептеді. Қазақстандық хореография мектебі тәжірибелі, жақсы дайындалған педагогтар, балетмейстерлер жас мамандарды режиссерлік және педагогикалық шеберлік негіздеріне оқытатын факультет болған жағдайда жемісті дами алады.

Қорытынды. Сонымен, оның практикалық іс-әрекеті негізінде, сондай-ақ А.Александров пен А.Селезневтің педагогикалық идеяларын қолдана отырып, Д.Әбіров жас хореографтарды оқыту мен тәрбиелеудің белгілі бір жүйесін қалыптастырды, онда оқу процесінің негізгі әдістері мен принциптері болды:

- бірыңғай арнайы бағдарламалар бойынша мамандандырылған үй-жаймен жүйелі сабақ жүргізу;
- балет материалын қарапайымнан күрделіге дейін зерттеу принципі, бидің әр жаңа элементі бұрын үйренген негізінде үйренген кезде;
- өткен материалды міндетті түрде қайталау және оны әрі қарай жұмыс істеу үшін пайдалану. Д.Әбіров бұған дейін жасалған нәрселерге сүйенбей, жаңа нәрсе жасауға болмайды деп есептеді;
- оқу процесінің үздіксіздігі. Бұл Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының балет труппасының педагог-репетиторы бола отырып, Д. Әбіров хореографиялық училищені бітіргеннен кейін оқушылар кәсіби хореограф бола тұра, өз шеберліктерін жетілдіру мақсатында оқу-дайындық сабақтарын жалғастыруы тиіс деп есептеді.

Сонымен қатар, Д.Әбіров осындай маңызды педагогикалық талаптарды алға тартты:

- жеке ерекшеліктерін ескере отырып, орындаушылармен бірге оқу және шығармашылық режиссерлік міндеттерді шешу қажеттілігі;
 - қазіргі заманғы хореография режиссурасында өзіндік ерекше тәсілдері мен тәсілдері бар, үйренуге және дамытуға болатын қазақ халық би шығармашылығына міндетті тірек.
- Сонымен қатар, Д.Әбіровтың Қазақстанның ұлттық хореографиясын дамытудағы еңбегін атап өткен жөн.
- соғыстан кейінгі кезеңде жасаған ең бастысы – ол жаңашыл тәсілдердің көмегімен ұлттық билердің сахналық нысандарын жасай алды және олардың негізінде ұлттық хореографияның режиссурасын дамытудағы жаңа кезең болып табылатын алғашқы ұлттық балеттердің қойылымдарын жүзеге асырды;
 - өзі қалыптастырған Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының балет труппасының және дұрыс ұйымдастырылған дайындық жұмысының арқасында бишілердің хореографиялық шеберлік деңгейі жаңа биіктерге көтерілді;
 - балет өнерінің басқа қайраткерлерімен бірге 1994 жылы хореография жоғары мектебінің ашылуына қол жеткізді, соның арқасында кәсіби балет кадрлары балет өнері саласында жоғары режиссерлік және педагогикалық білім

алуға мүмкіндік алды. Осының нәтижесінде Қазақстан білікті педагог-хореографтарды ала бастады;

– Д. Әбіров халық биін насихаттай отырып, ұлттық би өнерінің сақталып қана қоймай, жаңа біліммен байытылуына ықпал етті.

Қазақ халқының би фольклоры өзіндік шығармашылық ретінде жаңашыл режиссура арқылы кәсіби сахнаға көшіріліп, осылайша бүгінгі күнге дейін сақталды. Д.Т.Әбіровтің әдістемелік жүйесіндегі хореограф-педагогтарды оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен принциптері кестеде келтірілген.

1-кесте. Д.Т.Әбіровтің әдістемелік жүйесіндегі хореограф-педагогтарды оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен принциптері.

Оқушылармен қарым-қатынаста тәртіп пен демократиялық қағидаттарын ұштастыруға тырысамын. Шешімдерді әділдікпен қабылдаймын, оқушыларды жеке тұлға ретінде сыйлаймын. Өмірде мен оптимистік көзқарасты қолдаймын. «Оқу инемен құдық қазғандай» дегендей оқушыға барынша сапалы білім беруі үшін көп ізденіс үстінде болып, біліктілігімізді үнемі арттырудамыз. Оқушы да, мұғалім де барлығымыз үлкен оқу қоғамдастығының бір мүшелеріміз. Оқушыны үйрете отырып өзімізде үйренеміз. Өзіміз бұрын-соңды танымаған жаңашылдық ашуды көздеп Кембридж бағдарламасы бойынша білім алуды мақсат қылдым. Оқу барысында бағдарламаның негізгі идеясын, мақсаты мен міндеттерін түсіндім. Ең алдымен сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру керек екендігіне көзім жетті. Оқушы қандай көңіл күйімен сабаққа келгенін ең алдымен анықтау керек екендігін түсіндім. Жеті модульде қарастырылған идеялар сабақта пайдаланатын жекелеген стратегиялар мен тәсілдер сияқты өзара байланыста болу керектігін ұғындым. Оқушыларға нақты қызмет тәжірибесін меңгертіп, оқушылар тек бақылаушы ғана емес, өздері қатыса отырып қиын мәселелерді өз бетінше шеше білуге үйретуді көздедім. Сабақ басталмас бұрын оқушылармен амандасып, бір-біріне күлімсірей қарап қолдарынан ұстап сәлемдесіп, бүгінгі сабаққа бір-бірлеріне сәттілік тілеп, жылы сөздер айтқызамын. Оқушылардың жан дүниесіне үңілуіне тырысам.

Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру мақсатында сыныпта сабақтан тыс бірнеше тренинг өткіздім. Оқушылар шеңберде үстелге отырып өзінің көршісі туралы мәлімет берді. Осы мәлімет бойынша оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы өте жылы, сүйіспеншілік, қайырымдылық, ізгілік бірін-бірі сыйлау, құрметтеу тенденциясы басым болды. Оқушылар өздерінің көршілерін тек жақсы жағынан ғана бейнеледі. Мен балаларға сындарлы оқытудың артықшылығына көңіл бөліп, «дәстүрлі» оқыту кезеңінде тек механикалық есте сақтау, үстірт білім алуына әкеліп соқтыратынын, оқушылар білімнің мән-мағынасын терең меңгермейтінін, оқушы білімді болашақ өмірінде тиімді пайдалана алмайтынын дәлелдедім. Қазіргі таңда оқушы өзіне керек білімді өзі алу керек екендігіне көздерін жеткіздім. Оқушыларда сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыруға мақсат қойдым. Ол дегеніміз көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдер қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді деп ойлаймын. Сабақтарда мен үнемі СТО-ның көптеген стратегияларын қолданамын.

Жаңа тақырып өтер алдында оқушы бұрыннан бері нені білетінін анықтап алуды жөн көремін. Ол үшін «Түртіп алу әдісі», «Ассоциация», «Кластер» әдістерін қолданамын. Оқушылар ақпаратпен танысып болғаннан кейін, мына белгілерді қойып шығу керек болады. V – маған таныс, + мен үшін жаңа, – түсінбедім, ? бұл туралы тереңірек білгім келеді. Оқытуда оқушының бастапқы білімі мен дағдыларын назарға алып, оларды өрістетуге тырысамын. Балдар осы әдісті пайдалану барысында, бұрыннан таныс мәліметті жаңа мәліметпен ұштастырады, берілген ақпаратты сыни тұрғыдан бағалайды, алда оқылатын проблеманың бағытын анықтайды. Оқушылардың өз бетімен ескі мен жаңа білімдерін ұштастырғаны, оған терең талдау жасағаны, Кембридж оқыту тәсілінің ұтымды жақтарын көрсетеді. Мұғалім оқуды бағалаумен (жиынтық бағалау) қатар, оқыту үшін бағалауды (формативтік бағалауды) пайдаланғанда, бағалау оқудағы аса пайдалы құралға айналады. Оқушы өз білімдерінің деңгейін өздері бағалайды. Әр топта оқушылар бағалау критерийлерін анықтайды. Көшбасшылар әр топ мүшесіне әділ баға беруге тырысады. Сабақтарда мен бағалаудың мына түрлерін пайдаланамын: «Екі жұлдыз, бір тілек», «Бір керемет, бір тың идея, бір «әттеген-ай», «Бармақпен бағалау», «Бағдаршам» арқылы бағалау, критерий бойынша бағалау. «Венн диаграммасы», «Қабырға газеті немесе галереяға саяхат» арқылы оқушылардың алған білімдерін пысықтаймын. Осы тапсырманы орындау барысында балалар өз ойларын талдады және сараптады, ойлау логикасын

дамытты, түсінік пен құбылыстардың ортақ және жеке ерекшеліктерін анықтап, белгілейді. «Ротация» әдісі кезінде оқушылар өз білімдерін ұсынылған тақырыпқа актуалдандырады, проблемалық сұрақтар талдауға қатысады, ұсынылған проблема бойынша басқа топтардың бағытымен келісетінін немесе келіспейтінін, дәлелдемелер арқылы білдіреді. Оқушылар гипотеза жасауға, оны қорғауға

дағдыланады. Мұғалім оқушының оқу үлгерімін ғана емес, түсініп оқуын қадағалау мақсатына «Жекпе-жек», «Сиқырлы доп» әдістері арқылы жетем. Оқушылар бір-біріне жуан сұрақтар қоюға тырысады. Осы кезде олардың арасында бәсеке, жеңіске жетуге деген ұмтылыс пайда болады. Топтар арасында бәсекелестікті күшейтетін әдіс-тәсілдерді көбейту керек деп ойлаймын.

Нагила ДӘУЛЕТХАН,
Т.Бигелдинов атындағы мектептің жоғары
санатты зерттеуші педагогы, тарих пәні мұғалімі

ОҚУЛЫҚТЫҢ ТАНЫМ ТӘРБИЕСІ – ЖАҢА ЗАМАН ТАЛАБЫ

(2-бағыт «Оқулық мәтінінің танымдық және тәрбиелік мәні»)

«Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ,
ал біліктілік – сол білімді іске асыратын құрал».

А.Байтұрсынұлы.

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, жұрттың көзін ашып, көкірегін оятататын оқулық, газет журнал, жалпы кез келген ақпарат көзі, басты құрал екенін сол кездің өзінде назарға салған еді. Бүгінгі ХХІ ғасырда заманның көшіне ілесіп, өркениеттің даму жолында сағаттап емес минуттап дамып жатқан әлемде өскелең ұрпаққа сапалы да саналы білім беру, мектеп қабырғасынан қалыптасатын тәрбиенің бояуын баланың бойына сіңіру жолында оқулықтың алар орны ерекше. Оқулық мәтінінің, оның қанық бояулары, мән-мағынаға толы айтар ойы бар суреттерінің, мұқабасынан бастап ішкі рухани ақпаратының жазылуы ерекше әсер ететіні сөзсіз.

Қазіргі заман талабының өзі оқулықтың мәтініне зор назар аударуды қажет етіп тұр. Өйткені ұрпаққа берер тәлім-тәрбие ең алдымен ұстаздың үйреткен білімі, қоршаған орта тәрбиесімен ең бастысы нәр алып сусындап жатқан оқулығымен рухани дүниемен тікелей байланыста. Оқулық мәтінінің танымдық ерекшелігін ескергенде мына жайттарды назарда ұстаған жөн: тақырып мәтіні мазмұнды білімді хабарлауда ықшамды, ақпарат тек мәтін түрінде ғана емес хабарлаудың түрлі әдістерін қолдану керек, мәселен, бояуы қанық тақырыпты аша түсетін суреттер, кестелер, бағыттау сұрақтары, дәлелді деректер ең бастысы мәтіннен алған білімін алдыңғы біліммен байланыстырып, әрі қарай ынталанып оқуға деген құлшынысы артып, ізденуге жағдайын жасау керек. Бүгінгі заман талабына сай оқулық педагогикалық мәселені, ғылым заңдылығын қайта қарауды оған өзгерістер енгізуді, қоғамның пікірімен санасуды қажет етіп тұр. Оқулықта тәрбиелік мән, ел, жерді сүйу, отансүйгіштік, ерлікті дәріптеу сияқты тәрбиелік мән болу шарт. Мектеп қабырғасында оқытылатын оқулық арнайы бірнеше цензурадан өтуі қажет. Қазір саны жағынан көп баспалар оқулығындағы мәтіннің, хронологиялық жылдарға байланысты сандардың, ғасырлардың қателескен тұстары анық көрініп тұрады. Ең бірінші кезекте ескерілетін мәселелер эстетикалық көркемдік, тілдік, әдістемелік, полиграфиялық жазылым, логикалық сұрақтар, идеологиялық ұстаным, мәтіннің шағын

нақты дәлелді мазмұны, оқушының жас ерекшелігіне сай талаптар да назарда болу керек. Бүгінгі жас ұрпақты халқымыздың ғасырлардан бергі келе жатқан рухани дүниесімен таным-тәрбиесімен, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен, мәдениетімен таныстыруда заманауи біліммен қаруландыруда, олардың бойына жаңа сапалы дағды мен икемділіктерді дарытуда заман талабына сай жазылған оқулықтар үлкен рөл атқарады. Мектеп бағдарламасының жаңартылуымен оқулықтың құрылымы мен мазмұнына да өзгерістер енгізілді. Оқулықтарда үлкен көлемде жаттау мен теориялық материалдарға қарағанда қазіргі оқушы зейініне сай келетін мәтінді өз өмірімен байланыстыра алатын, проблемаларды шеше алатын шағын материалдар мен тапсырмалар берілуі керек. Оқушының тапсырманы өзі ойлап ізденіп жауап беруіне мүмкіндік беретін ой шақыру сұрақтары, диаграммалар, модельдер, кестелер мен графикалар, карта, суретпен жұмыс тапсырмалары көп болу қажет. Білімнің бәрі кітапта. Сондықтан оқулық оқушының рухани басты құралы. Жалпы оқулықтың сапа жағынан сын көтермей жиі талқылауларға түсуінің себебін жан жақты қарағанымыз жөн. Соның ішіндегі басты мәселе оқу әдебиетіне баспа ішінде сараптаманың нашар жасалуы, баспа редакторларының жауапкершілігі, басқа да сарапшылар мен мектеп әдіскерлерінің әр пән мұғалімдерінің көзқарасын жалпы қоғам көзқарасын назарға алу. Болашақта жаңа заман талабына сай келетін қоғам сұранысын қамтамасыз ететін оқулық жазғанда бұл аталғандардың назарға алынуы бек мүмкін. Байтұрсынұлы Ахметше айтсақ «Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі», бүгінгі ұрпақ – біздің ертеңгі елдігімізді көркейтетін, рухани мұрамызды жалғастыратын болашағымыз. Әр ұлт өз ана тілінде буыны бекімеген ұрпағына өз мәдениетін, өз әдебиетін, тарихын бойына сіңіреді, ол біздің білім беріп жатқан оқулық мазмұны мен мәтінінде. Ендеше сөз соңын тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының «Балаларға көп үйретем деп, асығып шала шарпы үйретуден көрі, аз болса да нық, анық үйрету абзал» деген қанатты сөзімен түйіндеймін. Жаңа заман талабына сай оқулығымыз тәрбиелік үлкен мәнге ие болғай.

**Қарағанды облысы,
Бұқар жырау ауданы,
Гагарин ауылы.**

Гүлнар ШЕГЕНОВА,
С.Сейфуллин атындағы Алматы
облыстық әмбебап кітапханасының қызметкері

АҢЫЗ АДАМ – ӘЛІМҒАЗЫ

2020 жылғы індет ақкөңіл апайларымызбен небір асыл азаматтарымызды алып кетті. Сондай асыл да абыз адам яғни Райымбеков Әлімғазы атамыз туралы ой толғатсам деп отырмын. Енді қара сөзден маржан терген жазушы емеспін, қарапайым кітапханашымын. Бірақ мені бір ой күні-түні толғандыра берді. Неге атамның асыл қасиетін айтпасқа деген ой іштей маза бермеді. Қызы, әрі он жыл тұрған көршісі ретінде атама деген құрметім болсын деген ізгі ниетпен осы мақаланы жазуыма түрткі болды. Сондықтан да әдебиет, өнер сүйер оқырмандарыма барынша өз тілімен жеткізуге тырыстым.

Қазақтың сахна мен кино өнерін қалыптастырып, өзінің бойындағы сарқылмас дарынымен өшпес із қалдырған шоқтығы биік тұлға Ш.Аймановтай атамыз талай жастардың өнер жолында қанаттарын еркін қағып, шыңдалып нағыз өнерді ұстанған азамат болып қалыптасуына тер төгіп, жол көрсеткен ұлағатты да ұлы ұстаз дер едім. Ұлағатты дейтінім, әрбір кино түсіруде өз кейіпкеріншебер таба білуінде және өзінің сол рөлді аса бір талантымен кәсіби шеберлігімен алып шығуында. Атап айтар болсақ «Атаманның ақыры», «Туған жер», «Алдар көсе», т.б. Сондай алтын қордағы «Тақиялы періште» фильмін түсіруде біріншіден үлкен комедиялы жанрдағы кино дүниеге келсе, екінші жағынан трактор жүргізушісі үш ұйықтаса да актер боламын деп ойламаған қарапайым ауыл баласының бағын ашты десе де болғандай.



Қарапайымдылықты қасына ертіп, ізгіліктің ізінен ерген нар тұлғалы батырдай денесі бар Әлімғазы атамыз өте кең пейілді де ақжарқын көңілді жүретін. Кейбіреулер өзінің атақ-даңқымен, дүниесімен, алған әйелдерімен мақтанып, марқаяды. Ал біз осы атамызбен мақтанамыз. Біз үшін үлкен мәртебе, бір шаңырақтың астында тұрып, есігіміз бөлек болса да талай мағыналы да қызықты күндерді өткізіп, бүгінде жадымызда елес естеліктер болып ғана қала берді. Олай дейтінім «Қарты бар үй қазыналы» демекші үйіміздің алтынға бергісіз қазынасы еді. «Көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра»— дегендей атамыздың әлде де болса, көрсетер бағыты мен берер ақылы мол еді. Атамның қарапайымдылығы, кішіпейілдігі,

жауапкершілігі мол болатын. Өнер мен мәдениеттің дәмін көріп, рахатын сезіне алған адамға бұдан артық байлық керек емес дегендей мүмкін өнерде жүрген ұлылардың салып кеткен сара жолын көргендіктен болар, бір түскен киносымен дандайсып, қасындағыларды танымай кететіндер қатарынан емес, керісінше осындай басына берген кішкене бақты өзіндік ғұмырына рухани азық ете білген және бағалап, бағына жеткен атамызда не арман бар екен?—деп кейде ойлаймын. Қазақта жиі айтылатын сөз ол «әдемі көрілік яғни әдемі қартаю»— деп айтылады. Сондай әдемі қартайып, артына ұялтпайтын ұлдар мен қызартпайтын қыздар тәрбиелеп, немерелеріне тек адами қасиеттерді сақтап, өнегелік үлгілерді жоғары ұстап, тура жолдан таймай адал болуды көкседі. Өсіп-өнген, ұрпақтарының арқасында ағайын-туыс, құда-құдағилары, көрші-қолаңдарының ыстық ықыласына бөленген абыздың өмірі мейлінше жақсылықтармен қуаныштарға толы бақытты ғұмыр болды.

Көзі тірісінде өзіне жасалған талай құрметпен сыйды көріп өтті. Бұл дегеніңіз ғанибет емес пе? 80 жасқа толып, «Тақиялы періштенің» екінші фильміне түсіп жатырмын деп сонда хабарлады. Таңырқаған көпшіліктің арасынан «жарайсың шал», енді біреулері «Алла тіл көзден сақтасын»—дегендер де болды. Апамызмен жұптасып, бірге келе жатқандарына алпыс жыл яғни «гаухар той» жасап, көпшілікпен бөлісіп, сонда бір арқа-жарқа болдық. Ырымшыл халық емеспіз бе? шашылған шашудан тәй-тәй басқан баладан, еңкейген қарияға дейін осындай тойға жетейік деген ниетпен болмаса балаларымыз жетсін деп жапа тармағай алып жаттық. Мұндай тойды көру біз үшін үлкен қуаныш. Аталмыш тойға жеткен де бар, жетпеген де бар. Қазақ киносын әлемдік деңгейге жеткізген, қазақтың маңдайына біткен дара ұлы А.Әшімов атамызды елдің айтып жатқан тілектеріне қарамастан Әлімғазы атамыз шығып кетіп қарсы алды. Залға кіріп келгенде жетісулықтар барлығы тік тұрып шапалақпен сондай зор құрметпен қарсы алғаны әлі күнге дейін көз алдымда. Ұлылардан ұлықталып, таланттарына табынып, өнерді бойтұмарындай қастерлеп келешекке жеткізген тұлғаны көру бақыты бізге сол күні бұйырған екен. Қазақ өнерінде ойып аларлық орны бөлек жандарды көрудің өзі дененді шымырлатып, көргенімен түйгені мол жұлдызға қарап таңырқап, суретке түсуге кезекке тұрып, үлкен әсермен үйге қайттық.

«Қонақ қойдан да жуас»— деп осы мақалды жиі айтатын марқұм. Себебі дастархан басында сондай талғампаз емес. Бергенінді ішіп, дастархандағы барлық дәмнен ауыз тию керек дейтін. Көпшілігі бір басқа барған жерінде «өй ана кісі келмеген бе?», өзі көрінбей қалды»— деп іздеп тұратын.

Көршілер арасында ораза, құрбан айттарда және наурыз мейрамында болсын, астарда ас қайырып, батасын беретін. Менің таңқалатыным түрлі тұсаукесер, шілдехана, сүндет тойға, жастарға тағы басқа бағыттардағы батасын керемет еді. Өкініштісі сол баталарды видеоға түсіріп алмаппыз. Кім білген бұлай тез кетіп қалатынын. Батағой атамыз болатын.

Көңіліне ұнамаса «ой ёлки анаған айтып едім» деп тек сабырлықпен маңғаздана отырып сөйлейтін. Ата-



мыз соңғы жылдары өз отбасын ғана емес өзгелердің де мәселесін шешіп, көмек қолын созды. Жаксылығын біле білген адам болса, атамды ешқашан ұмытпайды деп ойлаймын. Есі бар әйел тек ерінің абыройын ойлап, биікке көтереді. «Жақсы әйел жарының басын төрге сүйрейді» демекші апамыздың да еңбегі зор. Өзі де жиі айтып отырады «кең болсаң, кем болмайсың» – деп. Атамыздың жоғын білдіртпей ененің қабағына қарап, шиттей балапандарын

аш етпей, ауылшаруашылық жұмысына араласып, шыдамдылықпен төзді. Қиналғанын да қимағынан да білдірмеді. Керісінше жарының емін-еркін киносына түсіп, ел қатарынан қалмай жүруін тіледі. Бұл да болса апамның үлкен ерлігі өзінің отбасынан алған тәрбиесі деп білер едім. Қазіргі таңда жастарға үлгі боларлық өнеге. Себебі құдай қосқан жарына қызғаншақтық деген бойлап алған індет секілді барлық жаман қылықтарға жетелейді. Балаларының тағдырын ойламай соңында ажырасып жатады. Сабырлылық, шыдамдылық деген ұстанымды ұстаған әрбір әйел барлық қиындықтарды жеңеді. Сондықтан да қазақи салт-дәстүрді сақтаған, абыз атамыз бен апамыздың асыл қасиеттерін дәріптей отырып, саналы да жігерлі, ақыл-парасаты мол, күш-жігері басым, жүрегінде имандылығы бартәрбиелі жастарымыз болса қоғам ішінде іріткі болмай, тәуелсіздігімізді бағалай отырып, бейбітшілікте өмір сүреміз. Асылдың сынығындай болған абыз атамның арманы да осы болатын. Міне, өмірінің соңына дейін қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, жас ұрпақты тәрбиелеуге үлкен үлес қосып, ел амандығын тілеп жүретін қазақтың періштесі әрбір ісі қазақтың есінде мәңгі сақталады деп сенемін. Абыз атамның аңызға айналары хақ.

ШӘКІРТ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНАН

ТЕЛЖАН ШОНАНҰЛЫ – БІРЕГЕЙ ТҰЛҒА

Киелі Ақтөбе өңірінен шыққан ел мақтанышына айналған тұлғалар баршылық. Соның бірі – өз жерлесіміз Телжан Шонанұлы.

Ол Ырғыз уезінде Аманкөл болысының 4-ауылында (қазіргі Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Аманкөл ауылы) **дүниеге келген.** Жастайынан алдына қойған мақсатына жетпей тынбайтын бірбеткей еңбекқор еді. Оның өскен ортасы – Ырғыз өңірі, Ырғыз қаласы – кезінде қазақтың жақсысы мен жайсаңдарының бас қосатын кішігірім рухани кіндігі болған құтты мекен. Ырғыз топпырағынан ел-жұртының ыстық ықыласына бөленген небір сайыпқыран ірі тұлғалар шықты. Арғы тарихты қозғамай, бергі Кеңес өкіметі орнағаннан бастап Қазақстанның көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым Тел Жаманмұрынұлы, үкімет мүшелері Жүргенов Темірбек, Алманов Бәймен. сынды тұлғалар мекендеген сол жерді.

Жаңалыққа жаны құмар Телжан Шонанұлы 1908-1912 жылдары Ырғызда 2 сыныптық орыс-қазақ мектебінен білім алды. Қабілетті жас осы мектеп қабырғасында жүргенде орыс тілін жетік меңгеріп алды. Орыстың классика жазушылары А.С.Пушкин, М.Ю.Лермантов, А.П.Чехов, Н.А.Крылов, Л.Н.Толстой, М.Е.Салтыков-Щедрин, В.Г.Белинский, Н.В.Гоголь шығармаларын қызыға оқып, танысуына мектептегі ұстазының ықпалы зор болды. Орыстың классикалық әдебиетінің үлгілерін оқу Телжанның қиял қанатының алысқа самғауына әсер етті. Осы жылдары оның қолына Санкт-Петербуртта басылған Абайдың тұңғыш

жыр жинағы түседі. Абайдың поэзиясы мен ғибратты қара сөздерін оқу оны ерекше бір сезімге бөлеп, рухани қанағаттандырды. Осындай оқиғалар оның үлкен өмірге келуіне бірден-бір себепкер болды.

Ол өмірінің соңғы жылдары өз халқының болашағы үшін күресіп, оқу-ағарту, тарих, әдебиет пен тіл майданында мол еңбек сіңірді. 1930 жылдардағы зобалаңда сталиндік нәубеттің құрбаны болған үркердей қазақ зиялыларының есімдерін қастерлеп, ерекше құрметпен атап жүрміз. Өйткені екі ғасыр тоғысында, одан бергі 1920 жылдарда ғылым, мәдениет, оқу-ағарту саласында өзгеше серпіліс туған дәуірде, жаңа ашылып жатқан жаңа мектептерге алуан түрлі оқулықтар жазып, әрбір ғылым-ілім басында тұрып, көшбасшы болу әзиз ағалардың үлесіне тиді. Талантты, кемел, халқымыздың біртуар бұл тұлғалары өз мамандықтарынан тыс басқа салаға да қатысты еңбектер жазып, ғылым мен оқу-ағарту ісін өріске алып шықты.

Телжан Шонанұлы мектепті аяқтағаннан кейін Орынбордағы қазақ мұғалімдер институтында оқиды. Онда қазақ жастарының мәдени-ағарту бағытында құрылған «Игілік» ұйымын ұйымдастыруға белсене араласып, «Қазақ» газетіне халық ағарту мәселелері бойынша мақалалар жариялайды. Оқуын аяқтағаннан кейін 6 жыл мектепте жұмыс жасауға міндеттеледі. Ал 1916-1921 жж. Ырғыз уезінде мұғалім, аудармашы қызметін атқарды. Оның ең елеулі қызметі – 20 жылдары Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы Академиялық орталығындағы

білікті жауапты маман ретіндегі жұмысы еді. 1929 жылы Алматыға көшіп келіп, Қазақ АКСР-і ХАК-да қызмет атқарды. 1934 жылға дейін ҚазПИ-де оқытушылықпен айналыса отырып, мектепке арналған оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жазды. 1935 жылдан бастап Қазақ Мемлекеттік университетінде қазақ тілінің доценті болып еңбек етті. Телжан Шонанұлының әлеумет қоғамдық істерге араласуы 1916 жылғы қазақ ұлт-азаттық көтерілісі кезінен бастау алады. Ол қарулы көтеріліске қарсы болған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов бастаған зиялы азаматтарға қолдау білдірді. 1917 жылы Ақпан революциясынан кейін Телжан ұлттық Автономия жолында күрес жүргізген Алаш қайраткерлерінің қатарында болды. Мұражайда сақталған мәліметтерге қарағанда, Телжан Шонанұлының ғылыми-шығармашылық ғұмырбаяны сол кезде кезектесіп астана мәртебесін алған қалаларда: Орынборда басталып, Қызылордада жалғасып, Алматыда аяқталды. Ғалымның соңында қалған мұрасын шартты түрде 5 тақырыпқа жіктеуге болады: тіл туралы еңбектері, тарих жөнінде зерттеулері, әдебиет хақындағы ғылыми жұмыстары, жағрапия ғылымын меңгертуге арналған оқулықтар, жалпы көсемсөздік туындылары және қаламгердің аудармалары.

Қазақ тарихында артына мол мұра қалдырған, еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде өзіндік қолтаңбасын айшықтаған қайраткерлердің қатарында Телжан Шонановтың тұлғасы ерекше дараланып тұрады. Оның есімі ұзақ жылдарды араға салып, халқына қайта оралды. Өз тұстастары Әлихан, Ахмет, Мағжан сияқты Телжан жан-жақты білімді, өз заманының озық ойлы тұлғасы болған. 20-30-жылдары ол өнімді еңбек етіп, 30-дан аса кітап, 80-ге тарта ғылыми мақалалар жазған, ғылымның әр саласында – тіл білімінде, педагогикада, тарихта өшпес із қалдырды. Осындай біртуар қазақ азаматының тарихи мұраларын зерттеу біздің борышымыз деп ойлаймын.

Жалпы, қазақтың ерте оянған ұрпағының өкілі Ахмет Байтұрсыновпен бірлесіп алғашқы «Оқу құралын» түзген, қазақ мектептеріне арнап алғашқы география оқулығын жазған. Ал, 43 жасында «Халық жауы» болып айыпталып, атылған, одан кейінгі 50-шақты жыл бойы атын атауға тыйым салған ғалым-педагог, лингвист, тарихшы, аудармашы қоғам қайраткері Телжан Шонанұлының өмірі, еңбек жолы, кісілік келбеті, бай мұрасын кеңінен халыққа насихаттау – жас ұрпақ алдындағы баршамыздың парызымыз. Еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде өзіндік қолтаңбасын зерделеу, оның өміріне қатысты бұрын-соңды ғылыми айналысқа енген деректер негізінде объективті түрде баға берілуі керек. Ол небары 43 жасында біздерге 40-қа жуық ғылыми, ғылыми-танымдық оқыту бағдарламасы, оқулық кітаптары, сондай-ақ жүзден аса көлемді публицистикалық, ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік, проблемалық мақалалар, өмірбаяндық очерктер жазып, аудармалар жасады.

Телжан Шонанұлы – Алматы педагогикалық институтының Қазақтың Киров атындағы Мемлекеттік университетінің алғашқы ұстаздарының бірі. Журналист Марат Мырзағұл «Оралу» атты кітабында қазақтың ерте оянған ұрпағының өкілі, 50-шақты жыл бойы атауға тыйым салынған ғалым-педагог, лингвист, тарихшы, аудармашы, қоғам қайраткері Телжан Шонанұлының өмірі, еңбек жолы,

бай мұрасы туралы кеңінен баяндалған. Кезінде Телжан Шонанұлы ұлы қазақ ойшылдары – Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин еңбектеріне бойлай отырып, нағыз педагог ретінде шыңдалғаны байқалады. Мысалы, Телжан А.Байтұрсыновпен шығармашылық ынтымақтастықта болып, бірлесіп, 1926 жылы мектеп оқушыларына арнап 412 беттік «Оқу құралын» (Хрестоматия) бастырып шығарады.

Телжан – қазақ ғылымы, оқу-ағарту қызметі мен мәдениетінде өзіндік соқпақ салған тұлға. 1925-1935 жылдардағы қиын да жауапты кезеңде теориялық мәселелерден гөрі, практикалық мұқтаждық басымырақ болып тұрған шақта, Телжан Шонанұлы ғылым, оқу-ағарту қызметіне қызу араласып, әліппе, оқулық, бағдарламалар жазып, халықты сауаттандыру жолында көп еңбек сіңірді.

1937 жылғы қуғын-сүргіннің құрбаны болған Телжан Шонанұлы есімі мен оның мұралары 50 жылдан астам тарихымыздың «ақтаңдақ беттерінің» қатарында тұрды. Тек 1990 жылы 13 тамызда КСРО Президиумының «20-25-жылдардағы саяси репрессия құрбандарының барлық құқықтарын қалпына келтіру туралы» Қаулысы негізінде оның аты толық ақталды.

Астана еліміздің астанасы атанғаннан бастап қалада Алаш атауына, Алашорда қайраткерленіне қатысты шаралар қолға алына бастады. Шамамен 1997 жылдың қараша айында Астана қалалық мәслихатының шешімімен Әлихан Бөкейханов бастаған бір топ Алаш тұлғаларына бас қалада көше берілді. Оның қатарында Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышбаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. 90 жылдық мерейтой құрметіне Астанада Алаш тас жолынан бастап, Мұстафа Шоқай, Ғұмар Қараш, Жүсіпбек Аймауытұлы, Әлімхан Ермеков, Сұлтанбек Қожанұлы сынды, бас-аяғы 10 тұлғаға көше аты берілді. Сәйкес шешім, 2008 жылдың 12 желтоқсанында шықты. Бұл қатардан көрнекті Алаш қайраткерлері, тіл білімі сласын ұйымдастырушы, ағартушы, педагог, аудармашы, тілші-ғалым Телжан Шонанұлының да есімі берілді.

Жоғарыда айтылған Телжанның халқына қалдырған мұрасының бірі ретінде осыларды ескере отырып, Ақтөбе қаласында Целинная көшесін Телжан Шонанұлы атына ауыстырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Д.Әшімханұлы, Ғ. Әнес. Телжан Шонанұлы. Алматы. Ел-шежіре. 2011 ж.
2. Қазақ тілінің оқу құралы. Алматы, 1923 ж.
3. А.Богданова аудармасы. Тұрмыс жүйесі ғылымының қысқа курсы Орынбор, 1924.
3. М.Жолдыбаевпен бірге. Жаңа арна. Қызылорда, 1929 ж.
- 4.Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш Қозғалысы. Энциклопедиялық анықтама Алматы. Сардар, 2014 ж.
- 5.Т.Шонанов. Бестомдық шығармалар жинағы 1-том. Оқу құралы, оқулықтар Алматы, 2015.

Шұғыла ЕСЕНГЕЛДІ,
№ 30 қазақ орта мектебінің 8-сынып оқушысы,
ғылыми жетекшісі:
Айнұр ЖҮГІНІСОВА (Джугунысова),
№30 қазақ орта мектебінің тарих пәні мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.

БАҚЫТЖАН ҚАРАТАЕВ – РЕСЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАСЫНЫҢ ДЕПУТАТЫ

Зерттеудің мақсат-міндеттері. Зерттеу жұмысының мақсаты – Қазақстанның ірі тарихи тұлғаларының бірі, алғашқы қазақ заңгері, көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы-демократ Бақытжан Бисәліұлы Қаратаевтың білім, ғылым,

өнерді үйрену жолдарын зерделеу, оған объективті баға беру. Осы мақсатқа жету жолында төмендегідей міндеттерді орындау көздегді:

Халқымыздың бостандығы мен ұлттық тәуелсіздігі,

оның жарқын болашағы үшін аянбай күрескен ұлы даланың дарынды перзенті Бақытжан Қаратаевтың өмірі мен ғылыми-зерттеу жұмыстарымен таныстыру.

Көрнекті заңгер, мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы, демократ Бисәліұлы Қаратаевты азамат ретінде таныту, оған объективті баға беру.

Өркениетті күрес із ашары Бақытжан Бисәліұлы Қаратаевтың алуан түрлі ғылыми-зерттеу жұмыстарын келешек ұрпаққа насихаттау.

Зерттеудің өзектілігі. Қазақ тарихында артына мол мұра қалдырған, еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде өзіндік қолтаңбасын айшықтаған қайраткерлердің қатарында **Бақытжан Қаратаев** тұлғасы ерекше дараланып тұрады.

XX ғасырдың басында Б.Қаратаев өзге зиялы азаматтармен бірге халқын ояту мақсатында саяси күреске бел буған, елде халықтың өтініш-талаптарын патшаға жеткізу шараларын қолға алған азаматтардың бірі.

Бақытжан Бисәліұлының өмірлік тәлім-тәрбиесі, көзқарасы, болашақ ұстанымы Ресей империясының қазақ даласын отарлап, оны өз меншігіндей көріп ашық иелене бастаған кезінде және оған қарсы бір сәт толастамаған ұлт-азаттық қозғалыстар тұсында қалыптасқан деп пайымдайды.

Сондай-ақ, ол өзінің қысқа ғұмырында өзін жан-жақты біраз қырынан танытып үлгерген. Б.Қаратаев ғылыми жұмыспен өмірінің соңында, яғни 70 жастан асқан шағында айналысып, «біздің ұзақ өмірден көргеніміз, естігеніміз, тарихи әдебиеттерден кейбір білгеніміз қағазға түсе берсе игі еді деген мақсатта» санаған тұлғаның зерделік қабілетін кең көлемде насихаттау бүгінгі күннің өзекті мәселелері болып табылады. Сайып келгенде айтарымыз, Қазақстан тарихына жаңа көзқарастар тұрғысынан баға беріліп жатқан соңғы уақыт ішінде, Бақытжан Қаратаевтың өз халқының қамы үшін маңдай терін төккен, ешкімнен қамықпай, өз естеліктерін, көзқарастарын парақтарға жазып қалдырған жарқын бейнесін кеңінен зерделеу еш күмән тудырмайды.

Зерттеу жұмысының әдістері. Зерттеу жұмысы қоғам дамуының объективті даму заңдылықтары негізінде жүргізілді. Қолдағы деректердің шын айтулығына көз жеткізу үшін салыстырмалы тарихи тәсілдер қолданылды. Зерттеу жұмысы барысында алдымен Бақытжан Қаратаевтың өмірі мен Қазақ тарихында қалдырған артына мол мұрасына қатысты арнайы зерттеу жұмыстары, ғылыми мақалалар, одан соң дерек көздері іздестірілді. Сол сияқты өмірбаяндық-анықтамалық еңбектерден мәліметтер алынды. Жиналған барлық материалдар топтастырылып, жан-жақты сыни талдау негізінде зерттеу жұмысына пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының ғылыми-жаңашылдық сипаты. Зерттеу жұмысы барысында тума талантымен жарқырай көрініп, сан қырын жан-жақты ашып, оны халық игілігіне жарата білген өз дәуірінің озып туған тұлғасы – Бақытжан Қаратаевтың еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде өзіндік қолтаңбасын зерделеу, Бақытжан Бисәліұлының өміріне қатысты бұрын соңды ғылыми айналысқа енген деректер негізінде объективті түрде баға беруге талпыныс жасау.

Халқым деп соққан – оның жүрегі.

Халық арасында Бақытжан Қаратаевтың есімі тарихта алтын әріптермен жазулы тұр десек артық айтпағанымыз. Оның бір адамның бойында кездесе бермейтін халқына, туған жеріне деген махаббаты, патриоттық сезімі күшті еді. Бақытжан Қаратаевты біз тек Ресей Мемлекеттік Думасының депутаты ретінде ғана емес сонымен қатар білімді заңгер, үнемі әділетті жақтаушы азамат ретінде танимыз.

Бақытжан Қаратаев – артына мол мұра қалдырған халықтың бірден – бір жанашыры. Қазақ халқының мұң-

мұқтажын түсіне отырып, Жалпы жиналыста күллі қазақ атынан аграрлық мәселелерді алға қойып, сол кезеңдегі келеңсіз жағдайларға қарамастан өз ойын ашық айта білді. Оның армандаған көздеген мақсаты қазақ халқының басқа елдермен тең дәрежеде білім алып, өз Отанында ойларын ашық білдіре алатын азамат қалыптастыру еді. Соның куәсі Батыс Қазақстан облысындағы Жымпиты ауданының Шідерті болысынан отырықшы халыққа арнап жаңадан ауыл тұрғызуы, «қоян жылы» болатын нәубеттен сақтану мақсатында қазақ даласында азық-түлік қаражатын қалыптастырып, халықты көп дүкендер ашуға шақырды. Халықты сауаттандыру мақсатында және де жер өңдеу істерін жетік меңгеруде де көптеген үлестер қосты. Сондай-ақ мұрағаттық бөлімде қызмет атқарған тұста Қазан төңкерісі және Азамат соғысы жылдарындағы қазақ халқының жай күйлері туралы біраз айтылмаған тың дүниелерді топтастырды.

Қорытындылай келе өз халқына осыншама еңбегі сіңген абзал ұлдары жөнінде бір дауыспен еркін айтуға тоталитаризм жылдарында мүмкіндіктер болмады. Енді бұл қате көзқарас түзетілуі тиіс. Бабамыздың атын халқымыз өшірмейді, өсіреді бірақ сол талпыныс аздық етеді. Қазақстанның азаттығы мен тәуелсіздігі үшін ақыл, ерік-жігерін аямай, бар өмірін сарп еткен мемлекет қайраткерлерінің алдыңғы сапында әрқашанда Бақытжан Бисәліұлы Қаратаевтың есімі аталып, оның жарқын бейнесі халықтың есімінде сақталмақ. Рухты бабамыздың даңқын асқақтату әр қазақ баласына міндет.

Ұсыныс:

- 1.Бақытжан Қаратаевтың зерттеген ғылыми жазбаларын жинақ етіп шығару.
- 2.Ақтөбе қаласының бір көшесіне Бақытжан Қаратаевтың есімін беру.
- 3.Мектепке немесе Жоғары Заң университеттеріне Бақытжан Қаратаевтың есімін беру.
- 4.Бақытжан Қаратаевтың өмірі мен шығармашылығын кең көлемде насихаттау.
- 4.Бақытжан Қаратаевтың жасаған еңбектерін Қазақстан тарихы пәнінен кең ауқымда оқытылуына жағдай жасау.
- 5.Бақытжан Қаратаевқа арналып өмір жолы туралы деректі фильм түсіру.
- 6.Бақытжан Қаратаевқа арналған ескерткіш немесе мемориальдық тақта орнату.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Б.Қойшыбаев. «Бақытжан Қаратаев» Алматы «Ана тілі» 1993 ж.
- 2.«Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясы. Алматы, 2002ж.
- 3.Қазақстан ұлттық энциклопедиясы 5-том .Алматы, 2003 ж.
- 4.Б.Қойшыбаев. «Бақытжан Қаратаев» Алматы, «Ана тілі» 1993 ж.
- 5.Егемен Қазақстан 21 тамыз 2013 ж.
- 6.«Қазақстан заңдары», 1998, №4, 43-45 беттер.
- 7.«Революция от жалынында», Алматы, 1957, 129-бет.
- 8.Қаратаев Б.Б. Обзор материалов по истории колонизации казахского края в связи с восстанием казахов Оренбургского края в 1869 году и в начале 1870-х годов.
- 9.Қойшыбаев Б. Бақытжан Қаратаев.-Алматы: Ана тілі, 1993.-184 бет.
- 10.Ысмағұлов М. Революция сарбазы // Жалын, №1,1989.
- 11.«Ақтөбе газеті» 21 мамыр 2010 ж.
12. <http://muragat.aktobe.gov.kz/>
13. <http://e-history.kz/>

Назерке ӘНЕТОВА,
№36 қазақ орта мектебінің 9-сынып оқушысы,
ғылыми жетекшісі тарих пәні мұғалімі
Жанар ТАЙМАН.

Ақтөбе қаласы.

Алмагүл ЖАДЫРАСЫНОВА,
№5 жалпы білім беретін орта мектептің тарих пәні мұғалімі

ҚАҢЛЫЛАРДЫҢ ҚАЛАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫ

Сабақ тақырыбы	Зерттеу сұрағы: Қаңлыларда қала мәдениетінің дамуы немен байланысты?	
Оқу мақсаттары	5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру.	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Көптеген оқушылар: Топтық жұмысты бірлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстар мен жұмыс жасайды. Кейбір оқушылар: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.	
Тілдік мақсаттар	Үш тұғырлылық, терминология мен жұмыс.	
Құндылықтар	Өнер, мәдениетті қастерлеуге тәрбиелеу.	
Пәнаралық байланыстар	География. Өнер. Көркем еңбек, Зайырлы Дінтану негіздері.	
Бастапқы білім	Үйсіндер.	
	Сабақ барысы	
Сабақ кезеңдері	Мұғалім және оқушы іс-әрекеті	Ресурстар
Сабақтың басы	Сәлемдесу. Психологиялық ахуал қалыптастыру: Жұма тілек. Сынып реттілігін қадағалау. Оқушыларды түгелдеу. Білім білезігі арқылы топтасу. 1.Үйсін туралы алғашқы деректер б.з.д нешінші ғасырда кездеседі? 2.Үйсін қоғамы нешеге бөлінеді және қандай? 3.Үйсіндердің шаруашылығы? 4.Қытай деректері бойынша үйсіндер батыс және шығысында қандай елмен шектеседі? Ж/б: 1.б.з.б II ғ. соңы. 2.Үйсін қоғамы: гуньмо/күнби/ бектер, ру басы, ауқатты адамдар. Қарапайым бұқара. 3. Көшпелі мал шаруашылығы, егіншілік. 4. Шығысында – ғұн. Батысында – қаңлы. Зерттеу сұрағы: Қаңлыларда қала мәдениетінің дамуы немен байланысты? Білу және түсіну: Топтарға тапсырма. Қолдану 8 минут. Берілген мәтіндерді балалар оқып алады. 1-топ: -Жібек жолының тарихы қайдан бастау алады?/деректену/. -Жібек қалай пайда болады? /бұл қызықты/. -Чжань Цянь саяхаты қай жерлерден басталады? /оқулықпен жұмыс/. Жібек жолының тарихы қайдан бастау алады?/деректену/. -Жібек қалай пайда болады?/бұл қызықты/. -Чжань Цянь саяхаты қай жерлерден басталады? /оқулықпен жұмыс/. 2-топ: -Б.з.б III-I ғғ. Қаңлы елінің аумағы және қандай елдермен шегаралас болды?/картамен жұмыс/. -Қаңлылар астанасы?/деректену/. -Қаңлы мемлекетінің аумағында Қазақстанның қазіргі заманғы қай қалалары орналасқан? /деректену/. 3-топ: -Қаңлы мемлекетінің көрші елдермен қарым-қатынасы қандай болды? -Үйсіндермен/оқулықпен жұмыс/. -Қытайлармен/деректену/. 4-топ: -Қаңлы мемлекетінде қала мәдениетінің дамуының басты себебі?/оқулықпен жұмыс/. Қаңлы мәдениеті ескерткіштері нешеге бөлінеді және қандай? /оқулықпен жұмыс/.	Оқулық, деректер
Сабақтың ортасы	Қолдану. Кейбір оқушылар қосымша деректер мен жұмыстанады. Түсіндіру. Топтық, жеке жұмыс жүргізу. Картамен жұмыс. Дәптермен жұмыс. Оқулықта берілген тапсырмаларды орындау.	
Сабақтың соңы	Ой қорыту. Видиоролик.	
Бағалау 5 минут	Топ көшбасшылары бағалайды. Алтын динар, Күміс дирхэм, мыс тиындар. «Білім қоржыны».	

Ақтөбе қаласы.

Мөлдір ЖҰМАШЕВА,
Жаңақала жалпы орта білім беретін мектебінің тарих пәні мұғалімі

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ – ШЫҒЫС ПЕН БАТЫСТЫҢ ДӘНЕКЕРІ

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 8-бөлім. Сауда, қолөнер және әлемді игеру.		
Сабақ тақы/бы	Ұлы Жібек жолы Шығыс пен Батысты қалай байланыстырды?	
Оқу мақсаты	6.4.1.2 - ортағасырлардағы халықаралық сауда мен саяхаттардың рөлін түсіндіру.	
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушы: Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіреді. Басым бөлігі: Ұлы Жібек жолының, саяхаттардың бағыттарын, ортағас. қалаларды картадан көрсетеді. Кейбірі: Ұлы Жібек жол. маңыздылығын тұжырымдайды.	
Бағалау критерийлері:	Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіреді. Ұлы Жібек жолының, саяхаттардың бағыттарын, ортағасырлық қалаларды картадан көрсетеді. Ұлы Жібек жолының маңыздылығын тұжырымдайды.	
Тілдік мақсаттар	Ұлы Жібек жолы туралы мәтінмен жұмыс жасайды (оқылым). Ұлы Жібек жолына қатысты бейне роликті көреді (тыңдалым). Ұлы Жібек жолының сауда тармақтарын картадан көрсетеді (айтылым). Картадан Ұлы Жібек жолының сауда тармақтарын кестеге жіктейді (жазылым). Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: аң терілері, бай – шонжар, Ұлы Жібек жолы, сауда, керуен, зергерлік бұйым. Диалог құруға, шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: Ұлы Жібек Жолы, экспедиция, көне қала, демалыс, отбасы, сауда, тауар. Талқылауға арналған сұрақтар: Ұлы Жібек Жолының маңызы неде? Ұлы Жібек жолының өркениетке тигізген маңызы?	
Құндылық-тарды дарыту	«Мәңгілік ел» идеясының құндылықтары (тарихтың мәдениет пен тілдің біртұтастығы) арқылы өз елінің, өзге мемлекеттің тарихы мен мәдениетін құрметтеуге баулу.	
Пәнаралық байланыстар	География (Батыс пен Шығыс мемлекеттерін және Ұлы Жібек жолының бағыттарын картадан көрсету), Қазақстан тарихы (Ұлы Жібек жолы).	
Алдыңғы оқу/Бастапқы білім	Оқушылар сауда, экономикалық және мәдени байланыстар бойынша алдыңғы бөлімдердегі және Қазақстан тарихындағы қарастырған тақырыптарында алған білімдерін қолдана алады.	
Жоспар		
Жос/ған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Басталуы 5 мин	Ұйымдастыру. М.Сәлемдесу. БЫМ. Сабақтың тақырыбын анықтау үшін сурет бойынша сұрақтарға жауап беру. Оқушыларға сұрақ: 1.Суреттердің атаулары? 2.Бұл суреттердің арасында қандай байланыс болуы мүмкін? 3.Неге олай ойлайсыздар? 4.Осы берілген суреттерге ортақ қандай атау берер едіңіздер?	https://yandex.kz/images/search Бейне-материал: Ұлы Жібек жолы https://youtu.be/Ae7QAZ5pdEo
5 мин.	Сабақтың оқу, сабақ мақсаттарымен таныстыру. Ұлы Жібек жолы туралы бейнематериал көрсету. М. Ұлы Жібек Жолы туралы анықтама беру.	
Ортасы. 10 мин.	Ұлы Жібек жолы туралы жалпы ақпаратпен танысқан соң оқушыларға мәтін таратылады. Бүкіл сынып оқушыларына мәтін таратылып, мәтіндегі ақпаратты жұпта меңгертіп, тақырып идеясын түсініп, талдау үшін «Ақпараттық органиайзер» толтыруды тапсыру. 1-тап. Ж. «Ұлы Жібек Жолының пайда болу тарихы» туралы тақырыбындағы мәтінмен жұмыс. Инсерт әдісі. Оқушыларға парақтар таратылады, оған оқушылар өз пікірлерін жазады: Нені білемін? Нені білгім келеді? Нені білдім? Маған жаңалық болды? Жаңа материалмен таныса отырып, түртіп алу жүйесімен мәлімет жинайды, саралайды, бағалайды. ҚБ: бірін-бірі бағалау «Ой алмасу». Саралау: Қарқын, дереккөз. 2-тап. Ұлы Жібек жолы бағыттарын, ортағасырлық қалаларды картадан көрсетіп, саяхаттардың рөлін Венн диаграммасы арқылы ойларыңды білдіріңдер. Дескриптор: 1.Картадан Ұлы Жібек жолының негізгі бағыттарын көрсетеді. 2. Ортағасырлық қалаларды атайды. 3. Ұлы Жібек жолының дамуы туралы қорытынды ойларын айтады. Шығыс пен Батыс саяхаттарының рөлі. Дескриптор: 1.Шығыс саяхаттардың рөлін анықтайды. 2.Батыс саяхаттарының рөлін анықтайды. 3.Шығыс және Батыс саяхаттарының ортақ рөлін айтады. ҚБ: Мадақтаймын, кері байланыс беремін (басбармақ арқылы). Саралау: Білім деңгейлері әр түрлі оқушыларға арналған тапсырманың (картаның) орындалу нәтижесі бойынша саралаймын.	Презентация
10 мин	3-тап: Ұлы Жібек жолының маңыздылығын птмс формуласы арқылы тұжырымдайды. Дескриптор: 1.ҰЖЖ маңыздылығын сипаттайды. 2.ҰЖЖ себебін түсіндіреді. 3.ҰЖЖ маңыздылығын фактілермен дәлелдейді. 4.ҰЖЖ маңыздылығын қорытындылайды. ҚБ: Мадақтаймын, кері байланыс беремін (ауызша). Саралау: Қорытынды, бағалау.	
Аяқталуы 5 мин.	«Рефлексия пирамидасы» әдісі арқылы оқушылардың қаншалықты түсінгенін көрсету.	
Қосымша ақпарат		
Саралау	Мақсатқа жету үшін құрылған тапсырмаларды орындау барысында оқушыларға барынша қолдау көрсетіп, саралаймын. Оқушылар күрделілік деңгейі әртүрлі жауаптарымен өз ойларын дәлелдейді.	
Бағалау	Сабақ барысында не үйреніп, нені ұқпағандарын, нені білгісі келетінін «Рефлексиялық пирамида» әдісі арқылы біліп, қорытынды рефлексия жасаймын.	

Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ: МЕМЛЕКЕТТІҢ САЯСИ ИНСТИТУТТАРЫ

Оқу мақсаты:	10.3.3.3 – мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, қазақ хандығының саяси институттарының ерекшеліктерін зерттеу.
Сабақ мақсаты:	Дұшпандар құрсауындағы қазақ хандығы, көшпелілердің соңғы империясы туралы ақпараттармен бөліседі.
Бағалау критерийлері	Ойрат шапқыншылықтарын тойтару, Ақтабан шұбырынды жылдары және туған жерді қорғау туралы мәлімет алады.
Тілдік мақсат:	Оқушылар: Өз бетінше оқулықпен жұмыс жасай алады, тақырыппен жаңа сабақты байланыстырып, жұмыс жасай алады, пәнге деген қызығушылығы артады. Негізгі сөздер мен тіркестер: оқушылар кездескен ноғайлар, ойраттар, жоңғар хандығы, көшпелілер империясы, қонтайшы, орбұлақ шайқасы, аңырақай шайқасы сөздерін жазады, оқиды, айтады, тыңдайды. Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктері: Сынып оқушылары қарым-қатынасқа түсе отырып, ойын еркін жеткізе білуге ұмтылады, алған білімдерін тұжырымдайды, бір-біріне сұрақтар қояды.
Құндылық баулу	6. Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы.
Пәнар. байланыс	Дүние жүзі тарихы, география.
АНТ дағдылары	Суреттер, үлестірме материалдар.
Бастапқы білім	Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары.

Сабақ барысы												
Сабақ кезеңі	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекеттер.	Ресурстар										
Сабақтың басы 0- 3 минут 3-7 минут	Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесу, олардың назарын сабаққа аудару. Жағымды ахуал қалыптастыру: оқушыларбір-біріне тілек айтады. Санамақ арқылы оқушыларды 1-ші және 2-топқа біріктіру. «Серпілген сауал» әдісі арқылы үй тапсырмасын пысықтау. *Хан қандай құқықтарды иеленді? Оның қандай міндеттері болды? *Сұлтандардың саяси құқықтары туралы әңгімелендер. Сұлтандар бұл құқықтарды қалай жүзеге асырды? *Билер мен батырлар қандай билікті иеленді? *Хан билігі неліктен қасиетті болды? *Қарапайым халық билікке қалай қатыса алатын еді? Хандар неліктен халыққа құрметпен қарады? Дескриптор: Қазақ хандығындағы билік үштігі туралы біледі. ҚБ: Оқушыларды марапаттап отыру.	Қосымша материалдар Сұрақтар										
Сабақтың ортасы/ сабақтың негізгі бөлімі 7-10 минут 10-25 минут 25-35 минут	Жаңа сабаққа шолу жасап, түсініктеме беріп, оқушыларға ұсынамын. Мәтінмен жұмыс: Тақырыпшаны топтар алып танысады, анықтап алып тақырыпшаларды оқып шығады. «Уақыт шеңбері» әдісі арқылы топтағы оқушылар берілген тақырыпшаларды алып оқып танысады, талқылап, талдап, берілген тақырыпшалар бойынша оқушылар шеңбер болып отырып, ойларын ортаға салады, бір-біріне түсіндіреді. Тапсырмаларды орындау барысында оқушылар тақырыптарды меңгеріп, алған білімін көрсете білуі тиіс. Дескриптор: Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қазақ хандығының жағдайымен танысады. ҚБ: Қол шапалақтау. Кестемен жұмыс: <table border="1"><thead><tr><th colspan="2">Қазақ ханы</th></tr></thead><tbody><tr><td>Ханның құқығы мен міндеті.</td><td></td></tr><tr><td>Аға және кіші хандар.</td><td></td></tr><tr><td>Сұлтандар.</td><td></td></tr><tr><td>Билер мен батырлардың билігі.</td><td></td></tr></tbody></table> «Дәліз» әдісі арқылы жаңа сабақты қорытындылап, пысықтаймын. *Жоңғар хандығын неліктен көшпелілердің соңғы империясы деп атайды? *Қазақтар мен ойраттардың қандай ұқсастықтары мен айырмашылықтары болды? ХҮІІІ ғ. басында қазақ хандығы жоңғар хандығынан несімен ерекшеленді? *Қазақтардың ойраттармен әскери қақтығыстарында жеңілістердің себептерін атаңдар? *Қазақтарға ойрат шапқыншылықтарын тойтаруға және өз мемлекетін сақтауға қандай жағдайлар көмектесті?	Қазақ ханы		Ханның құқығы мен міндеті.		Аға және кіші хандар.		Сұлтандар.		Билер мен батырлардың билігі.		Қосымша материалдар Оқулық
Қазақ ханы												
Ханның құқығы мен міндеті.												
Аға және кіші хандар.												
Сұлтандар.												
Билер мен батырлардың билігі.												
Сабақтың соңы 35-40 минут	Кері байланыс: Сабақта алған әсерлерін ауызша айтады.											
Рефлексия	Үйге тапсырма: Қазақ хандығы: мемлекеттің саяси институттары.											
Жалпы баға. Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланаңыз) 1: 2: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алды (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланаңыз) 1: 2: Сабақ барысында сынып туралы, оқушылардың жетістік /қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?												

Түркістан облысы, Отырар ауданы, Қостерек елді мекені.